



 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ	
Құжаттың атауы: «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт		
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 1-беті
Әзірлеген: Әжіғалиев Б.К. 	Тексерген: Сақтағанов К.Т. 	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің 2020 ж. « <u> </u> » шешімімен бекітілген № <u> </u> хаттама
2020 жылғы « <u>25</u> » <u>шілде</u>	2020ж. « <u>5</u> » <u>тамыз</u>	

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында
«Еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі»
туралы корпоративтік стандарты

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 2-беті

МАЗМҰНЫ

1	МАҚСАТ, МІНДЕТТЕР МЕН ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	5
2	ҚОЛДАНУ АЯСЫ	6
3	АЙҚЫНДАМАЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	7
4	ЛИДЕРЛІК, ҰСТАНУШЫЛЫҚ ПЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК	11
4.1.	Лидерлік пен ұстанушылық	11
4.2.	Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласындағы жұмыстың негізгі бағыттары	12
4.3.	Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласындағы жауапкершілік	12
5	СИПАТТАМА	13
5.1.	СТРАТЕГИЯ, САЯСАТ ЖӘНЕ ЗАҢНАМАЛЫҚ ТАЛАПТАРҒА СӘЙКЕСТІК	13
5.2.	ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ МЕН ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ	14
5.2.1.	ҚМГ Орталық аппаратында еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жұмысын ұйымдастыру (Міндеттер)	14
5.2.1.1.	ҚМГ Директорлар кеңесінің комитеті (ЕҚЕҚОҚОДК)	14
5.2.1.2.	ҚМГ комитеті	14
5.2.1.3.	ҚМГ басшылығы	15
5.2.1.4.	Бизнес-бағыттың басшысы	16
5.2.1.5.	ҚМГ ЕҚОҚД (ЕҚОҚ басшысы)	17
5.2.1.6.	Қызмет бағытының басшысы (Құрылымдық бөлімшенің басшысы)	20
5.2.2.	ҚМГ компаниялар тобының ұйымында еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жұмысын ұйымдастыру (Міндеттер)	22
5.2.2.1.	ҚМГ компаниялар тобы ұйымының комитеті	22
5.2.2.2.	Бірінші басшы (өңірлік өндірістік бөлімшенің немесе филиалдың, базаның және өкілдіктің бас директоры, директоры)	23
5.2.2.3.	Өндірістік мәселелер жөніндегі директор (бас директорлардың орынбасарлары, өңірлік өндірістік құрылымдық бөлімшелер, базалар мен өкілдіктер директорларының орынбасарлары, техникалық директорлар, бас инженерлер)	25
5.2.2.4.	Желілік басшылар (бас геологтар, бас механиктер, бас энергетиктер, учаскелердің/цехтардың бастықтары), Құрылымдық бөлімшелердің басшылары	32
5.2.3.	Құрылымдық бөлімшеде ЕҚЖЕҚ қамтамасыз ету бойынша жұмысты ұйымдастыру (Міндеттер)	44
5.2.3.4.	Бірінші басшы (бас директор, өңірлік өндірістік құрылымдық бөлімшенің, филиалдың, базаның және өкілдіктің директоры)	45
5.2.3.5.	Өндірістік мәселелер жөніндегі директор (бас директорлардың орынбасарлары, өңірлік өндірістік құрылымдық бөлімшелер, базалар мен өкілдіктер директорларының орынбасарлары, техникалық директорлар, бас инженерлер)	47
5.2.3.6.	Желілік басшылар (бас геологтар, бас механиктер, бас энергетиктер, учаскелер/цехтар бастықтары)	53
5.2.3.7.	Топ немесе бригада басшысы (тәлімгер немесе шебер)	64

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 3-беті

5.2.3.8.	Қызметкер (жұмысшы персонал)	67
5.2.4.	Құрылымдық бөлімшенің жұмысын ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік нұсқау	68
5.3.	ОПЕРАЦИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ	92
5.2.3.	Ұйымның құрылымдық бөлімшесінде еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жұмысын ұйымдастыру (Міндеттер)	43
5.2.3.4.	Бірінші басшы (өңірлік өндірістік бөлімшенің немесе филиалдың, базаның және өкілдіктің бас директоры, директоры)	43
5.2.3.5.	Өндірістік мәселелер жөніндегі директор (бас директорлардың орынбасарлары, өңірлік өндірістік құрылымдық бөлімшелер, базалар мен өкілдіктер директорларының орынбасарлары, техникалық директорлар, бас инженерлер)	45
5.2.3.6.	Желілік басшылар (бас геологтар, бас механиктер, бас энергетиктер, учаскелердің/цехтардың бастықтары), Құрылымдық бөлімшелердің басшылары	51
5.2.3.7.	Топ немесе бригада басшысы (тәлімгер немесе шебер)	62
5.2.3.8.	Қызметкер (жұмысшы персонал)	65
5.2.4.	Құрылымдық бөлімшенің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметінің жұмысын ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік нұсқаулар	65
5.3.	ЖОСПАРЛАУ	71
5.3.1.	Тәуекелдерді (қауіпті және зиянды өндірістік факторларды) басқару	71
5.3.1.1.	Өндірістік объектілерде еңбек жағдайы бойынша аттестация жүргізу жөніндегі әдістемелік нұсқаулар	71
5.3.1.2.	Тәуекелдерді (қауіпті және зиянды өндірістік факторларды) айқындау жөніндегі әдістемелік нұсқаулар	72
5.3.1.3.	Қауіпсіздік бойынша мінез-құлықты бақылау жөніндегі әдістемелік нұсқаулар	76
5.3.2.	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы іс-шаралар бағдарламалары мен жоспарлары	76
5.3.2.1.	Ұйымдастырушылық-техникалық іс-шаралар жоспарын әзірлеу және оның мазмұны	76
5.3.2.2.	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы бағдарламалар	78
5.3.2.3.	Қызметкерлерге медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік нұсқаулар	79
5.3.2.4.	Қызметкерлерді жеке қорғау құралдарымен қамтамасыз ету тәртібі туралы әдістемелік нұсқаулар	82
5.3.2.5.	Еңбекті қорғау жағдайын жақсарту жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру	82
5.4.	ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ БОЙЫНША ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ	82
5.4.1.	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі құжаттама	82
5.4.1.1.	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі құжаттаманы басқару	82
5.4.1.2.	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу және өзектендіру	83
5.4.1.3.	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша іс қағаздарын жүргізу	83
5.4.1.4.	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша іс қағаздарының номенклатурасы	84
5.4.1.5.	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықтарды әзірлеу	84

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 4-беті

	бойынша әдістемелік нұсқаулар	
5.4.2.	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша оқу және білімді тексеру	85
5.4.2.1.	Қызметкерлерді қауіпсіз жұмыс істеу әдістеріне үйрету тәртібі	85
5.4.2.2.	Қызметкерлерге нұсқама беруді ұйымдастыру және өткізу	86
5.4.2.3.	Қызметкерлерді кәсібі бойынша оқыту және білімін тексеру тәртібі	91
5.4.2.4.	Басшы қызметкерлерін және еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қамтамасыз ету үшін жауапты тұлғаларды еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау бойынша оқыту және білімін тексеру тәртібі	93
5.5.	ОПЕРАЦИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ	94
5.5.1.	Сараптама, қадағалау және қауіпсіз пайдалану	94
5.5.1.1.	Алдын ала жобалық, жобалық құжаттаманы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарына сәйкес келу мәніне сараптау	94
5.5.1.2.	Объектілердің құрылысын және оларды пайдалануға қабылдауды қадағалау	95
5.5.2.	Мердігерлік ұйымдарды басқару	95
5.5.2.1.	Мердігерлік ұйымдардың жұмыстарды қауіпсіз орындауын ұйымдастыру және бақылау тәртібі	95
5.5.2.2.	Мердігерлік ұйымдардың жұмыстарды қауіпсіз орындау сәйкестігі	96
5.5.3.	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жағдайын талдау	96
5.5.4.	Төтенше жағдайларға дайындық және оларға ден қою	97
5.5.4.1.	Төтенше жағдайларға дайындық	97
5.5.4.2.	Эпидемиялар мен пандемияларға дайындық	98
5.6.	ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ БОЙЫНША БАҚЫЛАУ, МОНИТОРИНГ ЖӘНЕ НӘТИЖЕЛІЛІКТІ БАҒАЛАУ	100
5.6.1.	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жағдайын бақылауды ұйымдастыру	101
5.6.2.	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін комиссияның қызметін ұйымдастыру	105
5.6.3.	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін комиссияға арналған әдістемелік ұсынымдар	105
5.6.4.	Объектідегі жұмыстардың тікелей басшысына арналған ұсынымдар	109
5.6.5.	Өндірістік бірліктің басшылары мен инженерлік-техникалық қызметкерлерге арналған ұсынымдар	110
5.6.6.	Кәсіподақтар мен қызметкерлердің өкілдері	112
5.7.	ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУДЫ ЖАҚСARTU ШАРАЛАРЫ	112
5.7.1.	Оқиғалар мен жазатайым жағдайларды тергеу	112
5.7.1.1.	Жазатайым жағдайларды тергеу және есепке алу	112
5.7.1.2.	Жазатайым жағдайларды ішкі тергеу және қызметкерлерді тарту	114
5.7.2.	Ықтимал қауіпті оқиғаларды басқару	115
5.7.2.1.	Ықтимал қауіпті оқиғалар туралы хабарландыру жүйелері	115
5.7.2.2.	Ықтимал қауіпті оқиғаларды есепке алу және талдау	115
5.7.3.	Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды жақсарту жұмыстарын ынталандыру	116
5.7.3.1.	Қызметкерлерді қызықтыру және тарту	116
5.7.3.2.	Моральдық және материалдық ынталандыру нысандары мен шарттары	116
5.7.4.	Комитеттер	118
6	НӘТИЖЕЛІЛІК КРИТЕРИЙЛЕРІ	119
7	ҚҰЖАТТАРҒА СІЛТЕМЕЛЕР	119
8	ЖАЗБА НЫСАНДАРЫ	122

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 5-беті

1. МАҚСАТ, МІНДЕТТЕР МЕН ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандартының (бұдан әрі – Стандарт) мақсаты ҚМГ компанияларының тобында денсаулық сақтау, өнеркәсіптік қауіпсіздік пен қоршаған ортаны қорғау саласындағы менеджмент жүйесінің элементтерін практикалық қолдану мен іске асыру болып табылады.

1.2. Стандарт еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау (бұдан әрі – ЕҚЖЕҚ) саласындағы қызметтің басым бағыттары ЕҚЖЕҚ бойынша басқару процесінің құрылымы мен барлық қатысушыларының жауапкершілігін, өндірістік және мінез-құлықтық тәуекелдерді (қауіпті және зиянды өндірістік факторларды) талдау мен бағалауды, бақылау шараларының иерархиясын, жүргізілетін іс-шараларын бағалауды және жетілдіру мақсатында оларды қайта қарауды белгілейді.

1.3. Стандарт «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында денсаулық сақтау, өнеркәсіптік қауіпсіздік пен қоршаған ортаны қорғау саласындағы менеджмент жүйесінің бір бөлігі болып табылады және операциялық қызметінің шеңберінде еңбекті қорғауды басқару жүйесіне қойылатын талаптарды белгілейді (еңбекті жақсарту, өндірістік жарақаттылық пен кәсіптік аурулардың алдын алу бойынша ұйымдастырушылық-техникалық, әлеуметтік-экономикалық, санитариялық-гигиеналық, емдеу-профилактикалық, құқықтық іс-шаралар кешенін жүзеге асыру бойынша шешімдерді дайындау, қабылдау және іске асыру бойынша талаптар).

1.4. Стандарт еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды, қауіпсіз өндірісті, өндірісте тәуекелдерді (қауіпті және зиянды өндірістік факторларды) уақытылы айқындауды, жоюды және азайтуды, еңбек процесінде қызметкерлердің денсаулығы мен жұмыс қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған жұмыстарды ұйымдастыру мен жүзеге асырудың бірыңғай тәртібін реттейтін егжей-тегжейлендірілген ережелерді, әдістемелік ұсынымдар мен нұсқауларды қамтиды және белгілейді.

1.5. Стандарт ЕҚЖЕҚ саласындағы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық, салааралық және нормативтік құжаттарының, ұлттық және халықаралық стандарттардың, Халықаралық мұнай және газ өндірушілер қауымдастығының (IOGP) озық тәжірибесі бойынша ұсынымдардың негізінде әзірленді және ҚМГ-нің ішкі құжаты болып табылады.

1.6. Стандарт келесі міндеттерді шешуге бағытталған:

1) өндірістің барлық деңгейлерінде ЕҚЖЕҚ саласында басқару жүйесін жетілдіру және интеграциялау;

2) ЕҚЖЕҚ-ға әсер ететін тәуекелдер/қауіпті және зиянды өндірістік факторларды айқындау, оларға қол жеткізу мақсаттар мен жоспарларды әзірлеу негізінде жоспарлау;

3) қызметкерлерді қауіпсіз жұмыс істеу әдістеріне үйретудің бірыңғай тәртібін белгілеу;

4) өндірістік объектілерді жобалау, салу, қабылдау және пайдалану кезеңінде ЕҚЖЕҚ талаптарын сақтау;

5) қызметкерлерді жеке қорғау құралдарымен (ЖҚК) қамтамасыз ету;

6) еңбектің тиісті санитариялық-гигиеналық талаптарын қамтамасыз ету;

7) өндірісте оқиғалар мен жазатайым жағдайлардың, ықтимал қауіпті оқиғалардың уақытылы және лайықты түрде тергелуі мен есепке алынуын қамтамасыз ету және олардың себептерін жою;

8) қызметкерлердің қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз ету бойынша белсенділігін және қызығушылығын арттыру;

9) еңбек және өндірістік тәртіпті күшейту;

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 6-беті

10) қызметкерлердің ЕҚЖЕҚ бойынша қағидалардың, нормалар мен нұсқаулықтардың талаптарын сақтауын қамтамасыз ету және бақылау;

11) басшы және инженерлік-техникалық қызметкерлердің ЕҚЖЕҚ бойынша жауапкершілігін арттыру;

12) еңбек жағдайы бойынша өндірістік объектілерді аттестаттау;

13) үнемі жетілдіру шараларын талдау және қабылдау.

1.7. ЕҚЖЕҚ саласындағы міндеттерді шешу, осы Стандартқа сәйкес ҚМГ Директорлар кеңесіне, ҚМГ Басшылығына, Бизнес-бағыттар басшыларына, Қызмет бағыттары басшыларына, Құрылымдық бөлімшелер басшыларына, ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының бірінші басшыларына және Желілік басшыларға жүктелген функциялар мен міндеттерге сәйкес, олардың бірлескен қызметімен қамтамасыз етіледі, сондай-ақ оны Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен белгіленген қызметкерлердің өкілдері қамтамасыз етеді.

1.8. Төменде көрсетілген Комитеттер ҚМГ компанияларының тобындағы ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметінің бағыттары шеңберінде ЕҚЖЕҚ саласындағы басқарудың негізгі органдары болып табылады:

1) ҚМГ компаниялар тобының деңгейінде – ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі басқаратын ҚМГ Директорлар кеңесінің комитеті (ЕҚЕҚОҚОДК);

2) ҚМГ Орталық аппаратының деңгейінде – ҚМГ Басқармасының төрағасы басқаратын ҚМГ комитеті;

3) ҚМГ компаниялар тобы ұйымының деңгейінде – бірінші басшы басқаратын ҚМГ компаниялар тобы ұйымының комитеті.

ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ бағытындағы әртүрлі комитеттердің, үйлестіру кеңестері мен тұрақты жұмыс істейтін комиссиялардың жұмысының тиімділігі және оны оңтайландыру мақсатында, ҚМГ компаниялар тобы ұйымының деңгейінде, Заңнамалық талаптарға қарама-қайшы келмейтін шарттарда, оларды Комитетке біріктіруге болады.

1.9. Осы Стандарт талаптарының сақталуын бақылау және ЕҚЖЕҚ саласындағы жұмысты үйлестіру ҚМГ ЕҚОҚД/ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметтеріне жүктеледі.

1.10. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметі, өз мәртебесі бойынша, ҚМГ компаниялар тобының негізгі өндірістік құрылымдық бөлімшелеріне теңеледі және ҚМГ компаниялар тобы ұйымының бірінші басшысына тікелей бағынады.

1.11. Осы Стандарт ЕҚЖЕҚ саласындағы талаптарды белгілейді, ал Стандарттың бөлімдерінде ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы басқа да бағыттармен өзара байланыс (жауапкершілік, оқу тәртібі, бақылау мен мониторинг, қауіпті және зиянды өндірістік факторларды басқару мәселелері бойынша) байқалса, тиісті сілтемелер көрсетілген.

2. ҚОЛДАНУ АЯСЫ

2.1. Осы Стандарттың талаптары ҚМГ компаниялар тобы қызметкерлерінің, сондай-ақ мердігерлік ұйымдардың орындауы үшін міндетті және жұмыстарды орындау мен қызметтерді көрсету кезінде, оның ішінде, өндірістік объектілердегі барлық ілеспе жұмыстарды орындау мен қызметтерді көрсету кезінде барлық мердігерлерге қатысты ҚМГ компаниялар тобының ұйымына қолданылады.

2.2. ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының осы Стандартты қолдануы, белгіленген тәртіппен, ұқсас Стандартты әзірлеу және бекіту немесе ұйымның ішкі құжаттарын Стандартқа сәйкес келтіру арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл ретте, ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының ұқсас стандарттарымен және ішкі құжаттарымен салыстырғанда, осы Стандартта қамтылған талаптар төмендетілмеуі тиіс.

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 7-беті

2.3. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Стандартта қамтылғаннан өзге талаптар белгіленсе, онда халықаралық шарттың талаптары қолданылады.

3. АЙҚЫНДАМАЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы Стандартта келесі айқындалар мен қысқартулар қолданылады:

ҚМГ	- «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы;
ҚМГ компанияларының тобы	- ҚМГ мен дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп проценті ҚМГ-ге меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында тікелей немесе жанама түрде тиесілі заңды тұлғалар, сондай-ақ қызметін ҚМГ бақылауға құқылы заңды тұлғалар;
ҚМГ басшылығы (басшы қызметкерлер)	Басқарма төрағасы мен мүшелері;
Бизнес-бағыттың басшысы	Тиісті бизнес-бағытты басқаратын Басқарма төрағасының орынбасары: «Барлау және өндіру», «Мұнай тасымалдау және халықаралық жобалар», «Газ тасымалдау және маркетинг», «Өңдеу және мұнай-химия», «Стратегия, инвестициялар және бизнесті дамыту», «Экономика және қаржы»;
Қызмет бағытының басшысы	Қызметтің: «Экономика және қаржы», «Стратегия», «Адами ресурстарды басқару», «Корпоративтік қауіпсіздік», «Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау», «Құқықтық қамтамасыз ету», «Тәуекелдерді басқару», «Трансформация» деген тиісті бағыттарын басқаратын құрылымдық бағыттың басшысы;
Құрылымдық бөлімшелердің басшылары	Департаменттердің, бөлімдердің, қызметтердің, диспетчерлік-талдау орталығының (департаменттердің құрамына кірмейтін) директорлары;
ҚМГ Орталық аппараты	- Қазақстанның аумағындағы, сондай-ақ шетелдегі ҚМГ филиалдары мен өкілдіктерін есептемегенде, ҚМГ-нің барлық құрылымдық бөлімшелері;
ЕҚОҚД	- ҚМГ еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаменті;
ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметі	- ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы қызмет бағыты үшін жауапты ҚМГ компаниялар тобы ұйымының құрылымдық бөлімшесі, ол болмаған жағдайда, ҚМГ компаниялар тобы ұйымының құрылымдық бөлімшелерінің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы қызметін үйлестіретін маман;
Құрылымдық бөлімше (осы Стандарттың мақсатында)	- ҚМГ компаниялар тобы ұйымының өндірістік процесте оқшаулы, белгілі бір функциялары бар өндірістік бөлімшесі (өндірістік филиалдар, басқармалар, орталық базалар, өкілдіктер);
Заңнамалық талаптар	- нормативтік құқықтық және рұқсат құжаттарында, оның ішінде, халықаралық конвенцияларда, стандарттар мен шарттарда, сондай-ақ халықаралық келісімдерде қамтылған талаптар;
Комитеттер	- мақсаты ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Саясат пен Стратегияны іске асыруға арналған іс-шараларды үйлестіруді, олардың орындалу барысын бақылауды қамтамасыз ету болып табылатын ҚМГ

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 8-беті

ЕҚЕҚОҚОДК	Директорлар кеңесінің (ЕҚЕҚОҚОДК)/ҚМГ/ҚМГ компаниялар тобы ұйымының тұрақты жұмыс істейтін консультациялық-кеңес органдары; - ҚМГ Директорлар кеңесінің Еңбек қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму комитеті;
Даму стратегиясы	- ҚМГ Миссиясы, Көзқарасы, Стратегиялық мақсаты, Стратегиялық ҚНҚ мен Стратегиялық бастамашылықтары туралы мәлімдемелерді қамтитын ұзақ мерзімді стратегиялық жоспарлау құжаты;
Саясат (осы Стандарттың мақсатында)	- ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы ҚМГ-нің жоғары басшылығы ресми түрде қалыптастырған ұйымды дамыту ниеттері мен бағыттары;
ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ	- еңбек қауіпсіздігі, денсаулық сақтау және еңбек гигиенасы, өнеркәсіптік санитария, өнеркәсіптік, өрт және көлік қауіпсіздігі, төтенше жағдайлар, қоршаған ортаны қорғау (шығарындыларды, тасталындылар мен қалдықтарды басқару), табиғи ресурстарды (су, жануарлар мен өсімдік әлемі) ұтымды пайдалану секілді бағыттарды қамтитын еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау секілді бағыттарды қамтитын еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызмет бағыты;
желілік басшы (осы Стандарттың мақсатында)	- Жұмыстар өндірісіне тікелей басшылықты жүзеге асыратын ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының басшылары мен инженерлік-техникалық қызметкерлері (бас геологтар, бас механиктер, бас энергетиктер, участкелер/цехтар бастықтары), сондай-ақ басқа да қызметтердің басшылары;
МЖ	- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобындағы денсаулық сақтау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы менеджмент жүйесі (1-нұсқа).
өндірістік объектілерді еңбек жағдайы бойынша аттестаттау	- өндірістік объектілерде (цехтерде, учаскелерде, жұмыс орындарында, сондай-ақ өндірістік қызметті жүзеге асыратын жұмыс берушілердің өзге де бөлек тұрған бөлімшелерінде) орындалатын жұмыстар қауіпсіздігінің, зияндылығының, ауырлығының, орындалатын жұмыстар қауіпсіздігінің жай-күйін, зияндығын, ауырлығын, қауырттығын, еңбек гигиенасын айқындау және өндірістік орта жағдайларының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы нормативтерге сәйкестігін айқындау мақсатында, оларды бағалау қызметі;
еңбек қауіпсіздігі	- еңбек қызметінің барысында қызметкерлерге зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың әсерін болдырмайтын іс-шаралар кешенімен қамтамасыз етілген қызметкерлердің қорғалу жай-күйі;
қауіпсіз еңбек жағдайлары	- жұмыс істейтіндерге өндірістік факторлардың әсерінің деңгейлері белгіленген нормативтерден аспайтын еңбек жағдайлары;
зиянды еңбек жағдайлары	- зиянды өндірістік факторлардың болуымен сипатталатын еңбек жағдайлары;
зиянды өндірістік фактор	- қызметкерге әсер етуі ауыруына немесе еңбекке қабілеттілігінің төмендеуіне және (немесе) ұрпағының денсаулығына кері ықпал етуге әкеп соғуы мүмкін өндірістік фактор;

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 9-беті

еңбек гигиенасы	- қызметкерлердің денсаулығын сақтау, өндірістік орта мен еңбек процесінің қолайсыз әсерлерінің профилактикасы жөніндегі санитариялық-эпидемиологиялық шаралар мен құралдар кешені;
ЕҚЖЕҚ жөніндегі ТЖК	- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін комиссия;
ТЖЕК	- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы білім тексеру жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін емтихан комиссиясы;
өндірістік бірлік	- ҚМГ компаниялар тобы ұйымының өндірістік процесте оқшаулы, нақты белгіленген функциялары бар құрылымдық бөлімшесінің буыны, атап айтқанда: 1) цехтер, учаскелер, қондырғылар, оның ішінде топтық; 2) арнайы техника мен технологиялық көлік колонналары; 3) жөндеу-пайдаланушылық және басқа да қосалқы және қызмет көрсететін буындар;
өндірістік санитария	- зиянды өндірістік факторлардың қызметкерлерге әсерін болғызбайтын немесе азайтатын санитариялық-гигиеналық, ұйымдастыру іс-шаралары мен техникалық құралдар жүйесі;
өндірістік жарақат (жарақаттылық)	- қызметкердің еңбек міндеттерін орындау кезінде алған, оның еңбекке қабілеттіліктен айырылуына әкеп соққан денсаулығының зақымдануы;
өндірістік бақылау	- санитариялық нормалар қағидалардың, гигиеналық нормативтердің сақталуын, санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шаралардың орындалуын бақылау;
өндірістік факторлар	- Қазақстан Республикасының заңнамалық және өзге де нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес қызметкерге әсер ететін техникалық, санитариялық, гигиеналық, өндірістік-тұрмыстық және басқа да жағдайлар;
оқиға	- ҚМГ компаниялар тобы ұйымының өндірістік қызметінің нәтижесін немесе процесінде болған, еңбек қызметіне байланысты жазатайым жағдайға, өртке, жарылысқа, аварияға, жол-көлік оқиғасына немесе ҚМГ компаниялар тобының бизнесіне және беделіне әсер ететін кез келген өзге де оқиғаға әкеп соққан немесе әкеп соғуы мүмкін кез келген жоспарланбаған оқиға;
қауіпсіз мінез-құлық мәдениеті	- еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды басқару үшін негіз болатын құндылықтарды, сенім мен қағидаттарды, сондай-ақ осы негізгі қағидаттарды іске асыратын және күшейтетін іс-әрекеттердің тәсілдері мен мінез-құлық модельдерінің жиынтығын қамтитын тұжырымдама;
еңбек қызметіне байланысты жазатайым жағдай	- өзінің еңбек (қызметтік) міндеттерін немесе жұмыс берушінің тапсырмаларын орындауы кезінде қызметкердің өндірістік жарақаттануы, денсаулығының кенеттен нашарлауы немесе улануы салдарынан оның еңбекке қабілеттілігінен уақытша немесе тұрақты айырылуына не қайтыс болуына әкеп соқтырған зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік фактордың қызметкерге әсер етуі;
мінез-құлықты бақылау	- қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін қандай да бір болмасын тұлғаның немесе тұлғалардың мінез-құлқының өзгеру құралдары қолданылатын мінез-құлық тәуекелдерін бақылау әдісі;

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 10-беті

ҚМҚБ	- қауіпсіздік бойынша мінез-құлықты байқау;
қауіпті өндірістік фактор	- әсері қызметкердің еңбекке қабілеттіліктен уақытша немесе тұрақты айырылуына (өндірістік жарақаттануына немесе кәсіптік ауруына) немесе қайтыс болуына әкеп соқтыруы мүмкін өндірістік фактор;
еңбекті қорғау	- құқықтық, әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастырушылық-техникалық, санитариялық-эпидемиологиялық, емдеу-профилактикалық, оңалту және өзге де іс-шаралар мен құралдарды қамтитын, еңбек қызметі процесінде қызметкерлердің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесі;
ықтимал қауіпті жағдай	- жарақатқа (зиян келтіруге) немесе қызметкерлердің өмірі мен денсаулығы үшін қауіпті жағдайға әкеп соға алатын жағдай (жабдық, мінез-құлық және қоршаған орта);
өндірістік объект	- ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының өндірістік қызметінде пайдаланылатын және аумақтарында (келісімшарттық аумақтарда) орналасқан ғимараттар, құрылыстар, үй-жайлар, технологиялық жабдық пен мұнай өңдеу қондырғылары, бұрғылау қондырғылары мен бұрғылау жабдығы, газ-компрессорлық станциялар, мұнай айдау станциялары, резервуарлық парктер, инженерлік құрылыстар мен полигондар, басқа да техникалық қондырғылар, көлік құралдары мен арнайы техника;
кәсіптік ауру	- қызметкердің өз еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде оған зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың әсер етуінен туындаған созылмалы немесе қатты ауру;
ҚМГ қызметкері	- ҚМГ-мен еңбек қатынастарында тұратын және еңбек шарты бойынша жұмысты орындайтын жеке тұлға;
ҚМГ компаниялар тобы ұйымының қызметкері	ҚМГ компаниялар тобының ұйымымен еңбек қатынастарында тұратын және еңбек шарты бойынша жұмысты орындайтын жеке тұлға;
жұмыс орны	- қызметкердің еңбек қызметі процесінде еңбек міндеттерін орындауы кезінде оның тұрақты немесе уақытша болатын орны;
тәуекел	- сапа менеджменті жүйесінің шеңберінде – лайықты сапаны қамтамасыз ету қабілеттігіне, тәуекелдерді басқару жүйесінің саласында – стратегиялық мақсаттарға табысты қол жеткізу қабілеттігіне, денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесінің шеңберінде – ҚМГ компаниялар тобы қызметкерлерінің денсаулығына теріс әсер ете алатын қолайсыз оқиғаның басталу тәуекелі;
жеке қорғау құралдары (ЖҚК)	- қызметкерді зиянды және қауіпті өндірістік факторлардың әсерінен қорғауға арналған жеке қорғау құралдары, оның ішінде, арнайы киім, арнайы аяқ киім (киім, аяқ киім, бас киім, қолғап пен басқалары);
денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігі менеджментінің жүйесі	- денсаулық сақтау мен еңбек қауіпсіздігі саясатын орындау үшін қолданылатын менеджмент жүйесі немесе менеджмент жүйесінің бір бөлігі (ISO 45 001:2018);
түзету шаралары	- сәйкессіздіктің пайда болу себептерін жоюға бағытталған іс-шара;
еңбек тәртібі	- жұмыс беруші мен қызметкерлердің Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінде, сондай-ақ келісімдерде, еңбек,

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 11-беті

ұжымдық шарттарда, жұмыс берушінің актілерінде, құрылтай құжаттарында белгіленген міндеттемелерді тиісінше орындауы;

бақылау шараларының иерархиясы - қолданыстағы бақылау шараларының жүйелерінің әрқайсысының адамдарды қорғау үшін салыстырмалы маңыздылығының негізінде оларды жүйелеу; әкімшілік бақылау құралдарына, жеке қорғау құралдарына және оқуға қарағанда, иерархия инженерлік-конструкторлық құралдарының анағұрлым жоғары маңыздылығын көрсетеді;

уәкілетті тұлға (қызметкерлердің өкілі) - қызметкерлер сайлайтын және ұжымдық келіссөздер жүргізу, ұжымдық шартты жасасу және өзгерту кезінде, сондай-ақ ұйымды басқаруға қатысу, оның ішінде, ЕҚЖЕҚ қамтамасыз ету құқығын іске асыру, қызметкерлердің жұмыс берушімен еңбек дауларын қарау кезінде ұйым қызметкерлерінің мүдделерін білдіретін қызметкерлердің өкілдері немесе кәсіподақ ұйымы (кәсіподақтар);

уәкілетті органдар - ЕҚЖЕҚ саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы органдар, сондай-ақ оның аумақтық органдары;

өзгерістерді басқару - ЕҚЖЕҚ саласындағы заңнамалық талаптардағы, өндірістік процестердегі, рәсімдердегі, жабдық пен технологиялардағы, ұйымдық құрылымдағы, өнімдер мен қызметтердегі, білімдегі немесе қауіп-қатерлер және олармен байланысты тәуекелдер/қауіпті және зияндық өндірістік факторлар туралы ақпараттағы өзгерістер секілді ЕҚЖЕҚ көрсеткіштеріне әсер ететін жоспарланған өзгерістерді (уақытша немесе тұрақты) басқару процесі;

төтенше жағдай (ТЖ) - белгілі бір аумақта авария, апат немесе зілзала нәтижесінде пайда болған, адамдардың өліміне, олардың денсаулығына, қоршаған ортаға және шаруашылық жүргізу объектілеріне зиян келтіруге, елеулі материалдық залалдарға және халықтың тіршілік әрекет ету шарттарының бұзылуына әкеп соққан немесе әкеп соға алатын жағдай;

International Association of Oil & Gas Producers (IOGP) халықаралық мұнай және газ өндірушілер қауымдастығы.

4. ЛИДЕРЛІК, ҰСТАНУШЫЛЫҚ ПЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК

4.1. Лидерлік пен ұстанушылық

ҚМГ Директорлар кеңесі, ҚМГ басшылығы, Бизнес-бағыттардың басшылары, Қызмет бағыттарының басшылары, ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының бірінші басшылары, Желілік басшылар өз үлгісінде лидерлікті, ұстанушылық пен жауапкершілікті көрсетеді, оның ішінде:

1) МЖ жұмыс істеуі және ЕҚЖЕҚ саласында нәтижелілікке қол жеткізу үшін барлық қажетті ресурстармен қамтамасыз етеді;

2) ЕҚЖЕҚ заңнамалық талаптарды, ішкі құжаттарды орындау және белгіленген мақсаттарға қол жеткізу маңыздылығына үнемі назар аударады;

3) өз үлгісінде қауіпсіз мінез-құлықты және ҚМГ-нің Алтын қағидаларын сақтауды көрсетеді, сондай-ақ басқа қызметкерлерді тартып, ЕҚЖЕҚ талаптарын сақтауға ынталандырады;

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 12-беті

4) ЕҚЖЕҚ саласындағы бағдарламалар мен бастамашылықтарды қолдау және ынталандыру арқылы қызметкерлерді лидерлікті, ұстанушылықты көрсетуде және мақсаттарға қол жеткізуге атсалысуда қолдайды;

5) МЖ үнемі жақсартуға және жетілдіруге жәрдемдеседі.

4.2. ЕҚЖЕҚ саласындағы жұмыстың негізгі бағыттары мен өкілеттіктер

Лидерлік пен ұстанушылық шеңберінде, ҚМГ компанияларының тобында ЕҚЖЕҚ саласындағы жұмыстың негізгі бағыттары мен өкілеттіктер белгіленді, олар осы Стандартқа (KMG-F-3689.1-13/ ST-3669.1-13) көрсетілген.

4.3. ЕҚЖЕҚ саласындағы жауапкершілік

4.3.1. ҚМГ компаниялар тобының операциялық қызметінің шеңберінде, басқарудың барлық деңгейлерінде ЕҚЖЕҚ бойынша жұмыстың негізгі бағыты басым болуы тиіс және қауіпсіз және салауатты еңбек жағдайларын жасауға және қамтамасыз етуге, өндірістік және еңбек тәртібін күшейтуге және өндірістегі тәртіпті сақтауға бағытталған әлеуметтік-экономикалық және ұйымдастырушылық-техникалық, құқықтық іс-шаралар кешенін жоспарлы түрде жүзеге асыру керек.

4.3.2. ҚМГ басшылығы, Бизнес-бағыттардың басшылары, Қызмет бағыттарының басшылары, ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының бірінші басшылары қауіпсіз және салауатты еңбек жағдайын жасау және қамтамасыз ету үшін жауап береді, ал ЕҚЖЕҚ саласындағы жұмысты үйлестіру ҚМГ ЕҚОҚД мен ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметтеріне жүктеледі.

4.3.3. ҚМГ басшылығы өндірісте қауіпсіз және салауатты еңбек жағдайын жасау бойынша ҚМГ-ге жүктелген мәселелер мен міндеттерді орындау, өндірістік жарақаттылық пен кәсіптік аурулардың алдын алу бойынша жаңа құралдар мен әдістерді енгізу үшін толығымен жауап береді және Бизнес-бағыттардың басшыларының, Қызмет бағыттары басшыларының, Құрылымдық бөлімшелер басшыларының ЕҚЖЕҚ саласындағы жұмысты жүзеге асыру үшін жауапкершілік дәрежесін белгілейді.

4.3.4. ҚМГ Бизнес-бағыт басшысының, Қызмет бағыттары басшыларының, Құрылымдық бөлімше, ЕҚОҚД басшыларының /ЕҚОҚ басшысының ЕҚЖЕҚ саласындағы жауапкершілігі лауазымдық міндеттерге, сондай-ақ басшылардың міндеттерін бөлу жөніндегі ішкі құжаттарға және ҚМГ-нің қолданыстағы басқару құрылымына сәйкес белгіленеді.

4.3.5. Бірінші басшы (бас директор, өңірлік құрылымдық өндірістік бөлімшенің немесе филиалдың, базаның және өкілдіктің директоры) ҚМГ компаниялар тобының ұйымында ЕҚЖЕҚ қамтамасыз ету үшін жеке жауапкершілікте болады және Өндірістік мәселелер жөніндегі директордың, Желілік басшылардың ЕҚЖЕҚ саласындағы жұмысты жүзеге асыру үшін жауапкершілік дәрежесін белгілейді.

4.3.6. ЕҚЖЕҚ саласындағы барлық лауазымдық деңгейлердің жауапкершілігі лауазымдық міндеттерге, сондай-ақ басшылардың міндеттерін бөлу жөніндегі ішкі құжаттарына және ҚМГ компаниялар тобы ұйымының қолданыстағы басқару құрылымына сәйкес белгіленеді.

4.3.7. Барлық қызметкерлер, ҚМГ компаниялар тобының барлық деңгейлердегі басшылар ҚМГ компаниялар тобының ЕҚЖЕҚ бойынша нормаларының, қағидалары мен нұсқаулықтарының, ЕҚЖЕҚ саласындағы ішкі реттейтін құжаттарының және осы Стандарттың, ішкі өкімдік құжаттарының, ЕҚЖЕҚ талаптарын сақтау бөлігіндегі лауазымдық міндеттердің, сондай-ақ уәкілетті органдар ұйғарымдарының талаптарының бұзылуы және (немесе) орындалмауы үшін заңнамалық талаптарға сәйкес жауап береді.

4.3.8. Тікелей басшының нұсқауларын, бұйрықтарын немесе ұйғарымдарын орындау ЕҚЖЕҚ саласындағы нормалардың, қағидалар мен нұсқаулықтардың талаптарының бұзылуына және (немесе) орындалуына әкеп соққан жағдайда, қызметкер оларды орындаудан бас тартуға құқылы және бас тартуы тиіс.

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 13-беті

4.3.9. Қызметкердің өзінің лауазымдық міндеттерінің және орындайтын жұмысының аясына кіретін ЕҚЖЕҚ бойынша нормаларды, қағидалар мен нұсқаулықтарды білмеуі және (немесе) лайықты түрде қолданбауы оның заңнамалық талаптардың бұзғаны және (немесе) орындамауы үшін жауапкершілігін жоймайды.

4.3.10. Осы Стандарттың 4.3.8-тармағында көзделген жағдайда, сондай-ақ қызметкерлердің немесе айналадағы адамдардың өміріне және денсаулығына негізді түрде қауіп төндіретін жағдай туындаған кезде қызметкер араласқан жағдайда, қызметкердің жұмыстарды орындаудан бас тартуы оны тәртіптік және (немесе) материалдық жауапкершілікке тарту үшін негіз болмайды.

4.3.11. Осы Стандартта ҚМГ компанияларының тобында ЕҚЖЕҚ бойынша жұмысты, оның ішінде, мердігерлік ұйымдар орындайтын жұмыстарды (көрсететін қызметтерді) ұйымдастыру, үйлестіру және жүргізу тәртібі белгіленген. Лауазымдық тұлғалардың қауіпсіз және салауатты еңбек жағдайын қамтамасыз ету бойынша функциялары, міндеттері реттелген, олардың ЕҚЖЕҚ бойынша нормалардың, қағидалар мен нұсқаулықтардың орындалмағаны үшін жауапкершілігі белгіленген.

5. СИПАТТАМА

5.1. СТРАТЕГИЯ, САЯСАТ ЖӘНЕ ЗАҢНАМАЛЫҚ ТАЛАПТАРҒА СӘЙКЕСТІК

5.1.1. Өндірісте қауіпсіздікті қамтамасыз ету өндірістегі қауіпсіздікті, сондай-ақ өнімділікті, экономикалық тиімділік пен сапаны арттыру үшін тиімді құрал болып табылатын өндірістегі процестердің қауіпсіздігін басқару жүйесін енгізу үшін ҚМГ-нің Даму стратегиясындағы негізгі бастамашылықтарының бірі болып табылады.

5.1.2. ЕҚЖЕҚ саласындағы негізгі бастамашылықтарды іске асыру шеңберінде, ЕҚЖЕҚ саласындағы Заңнамалық талаптар мен халықаралық стандарттарға сәйкес максаттарда, өндірістік және мінез-құлық тәуекелдерін бағалау және талдау, жұмыстардың, (көрсетілетін) қызметтердің қауіпті түрлерін жүргізу кезінде мердігерлік (қосалқы мердігерлік) ұйымдарды тиімді басқару негізінде бірыңғай тиімді әдістер мен тәсілдерді қолдану қажет.

5.1.3. Негізгі бастамашылықтар ЕҚЖЕҚ саласындағы жүйелік өзгерістерді енгізуге, қалыптасқан стереотиптерді ескерту, алдын алу және қайта қарау ахуалын қалыптастыруға, оқиғалар мен жазатайым жағдайларға ден қоюдың тиімсіз және расталмаған қағидаттарынан ауытқуға, ҚМГ компанияларының тобында қызметкерлердің денсаулығына және өміріне қатысты оң өзгерістерді енгізуге бағытталған.

5.1.4. ЕҚЖЕҚ-ның негізгі басты бағыттары:

1) өндірістік тәуекелдерді (қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың) алдына алу, анықтау және жою арқылы жұмыс орындарында және өндірістік бірліктерде қауіпсіз еңбек жағдайын жасау;

2) басшылардың ЕҚЖЕҚ саласындағы міндеттерді ұстануының негізінде өндіріс қауіпсіздігін және қызметкерлердің қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін арттыру;

3) барлық деңгейдегі лидерлік және ЕҚЖЕҚ басқару дағдыларын дамыту;

4) қызметкерлерді өндірістік операцияларды қауіпсіз жүргізуге деген ынтасын арттыру және қызметкерлерді тәуекелдерді (қауіпті және зиянды өндірістік факторларды) басқару процестеріне тарту;

5) өндірістік процестерді ұйымдастыру және жұмыс рәсімдерін орындау кезінде ЕҚЖЕҚ бойынша тиімді тәсілдер мен практикаларды енгізу;

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 14-беті

6) қызметкерлерді тәуекелдер/қауіпті және зиянды өндірістік факторларды, оның ішінде, мінез-құлық тәуекелдерін (мінез-құлықты бақылау) сәйкестендіру, бағалау, талдау және басқару және болған оқиғалар мен жазатайым жағдайларды тергеу процесіне тарту;

7) ЕҚЖЕҚ саласындағы пәрменді және тиімді әдістерді және басқару жүйелерін (коммуникациялық, ақпараттық, хабарландыру жүйелерін) қолдану;

8) ЕҚЖЕҚ саласындағы жұмысты жақсарту үшін барлық деңгейлердегі қызметкерлерді үнемі дамыту және оқыту;

9) ЖҚҚ қамтамасыз ету;

10) ЕҚЖЕҚ бойынша басқару мониторингі, пәрменділігі мен тиімділігін бағалау, оны жақсарту үшін қайта қарау болып табылады.

5.2. ЕҚЖЕҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

5.2.1. ҚМГ Орталық аппаратында ЕҚЖЕҚ бойынша жұмысты ұйымдастыру/Міндеттер

5.2.1.1. ҚМГ-нің корпоративтік басқару мен орнықты дамуды жетілдіру бойынша стратегиялық мақсатының шеңберіндегі негізгі стратегиялық бастамашылықтардың бірі – ҚМГ компанияларының тобында МЖ қолдау және үнемі жақсарту, өндірістегі процестердің қауіпсіздігін басқару жүйесін енгізу болып табылады.

Осы мақсатта **ҚМГ Директорлар кеңесінің комитеті (ЕҚЕҚОҚОДК)** ҚМГ-нің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы саясатының негізгі бағыттарын белгілейді, қауіпсіз және салауатты еңбек жағдайын жасауға және қамтамасыз етуге және жетекші әлемдік мұнай-газ компанияларының деңгейіне қол жеткізуге бағытталған ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы ҚМГ компаниялар тобының және мердігерлік ұйымдардың қызметін жалпы үйлестіреді.

5.2.1.2. **ҚМГ комитеті** (ҚМГ Директорлар кеңесі Комитетінің қолдауымен):

5.2.1.2.1. ҚМГ компанияларының тобында еңбек жағдайын жүйелі түрде жақсартуға және сауықтыруға, ЕҚЖЕҚ бойынша жұмыстың ұйымдастырылуын жетілдіруге, ғылым мен техниканың ең жаңа деген жетістіктерін, озық тәжірибені, тәуекелдерді (қауіпті және зиянды өндірістік факторларды) басқарудың, өндірістік жарақаттылық пен кәсіптік ауруларды, оқиғалар мен жазатайым жағдайлардың алдын алу заманауи құралдары мен әдістерін енгізуге, ЕҚЖЕҚ жай-күйі туралы ақпараттың ашық, толық және дұрыс болуына бағытталған бірыңғай саясатты қалыптастырады және жүргізеді. Осы мақсатта ЕҚЖЕҚ мәселелері бойынша ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының қатысуымен форумдар мен семинар-кеңестерді жыл сайын ұйымдастырады, жылдық есептерді тыңдайды. Семинар-кеңестердің алқалық шешімдері мен жылдық есептерді тыңдау жөніндегі кеңестердің шешімдерінің тармақтарын орындайды және ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының оларды орындауын бақылайды.

5.2.1.2.2. ҚМГ компаниялар тобының және мердігерлік ұйымдардың ЕҚЖЕҚ бойынша заңнамалық талаптарды, ЕҚЖЕҚ қағидаларын, нормалары мен стандарттарын дұрыс қолдануына және қатаң сақтауына мониторингті жүзеге асырады. ЕҚЖЕҚ туралы заңнаманы қолдану практикасын жинақтайды, оны жетілдіру бойынша ұсыныстарды әзірлейді, оларды тиісті уәкілетті органдардың қарауына енгізеді.

5.2.1.2.3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің, мемлекеттік бақылаушы органдарының және ҚМГ-нің ЕҚЖЕҚ мәселелері бойынша шешімдерін орындауды ұйымдастырады және ҚМГ компанияларының тобында олардың орындалуына мониторинг жүргізеді, анықталған кемшіліктерді жоюды ұйымдастыру бойынша тиісті шараларды уақытылы қабылдайды.

5.2.1.2.4. Белгіленген тәртіппен ҚМГ-де ЕҚЖЕҚ мәселелері бойынша жаңа корпоративтік стандарттардың (қағидалардың, нұсқаулықтардың, үлгі ережелер мен басқа да басқарушылық және нормативтік-әдістемелік құжаттардың) әзірленуін және қолданыстағы корпоративтік

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 15-беті

стандарттардың (қағидалардың, нұсқаулықтардың, үлгі ережелер мен басқа да басқарушылық және нормативтік-әдістемелік құжаттардың) қайта қаралуын ұйымдастырады, оларды бекітеді.

5.2.1.2.5. Жұмыс істейтіндердің ЕҚЖЕҚ дәрежесін арттыру бойынша ғылыми зерттеулердің жүргізілуін ұйымдастырады, еңбек жағдайын жақсартуға және сауықтыруға бағытталған ғылым мен техника жетістіктерін өндіріске енгізуге ұсынады, ЕҚЖЕҚ саласындағы жұмыстың озық тәжірибесін таратады.

5.2.1.2.6. Есепті жыл ішінде, жылдың басында және тоқсан сайын, ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының ЕҚЖЕҚ бойынша іс-шаралардың орындалу барысын қарап, осы жұмысты жақсарту бойынша ұсынымдарды береді.

5.2.1.2.7. Қолданыстағы Заңнамалық талаптарға сәйкес ҚМГ компанияларының тобында ЕҚЖЕҚ бойынша жұмысты моральдық және материалдық ынталандыруды ұйымдастырады. Осы мақсатта ЕҚЖЕҚ бойынша байқау конкурстарын өткізеді.

5.2.1.2.8. ЕҚЖЕҚ саласындағы ҚМГ жұмысына жалпы басшылық ету ҚМГ басшылығына жүктеледі.

5.2.1.2.9. ҚМГ ЕҚЖЕҚ-ның қаржы және экономикалық мәселелерін шешу бойынша басшылық және осы мәселелерді ҚМГ компанияларының тобында шешу Бизнес-бағыттардың басшыларына, Қызмет бағыттарының басшыларына жүктеледі.

5.2.1.2.10. ҚМГ-нің барлық ұйымдастырушылық-үйлестірушілік жұмысын және ЕҚЖЕҚ бойынша әдістемелік қолдауды жүзеге асыру ҚМГ ЕҚОҚД-ға жүктеледі.

5.2.1.3. ҚМГ басшылығы

5.2.1.3.1. ҚМГ басшылығы Заңнамалық талаптарға сәйкес ҚМГ қызметін басқарады және ЕҚЖЕҚ саласындағы ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттарды әзірлеуге басшылық етеді.

5.2.1.3.2. Заңнамалық талаптарға сәйкес, ҚМГ басшылығы:

- 1) қызметкерлердің ЕҚЖЕҚ-ға құқықтарына кепілдікті;
- 2) нормативтік талаптарға сәйкес, өндірістік объект штатының қызметкерлермен жасақталуын;
- 3) қызметкерлердің, оның ішінде, ҚМГ компаниялар тобының өндірістік объектілеріне баратын қызметкерлердің ЖҚҚ-мен жабдықталуын;
- 4) қызметкерлерді оқыту мен даярлаудың белгіленген тәртібінің сақталуын;
- 5) ҚМГ ЕҚОҚД-ның білікті мамандармен жинақталуын қамтамасыз етеді және олардың өз функционалдық міндеттеріне кірмейтін жұмыстарды орындауға тартылуына жол бермейді;
- 6) еңбек жарақатын алған, кәсіптік ауруға шалдыққан немесе өз еңбек міндеттерін орындауына байланысты оның денсаулығына өзге де зақым келтірілген жағдайда, қызметкердің денсаулығына келтірілген зиянның уақытылы өтелуін;
- 7) ЕҚЖЕҚ бойынша іс-шаралардың басымдықпен қаржыландырылуын;
- 8) апат және төтенше жағдайлардың алдын алу, осындай жағдайлар туындағанда қызметкерлердің өмірін және денсаулығын сақтап қалу бойынша, оның ішінде, зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету бойынша шаралар қабылдауды;
- 9) өндірістегі жазатайым жағдайларды және кәсіптік ауруларды белгіленген тәртіппен тергеуді, уәкілетті органдарға оқиғалар мен жазатайым жағдайлардың себептерін тергеуге жәрдемдесуді;
- 10) салауатты еңбек жағдайын жасауды;
- 11) ЕҚЖЕҚ талаптарының сақталуын бақылауды;
- 12) Заңнамалық талаптар мен ҚМГ-нің ішкі құжаттарына сәйкес, қызметкерлердің еңбек және демалыс режимін;
- 13) апат және төтенше жағдайлар туындағанда, қызметкерлердің өмірін және денсаулығын сақталуын қамтамасыз ету бойынша қажетті шараларын қабылдауды қамтамасыз етеді.

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 16-беті

5.2.1.3.3. ҚМГ басшылығы ҚМГ Комитетінің жұмысын ұйымдастырады, сондай-ақ Директорлар кеңесі Комитетінің жұмысына жәрдемдеседі.

5.2.1.4. Бизнес-бағыттың басшысы

5.2.1.4.1. Бизнес-бағыттың басшысы ЕҚЖЕҚ саласындағы Заңнамалық талаптарды, нормативтік құжаттарды және ҚМГ-нің ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

5.2.1.4.2. Бизнес-бағыттың басшысы (қызметтің жетекшілік ететін бағыты бойынша):

1) ЕҚЖЕҚ саласындағы талаптарға сәйкес жетекшілік ететін мәселелер бойынша жалпы басшылықты жүзеге асырады;

2) жетекшілік ететін Қызмет бағытының басшыларына ЕҚЖЕҚ саласындағы мақсаттар мен міндеттерді қояды (Құрылымдық бөлімшелердің басшыларына);

3) ЕҚЖЕҚ бойынша іс-шаралардың уақытылы және толық көлемде қаржыландырылуын қамтамасыз етеді;

4) ЕҚЖЕҚ саласындағы іс-шараларды іске асыру үшін қажетті ресурстарды ұтымды бөледі;

5) өндірістік объектілердегі ірі оқиғалар мен жазатайым жағдайлардың түбегейлі (жүйелік) себептерін талдайды;

6) ЕҚЖЕҚ және, тұтастай алғанда, МЖ басқаруды жетілдіру бойынша түзету және алдын алу іс-әрекеттерін енгізуді және олардың нәтижелілігін бағалауды қамтамасыз етеді;

7) қызметкерлерді ЕҚЖЕҚ саласындағы Заңнамалық талаптарды, ішкі еңбек тәртібінің қағидаларын, ЕҚЖЕҚ бойынша қағидалар мен нұсқаулықтарды сақтауын, ҚМГ Басшылығының ЕҚЖЕҚ мәселелері бойынша бұйрықтарын, ұйғарымдарын, нұсқаулары мен өзге шешімдерін, уәкілетті органдардың қаулыларын, ұйғарымдары мен өзге де құқықтық актілерін орындауын;

8) ЕҚЖЕҚ жақсарту, сондай-ақ өндірістік жарақаттылықты және кәсіптік ауруларды, апат және төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі іс-шараларды қамтитын «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ даму жоспарын (жеке) қалыптастыру, бекіту, түзету және мониторингі қағидаларына (KMG-PR-150.11-24), «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ЕТУ бизнес-жоспарларын әзірлеу, келісу, бекіту және мониторингі қағидаларына (KMG-PR-84.9-66) сәйкес ҚМГ компаниялар тобының перспективалық және ағымдағы жоспарларын ұйымдастырады, келіседі және (немесе) әзірлеуге қатысады;

9) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ пен оның еншілес, бірлесіп бақыланатын және бақыланатын ұйымдарының жер қойнауын пайдалануға арналған инвестициялық жобаларды қарау және мониторингін жүргізу қағидаларына (KMG-PR-2138.2-38), «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ірі мұнай-газ жобаларын қарау, келісу және мониторингін жүргізу қағидаларына (KMG-PR-1793.4-38), «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ пен оның еншілес, бірлесіп-бақыланатын және бақыланатын ұйымдарының негізгі құралдарды салу, қайта жаңарту және жаңғырту бойынша инвестициялық жобаларын қарау қағидалары (KMG-PR-2139.2-38) сәйкес, іске асырылып жатқан жобалардың тиімділігі және тәуекелдерді, оның ішінде, ЕҚЖЕҚ саласындағы тәуекелдерді барынша азайту мақсатында, инвестициялық жобаларды іске асыру қызметін ұйымдастырады, келіседі және (немесе) жоспарлауға қатысады;

10) жабдықты ауыстыру, жаңғырту, еңбек жағдайлары қанағаттанарлықсыз немесе қауіпті өндірістік процестерді жетілдіру бойынша ұсыныстарды ұйымдастырады, келіседі және (немесе) қарауға қатысады. Осы ұсыныстарды еңбек жағдайын жақсарту бағдарламаларына қосу қажеттілігін айқындайды;

11) ұжымдардың әлеуметтік дамыту жоспарларын, ЕҚЖЕҚ жақсарту бойынша кешенді іс-шараларды ұйымдастырады, келіседі және (немесе) әзірлеуге қатысады, еңбек және өндірістік тәртіпті нығайту, ішкі еңбек тәртібінің сақталуын бақылауды күшейту шараларын әзірлеуге және жүзеге асыруға қатысады;

12) ЕҚЖЕҚ бойынша мол жұмыс тәжірибесімен алмасуды ұйымдастырады;

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 17-беті

13) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитет туралы ережесіне (KMG-PR-847.1-13) сәйкес, жетекшілік ететін мәселелер бойынша ҚМГ Комитетінің жұмысына белсенді түрде қатысады (келісім бойынша), МЖ жақсарту мақсатында қолдау көрсетеді;

14) төмендегілерді:

- қызметтер мен жұмыстардың бақыланатын түрлерін лицензиялауды және алынған лицензиялардың қолданылу шарттарының, уәкілетті органдар ұйғарымдарының орындалуын және әкімшілік-өндірістік бақылауды;

- әбден тозған және пайдалану мерзімі өтіп кеткен негізгі қорлардың техникалық аудиті бойынша іс-шаралардың орындалуын;

- мердігерлік ұйымдардың жұмыстарын/(жөндеу-құрылыс және іске қосу-реттеу және басқа да жұмыстарды/қызметтерді) орындауын бақылайды, өндірістік объектілерді салуға, қайта жаңартуға және жөндеуге тартылатын мамандандырылған және құрылыс-монтаж және косалқы мердігерлік ұйымдардың қызметін үйлестіреді;

- ЕҚЖЕҚ қағидалары мен нормаларына сәйкес, жұмыс істеп тұрған өндірістік объектілерді салуға және кеңейтуге арналған жобаларды ескертпе бақылау және қарау жөніндегі комиссияның жұмысын;

- белгіленген тәртіппен өндірістік объектілерді салуға арналған жобалық-сметалық құжаттамада және жаңадан пайдалануға енгізілетін өндірістік объектілерге арналған жобалық құжаттаманың құрамында өнеркәсіптік қауіпсіздік мәніне сараптама жүргізуді;

- ЕҚЖЕҚ қағидалары мен нормаларына сәйкес, жұмыс істеп тұрған өндірістік объектілерді салуға және кеңейтуге арналған жобаларды ескертпе бақылау және қарау жөніндегі комиссияның жұмысын және өндірістік объектілерді пайдалануға енгізу тәртібінің сақталуы бойынша тиісті қорытындының дайындалуын;

- ЕҚЖЕҚ бойынша жаңа нормативтік құқықтық актілердің, техникалық қауіпсіздік жөніндегі нормативтік құжаттар мен кешенді зерттеу негізіндегі техникалық пайдалану қағидаларының қолданысқа енгізілуін (қолданыстағы нормативтік құқықтық актілердің, техникалық қауіпсіздік жөніндегі нормативтік құжаттар мен кешенді зерттеу негізіндегі техникалық пайдалану қағидаларының өзектендірілуін);

- өндірістік объектілерді, техникалық шарттарды, нұсқаулықтар мен нормативтік-техникалық құжаттаманы жаңа нормативтерге сәйкес келтіруді;

- ЕҚЖЕҚ бойынша жобалық шешімдерді уақытылы орындау бөлігінде салынып жатқан және қайта жаңартылатын өндірістік объектілердің іске қосылуын (тиісті қызметтермен бірлесіп) бақылауды ұйымдастырады және жүзеге асырады (қызметтің жетекшілік ететін бағыты бойынша тікелей немесе ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының бірінші басшылары арқылы).

5.2.1.5. ҚМГ ЕҚОҚД/ҚОӘБ жөніндегі басшы

5.2.1.5.1. ҚМГ ЕҚОҚД/ҚОӘБ жөніндегі басшы ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы Заңнамалық талаптарды, нормативтік құжаттарды және ҚМГ-нің ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

5.2.1.5.2. ҚМГ ЕҚОҚД/ҚОӘБ жөніндегі басшы:

- 1) ЕҚЖЕҚ саласындағы орта және қысқа мерзімді мақсаттардың, бағдарламалар мен іс-шаралардың жоспарларын әзірлеуді;

- 2) әлемдік практикалармен және тәсілдермен қалыптасқан ағымдағы жағдайға қатысты ЕҚЖЕҚ саласындағы қызметтің негізгі бағыттарын талдауды және бағалауды (бенчмаркинг), МЖ үнемі жақсарту бойынша ұсынымдар әзірлеуді;

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 18-беті

3) өндірістік жарақаттылықтың, кәсіптік ауруларды, қоршаған ортаға зиян келтіруге әкеп соғатын апаттардың мән-жайлары мен себептерін талдауды, олардың алдын алу бойынша ЕТҰ мен олардың мердігерлік ұйымдарының іс-шараларын әзірлеуді;

4) ЕҚЖЕҚ саласындағы ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының объектілерінде берілген ұсынымдардың орындалу барысын тексеруді (аудит жүргізу), мониторингін жүргізуді;

5) ЕҚЖЕҚ саласындағы ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының қауіпсіз және салауатты еңбек жағдайын жасау жөніндегі іс-шаралардың, өндірістік бағдарламаларының орындалуына мониторинг жүргізуді;

6) ҚМГ басшылығының ЕҚЖЕҚ саласындағы оқиғалар мен жазатайым жағдайлар туралы уақытылы хабардар болуын бақылауды;

7) ҚМГ Директорлар кеңесінің Комитеті үшін ЕҚЖЕҚ мәселелері жөніндегі мерзімді есептілікті белгіленген уақытта дайындау мен қалыптастыруды;

8) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ даму жоспарын (жеке) қалыптастыру, бекіту, түзету және мониторингі туралы қағидаларға (KMG-PR-150.11-24), «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобы ұйымдарының бизнес-жоспарларын әзірлеу, келісу, бекіту және мониторингі туралы қағидаларға (KMG-PR-84.9-66) сәйкес, ЕҚЖЕҚ талаптары бөлігінде ҚМГ компаниялар тобының бизнес-жоспарларын, жыл сайынғы өндірістік бағдарламалары мен бюджеттерін қарауды және келісуді;

9) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ пен оның еншілес, бірлесіп бақыланатын және бақыланатын ұйымдарының жер қойнауын пайдалануға арналған инвестициялық жобаларды қарау және мониторингін жүргізу қағидаларына (KMG-PR-2138.2-38), «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ірі мұнай-газ жобаларын қарау, келісу және мониторингін жүргізу қағидаларына (KMG-PR-1793.4-38) және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ пен оның еншілес, бірлесіп-бақыланатын және бақыланатын ұйымдарының негізгі құралдарды салу, қайта жаңарту және жаңғырту бойынша инвестициялық жобаларын қарау қағидаларына (KMG-PR-2139.2-38) сәйкес, ЕҚЖЕҚ талаптары бөлігінде келісімшарттардың, қолданыстағы және жаңа жобалардың сараптамасын;

10) белгіленген тәртіппен ҚМГ Комитетін жұмысын және қатысуын ұйымдастыруды, қамтамасыз етуді;

11) Заңнамалық талаптарға сәйкес ҚМГ компанияларының тобындағы адам өліміне әкеп соққан жазатайым жағдайларды тергеуге қатысуды, ҚМГ Басшылығы мен ҚМГ Директорлар кеңесі үшін тергеу қорытындылары бойынша есептіліктің дайындалуын;

12) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-та оқиғалар туралы хабарландыру және оларды тергеу тәртібі туралы қағидаларға (KMG-PR-2235.1-13) сәйкес, оқиғалар мен жазатайым жағдайларды ішкі тергеуге қатысуды, түбегейлі (жүйелік) себептерге қатысуды;

13) ҚМГ компанияларының тобындағы ішкі коммуникация мақсатында, оқиғалар мен жазатайым жағдайлардан алынған сабақ бойынша ақпаратты дайындау мен таратуды, ЕҚЖЕҚ мәселелері бойынша жеделхаттар мен ақпараттық парақшаларды, басқа да материалдарды дайындауды;

14) ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының ЕҚЖЕҚ саласындағы Заңнамалық талаптардың сақталуына, ҚМГ басшылығының, мемлекеттік қадағалау және бақылау органдарының ұйғарымдарының орындалуына мониторинг жүргізуді;

15) ЕҚЖЕҚ бойынша жұмыстың ұйымдастырылуын жетілдіруді, ғылым мен техниканың ең деген жетістіктерін, өндірістік жарақаттылықты, кәсіптік аурулар мен апаттардың алдын алудың заманауи құралдары мен әдістерін енгізуді;

16) ҚМГ компанияларының тобында ЕҚЖЕҚ бойынша елеулі тәуекелдер/қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың тізімін әзірлеуді, оларды азайту жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеуді;

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 19-беті

17) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ пен оның еншілес және тәуелді ұйымдарының тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау, тәуекелдерді басқару әдістерін таңдау әдістемесі (KMG-MD-986.3-37), «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ пен оның еншілес және тәуелді ұйымдарында өндірістік және өндірістік емес тәуекелдерді басқару процесін ұйымдастырудың үлгі қағидаларына (KMG-PR-251.3-37) сәйкес, елеулі тәуекелдер/қауіпті және зиянды өндірістік факторларды анықтауды, сәйкестендіру мен бағалауды;

19) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ сыни жағдайларды басқару регламентіне (KMG-RG-3313.1-13) сәйкес, ҚМГ компаниялар тобының апат және төтенше жағдайларға ден қою жүйелерін үйлестіруді;

20) ЕҚЖЕҚ саласындағы Заңнамалық талаптарының өзгеруіне мониторинг жүргізуді, ЕҚЖЕҚ мәселелері бойынша қолданыстағы заңнамалық актілерге өзгерістер енгізу жөніндегі жұмыс топтарына қатысуды;

21) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ пен оның еншілес және ұйымдарының еңбек қауіпсіздігінің және еңбекті қорғаудың негізгі көрсеткіштері жөніндегі есептілікті беру қағидаларына (KMG-PR-2407.1-13) сәйкес, ҚМГ компанияларының тобында ЕҚЖЕҚ негізгі көрсеткіштерін талдауды;

22) GRI (Global Reporting Initiative) орнықты даму саласындағы есептілік жөніндегі ғаламдық бастамашылықтың халықаралық стандарттарына сәйкес ҚМГ орнықты даму саласындағы жыл сайынғы есепке арналған ЕҚЖЕҚ бөлімін дайындауды;

23) халықаралық стандарттарға сәйкес, ҚМГ-нің IOGP (International Association of Oil and Gas Producers) мүшелігі шеңберінде ЕҚЖЕҚ саласындағы есептілікті дайындау мен беруді, IOGP функционалдық комитеттеріне қатысуды;

24) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ қауіпсіздік бойынша мінез-құлықты бақылау қағидаларына (KMG-PR-2312.1-13) сәйкес, ҚМГ компанияларының тобында (ҚМҚБ/ҚМҚБВ) қауіпсіздік бойынша мінез-құлықты бақылау бағдарламасын енгізу мен іске асыруды;

25) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобына арналған «Қорғау» картасын қолдану регламентінің (KMG-RG-3537.1-13) талаптарына сәйкес, ҚМГ компанияларының тобында «Қорғау» картасын қолдануды бақылауды және мониторингін жүргізуді;

26) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ пен оның еншілес және тәуелді ұйымдарының еңбек қауіпсіздігінің және еңбекті қорғаудың негізгі көрсеткіштері жөніндегі есептілікті беру қағидаларына (KMG-PR-2407.1-13) сәйкес, ҚМГ компанияларының тобында ЕҚЖЕҚ негізгі көрсеткіштерін талдауды;

27) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ пен оның еншілес және тәуелді ұйымдарының еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, төтенше жағдайлардың алдын алу бойынша деректерді басқарудың корпоративтік ақпараттық жүйесінің жұмыс істеу қағидаларына (KMG-PR-2198.1-13) сәйкес, ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы деректерді басқарудың корпоративтік ақпараттық жүйесін дамыту мен техникалық сүйемелдеу бойынша үйлестіруді;

28) ҚМГ компанияларының тобында бірыңғай корпоративтік басқарушы құжаттар жүйесін және ЕҚЖЕҚ және әдістемелік қолдауды қамтамасыз ету мәселелері бойынша әдіснаманы әзірлеу мен қолдауды;

29) ҚМГ компаниялар тобының басшылары мен мамандарының қатысуымен ЕҚЖЕҚ бойынша симпозиумдарды, форумдар мен кеңестерді ұйымдастыруды және өткізуді, хаттамалық шешімдердің орындалуын бақылауды ұйымдастырады және (немесе) жүзеге асырады;

30) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы төрағасының «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобының денсаулық сақтау, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы ең үздік инновациялық идеялар мен практикалар» атты жыл сайынғы конкурсын өткізу тәртібі мен

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 20-беті

шарттары туралы қағидаларға (KMG-PR-2191.2-13) сәйкес конкурстың ұйымдастырады және өткізеді;

31) ҚМГ Орталық аппараты қызметкерлерінің қауіпсіз және салауатты еңбегінің қамтамасыз етілуін бақылауды, ЕҚЖЕҚ және өрт қауіпсіздігі бойынша кіріспе нұсқаулықтың өткізілуін;

32) ҚМГ-нің адами ресурстарды басқару жөніндегі құрылымдық бөлімшелерімен бірлесіп, ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ мәселелері бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы құзыреттерді қамтамасыз ету жөніндегі корпоративтік стандартқа (KMG-ST-3467.1-13) сәйкес, қызметкерлердің құзыреттерін және қажетті оқуын қамтамасыз етуді;

33) ЕҚЖЕҚ саласындағы ҚНҚ-нің орындалуын бақылауды және талдауды ұйымдастырады және (немесе) жүзеге асырады.

5.2.1.6. Қызмет бағытының басшысы (Құрылымдық бөлімшенің басшысы)

5.2.1.6.1. Қызмет бағытының басшысы (Құрылымдық бөлімшенің басшысы) ЕҚЖЕҚ саласындағы Заңнамалық талаптарды, нормативтік құжаттарды және ҚМГ-нің ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

5.2.1.6.2. Қызмет бағытының басшысы (Құрылымдық бөлімшенің басшысы) қызметтің жетекшілік ететін бағыты бойынша:

1) қызметкерлердің ЕҚЖЕҚ саласындағы Заңнамалық талаптар туралы хабардар болуын және (немесе) оларды білуін;

2) жұмысқа қабылдау кезінде қызметкердің ЕҚЖЕҚ бойынша кіріспе нұсқаулықтан өтуді, Заңнамалық талаптарға сәйкес ЕҚЖЕҚ бойынша білімін оқтын-оқтын тексеруді, оның ішінде оны ҚМГ компаниялар тобының өндірістік объектілеріне іссапарға жіберу кезінде тексеруді;

3) қызметкердің лауазымдық нұсқаулығына ЕҚЖЕҚ бойынша міндеттер мен жауапкершілік енгізуді қамтамасыз етеді;

4) жүктелген функциялар мен құқықтарға сәйкес:

– белгіленген тәртіппен ҚМГ компаниялар тобының жетекшілік ететін ұйымдарында болған оқиғалар мен жазатайым жағдайлар немесе олар іске асыратын жобалар туралы ҚМГ ЕҚОҚД-ға уақытылы хабарлауды қамтамасыз етеді;

– ҚМГ-нің ішкі құжаттарына сәйкес, ҚМГ компаниялар тобының жетекшілік ететін ұйымдарында немесе олар іске асыратын жобаларда ЕҚЖЕҚ-ның жай-күйі туралы есептік акпараттың ҚМГ ЕҚОҚД-ға берілуін қамтамасыз етеді;

– ҚМГ компаниялар тобының жетекшілік ететін ұйымдарында немесе олар іске асыратын жобаларда ЕҚЖЕҚ бойынша Заңнамалық талаптар мен келісімшарттық талаптардың сақталуына мониторингті жүзеге асырады, сәйкессіздіктерді болдырмау бойынша шараларды қабылдайды;

– ҚМГ компаниялар тобының жетекшілік ететін ұйымдарында немесе олар іске асыратын жобаларда ЕҚЖЕҚ бойынша жоспарлы іс-шаралардың орындалуына мониторингті жүзеге асырады;

– Заңнамалық талаптарда көзделген жағдайларда, өндірістегі оқиғалар мен жазатайым жағдайларды тергеуге және олардың алдын алу бойынша іс-шараларды әзірлеуге қатысады;

– ЕҚЖЕҚ, өндірістік жарақаттылық пен кәсіптік ауруларды, оқиғалар мен жазатайым жағдайлардың алдын алу бойынша іс-шараларды ҚМГ компаниялар тобының жетекшілік ететін ұйымдарының немесе олар іске асыратын жобалардың жұмыс бағдарламалары мен бюджеттеріне белгіленген тәртіппен қосылуын қамтамасыз етеді;

– өз құзыретінің шеңберінде және белгіленген тәртіппен, ҚМГ компаниялар тобының жетекшілік ететін ұйымдарында немесе олар іске асыратын жобаларда ЕҚЖЕҚ бойынша іс-

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 21-беті

шаралардың қаржыландырылуын, оның ішінде, Заңнамалық талаптарда көзделген қызметкерлер мен негізгі қорларды сақтандырудың барлық түрлерін қамтамасыз етеді.

5.2.1.6.3. Қызмет бағытының басшысы (Құрылымдық бөлімшенің басшысы), өз құзыретінің шеңберінде, қызметтің жетекшілік ететін бағыты бойынша, тікелей немесе ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының бірінші басшылары арқылы:

1) қызметтің және жұмыстардың бақыланатын түрлерін лицензиялауды, алынған лицензиялардың, Қазақстан Республикасының мемлекеттік бақылау және әкімшілік-өндірістік бақылау жөніндегі уәкілетті органдарының ұйғарымдарының қолданылу шарттарының орындалуын;

2) әбден тозған және пайдалану мерзімі өтіп кеткен негізгі қорлардың техникалық аудиті бойынша іс-шараларды;

3) мердігерлік ұйымдардың жұмыстарын/(жөндеу-құрылыс және іске қосу-реттеу және басқа да жұмыстарды/қызметтерді), өндірістік объектілерді салуға, және жөндеуге тартылатын мамандандырылған және құрылыс-монтаж мердігерлік ұйымдардың қызметін үйлестіреді;

4) ЕҚЖЕҚ бойынша қағидалар мен нормаларға сәйкес, өндірістік объектілерді қайта жаңартуға және кеңейтуге арналған жобаларды ескертпе бақылау және қарау жөніндегі комиссияның жұмысын;

5) белгіленген тәртіппен Өндірістік объектілерді салуға арналған жобалық-сметалық құжаттамадағы және жаңадан пайдалануға енгізілетін өндірістік объектілердің жобалық құжаттамасының құрамындағы өнеркәсіптік қауіпсіздіктің сараптамасын;

6) еңбекті қорғау қағидалары мен нормаларына сәйкес, жаңа өндірістік объектілерді салуға арналған жобаларды ескертпе бақылау және қарау жөніндегі комиссияны және өндірістік объектілерді пайдалануға енгізу тәртібін сақтау бойынша тиісті қорытындыны дайындауды;

7) зиянды еңбек жағдайлары үшін қосымша жеңілдіктер мен өтемақылар беру туралы ұсыныстарды дайындауды, олардың сақталуын бақылауды;

8) ЕҚЖЕҚ талаптарын сақтау, қауіпсіз еңбек жағдайын жасау бөлігінде функциялар мен міндеттерді көздей отырып, ҚМГ-нің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді, лауазымдық нұсқаулықтарды дайындауды;

9) ұжымдық шарттың жобасын әзірлеуді, оның орындалуын бақылауды ұйымдастыру мен жүзеге асыруды;

10) қауіпті және зиянды өндірістік факторлармен ұштасу уақытын шектеу қажет болатын қызметкерлердің жекелеген санаттары үшін еңбектің және демалыстың оңтайлы режимдерін енгізуді, сондай-ақ жұмыс ауысымдары арасындағы демалыс уақытын ұлғайтуды;

11) жұмыс уақыты мен демалыс уақытының кестелері мен режимдерінің баланстарын сақтауды;

12) кадрларды даярлау және қызметкерлердің біліктілігін арттыру жөніндегі іс-шаралардың жиынтық жоспарын әзірлеуді, ЕҚЖЕҚ саласындағы қызметкерлерді даярлау және арттыру жоспарларының орындалуын ұйымдастыруды;

13) еңбекті ғылыми-негізделген ұйымдастыруды әзірлеу мен енгізуді және өндірісті басқаруды;

14) ЕҚЖЕҚ жақсарту бойынша іс-шараларды әзірлеуді және енгізуді (жұмыс орындарын ұйымдастыру және оларға қызмет көрсету; еңбектің озық және қауіпсіз тәсілдері мен әдістерін тарату; еңбек жағдайын жеңілдету және сауықтыру; ауыр, еңбекті көп қажет ететін және қол жұмысын қысқарту; еңбек пен демалыстың ұтымды режимдерін енгізу; еңбек жағдайын жақсарту үшін моральдық және материалдық ынталандыру нысандары мен жүйелерін жетілдіру);

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 22-беті

15) ЕҚЖЕҚ мәселелері бойынша барлық деңгейлердегі басшылар мен қызметкерлерді аттестаттауды;

16) жұмыс орындары мен үй-жайлардың қауіпсіздігін және жөндеуді, тазалықты, тәртіпті және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмыстарын;

17) ЖҚҚ тегін беру және еңбек жағдайдың нормаларына сәйкес, қызметкерлерді ЖҚҚ-мен қамтамасыз ету жұмыстарын;

18) кешенді зерттеудің негізінде ЕҚЖЕҚ бойынша жаңа нормативтік құқықтық актілерін, техникалық қауіпсіздік жөніндегі нормативтік құжаттарды қолданысқа енгізу (қолданыстағыны өзектендіру) жұмыстарын;

19) жүк пен материалдарды тиеу-түсіру жұмыстары кезінде, қоймалау және тасымалдау кезінде көлік құралдарының техникалық жай-күйін және ЕҚЖЕҚ-ның сақталуын бақылауды;

20) әкімшілік ғимараттарды дұрыс қалпында ұстау, уақытылы және сапалы жоспарлы-алдын алып жөндеу жұмыстарын, объектілердің пайдаланылуын әкімшілік-өндірістік бақылауды және қызметкерлерге қауіпсіз еңбек жағдайының жасалуын орындауды немесе жүргізуді қамтамасыз етеді.

5.2.1.6.4. Құрылымдық бөлімшенің басшысы және (немесе) қызметкерлері ҚМГ компаниялар тобы ұйымының (қызметтің жетекшілік ететін бағыты бойынша) өндірістік объектілеріне барғанда, ЕҚЖЕҚ саласындағы сәйкессіздіктерге (қауіпті іс-әрекеттер немесе қауіпті шарттар) назар аударып, белгіленген тәртіппен, анықталған сәйкессіздіктерді жоюға ұсынымдарды беруге міндетті.

5.2.2. ҚМГ компаниялар тобының ұйымында ЕҚЖЕҚ бойынша жұмысты ұйымдастыру (Міндеттер)

5.2.2.1. ҚМГ компаниялар тобының ұйымы өзінің өндірістік қызметін жүзеге асыру кезінде оның басты міндеттерінің бірі – ҚМГ-нің ЕҚЖЕҚ саласындағы жетекші мұнай-газ компанияларының деңгейіне қол жеткізуі үшін қауіпсіз және салауатты еңбек жағдайын жасау және қамтамасыз ету басымдығына бағытталған ЕҚЖЕҚ саласындағы Заңнамалық талаптар мен ҚМГ-нің ішкі реттеуші құжаттарын (стандарттарды) сақтау болып табылады.

Осы мақсатта, **ҚМГ компаниялар тобы ұйымының комитеті** (ҚМГ Комитетінің қолдауымен):

5.2.2.1.1. Еңбек жағдайын жүйелі түрде жақсартуға және сауықтыруға, ЕҚЖЕҚ бойынша жұмыстың ұйымдастырылуын жетілдіруге, ғылым мен техниканың ең жаңа деген жетістіктерін, озық тәжірибесін, тәуекелдер/қауіпті және зиянды өндірістік факторларды басқарудың заманауи құралдары мен әдістерді енгізуге, өндірістік жарақаттылық пен кәсіптік аурулардың алдын алуға, ЕҚЖЕҚ жай-күйі туралы ақпараттың жария, толық және дұрыс болуына бағытталған ҚМГ-нің бірыңғай саясатын қабылдайды және іске асырады.

5.2.2.1.2. Жыл сайын ҚМГ компанияларының тобында ЕҚЖЕҚ мәселелері бойынша форумдар мен семинар-кеңестерге қатысады және (немесе) олардың өткізілуін ұйымдастырады.

5.2.2.1.3. ҚМГ компаниялар тобының ұйымы мен мердігерлік ұйымдардың ЕҚЖЕҚ саласындағы қолданыстағы Заңнамалық талаптарды, ЕҚЖЕҚ қағидаларын, нормалары мен стандарттарын дұрыс қолдануына және қатаң сақтауына мониторингті жүзеге асырады. ЕҚЖЕҚ туралы заңнаманы қолдану практикасын жинақтайды, оны жетілдіру бойынша ұсыныстарды әзірлейді, оларды тиісті уәкілетті органдарға қарауға енгізеді.

5.2.2.1.4. ҚР Үкіметінің, мемлекеттік бақылаушы органдар мен ҚМГ-нің ЕҚЖЕҚ мәселелері бойынша шешімдерді іске асыруға қатысады және ҚМГ компаниялар тобының ұйымында олардың орындалуына мониторингті жүргізеді, анықталған кемшіліктерді жоюды ұйымдастыру бойынша тиісті шараларды уақытылы қабылдайды.

5.2.2.1.5. Белгіленген тәртіппен, ЕҚЖЕҚ мәселелері бойынша ҚМГ-нің жаңа реттеуші құжаттарын әзірлеуге және қолданыстағы реттеуші құжаттарын қайта қарауға қатысады.

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 23-беті

5.2.2.1.6. ҚМГ компанияларының тобында жұмыс істейтіндердің ЕҚЖЕҚ дәрежесін арттыру бойынша ғылыми зерттеуге қатысады, еңбек жағдайын жақсартуға және сауықтыруға бағытталған ғылым мен техника жетістіктерін өндіріске енгізуге ұсынады, ЕҚЖЕҚ саласындағы жұмыстың озық тәжірибесін таратады.

5.2.2.1.7. Жылдың басында және есепті жыл ішінде тоқсан сайын ҚМГ компаниялар тобы ұйымының ЕҚЖЕҚ жөніндегі іс-шараларды орындау барысын қарауға қатысады, осы жұмысты жақсарту бойынша берілген ұсынымдардың орындалуын бақылауды жүргізеді.

5.2.2.1.8. Қолданыстағы Заңнамалық талаптарға сәйкес, ҚМГ компаниялар тобының ұйымында ЕҚЖЕҚ бойынша жұмыстың моральдық және материалдық ынталандырылуын ұйымдастырады. Осы мақсатта ЕҚЖЕҚ бойынша байқау-конкурстарды өткізеді.

5.2.2.1.9. ЕҚЖЕҚ бойынша жұмыстарға жедел-әдістемелік басшылық ету және оларды үйлестіру, ЕҚЖЕҚ талаптарының сақталуын ішкі бақылау мақсатында, өндірістік қызметті жүзеге асыратын ҚМГ компаниялар тобының ұйымында ҚМГ компаниялар тобы ұйымының бірінші басшысына тікелей бағынатын ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметі құрылады.

5.2.2.1.10. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметі өз мәртебесі бойынша ҚМГ компаниялар тобы ұйымының негізгі өндірістік бөлімшесіне теңеледі.

5.2.2.1.11. Қызметкерлер саны 50 адамнан аспайтын ҚМГ компаниялар тобының ұйымында, қызметтің ерекшелігі ескеріліп, ЕҚЖЕҚ жөніндегі маманның лауазымы енгізілуі тиіс немесе ЕҚЖЕҚ қамтамасыз ету міндеттері бұйрықпен басқа маманға жүктеледі.

5.2.2.1.12. ҚМГ компаниялар тобының ұйымындағы ЕҚЖЕҚ бойынша жұмыстарға жедел-әдістемелік басшылық ету және оларды үйлестіру ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметіне немесе ЕҚЖЕҚ бойынша міндеттері бар маманға жүктеледі. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметі қызметкерлерінің лауазымдық міндеттері ҚМГ компаниялар тобы ұйымының бірінші басшысының лауазымдық міндеттерінің негізінде белгіленеді.

5.2.2.1.13. Осы Стандарттың талаптарға сәйкес, ҚМГ компаниялар тобы ұйымының қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын әзірлеу кезінде, функциялардың іс жүзінде бөлінуіне қарай, ЕҚЖЕҚ бойынша лауазымдық міндеттердің жекелеген тармақшаларын ұйым бойынша бұйрықпен бір қызметкерге басқасына жүктеуге болады. Бұл ретте, қызметкерлердің лауазымдық міндеттерінде ЕҚЖЕҚ бойынша талаптардың барлық тармақшалары қамтылуы тиіс.

5.2.2.2. **Бірінші басшы** (бас директор, өңірлік құрылымдық өндірістік бөлімшенің немесе филиалдың, база мен өкілдіктің директоры) ЕҚЖЕҚ қамтамасыз ету бойынша жұмысты ұйымдастыруға жалпы басшылық етуді жүзеге асырады, оның ішінде:

1) еңбек жағдайын жақсарту ісінде қызметкерлердің шығармашылық белсенділігін арттыру үшін жағдай жасайды, ЕҚЖЕҚ саласындағы қызметкерлерді материалдық ынталандыру бойынша негізгі көрсеткіштер мен шарттарды қолданыстағы ережелер мен ұсынымдарға сәйкес белгілейді;

2) өндіріс технологияларының, өндірістік жабдықтың, құрылыстардың, өнеркәсіптік және қосалқы ғимараттардың ЕҚЖЕҚ саласындағы қауіпсіздік стандарттарына, қағидалары мен нормаларына сәйкес келуін қамтамасыз етеді;

3) қызметкерлердің ЕҚЖЕҚ саласындағы Заңнамалық талаптарды, қауіпсіздік стандарттарын, қағидалары мен нормаларын сақтауын, уәкілетті органдардың шешімдері мен қаулыларын орындауын, ҚМГ бұйрықтарының орындалуын және мемлекеттік бақылау және қадағалау органдары ұйғарымдарының орындалуын қамтамасыз етеді;

4) ҚМГ компаниялар тобының ұйымдарында ҚМГ саясатын қабылдайды және енгізеді, оларды барлық қызметкерлердің және Мердігерлік ұйымдар қызметкерлерінің назарына жеткізуді қамтамасыз етеді;

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 24-беті

5) МЖ енгізу, қолдау және жақсарту үшін барлық қажетті ресурстардың (қаржылық, материалдық және адами) болуын қамтамасыз етеді;

6) ЕҚЖЕҚ саласындағы іс-шаралардың басым түрде қаржыландырылуын қамтамасыз етеді және белгілейді;

7) Заңнамалық талаптарға сәйкес қызметкерлер өз еңбек (қызметтік) міндеттерін орындаған кезде оларды міндеттерді сақтандыруды қамтамасыз етеді;

8) Заңнамалық талаптарға сәйкес, оқтын-оқтын, кем дегенде, 5 жылда бір рет еңбек жағдайы бойынша өндірістік объектілердің аттестациясын жүргізеді, сондай-ақ қауіптілігі жоғары жұмыстарды орындайтын қызметкерлерді, машиналар мен тетіктерді ауысым алдында міндетті куәландырады;

9) Заңнамалық талаптармен белгіленген нормаларға сәйкес, қажетті санитариялық-гигиеналық жағдай жасайды, ЖҚК-ның берілуін және жөнделуін, оларды профилактикалық өңдеу құралдармен, жуу және зарарсыздандыратын құралдарымен жабдықтауды, медициналық дәрі қобдишасымен, сүтпен, емдеу-профилактикалық тамақтандырумен, жеке және ұжымдық қорғау құралдарымен қамтамасыз етеді;

10) ЕҚЖЕҚ басқару жүйесі жұмысының тиімділігіне әсер ететін рольдерді белгілейді, жауапкершілік пен есеп беруді белгілейді, тиісті өкілеттіктерді береді;

11) ЕҚЖЕҚ бойынша қызметкерлердің оқуын және біліктілігін арттыруды қамтамасыз етеді;

12) ТЖК мен ТЖЕК жұмысын қамтамасыз етеді, ТЖК мен ТЖЕК төрағасы мен құрамын тағайындайды;

13) еңбек қызметіне байланысты жазатайым жағдайлардың және қызметкерлердің денсаулығына тиген өзге де зақымдардың, кәсіптік аурулардың уақытылы тергелуін ұйымдастырады;

14) Заңнамалық талаптармен белгіленген нысанда және мерзімдерде түсіндірме жазбалармен бірге, жазатайым жағдайларда зардап шеккендер туралы есептердің уақытылы жасалуын бақылайды;

15) жазатайым жағдайлардың дұрыс және уақытылы тергелуін және есебін жүзеге асырады;

16) жұмыс орындарында/цехтар мен учаскелерде ЕҚЖЕҚ бойынша белгіленген талаптарды сақтау мақсатында, ЕҚЖЕҚ бойынша ішкі бақылаудың жүзеге асырылуын, анықталған сәйкессіздіктерді жою бойынша дерек шараларының қабылдануын қамтамасыз етеді;

17) құрамы мен жұмыс тәртібі ҚМГ компаниялар тобы ұйымының ішкі құжатымен белгіленетін Комитетті құрайды, оның жұмысын басқарады және үйлестіреді;

18) басқармаларда, басшы және инженерлік-техникалық қызметкерлердің кеңестерінде Компаниялар тобының ұйымындағы және мердігерлік ұйымдардағы ЕҚЖЕҚ жай-күйінің мәселелерін қарауды қамтамасыз етеді, жекелеген құрылымдық бөлімше басшыларының олар ЕҚЖЕҚ жақсарту және өндірістік жарақаттылықты азайту бойынша жүргізетін жұмыс туралы ақпаратын тыңдайды, кемшіліктерді жою бойынша тиісті шараларды қабылдайды;

19) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметінің құрылымын, штат кестесін және жұмыс жоспарларын бекітеді;

20) басшы және инженерлік-техникалық қызметкерлердің ЕҚЖЕҚ стандарттарын, қағидалары мен нормаларын сақтау үшін, ЕҚЖЕҚ бойынша белгіленген іс-шаралардың, мемлекеттік бақылау мен қадағалау органдарының ұйғарымдарының уақытылы орындалуы үшін жауапкершілігін арттыру шараларын қабылдайды;

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 25-беті

21) Заңнамалық талаптарға және ҚМГ-нің ішкі құжаттарына сәйкес белгіленген тәртіппен барлық оқиғалар мен жазатайым жағдайлар туралы ЕҚЖЕҚ саласындағы уәкілетті органдар мен ҚМГ Орталық аппаратына дереу хабарлауды қамтамасыз етеді;

22) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тағы оқиғалар туралы хабарлау және оларды тергеу тәртібі туралы қағидаларға (KMG-PR-2235.1-13), «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ сыни жағдайларды басқару регламентіне сәйкес, барлық оқиғалар мен жазатайым жағдайлар туралы хабарламалардың ҚМГ Орталық аппаратына берілуін қамтамасыз етеді.

5.2.2.3. Өндірістік мәселелер жөніндегі директор (бас директорлардың орынбасарлары, өңірлік өндірістік құрылымдық бөлімшелер, базалар мен өкілдіктер директорларының орынбасарлары, техникалық директорлар, бас инженерлер):

5.2.2.3.1. Өндіріс жөніндегі орынбасар қауіпсіз және салауатты еңбек жағдайын жасау және қамтамасыз ету жұмыстарын ұйымдастырады, тікелей басқарады, оның ішінде:

1) қызметкерлердің ЕҚЖЕҚ бойынша Заңнамалық талаптарды, қауіпсіздік стандарттарын, қағидалары мен нормаларын сақтауын, ҚМГ мен ҚМГ компаниялар тобы ұйымының бұйрықтары мен нұсқауларын, Комитеттің ұсынымдарын орындауын ұйымдастырады және жүзеге асырады;

2) ЕҚЖЕҚ бойынша жұмыстарды ұйымдастырудың прогрессивті жүйелері мен нысандарын әзірлеуді және енгізуді ұйымдастырады;

3) ЕҚЖЕҚ саласындағы тәуекелдерді (қауіпті және зиянды өндірістік факторларды) басқаруға негізделген қызметтің жоспарлануын, жұмыстарды кешенді механикаландыру және қол еңбегін, ауыр және еңбекті көп қажет ететін жұмыстарды қысқарту бойынша, энергиямен жаракталуды арттыру бойынша іс-шаралардың әзірленуін және іске асырылуын ұйымдастырады;

4) ЕҚЖЕҚ бойынша жұмысты жетілдіру бөлігінде жұмысты жақсарту, атқарушылық тәртіпті нығайту, қарамағындағы құрылымдық бөлімше қызметкерлерінің бастамашылықтарын және шығармашылығын дамыту бойынша іс-шаралардың әзірленуін және іске асырылуын ұйымдастырады;

5) ҚМГ компаниялар тобы ұйымының құрылымдық бөлімшелері арасындағы ЕҚЖЕҚ бойынша жұмыс тәжірибесімен алмасуды ұйымдастырады;

6) ҚМГ компаниялар тобы ұйымының құрылымдық бөлімшелерін нормалар мен қағидаларда көзделген ЖҚҚ-мен уақытылы қамтамасыз етудің бақылануын қамтамасыз етеді;

7) ЕҚЖЕҚ саласындағы өндірісті, еңбекті және басқаруды ғылыми ұйымдастыруды жетілдіреді, ғылым, техника жетістіктерін мен озық тәжірибені насихаттауды және кеңінен пайдалануды жүзеге асырады;

8) ЕҚЖЕҚ бойынша жұмыстың ұйымдастырылуын жетілдіру бөлігінде өзіне бағынысты ҚМГ компаниялар тобы ұйымының құрылымдық бөлімшелері жұмысының негізгі бағыттарын белгілейді;

9) белгіленген тәртіппен ЕҚЖЕҚ жақсарту жөніндегі іс-шаралардың, әзірленуін, қаралуын және бекітілуін, олардың бақылануын басқарады;

10) ЕҚЖЕҚ мәселелері бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын, нұсқаулықтардың, нұсқаулық карталарының, технологиялық регламенттерінің, нормативтік және техникалық құжаттаманың әзірленуін ұйымдастырады және бақылайды;

11) белгіленген тәртіппен және толық көлемде ЕҚЖЕҚ бойынша іс-шараларды қаржыландыру көлемдері мен орындауды бақылайды, іс-шараларды орындау бойынша ұйымдастырушылық-техникалық және тәртіптік шараларды қабылдайды, олардың орындалуы үшін жауап береді;

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 26-беті

12) ЕҚЖЕҚ қағидалары мен нормаларын, өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын сақтау бөлігінде ҚМГ компаниялар тобы ұйымының және мердігерлік ұйымдардың қызметін бақылайды;

13) еңбек жағдайын жақсарту және сауықтыру бойынша іс-шараларды жүргізу үшін қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың өлшемдерін бақылайтын материалдармен, құралдармен, жабдықпен және аспаптармен қамтамасыз етуді бақылайды;

14) қолданыстағы нормативтерге сәйкес, ҚМГ компаниялар тобы ұйымының құрылымдық бөлімшелерінің өндірістік жабдығы мен объектілерін еңбек жағдайын жақсартатын және оның қауіпсіздігін арттыратын қауіпсіздіктің техникалық құралдарымен жабдықтау шараларын қабылдайды;

15) Заңнамалық талаптармен белгіленген жағдайларда, өндірістегі оқиғалар мен жазатайым жағдайларды тергеуге, олардың алдын алу бойынша іс-шараларды әзірлеуге қатысады, олардың орындалуын бақылауды ұйымдастырады;

16) ЕҚЖЕҚ жөніндегі ТЖК-ны басқарады, құрылымдық бөлімшелердегі ЕҚЖЕҚ бойынша жұмыстың және жай-күйдің ұйымдастырылуын тексереді;

17) қызметкерлердің кеңестерінде, техникалық кеңесте немесе ТЖК отырысында ҚМГ компаниялар тобы ұйымының құрылымдық бөлімшелерінің ЕҚЖЕҚ жай-күйін қарайды (кем дегенде, жартыжылдықта бір рет), жекелеген құрылымдық бөлімше басшыларының олар еңбек жағдайын жақсарту, өндірістік жарақаттылықты азайту бойынша жүргізетін жұмыс туралы ақпаратты тыңдайды;

18) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметінің жоспарын қарайды және келіседі;

19) ҚМГ компаниялар тобы ұйымының бірінші басшысына ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметін жинақтау туралы ұсыныстарды береді;

20) ҚМГ компаниялар тобы ұйымының өндіріс технологиясының, өндірістік жабдықтың, өнеркәсіптік және қосалқы ғимараттар құрылыстарының ЕҚЖЕҚ саласындағы қолданыстағы қауіпсіздік стандарттардың, қағидалар мен нормалардың талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз етеді, ұйымдастырады және бақылайды;

21) әбден тозған және пайдалану мерзімі аяқталған негізгі қорлардың техникалық аудиті бойынша іс-шаралардың әзірленуін ұйымдастырады және орындалуын бақылайды;

22) ҚМГ компаниялар тобы ұйымының барлық өндірістік объектілерінде өрт қадағалау мен оларға қызмет көрсетуді ұйымдастырады;

23) ықтимал қауіпті жабдықты, қондырғылар мен материалдарды қауіпсіз пайдалану үшін жауапты тұлғалардың тағайындалуын қамтамасыз етеді.

5.2.2.3.2. Күрделі құрылыс жөніндегі орынбасар ЕҚЖЕҚ саласындағы тәуекелдер/қауіпті және зиянды өндірістік факторларды басқаруға, қарамағындағы құрылыс-монтаж және жөндеу-құрылыс бөлімшелерде мақсаттар қою мен оларға қол жеткізуге негізделген қауіпсіз және салауатты еңбек жағдайын жоспарлау, жасау және қамтамасыз ету жұмысын ұйымдастырады және тікелей басқарады, оның ішінде:

1) қарамағындағы құрылымдық бөлімшелер мен қызмет қызметкерлерінің құрылыс-монтаждау жұмыстарын өндіру кезінде қауіпсіздік стандарттарын, қағидалары мен нормаларын сақтауын, ҚМГ мен ҚМГ компаниялар тобы ұйымының бұйрықтары мен нұсқауларын орындауын, мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарының ұйғарымдарын, Комитеттің ұсынымдарын орындауын бақылауды ұйымдастырады және жүзеге асырады;

2) іске қосу кешендеріне және жаңадан салынып жатқан, кеңейтілетін немесе қайта жаңартылатын өндіріс кезектеріне ЕҚЖЕҚ бойынша қажетті жұмыстардың қосылуын бақылауды ұйымдастырады, өндірістік және қосалқы мақсаттағы құрылыс объектілерді пайдалануға қабылдауға басшылық етеді, олардың қолданыстағы нормалар мен стандарттардан ауытқумен енгізілуіне жол бермейді;

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 27-беті

3) ЕҚЖЕҚ қағидалары, нормалары талаптарының, стандарттардың орындалуын, сондай-ақ салынатын және/немесе қайта жаңартылатын объектілердің құрылыс және/немесе қайта жаңарту жобаларына сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында, объектілердің құрылыс барысын техникалық қадағалауды ұйымдастырады;

4) ҚМГ компаниялар тобы ұйымының ЕҚЖЕҚ жақсарту жөніндегі іс-шаралар мен әлеуметтік даму жоспарының әзірленуін басқарады және қаралуын ұйымдастырады;

5) өз қызметінің бағыттары бойынша ЕҚЖЕҚ мәселелерін қарау және шешу кезінде ҚМГ компаниялар тобы ұйымының ТЖК жұмысына қатысады;

6) еңбек жағдайын жақсарту және сауықтыру, көп еңбекті қажет ететін процестер мен жұмыстарды механикаландыру мақсатында құрылыс және құрылыс-монтаждау жұмыс өндірісінің жаңа техникасы мен прогрессивті технологияларын енгізуге арналған техникалық шарттарды әзірлеуге қатысады;

7) ЕҚЖЕҚ жөніндегі ТЖК-ға қатысады (кем дегенде, жартыжылдықта бір рет), құрылыс, құрылыс-монтаж және басқа да оған бағынысты құрылымдық бөлімшелерде ЕҚЖЕҚ бойынша жұмыстың ұйымдастырылуын және жай-күйін тексереді (ішінара) және ЕҚЖЕҚ бойынша жұмыста анықталған кемшіліктерді жою және оны жақсарту бойынша шаралар қабылдайды;

8) белгіленген тәртіппен ЕҚЖЕҚ жақсарту бойынша іс-шараларда көзделген объектілерді қайта жаңарту, күрделі жөндеу және салу жұмыстарының уақытылы болуын және қамтамасыздығын жоспарлайды және ұйымдастырады, олардың толық іске асырылуын бақылауды жүзеге асырады;

9) өндірістік және қосалқы мақсаттағы объектілердің құрылысына арналған жобалық-сметалық құжаттаманың ЕҚЖЕҚ бойынша қағидалардың, нормалар мен стандарттардың талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз етеді және бақылайды;

10) өндірістік объектілерді және кешендерді салу және/немесе қайта жаңарту кезінде оларға санитариялық-тұрмыстық үй-жайларды қосуды көздейді;

11) өндірістік объектілерді және кешендерді пайдалануға қабылдау жөніндегі мемлекеттік қабылдау комиссиялардың құрамы туралы бұйрықтарды дайындау кезінде осы комиссиялардың құрамына ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметтерінің қызметкерлерін, мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарының өкілдерін қосуды көздейді;

12) өндірістегі оқиғалар мен жазатайым жағдайларды тергеуге, олардың алдын алу бойынша іс-шараларды әзірлеуге қатысады, өз қызметінің бағыттары бойынша олардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады.

ҚМГ компаниялар тобы ұйымының штатында күрделі құрылыс жөніндегі орынбасардың лауазымы болмаған жағдайда, оның ЕҚЖЕҚ бойынша міндеттері күрделі құрылыс қызметінің басшысына жүктеледі.

5.2.2.3.3. Әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасар әлеуметтік мақсаттағы объектілердің қауіпсіз пайдаланылуын және лайықты жай-күйін қамтамасыз етуді бақылауды ұйымдастырады және жүзеге асырады, оның ішінде:

1) әлеуметтік мақсаттағы объектілерде қауіпсіз еңбек жағдайын жасау және қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырады және басқарады;

2) өзіне бағынысты құрылымдық бөлімшелер мен қызметтердің қызметкерлерінің ЕҚЖЕҚ саласындағы Заңнамалық талаптарды, ішкі еңбек тәртібінің қағидаларын, қауіпсіздік стандарттарын, қағидалары мен нормаларын сақтауын, ҚМГ мен ҚМГ компаниялар тобы ұйымының бұйрықтары мен нұсқауларын, мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарының ұйғарымдарын орындауын бақылауды ұйымдастырады және жүзеге асырады;

3) ҚМГ компаниялар тобы ұйымының спорт және сауықтыру іс-шараларының өткізілуін, санаторий-профилакторийлары мен басқа да емдеу-профилактикалық мекемелердің пайдаланылуын ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 28-беті

4) ЖКҚ жөндеуді, тазарту мен жууды ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

5) өз қызметінің бағыттары бойынша ЕҚЖЕҚ мәселелерін қарау және шешу кезінде, құрылымдық бөлімшелер мен өндірістік объектілерді тексеру кезінде ҚМГ компаниялар тобы ұйымының ЕҚЖЕҚ жөніндегі ТЖК жұмысына қатысады;

6) ЕҚЖЕҚ жөніндегі ТЖК-ға қатысады (кем дегенде, жартыжылдықта бір рет), өзіне ведомстволық бағынысты құрылымдық бөлімшелерде ЕҚЖЕҚ бойынша жұмыстың ұйымдастырылуын және жай-күйді тексереді (ішінара) және ЕҚЖЕҚ бойынша жұмыста анықталған кемшіліктерді жою және оны жақсарту бойынша шараларды қабылдайды;

7) санитариялық нормаларға сәйкес, ҚМГ компаниялар тобы ұйымының құрылымдық бөлімшелерін санитариялық-тұрмыстық үй-жайлармен және қондырғылармен, арнайы тамақтандырудың, арнайы сүт пен арнайы сабынның берілуін, санитариялық-тұрмыстық үй-жайларды уақытылы жөндеуді қамтамасыз етеді;

8) олар басқаратын қызметтердің өздерінің негізгі өндірістік міндеттерімен қатар, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша функцияларды да орындауын қамтамасыз етеді;

9) өндірістік объектілерде және қызметкерлер тұратын вахталарда оларды тамақтандырудың және ыстық тамақтандырудың ұйымдастырылуын және санитариялық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді;

10) әлеуметтік мақсаттағы объектілерде еңбек және өндірістік тәртіпті арттыру және күшейту бойынша іс-шараларды әзірлейді, олардың орындалуын қамтамасыз етеді;

11) ұжымды әлеуметтік дамыту жоспарының тиісті іс-шараларын және ЕҚЖЕҚ жақсарту жөніндегі іс-шараларды әзірлеу мен қарауды басқарады және ұйымдастырады, жоспарлан іс-шаралардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

12) санаториялық-емдеу мекемелерімен ҚМГ компаниялар тобы ұйымының қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелерінің денсаулығын нығайту бойынша шарттар жасасу бойынша жұмысты жүргізеді, олардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

13) қызметкерлердің мерзімдік және ауысым алдындағы дәрігерлік қараудан өтуін ұйымдастырады және бақылайды және жүргізілген жұмыстың қорытындылары бойынша тиіс іс-шараларды жасайды.

ҚМГ компаниялар тобы ұйымының штатында әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасар болмаған жағдайда, оның ЕҚЖЕҚ бойынша міндеттері басшының әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасарына жүктеледі.

5.2.2.3.4. Экономика және қаржы жөніндегі орынбасар ЕҚЖЕҚ саласындағы іс-шаралардың қаржыландырылуын қамтамасыз етуді бақылауды ұйымдастырады және жүзеге асырады, оның ішінде:

1) қарамағындағы құрылымдық бөлімшелер мен қызметтердің қызметкерлерінің ЕҚЖЕҚ бойынша Заңнамалық талаптарды, ішкі еңбек тәртібінің қағидаларын, қауіпсіздік стандарттарын, қағидалары мен нормаларын сақтауын, ҚМГ мен ҚМГ компаниялар тобы ұйымының бұйрықтары мен нұсқауларын орындауын, мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарының ұйымдарының ұйғарымдарын орындауын бақылауды ұйымдастырады және жүзеге асырады;

2) ҚМГ компаниялар тобы ұйымының бюджетінде ЕҚЖЕҚ бойынша жеке бапта көзделген ЕҚЖЕҚ саласындағы жұмыстардың, қызметкерлердің, өндірістік объектілер мен жабдықтың сақтандырылуын, ЕҚЖЕҚ бойынша іс-шаралардың уақытылы және толық көлемде қаржыландыруды қамтамасыз етеді;

3) Заңнамалық талаптармен белгіленген өтемақылар бойынша, болған жазатайым жағдайлар бойынша төлемдердің қаржыландырылуын қамтамасыз етеді;

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 29-беті

4) өз қызметінің бағыттары бойынша мәселелерді қарау және шешу кезінде ЕҚЖЕҚ жөніндегі ТЖК жұмысына қатысады.

ҚМГ компаниялар тобы ұйымының штатында экономика және қаржы жөніндегі орынбасардың лауазымы болмаған жағдайда, оның ЕҚЖЕҚ бойынша міндеттері экономика және қаржы жөніндегі қызметтің басшысына жүктеледі.

5.2.2.3.5. Геология және геофизика жөніндегі орынбасар геологиялық-барлау, геологиялық-іздеу, бұрғылау және кәсіпшілік-геофизикалық жұмыстар кезінде, ұңғымаларды сынау және зерттеу кезінде қауіпсіз еңбек жағдайын ұйымдастыруға басшылық етуді қамтамасыз етеді және жүзеге асырады, оның ішінде:

1) геологиялық-іздеу, геологиялық-барлау және кәсіпшілік-геофизикалық жұмыстар кезінде және зерттеу кезінде қолданылатын жабдықтың, бақылау-өлшеу аспаптары мен құрылғылардың ЕҚЖЕҚ мен өнеркәсіптік қауіпсіздік стандарттарының, қағидалары мен нормаларының талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз етеді;

2) олар жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелерде еңбек жағдайын жақсарту және сауықтыру бойынша тиісті кешенді іс-шараларды белгіленген тәртіппен әзірлеуге басшылық етеді және олардың қаралуын ұйымдастырады, олардың орындалуын бақылауды ұйымдастырады;

3) жұмыстарды кешенді механикаландыру және қол еңбегін, ауыр және көп еңбекті қажет ететін жұмыстарды қысқарту жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырады;

4) ол жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелер қызметкерлерінің ЕҚЖЕҚ бойынша Заңнамалық талаптарды, қауіпсіздік стандарттарын, қағидалары мен нормаларын, өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын сақтауын бақылауды ұйымдастырады және жүзеге асырады, ҚМГ және ҚМГ компаниялар тобы ұйымының бұйрықтары мен нұсқауларын орындауын, мемлекеттік бақылау мен қадағалау органдарының ұйғарымдарын орындауын бақылауды ұйымдастырады және жүзеге асырады;

5) ЕҚЖЕҚ жөніндегі ТЖК тобын (кіші комиссиясын) басқара отырып, кем дегенде, жартыжылдықта бір рет, өзі жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелердегі ЕҚЖЕҚ жұмысының ұйымдастырылуын және жай-күйін тексереді (ішінара), тексеру қорытындылары тиісті түрде ресімдейді және талқылайды;

6) ұңғымалардың құрылымына арналған техникалық жобаларды жасау үшін туынды деректердің іс жүзіндегі шарттарының сәйкестігін бақылайды (қабаттық қысым және ашық атқу үшін қабаттық флюид тығыздығы);

7) техногендік оқиғалар мен ТЖ болдырмау үшін, кен орындарын игеру жобаларының сақталуын бақылайды;

8) ұңғымаларды консервациялаудың өнеркәсіптік қауіпсіздігінің нормалары мен қағидаларының сақталуын бақылайды;

9) өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ҚМГ мен ҚМГ компаниялар тобы ұйымының бұйрықтары мен нұсқауларын, мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарының ұйғарымдарын орындауды ұйымдастырады және қамтамасыз етеді.

ҚМГ компаниялар тобы ұйымының штатында геология және геофизика жөніндегі орынбасардың лауазымы болмаған жағдайда, геология және геофизика қызметінің басшысына жүктеледі.

5.2.2.3.6. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметінің басшысы ҚМГ компаниялар тобы ұйымында ЕҚЖЕҚ саласында Заңнамалық талаптардың, нормативтік құқықтық актілер мен өзге де құжаттардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады, ЕҚЖЕҚ саласындағы уәкілетті органдармен өзара іс-әрекет жасауды жүзеге асырады, оның ішінде:

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 30-беті

1) ЕҚЖЕҚ мәселелері бойынша уәкілетті органдардың шешімдерінің, ұйғарымдарының, ҚМГ мен ҚМГ компаниялар тобы ұйымының бұйрықтарының, ұйғарымдарының, нұсқаулары мен өзге де шешімдерінің орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

2) ҚМГ компаниялар тобы ұйымының құрылымдық бөлімшелерінің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметтері жүзеге асыратын ЕҚЖЕҚ қамтамасыз ету қызметін бақылауды жүзеге асырады;

3) ҚМГ компаниялар тобы ұйымының құрылымдық бөлімшелерінің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметтерінің жұмысына тікелей басшылық етуді және оны үйлестіруді жүзеге асырады, бұл ретте, жұмысты ұйымдастырудың бірыңғай тәртібін қамтамасыз етеді, оның тиімділігін арттыруға қол жеткізеді;

4) ЕҚЖЕҚ саласындағы ҚМГ компаниялар тобы ұйымының қызметін жоспарлауды жүзеге асырады;

5) ҚМГ компаниялар тобы ұйымының құрылымдық бөлімшелерінің ЕҚЖЕҚ бойынша нормативтік құқықтық актілермен және өзге де құжаттармен қамтамасыз етілуін бақылауды жүзеге асырады;

6) стандарттарда, қағидалар мен басқа да нормативтік құжаттарда көзделген ЕҚЖЕҚ мәселелер бойынша техникалық құжаттаманың дұрыс жүргізілуін бақылайды;

7) ҚМГ компаниялар тобы ұйымының құрылымдық бөлімшелерінің қажетті ЖҚҚ-мен қамтамасыз етілуін бақылауды жүзеге асырады;

8) ҚМГ компаниялар тобы ұйымында МЖ жүйесінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

9) ҚМГ компаниялар тобы ұйымының өндірістік учаскелерінде еңбек жағдайына жедел талдауды, тәуекелдер/қауіпті және зиянды өндірістік факторларды бағалауды жүргізеді және ЕҚЖЕҚ бойынша талаптармен анықталған сәйкессіздіктерді жою бойынша шараларды қабылдайды;

10) салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайын жасау бойынша жұмыстың ұйымдастырылуын жақсарту бойынша ұсыныстарды әзірлейді және ҚМГ компаниялар тобы ұйымының басшылығына енгізеді;

11) ҚМГ компаниялар тобы ұйымындағы өндірістік жарақаттылық пен кәсіптік аурулардың жай-күйін және себептерін талдауды және олардың алдын алу бойынша іс-шараларды әзірлеуді жүзеге асырады;

12) ҚМГ компаниялар тобы ұйымының басшылығына болған оқиғалар мен жазатайым жағдайлар туралы хабарлайды;

13) ҚМГ компаниялар тобы ұйымының объектілеріндегі ЕҚЖЕҚ жай-күйін тексеру бойынша ТЖК жұмысын ұйымдастырады;

14) ҚМГ компаниялар тобы ұйымының құрылымдық бөлімшелеріне басқа құрылымдық бөлімшелерінде болған оқиғалар мен жазатайым жағдайлар туралы уақытылы хабарлайды;

15) ЕҚЖЕҚ мәселелері бойынша қызметкерлердің білімін тексеру бойынша ҚМГ компаниялар тобы ұйымының ТЖЕК жұмысына қатысады;

16) қауіпсіз еңбек жағдайларын, өндірістік жарақаттылық пен кәсіптік аурулар, оқиғалар мен жазатайым жағдайлар санын азайтуды қамтамасыз ететін жаңа техникалық құралдарды және технологиялық процестердің енгізілуіне жәрдемдеседі;

17) құрылысы аяқталған немесе қайта жаңартылған объектілерді пайдалануға қабылдау жөніндегі комиссиялардың жұмысына қатысады;

18) ЕҚЖЕҚ мәселелерін талқылау кезінде салауатты және қауіпсіз еңбек және тұрмыс жағдайын жасау туралы, ЕҚЖЕҚ бойынша іс-шараларды қаржыландыру көлемі туралы, денсаулық сақтауды жақсарту туралы келіссөздерге қатысады;

19) жұмыс уақыты мен демалыс уақыты режимінің сақталуын, ауыр жұмыстарда, зиянды (аса зиянды) және (немесе) қауіпті еңбек жағдайындағы жұмыстарда істейтін қызметкерлерге

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 31-беті

кепілдіктер мен өтемақылардың берілуін, қызметкерлердің емдеу-профилактикалық құралдармен қамтамасыз етілуін бақылауды жүзеге асырады;

20) Заңнамалық талаптарда көзделген жағдайларда ҚМГ компаниялар тобы ұйымындағы жазатайым жағдайларды тергеуді ұйымдастырады немесе оған қатысады;

21) ҚМГ компаниялар тобы ұйымының жазатайым жағдайларды және еңбек қызметіне байланысты қызметкерлердің денсаулығына тиген өзге де зақымдарды тергеу, ресімдеу және есебін жүргізу тәртібін сақтауын қамтамасыз етеді;

22) Заңнамалық талаптармен белгіленген тәртіппен зиянды (аса зиянды) және (немесе) қауіпті еңбек жағдайында жұмыс істейтін қызметкерлерді мерзімдік дәрігерлік қарау мен зерттеу үшін кәсіптер мен лауазымдардың тізімдерін жасауда ҚМГ компаниялар тобы ұйымының құрылымдық бөлімшелеріне әдістемелік көмек көрсетеді;

23) ЕҚ және ӨҚ ҚМГ саласындағы саясат көрсетілетін кіріспе нұсқама беру бағдарламасын әзірлейді, жұмысқа жаңадан қабылданатын қызметкерлерге, уақытша қызметкерлерге, іссапарға жіберілгендерге, өндірістік оқуға немесе практикаға келген оқушылар мен студенттерге кіріспе нұсқама беруді жүргізеді;

24) қызметкерлер өздерінің еңбек (қызметтік) міндеттерін орындаған кезде оларды жазатайым жағдайлардан міндетті сақтандыру шартын жасасу арқылы ҚМГ компаниялар тобы ұйымының қызметкерлерінің мүлктік мүдделерін қорғауды ұйымдастырады;

25) ҚМГ компаниялар тобы ұйымы басшылығының ЕҚжЕҚ мәселелері бойынша бұйрықтары мен нұсқауларының жобаларын, сондай-ақ ЕҚжЕҚ бойынша жұмыстың ұйымдастырылуын жетілдіру бойынша ұсыныстарды дайындайды;

26) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметтерін білікті мамандармен жинақтау, оларды ұтымды пайдалану және аудару туралы ұсыныстарды ҚМГ компаниялар тобы ұйымының басшылығына ұсынады;

27) ЕҚжЕҚ саласындағы белсенді жұмыс үшін құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлерін ынталандыру туралы ұсынысты ҚМГ компаниялар тобы ұйымының басшылығына береді;

28) ЕҚжЕҚ мәселелері бойынша ҚМГ орталық аппаратының ЕҚОҚД-мен, жергілікті мемлекеттік бақылау және қадағалау органдармен, ғылыми-зерттеу және жобалық-конструкторлық ұйымдармен жедел, әдістемелік және консультациялық байланысты жүзеге асырады;

29) өз құзыретінің шеңберінде, ҚМГ компаниялар тобы ұйымының қызметтерінің басшыларына, құрылымдық бөлімшелері бас мамандарына, басшылары мен лауазымдық тұлғаларына ЕҚжЕҚ қағидалары мен нормаларының анықталған сәйкессіздіктерін және жұмысты ұйымдастырудағы кемшіліктерді жою туралы нұсқаулар береді;

30) жұмыс істейтіндердің өмірі және денсаулығы үшін қауіпті жағдайларда жекелеген учаскелерде, машиналарда, тетіктер мен станоктарда жұмыс істеуге тыйым салады;

31) ҚМГ компаниялар тобы ұйымының тиісті құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына бұл туралы дереу хабарлай отырып, ЕҚжЕҚ қағидалары мен нормаларының сәйкессіздігіне жол берген тұлғаларды жұмыстан шеттетеді (тиісті бөлімшелердің басшылары арқылы);

32) өндірістегі жазатайым жағдай кезінде зардап шеккендер және ЕҚжЕҚ бойынша іс-шаралар шығындары, кешенді іс-шараларды орындау туралы есептердің (белгіленген нысандар бойынша), ҚМГ компаниялар тобы ұйымының ЕҚжЕҚ саласындағы жұмысы туралы ақпараттың, анықтамалар мен есептердің жасалуын ұйымдастырады;

33) пайдалану мерзімі аяқталған және әбден тозған негізгі қорлардың техникалық аудитінің, сондай-ақ аудит қорытындылары бойынша әзірленген іс-шаралардың орындалуын бақылайды;

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 32-беті

34) ҚМГ компаниялар тобы ұйымында өрт қауіпсіздігі саласындағы іс-шаралардың өткізілуін бақылауды қамтамасыз етеді;

35) ЕҚЖЕҚ бойынша жаңа нормативтік құқықтық актілердің қолданысқа енгізілуіне (қолданыстағы нормативтік құқықтық актілердің өзгеруіне) қарай, ҚМГ компаниялар тобы ұйымының және құрылымдық бөлімшелердің өндірістік объектілерінің ішкі құжаттарын олардың талаптарына сәйкес келтіруді ұйымдастырады.

5.2.2.4. Желілік басшылар (бас геологтар, бас механиктер, бас энергетиктер, учаскелердің/цехтардың бастықтары), Құрылымдық бөлімшелердің басшылары:

5.2.2.4.1. Жабдық пен тетіктерді жөндеу және пайдалану қызметінің басшысы жабдық пен тетіктерді пайдалануға байланысты оқиғалар мен жазатайым жағдайлардың және кәсіптік аурулардың алдын алу бойынша жоспарлы-алдын алып жөндеудің, ұйымдастырушылық-техникалық іс-шаралардың уақытылы орындалуын ұйымдастырады, оның ішінде:

1) ҚМГ компаниялар тобы ұйымының құрылымдық бөлімшелері жұмысының озық әдістерін енгізуді және жөндеу жұмыстарын жүргізуді жетілдіруді ұйымдастырады;

2) өз құзыретіне кіретін жабдықты пайдалану мәселелері бойынша ҚМГ мен ҚМГ компаниялар тобы ұйымының бұйрықтарын орындауды және нұсқауларын, мемлекеттік бақылау мен қадағалау органдарының ұйғарымдарын орындауды ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

3) ҚМГ компаниялар тобы ұйымының құрылымдық бөлімшелерінің жабдығы мен тетіктерін жөндеу қызметтері арқылы жерүсті жабдықпен болған және жазатайым жағдайларға әкеп соқпаған оқиғалардың уақытылы және сапалы тергелуін, есепке алынуын ұйымдастырады;

4) жабдықты жөндеу қызметтерінің қызметкерлерінің оқуын және біліктілігін арттыруды ұйымдастырады, олардың білімін тексеруге қатысады, қызметкерлерді қауіпсіз жұмыс әдістеріне үйретуді ұйымдастыруда, жұмыстарды қауіпсіз жүргізу бойынша қажетті бағдарламаларды, нұсқаулықтарды жасауда және әзірлеуде ҚМГ компаниялар тобы ұйымының құрылымдық бөлімшелеріне әдістемелік көмек көрсетеді, осы жұмыстардың жүргізілуін бақылауды жүзеге асырады;

5) қауіпсіз пайдалануды және өнеркәсіптік қауіпсіздік бойынша іс-шараларды уақытылы өткізуді қамтамасыз етеді (ҚМГ компаниялар тобы ұйымының құрылымдық бөлімшелерінің жабдығын жөндеу қызметтері арқылы) (жүк көтергіш тетіктерді, жүкқармағыш және шынжырлы құрылғыларды, қысыммен жұмыс істейтін аппараттар мен ыдыстарды, газ және отынның басқа да түрлерінде жұмыс істейтін мұнай мен суды қыздыру пештерін, вентиляциялық жүйелерді, электр-газ дәнекерлеу аппаратурасын, ацетилен, оттегі, сорғы-компрессорлық қондырғыларды және басқа да жабдық пен тетіктерді сынау, техникалық куәландыру және тексеру);

6) ҚМГ компаниялар тобы ұйымының құрылымдық бөлімшелерінің жабдық пен тетіктерге қызмет көрсетудің және жөндеудің жүргізілуін, оларды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асырады және анықталған кемшіліктерді жою бойынша шараларды қабылдайды;

7) жабдықтың техникалық диагностикасын жүргізуді ұйымдастырады, жабдықты жөндеу қызметіне бекітілген жабдыққа техникалық көрсету мен оны жөндеудің уақытылы және сапалы жүргізілуін ұйымдастырады және бақылайды және анықталған кемшіліктерді жою шараларын қабылдайды;

8) ЕҚЖЕҚ жұмысының ұйымдастырылуын және жай-күйін және ҚМГ компаниялар тобы ұйымының құрылымдық бөлімшелерінің ҚМГ қауіпсіздік қағидалары мен нормаларының сақталуын тексеруді жүзеге асырады, ҚМГ компаниялар тобы ұйымының ЕҚЖЕҚ жөніндегі ТЖК жұмысына қатысады, оның тобын (кіші комиссиясын) басқарады;

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 33-беті

9) егер көлік құралдары мен арнайы техниканы бақылау бойынша міндеттер басқа қызметкерге жүктелмесе, тиеу-түсіру жұмыстары кезінде пайдаланылатын көлік құралдарының, көтергіш-көлік тетіктерінің, сондай-ақ құрылымдық бөлімшелер көлігінің техникалық жай-күйін және қауіпсіз пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырады;

10) өзіне бағынысты құрылымдық бөлімшелердегі тиеу-түсіру жұмыстары кезінде қауіпсіздік талаптарының сақталуын бақылайды;

11) қауіпсіздік тұрғысынан жабдықтың, тетіктердің техникалық аудиті және конструкциялық кемшіліктерін жою бойынша, әбден тозған машиналарды, тетіктерді, жабдықты уақытылы ауыстыру бойынша жұмысты жүргізеді және тиісті шараларды қабылдайды, егер осы функция басқа бөлімшелерге немесе басқа жауапты тұлғаларға жүктелмесе, бұзбай бақылау әдістерін қолданып, техникалық диагностиканың жүргізілуін ұйымдастырады;

12) оқиғаға және жазатайым жағдайларға әкеп соққан жабдықтың, тетіктер мен құрылғылардың конструкциялық кемшіліктері туралы материалдарды жинайды, дайындаушы зауыттар мен әзірлеушілерге (ғылыми-зерттеу және жобалық-конструкторлық ұйымдар) беру үшін тиісті ұсыныстарды дайындайды;

13) Заңнамалық талаптарда көзделген жағдайларда, өндірістегі оқиғалар мен жазатайым жағдайларды тергеуге қатысады, олардың түбегейлі (жүйелік) себептерін талдайды және болашақта оларды болдырмау жөніндегі іс-шараларды әзірлейді;

14) ұжымды әлеуметтік дамыту жоспарларын және ЕҚЖЕҚ жақсарту, өнеркәсіптік қауіпсіздік бойынша кешенді іс-шараларды әзірлеуге қатысады;

15) ескі жобалар, қағидалар бойынша дайындалған механикалық жабдық, машиналар, тетіктер, қондырғылар, коммуникациялар қауіпсіздігінің жаңа талаптарына сәйкестікке келтіреді;

16) дәнекерлеушілердің аттестациясын ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

17) ҚМГ мен ҚМГ компаниялар тобы ұйымының ЕҚЖЕҚ мәселелері бойынша бұйрықтары мен нұсқауларының, мемлекеттік бақылау және қадағалау органдары ұйғарымдарының орындалуын ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

18) қауіпті өндірістік объектілерде қолданылатын құрылыс материалдарын есептемегенде, қауіпті өндірістік объектілерде қолданылатын технологияның, техникалық қондырғылардың, материалдардың сараптамасын ұйымдастырады және қамтамасыз етеді.

5.2.2.4.2. Энергетика қызметінің басшысы электр және жылу-энергетикалық қондырғыларын пайдалануға байланысты оқиғалар мен жазатайым жағдайлардың алдын алу бойынша ұйымдастырушылық-техникалық іс-шаралардың уақытылы әзірленуін және орындалуын ұйымдастырады, оның ішінде:

1) ҚМГ компаниялар тобы ұйымының құрылымдық бөлімшелерінде жұмыс істеудің озық технологиялары мен әдістерін, сондай-ақ жөндеу жұмыстардың ұйымдастырылуын жетілдіруді қамтамасыз етеді;

2) газ шаруашылығын қауіпсіз пайдалану үшін міндеттер бас механикке жүктелмеген немесе ҚМГ компаниялар тобы ұйымының штатында бас механиктің лауазымы көзделмеген жағдайда, қолданыстағы қағидаларға сәйкес, газ шаруашылығын қауіпсіз пайдалану жұмысын ұйымдастырады;

3) электр және жылу-энергетикалық қондырғыларды профилактикалық қарау мен жоспарлы-алдын алу жөндеуді сапалы жүргізуді ұйымдастырады және жүзеге асырады;

4) өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ҚМГ мен ҚМГ компаниялар тобы ұйымының бұйрықтары мен нұсқауларын, мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарының ұйғарымдарын орындауды ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 34-беті

5) ҚМГ компаниялар тобы ұйымының бас энергетик қызметтері, құрылымдық бөлімшелері қызметкерлерінің оқуын және біліктілігін арттыруды ұйымдастырады және олардың білімін тексеруге қатысады;

6) ҚМГ компаниялар тобы ұйымының құрылымдық бөлімшелерінде техникалық пайдалану қағидалары (ТПҚ) мен техникалық қауіпсіздік қағидаларының (ТҚҚ) сақталуын, электр және жылу-энергетикалық қондырғылардың қауіпсіздік қағидалары мен нормаларына сәйкес келуін бақылауды жүзеге асырады және (тиісті құрылымдық бөлімшелердің басшылары арқылы) олардың қауіпсіз пайдаланылуын ұйымдастырады, анықталған кемшіліктерді жою бойынша шараларды қабылдайды;

7) ТПҚ мен ТҚҚ талаптарына сәйкес, электр-техникалық және электр-техникалық емес қызметкерлердің оқуын және аттестациясын ұйымдастырады;

8) қауіпсіздік тұрғысынан энергия жабдығының конструкциялық кемшіліктерінің техникалық аудиті және оларды жою бойынша, әбден тозған энергия жабдығын уақытылы ауыстыру бойынша жұмысты жүргізеді, техниканың жаңа үлгілерін сынауға қатысады;

9) оқиғалар мен жазатайым жағдайларға әкеп соққан энергия жабдығы мен құрылғыларының конструкциялық кемшіліктері туралы материалдарды жинақтайды, дайындаушы зауыттарға және әзірлеушілерге (ғылыми-зерттеу және жобалық-конструкторлық ұйымдарға) беру үшін тиісті ұсыныстарды дайындайды;

10) ЕҚЖЕҚ бойынша жұмыстың ұйымдастырылуын, ҚМГ компаниялар тобы ұйымының құрылымдық бөлімшелерінде ЕҚЖЕҚ қағидалары мен нормаларының жай-күйін және сақталуын тексереді, ҚМГ компаниялар тобы ұйымының ЕҚЖЕҚ жөніндегі ТЖК құрамына қатысады немесе оның тобын (кіші комиссиясын) басқарады;

11) Заңнамалық талаптарда көзделген жағдайларда өндірістегі оқиғалар мен жазатайым жағдайларды тергеуге, жұмыс орындарындағы қауіптерді айқындауға және тәуекелдерді (қауіпті және зиянды өндірістік факторларды) бағалауға және оларды ескерту және азайту бойынша іс-шараларды әзірлеуге қатысады;

12) оқиғалар мен жазатайым жағдайлардың, электр және жылу-энергетикалық қондырғылардың жұмысындағы сәйкессіздіктердің уақытылы және сапалы тергелуін қамтамасыз етеді (ҚМГ компаниялар тобы ұйымының құрылымдық бөлімшелерінің немесе бас энергетик қызметтерінің басшылары арқылы);

13) ұжымды әлеуметтік дамыту жоспарлары мен ЕҚЖЕҚ жақсарту бойынша кешенді іс-шараларды әзірлеуге қатысады;

14) құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлеріне қызметкерлерді қауіпсіз жұмыс әдістеріне үйретуді ұйымдастыруда, қажетті бағдарламаларды, жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөніндегі нұсқаулықтарды жасауда және әзірлеуде әдістемелік көмек көрсетеді, осы жұмыстардың жүргізілуін бақылауды жүзеге асырады;

15) қолданыстағы өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкес, қазандықтардың және қазақстандық қондырғыларының электр жабдығының қауіпсіз пайдаланылуын ұйымдастырады және бақылайды;

16) ескі жобалар, қағидалар бойынша жасалған энергетикалық жабдықты, қондырғыларды, коммуникацияларды ЕҚЖЕҚ бойынша жаңа қағидалар мен нормативтік құжаттарға сәйкестікке келтіреді.

5.2.2.4.3. Маркетинг және материалдық-техникалық жабдықтау (МТЖ) қызметінің басшысы өзіне бағысты бөлімшелерде (базаларда, қоймалар мен алаңдарда) қауіпсіз және салауатты еңбек жағдайын жасау және қамтамасыз ету жұмыстарын ұйымдастырады және тікелей басқарады, оның ішінде:

1) ҚМГ компаниялар тобы ұйымының құрылымдық бөлімшелерінің арнайы киімге, арнайы аяқ киімге, профилактикалық өңдеу құралдарына, жуу және зарарсыздандыру

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 35-беті

құралдарына, арнайы тамақтандыру мен сүтке, жеке және ұжымдық қорғау құралдарына, ЕҚЖЕҚ саласындағы қондырғылар мен жабдыққа деген қажеттілігінің кешенді, уақытылы және біркелкі қамтамасыз етілуін бақылауды жүзеге асырады, олардың өтінімдерін қанағаттандыру бойынша шараларды қабылдайды;

2) ҚМГ компаниялар тобы ұйымының құрылымдық бөлімшелерінің арнайы киімге, арнайы аяқ киімге, ЖҚҚ-ға арналған өтінімдерін уақытылы және сапалы жасауын ұйымдастырады және бақылауды жүзеге асырады және маркетинг және МТЖ қызметінің ҚМГ компаниялар тобының ұйымы бойынша жиынтық өтінімдердің дайындалуын басқарады;

3) арнайы киімнің, арнайы аяқ киімнің және басқа ЖҚҚ, жуу құралдарының, емдеу-профилактикалық тамақтандырудың, медициналық препараттардың, қорғау құрылғыларының, қауіпсіздік белгілерінің уақытылы сатып алынуын қамтамасыз етеді, оларда сапа сертификаттарының болуын бақылайды;

4) бағыныстағы құрылымдық бөлімшелер қызметкерлерінің ЕҚЖЕҚ саласындағы Заңнамалық талаптарды сақтауын, ҚМГ мен ҚМГ компаниялар тобы ұйымының бұйрықтары мен нұсқауларының, мемлекеттік бақылау және қадағалау органдары ұйғарымдарының орындауын қамтамасыз етеді;

5) материалдармен, жабдықпен, аспаптармен қамтамасыз ету бөлігінде ЕҚЖЕҚ жақсарту бойынша тиісті іс-шараларды әзірлеуге қатысады;

6) кем дегенде, жартыжылдықта бір рет ЕҚЖЕҚ мәселелерін қарау және шешу кезінде ЕҚЖЕҚ жөніндегі ТЖК жұмысына қатысады, бағыныстағы құрылымдық бөлімшелеріндегі ЕҚЖЕҚ жай-күйін тексереді (ішінара);

7) арнайы киімді, арнайы аяқ киімді және басқа да ЖҚҚ қабылдаудың дұрыс ұйымдастырылуын бақылайды;

8) базалар, қоймалар мен алаңдар аумағының, теміржол қатынас жолдарының, өтпелердің, тиеу-түсіру алаңдарының жай-күйін, қажетті жол белгілері мен қауіпсіздік белгілерінің болуын және жай-күйін, көлік құралдарының қауіпсіз қозғалысының қамтамасыз етілуін, жүк тиеу-түсіру жұмыстары, қоймалау, сақтау және тасымалдау кезінде қауіпсіз еңбек жағдайының қамтамасыз етілуін, көтеру-тасымалдау тетіктері мен құрылғыларының дұрыс қалпы және қауіпсіз пайдаланылуын бақылайды және анықталған кемшіліктерді жою шараларын қабылдайды;

9) арнайы кім мен арнайы аяқ киімді жөндеу, жуу, химиялық тазарту үшін қажетті жабдықты сатып алады;

10) сертификаттау жөніндегі органдар берген сәйкестік сертификаттары талап етілетін жабдық пен материалдарды және өзге де тауарлық-материалдық құндылықтарды сатып алады.

5.2.2.4.4. Өндірісті көліктік қамтамасыз ету қызметінің басшысы оған ведомстволық бағысты көлік ұйымдарында қауіпсіз және салауатты еңбек жағдайын жасау және қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады және тікелей басқарады, оның ішінде:

1) қызметкерлердің ЕҚЖЕҚ бойынша Заңнамалық талаптарды, қауіпсіздік стандарттарын, қағидалары мен нормаларын, ҚМГ мен ҚМГ компаниялар тобы ұйымының бұйрықтары мен нұсқауларын, мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарының ұйғарымдарын орындауын бақылауды ұйымдастырады және жүзеге асырады;

2) жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелерде басшы және инженерлік-техникалық қызметкерлердің ЕҚЖЕҚ және жол қозғалысы қауіпсіздік мәселелері бойынша оқуын және біліктілігін арттыруын ұйымдастырады;

3) жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жұмыстарға жалпы басшылықты жүзеге асырады, барлық қызметтер мен бөлімшелердің қызметін жол-көлік оқиғаларының алдын алу бойынша іс-шараларды іске асыруға бағыттайды;

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 36-беті

4) ҚМГ компаниялар тобы ұйымының жол қауіпсіздігі жөніндегі қызметтері мен оның құрылымдық көлік бөлімшелерінің жұмысына әдістемелік басшылық етуді жүзеге асырады, оларды әзірлеу қорытындылары талдайды, олардың қызметін жетілдіру жөніндегі іс-шараларды әзірлейді;

5) арнайы техника жүргізушілерінің, машинистерінің және жөндеушілер персоналының қауіпсіз еңбек және демалыс, тұрмыс жағдайын сақтауын және оларға медициналық қызмет көрсетуді үнемі бақылауды жүзеге асырады, көлік бөлімшелерінің медициналық пункттерін барлық қажетті жабдықпен қамтамасыз ету бойынша шараларды қабылдайды;

6) жол-көлік оқиғаларын есепке алады және талдайды, ҚМГ компаниялар тобы ұйымының басшылығына жол-көлік оқиғалары (ЖКО) туралы есептер мен ақпаратты және ЖКО алдын алу бойынша қабылданған шаралар туралы мәліметтерді береді;

7) ведомстволық бағыныстағы көлік ұйымдарында өндіріс технологиясының, жабдықтың, көлік құралдарының, өндірістік және тұрмыстық ғимараттар мен үй-жайлардың қауіпсіздік стандарттарына, қағидалары мен нормаларына сәйкестігін қамтамасыз етеді;

8) жылжымалы құрамның шығуға техникалық дайындығын және желідегі көлік құралдарының жұмысын бақылауды қамтамасыз етеді;

9) тиісті қызметтермен бірлесіп, байқау-конкурстарды, қауіпсіз қозғалыс айлықтарын жүргізуді қамтамасыз етеді;

10) өндірістегі қауіп-қатерлер мен тәуекелдерді басқару бойынша жұмыстарға, тәуекелдерді азайту бойынша, ЕҚЖЕҚ жақсарту бойынша тиісті іс-шараларды әзірлеуге қатысады және олардың орындалуын ұйымдастырады;

11) көлік қауіпсіздігі және ЕҚЖЕҚ мәселелерін қарау және шешу кезінде ЕҚЖЕҚ жөніндегі ТЖК жұмысына қатысады, кем дегенде, жартыжылдықта бір рет ол жетекшілік ететін көлік ұйымдарында ЕҚЖЕҚ жұмысының ұйымдастырылуын және жай-күйін тексереді;

12) өндірістік объектілерді қауіпсіз қозғалысты арттыратын және еңбек жағдайын жақсартатын көлік құралдарына диагностика жүргізудің, оларға техникалық қызмет көрсетудің, жөндеу мен пайдаланудың техникалық құралдарымен қамтамасыз ету бойынша шараларды қабылдайды;

13) Заңнамалық талаптарда көзделген жағдайларда, өндірістегі оқиғалар мен жазатайым жағдайларды, сондай-ақ ЖКО-ны тергеуге, олардың алдын алу бойынша профилактикалық іс-шараларды әзірлеуге қатысады;

14) ҚМГ компаниялар тобы ұйымының құрылымдық көлік бөлімшелеріне көрсетілетін гидрометеорологиялық қызметтерді, гидрометеорологиялық қызметпен жасалған келісімге сәйкес қажетті гидрометеорологиялық ақпараттың алынуын үнемі бақылайды;

15) ЕҚЖЕҚ жай-күйі, жол қозғалысының қауіпсіздігі туралы мәселелер қаралатын, жекелеген ұйымдар басшыларының ЕҚЖЕҚ, өндірістік жарақаттылықтың жай-күйі туралы, ЕҚЖЕҚ жақсарту жөніндегі кешенді іс-шаралардың орындалуы, жол қозғалысының қауіпсіздігі туралы ақпараты тыңдалатын көлік ұйымдарының басшы және инженерлік-техникалық қызметкерлерінің кеңесін өткізеді (кем дегенде, жартыжылдықта бір рет)

16) ҚМГ компаниялар тобы ұйымының өндірістік және қызмет көрсетілетін объектілеріндегі жолдардың жай-күйін үнемі бақылайды және оларды жөндеу, жолдың ақаулы учаскелерінде қозғалыстың жылдамдығын шектеу, қажетті жол белгілерін орнату бойынша шараларды қабылдайды;

17) өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ҚМГ мен ҚМГ компаниялар тобы ұйымының бұйрықтары мен нұсқауларының, мемлекеттік бақылау және қадағалау органдары ұйғарымдарының, көлік және арнайы техниканы қауіпсіз пайдалану бойынша талаптардың орындалуын ұйымдастырады және қамтамасыз етеді.

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 37-беті

5.2.2.4.5. **Өндірістік-техникалық қызметтің басшысы** ЕҚЖЕҚ талаптарын, қауіпсіздік қағидалары мен нормаларын ескере отырып, өндірістің ұйымдастырылуын және дамуын ұйымдастырады және қамтамасыз етеді, оның ішінде:

1) еңбектің ұйымдастырылуын жетілдіру, жұмыстарды басқару және өндіру, еңбек жағдайын одан әрі жақсарту бойынша ұйымдастырушылық-техникалық іс-шараларды әзірлейді;

2) ЕҚЖЕҚ қағидалары мен нормаларының талаптарына сәйкес, өндірісті ұйымдастыру, технология, жұмыс істеп тұрған өндірістерді механикаландыру және автоматтандыру, қайта жаңарту бойынша техникалық құжаттамаға сәйкес әзірлейді;

3) құрылымдық бөлімшелерді маусымдық кезеңдерге дайындау бойынша, қауіпсіз еңбек жағдайлары мен апатсыз жұмысты қамтамасыз ететін іс-шараларды әзірлейді және орындауды бақылайды;

4) ЕҚЖЕҚ талаптарын ескере отырып, технологиялық қондырғылардың үлгі схемаларын әзірлеуді және енгізуді ұйымдастырады;

5) еңбектің ғылым ұйымдастырылуын, еңбек жағдайын жеңілдетуге және сауықтыруға бағытталған жөндеу технологиясын, өндірістік процестерді механикаландыру мен автоматтандыруды жетілдіруді қамтамасыз етеді;

6) жабдықтың жаңа түрлерін сынауға қатысады, ЕҚЖЕҚ қамтамасыз етуді ескере отырып, ұсынымдар береді;

7) технологияны одан әрі жетілдіруді қамтамасыз ететін жаңа техника мен жаңа техникалық құралдарды енгізу жоспарларын жасауға және өндірісті, механикаландыру мен ЕҚЖЕҚ деңгейін арттыруға қатысады;

8) өндірістегі қауіп-қатерлер мен тәуекелдерді басқаруға, тәуекелдерді азайту бойынша, ЕҚЖЕҚ жақсарту бойынша тиісті іс-шараларды әзірлеуге, өндірістік жарақаттылықтың және кәсіптік аурулардың, оқиғалар мен ТЖ-ның алдын алу бойынша іс-шараларды әзірлеуге және енгізуге қатысады;

9) ЕҚЖЕҚ жөніндегі ТЖК жұмысына қатысады, ЕҚЖЕҚ-ның жай-күйін бақылайды, анықталған кемшіліктерді жою бойынша қажетті шараларды қабылдайды;

10) Заңнамалық талаптарда көзделген жағдайларда, өндірістегі оқиғалар мен жазатайым жағдайларды тергеуге, олардың алдын алу бойынша іс-шараларды әзірлеуге қатысады;

11) өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ҚМГ мен ҚМГ компаниялар тобы ұйымының бұйрықтары мен нұсқауларының, мемлекеттік бақылау және қадағалау органдары ұйғарымдарының орындалуын қамтамасыз етеді.

5.2.2.4.6. **Технологиялық қызмет басшысы** технологиялық қызметтер мен бағыныстағы құрылымдық бөлімшелердің ЕҚЖЕҚ бойынша талаптарды сақтауын ұйымдастырады және қамтамасыз етеді, оның ішінде:

1) жаңа технологияларды енгізу бойынша перспективалық және ағымдағы жоспарларды әзірлейді, еңбек жағдайын жеңілдетуге және сауықтыруға, тәуекелдерді (қауіпті және зиянды өндірістік факторларды) азайтуға бағытталған жаңа технологиялық процестердің енгізілуін қамтамасыз етеді;

2) ЕҚЖЕҚ стандарттарына, нормаларына, қағидаларына сәйкес, өндірісті ұйымдастыру, технология, механикаландыру мен автоматтандыру бойынша, жұмыс істеп тұрған өндірістерді қайта жаңартуға арналған техникалық құжаттаманың әзірленуін қамтамасыз етеді;

3) өндірістегі қауіп-қатерлерді басқаруға, тәуекелдерді азайту бойынша, ЕҚЖЕҚ жақсарту, өндірістік жарақаттылық пен кәсіптік аурулардың, оқиғалар мен ТЖ-ның алдын алу бойынша тиісті іс-шараларды әзірлеуге және енгізуге қатысады;

4) ЕҚЖЕҚ жөніндегі ТЖК жұмысына қатысады, объектілерде ЕҚЖЕҚ-ның жай-күйін тексереді, анықталған кемшіліктерді жою бойынша қажетті шараларды қабылдайды;

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 38-беті

5) қажет болғанда, оқиғалар мен жазатайым жағдайларды тергеу, олардың алдын алу бойынша іс-шараларды әзірлеуге қатысады;

6) өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ҚМГ мен ҚМГ компаниялар тобы ұйымының бұйрықтары мен нұсқауларының, мемлекеттік бақылау және қадағалау органдары ұйғарымдарының орындалуын ұйымдастырады және қамтамасыз етеді.

5.2.2.4.7. Экономикалық жоспарлау қызметінің басшысы ЕҚЖЕҚ талаптарын, қауіпсіздік стандарттарын, қағидалары мен нормаларын ескере отырып, өндірістің бюджеттік жоспарлануын ұйымдастырады және қамтамасыз етеді, оның ішінде:

1) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметімен бірлесіп, ЕҚЖЕҚ талаптарын жақсарту бойынша бағдарламаларды іске асыру үшін қажетті бюджеттік қаражаттың бюджеттегі жеке баппен міндеті түрде жоспарлануын қамтамасыз етеді;

2) өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ҚМГ мен ҚМГ компаниялар тобы ұйымының бұйрықтары мен нұсқауларының, мемлекеттік бақылау және қадағалау органдары ұйғарымдарының орындалуын.

5.2.2.4.8. Бухгалтерлік есеп және есептілік қызметінің басшысы ҚМГ компаниялар тобы ұйымының құрылымдық бөлімшелеріндегі ЕҚЖЕҚ жай-күйін жақсарту бойынша іс-шараларды іске асыруға арналған қаражатты жұмсаудың дұрыс есебін ұйымдастырады және қамтамасыз етеді, оның ішінде:

1) барлық қаржыландыру көздері бойынша ЕҚЖЕҚ бойынша іс-шараларға жұмсалатын қаражаттың есебін ұйымдастырады;

2) ЕҚЖЕҚ бойынша іс-шараларға арналған шығындардың дұрыс жұмсалуды, есебі бөлігінде бухгалтерияның жұмысын бақылайды;

3) өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ҚМГ мен ҚМГ компаниялар тобы ұйымының бұйрықтары мен нұсқауларының, мемлекеттік бақылау және қадағалау органдары ұйғарымдарының орындалуын ұйымдастырады және қамтамасыз етеді.

5.2.2.4.9. Күрделі құрылыс қызметінің басшысы өзіне бағынысты қызметтерде және ведомстволық бағыныстағы жөндеу-құрылыс бөлімшелерде тәуекелдерді басқару, қауіпсіз және салауатты еңбек жағдайын жасау және қамтамасыз ету бойынша жұмысты ұйымдастырады және қамтамасыз етеді, оның ішінде:

1) жетекшілік ететін құрылымдық бөлімше қызметкерлерінің Заңнамалық талаптарды, ЕҚЖЕҚ стандарттарын, қағидалары мен нормаларын сақтауын, ҚМГ мен ҚМГ компаниялар тобы ұйымының бұйрықтары мен нұсқауларының, мемлекеттік бақылау және қадағалау органдары ұйғарымдарының орындауын ұйымдастырады және жүзеге асырады;

2) ЕҚЖЕҚ талаптарының, қағидалары мен нормаларының, стандарттардың орындалуын, салынып жатқан және қайта жаңартылатын объектілердің жобаларға сәйкес келуін қамтамасыз ету мақсатында, объектілерді салу барысын технологиялық қадағалауды ұйымдастырады;

3) тиісті ЕҚЖЕҚ жақсарту бойынша кешенді іс-шаралардың және ұжымды әлеуметтік дамыту жоспарының әзірленуін басқарады және қаралуын, олардың орындалуын бақылауды ұйымдастырады;

4) өз қызметінің бағыттары бойынша ЕҚЖЕҚ мәселелерін қарау және шешу кезінде ҚМГ компаниялар тобы ұйымының ЕҚЖЕҚ жөніндегі ТЖК жұмысына қатысады, ТЖК тобын (кіші комиссиясын) басқарады;

5) еңбек жағдайын жеңілдету және сауықтыру, көп еңбекті қажет ететін процестер мен жұмыстарды механикаландыру мақсатында, өндірістің, құрылыс және құрылыс-монтаждау жұмыстарының жаңа техникасын және прогрессивті өндірістік технологиясын енгізуге арналған техникалық шарттарды әзірлеуге қатысады;

6) ЕҚЖЕҚ жөніндегі ТЖК тобын (кіші комиссиясын) басқара отырып, кем дегенде, жартыжылдықта бір рет бағынысты бөлімшелердегі ЕҚЖЕҚ жұмысының ұйымдастырылуын

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 39-беті

және жай-күйін тексереді (ішінара), анықталған кемшіліктерді жою және өз қызметінің бағыттары бойынша жұмысты жақсарту бойынша шараларды қабылдайды;

7) өндірістік және қосалқы мақсаттағы құрылысы аяқталған объектілерді пайдалануға қабылдауды басқарады, қолданыстағы нормалар мен стандарттардан ауытқитын объектілердің пайдалануға енгізілуіне жол бермейді;

8) мемлекеттік өндірістік объектілер мен кешендерді пайдалануға қабылдау жөніндегі қабылдау комиссиялардың құрамы туралы бұйрықтарды дайындау кезінде ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметі қызметкерлерінің, мемлекеттік қадағалау органдарының өкілдері мен мемлекеттік еңбек инспекторларының осы комиссиялардың құрамына қосылуын көздейді;

9) белгіленген тәртіппен, ЕҚЖЕҚ жақсарту жөніндегі кешенді іс-шараларда көзделген объектілерді қайта жаңарту, күрделі жөндеу мен салу жұмыстарын уақытылы қаржыландыру туралы мәселелердің шешілуін қамтамасыз етеді, олардың толық іске асырылуын бақылауды жүзеге асырады;

10) қағидаларға, нормалар мен стандарттарға сәйкес, ЕҚЖЕҚ талаптарының өндірістік және қосалқы мақсаттағы объектілерді салуға арналған жобалық-сметалық құжаттамаға қосылуын бақылайды;

11) салынатын және қайта жаңартылатын құрылымдық бөлімшелердің іске қосу кешендері мен өндірістік бірліктерді қалыптастыру кезінде оларға санитариялық-тұрмыстық үй-жайлардың қосылуын көздейді;

12) Заңнамалық талаптарда көзделген жағдайларда, өндірістегі оқиғалар мен жазатайым жағдайларды тергеуге, олардың алдын алу жөніндегі іс-шараларды әзірлеуге қатысады, олардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

13) әбден тозған негізгі қорлардың техникалық аудитінің қорытындылары бойынша іс-шараларды әзірлеуге және өткізуге, ғимараттар мен құрылыстарды қауіпсіз пайдалану жөніндегі комиссияға қатысады;

14) өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ҚМГ мен ҚМГ компаниялар тобы ұйымының бұйрықтары мен нұсқауларының, мемлекеттік бақылау және қадағалау органдары ұйғарымдарының орындалуын ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

15) қауіпті өндірістік объектілерде қолданылатын құрылыс материалдарын есептемегенде, қауіпті өндірістік объектілерде қолданылатын технологияның, техникалық қондырғылардың, материалдардың сараптамасын ұйымдастырады және қамтамасыз етеді.

5.2.2.4.10. Игеру және жайластыру қызметінің басшысы кен орындарын игеру және жайластыру кезінде ЕҚЖЕҚ нормалары мен қағидаларын, өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын ескере отырып, өндірісті ұйымдастыру мен дамытудың перспективалық және ағымдағы жоспарларын қамтамасыз етеді және әзірлейді, оның ішінде:

1) өндірістегі қауіп-қатерлерді басқаруды ұйымдастырады, тәуекелдерді (қауіпті және зиянды өндірістік факторларды) жоюды қамтамасыз ететін жаңа, озық технологиялық процестерді әзірлейді және енгізеді;

2) бағынысты қызметтер мен құрылымдық бөлімшелерді басқару және олардың қызметін ұйымдастыру кезінде ЕҚЖЕҚ талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді;

3) ЕҚЖЕҚ стандарттарының, нормаларының, қағидаларының және өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкес, өндірісті ұйымдастыру, технология, механикаландыру мен автоматтандыру бойынша, жұмыс істеп тұрған өндірістерді қайта жаңартуға арналған техникалық құжаттаманың әзірленуін қамтамасыз етеді;

4) ҚМГ компаниялар тобы ұйымының құрылымдық бөлімшелерінде технологиялық жабдық пен құрылыстарды жөндеудің, профилактикалық қараудың уақытылы және дұрыс жүргізілуін бақылайды;

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 40-беті

5) жаңа кен орындарын игеру және жайластыру кезінде ЕҚЖЕҚ және өнеркәсіптік өнеркәсіп талаптарының сақталуын бақылайды;

6) ғылыми-зерттеу, жобалық-конструкторлық және тәжірибелік-эксперименталдық жұмыстардың негізгі бағыттарын және жұмыс тиімділігін арттыру жолдарын айқындау кезінде өндірістің қауіпсіз ұйымдастырылуын қамтамасыз ететін іс-шараларды көздейді;

7) ЕҚЖЕҚ жақсарту және өндірістік жарақаттылық пен кәсіптік аурулардың, оқиғалар мен ТЖ алдын алу бойынша тиісті іс-шараларды әзірлеуге және енгізуге қатысады;

8) ЕҚЖЕҚ жөніндегі ТЖК жұмысына қатысады, объектілердегі ЕҚЖЕҚ жай-күйін тексереді, анықталған кемшіліктерді жою бойынша қажетті шараларды қабылдайды;

9) қажет болғанда, өндірістегі оқиғалар мен жазатайым жағдайларды тергеуге, олардың алдын алу бойынша іс-шараларды әзірлеуге қатысады;

10) өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ҚМГ мен ҚМГ компаниялар тобы ұйымының бұйрықтары мен нұсқауларының, мемлекеттік бақылау және қадағалау органдары ұйғарымдарының орындалуын ұйымдастырады және қамтамасыз етеді.

5.2.2.4.11. Геологиялық қызмет басшысы ЕҚЖЕҚ стандарттарын, қағидалары мен нормаларын сақтау бөлігінде қызметтердің жұмыстарына басшылық етуді қамтамасыз етеді және жүзеге асырады және қызметтердің, құрылымдық бөлімшелердің қызметін үйлестіреді, оның ішінде:

1) геологиялық-барлау, бұрғылау, кәсіпшілік-географиялық жұмыстар кезінде, ұңғымаларды сынау және зерттеу кезінде қауіпсіз еңбек шарттарын ұйымдастыруға жалпы басшылық етуді жүзеге асырады;

2) ЕҚЖЕҚ шарттарын қамтамасыз етіп, кен орындарын игерудің технологиялық схемалары мен жобаларын енгізу бойынша жұмысты ұйымдастырады;

3) геологиялық-барлау жұмыстардың перспективалық, жалдық, кезеңдік және ағымдағы жоспарларды әзірлеуге және оларға ЕҚЖЕҚ жөніндегі іс-шараларды қосуға қатысады;

4) ҚМГ компаниялар тобы ұйымының ЕҚЖЕҚ жөніндегі ТЖК жұмысына қатысады;

5) әзірленетін геологиялық-техникалық құжаттамада ұңғыманың забой маңындағы аймағын салу, пайдалану, зерттеу және өңдеу кезінде апат жағдайларын болдырмайтын қауіпсіздік шараларын көздейді;

6) өз құзыретінің шегінде, ҚМГ бұйрықтарының орындалуын, ЕҚЖЕҚ мәселелері бойынша қолданыстағы ережелердің, нұсқаулықтардың сақталуын, ҚМГ мен ҚМГ компаниялар тобы ұйымының нұсқауларының, мемлекеттік бақылау және қадағалау органдары ұйғарымдарының орындалуын бақылауды ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

7) техногендік ТЖ болдырмау мақсатында, технологиялық схемаларға сәйкес кен орындарының игерілуін бақылайды, сәйкессіздіктер анықталған жағдайда, ҚМГ компаниялар тобы ұйымының басшылығына дереу хабарлайды.

5.2.2.4.12. Ұңғымаларды бұрғылау және күрделі жөндеу қызметінің басшысы өзіне бағынысты қызметтерде және өндірістік бірліктерде қауіп-қатерлер мен тәуекелдерді (қауіпті және зиянды өндірістік факторларды) басқару бойынша, қауіпсіз және салауатты еңбек жағдайын жасау және қамтамасыз ету бойынша жұмысты қамтамасыз етеді және ұйымдастырады, оның ішінде:

1) қызметкерлердің Заңнамалық талаптарды, ЕҚЖЕҚ стандарттарын, қағидалары мен нормаларын сақтауын, ҚМГ мен ҚМГ компаниялар тобы ұйымының бұйрықтары мен нұсқауларын, мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарының ұйғарымдарын орындауын ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

2) ЕҚЖЕҚ саласындағы ғылым мен техниканың ең жаңа деген жетістіктерін өндіріске, сондай-ақ технологиялық және басқа да жабдықтың қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды енгізуді ұйымдастырады және бақылайды;

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 41-беті

3) жұмыстарды кешенді механикаландыру және қол еңбегін қысқарту бойынша іс-шаралардың, сондай-ақ энергиямен жарақталу деңгейін арттыру бойынша шараларының әзірленуін ұйымдастырады;

4) ұңғыма технологиясының, өндірістік жабдық пен құрылыстардың қауіпсіздік стандарттарының, қағидалары мен нормаларының талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз етеді;

5) ЕҚЖЕҚ талаптарын ескере отырып, оған бағынысты бөлімшелер мен ғылыми-зерттеу ұйымдарының бұрғылау, өндірістік процестерді механикаландыру және автоматтандыру, өндірісті ұйымдастыру саласындағы негізгі бағыттарын белгілейді;

6) белгіленген тәртіппен ұңғымаларды бұрғылау, күрделі жөндеу ұйымдарының және ол жетекшілік ететін басқа да құрылымдық бөлімшелердің еңбек жағдайын жақсарту және сауықтыру бойынша тиісті кешенді іс-шараларды әзірлеуге басшылық етеді және ұйымдастырады, іс-шаралардың орындалуын ұйымдастырады және бақылайды;

7) қолданыстағы нормативтерге сәйкес, еңбек жағдайын жақсартатын және оның қауіпсіздігін арттыратын техникалық қауіпсіздік құралдарымен құрылымдық бөлімше объектілері мен өндірістік жабдықты жарақтандыру бойынша шараларды қабылдайды;

8) қажет болғанда, өндірістегі оқиғалар мен жазатайым жағдайларды тергеуге және олардың алдын алу жөніндегі іс-шараларды әзірлеуге қатысады, олардың орындалуын бақылауды ұйымдастырады;

9) ЕҚЖЕҚ жөніндегі ТЖК тобын (кіші тобын) басқара отырып, кем дегенде, жартыжылдықта бір рет, бағыныстағы құрылымдық бөлімшелердегі жұмыстың ұйымдастырылуын және ЕҚЖЕҚ жай-күйін тексереді (ішінара) және тексеру қорытындыларын тиісті түрде ресімдеп, талқылайды;

10) өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ҚМГ мен ҚМГ компаниялар тобы ұйымының бұйрықтары мен нұсқауларының, мемлекеттік бақылау және қадағалау органдары ұйғарымдарының орындалуын ұйымдастырады және қамтамасыз етеді.

5.2.2.4.13. Өндірісті жедел басқару қызметінің басшысы өзіне бағынысты қызметтердің құрылымдық бөлімшелерінде өндірістік процестер мен жекелеген жұмыстардың дұрыс ұйымдастырылуын және қауіпсіз жүргізілуін қамтамасыз етеді және бақылайды, оның ішінде:

1) қауіпсіздік қағидалары мен нормаларының, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша басқа да нормативтік құжаттардың, мемлекеттік бақылау және қадағалау органдары ұйғарымдарының, ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметі қызметкерлерінің нұсқауларының, ҚМГ мен ҚМГ компаниялар тобы ұйымының бұйрықтары мен өкімдерінің сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

2) жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөніндегі нұсқаулықтарға тиісті өзгерістерді уақытылы енгізуді бақылайды;

3) өзіне бағынысты құрылымдық бөлімшелердің қызметтерінде ЕҚЖЕҚ жақсарту бойынша кешенді іс-шаралардың әзірленуін бақылауды жүзеге асырады;

4) ҚМГ компаниялар тобы ұйымының, ЕҚЖЕҚ жөніндегі ТЖК жұмысына қатысады, кем дегенде, жартыжылдықта бір рет өзіне бағынысты құрылымдық бөлімшелердің қызметтеріндегі ЕҚЖЕҚ жай-күйін тексереді, анықталған кемшіліктерді жою бойынша қажетті шараларды қабылдайды;

5) ҚМГ компаниялар тобы ұйымының жоғары тұрған басшылығына құрылымдық бөлімшелерден алынған оқиғалар мен жазатайым жағдайлар туралы хабарламаларды дереу хабарлайды, тергеуді ұйымдастыруға және олардың салдарын жоюға қатысады;

6) штаттан тыс жағдай (оқиға, жазатайым жағдай) туындағанда, қажет болса, құрылымдық бөлімшелердің қызметтеріне сол жерде қажетті медициналық көмек көрсету және зардап шеккендерді емдеу мекемесіне жеткізу бойынша жәрдемдеседі;

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 42-беті

7) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметіне оқиғалар мен жазатайым жағдайларды тергеу жөніндегі комиссияның мүшелерін оқиға орнына жеткізу бойынша жәрдемдеседі;

8) көлік пен арнайы техниканы қауіпсіз пайдалану бойынша ішкі ережеге сәйкес, өз бөлімшесінде, сондай-ақ ҚМГ компаниялар тобы ұйымының құрылымдық бөлімшелерінің ведомстволық бағыныстағы қызметтерінде бекітілген көлік пен арнайы техниканы пайдалану қауіпсіздігін бақылайды;

9) өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ҚМГ мен ҚМГ компаниялар тобы ұйымының бұйрықтары мен нұсқауларының, мемлекеттік бақылау және қадағалау органдары ұйғарымдарының орындалуын ұйымдастырады және қамтамасыз етеді.

5.2.2.4.14. Кадр қызметінің басшысы кадр қызметі мен бағыныстағы құрылымдық бөлімшелерінің ЕҚжЕҚ бойынша талаптардың сақталуын ұйымдастырады және қамтамасыз етеді, оның ішінде:

1) еңбектің және өндірісті басқарудың ғылыми негізделген ұйымдастырылуын әзірлеуді және енгізуді ұйымдастырады;

2) жұмыс орындарын ұйымдастыру мен оларға қызмет көрсетуді жақсарту, озық, анағұрлым ұтымды және қауіпсіз еңбек тәсілдері мен әдістерін қолдану, еңбек жағдайын жеңілдету мен сауықтыру және өндіріс мәдениетін арттыру бойынша; ауыр, көп еңбекті қажет ететін және қол жұмысын қысқарту, ұтымды еңбек және демалыс режимдерін енгізу, еңбек жағдайын жақсарту үшін моральдық және материалдық ынталандыру нысандарын және жүйелерін жетілдіру бойынша іс-шаралардың әзірленуін және ҚМГ компаниялар тобы ұйымының құрылымдық бөлімшелерінде енгізілуін қамтамасыз етеді;

3) ұжымды әлеуметтік дамыту жоспарларын, ЕҚжЕҚ жақсарту бойынша кешенді іс-шараларды әзірлеуге, еңбек және өндірістік тәртіпті нығайту, ішкі еңбек тәртібінің сақталуын бақылауды күшейту бойынша шараларды әзірлеуге және жүзеге асыруға қатысады;

4) зиянды еңбек жағдайы үшін қосымша жеңілдіктер мен өтемақылар беру туралы ұсыныстарды дайындайды;

5) ҚМГ компаниялар тобы ұйымының құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді, лауазымдық нұсқаулықтарды әзірлеу бойынша жұмысты ұйымдастырады және оларда ЕҚжЕҚ талаптарын сақтау және қауіпсіз еңбек жағдайын жасау мәселелері бойынша функциялар мен міндеттерді көздейді;

6) ҚМГ компаниялар тобы ұйымының басқа да қызметтерімен бірлесіп, ұжымдық шарттың жобасын дайындайды, олардың орындалуын бақылауды ұйымдастырады және жүзеге асырады;

7) қауіпті және зиянды өндірістік факторлармен ұштасу уақытын шектеу, сондай-ақ жұмыс ауысымдары арасындағы демалыс уақытын ұлғайту қажет болатын қызметкерлердің жекелеген санаттары үшін еңбек пен демалыстың онтайлы режимдерін енгізуді қамтамасыз етеді;

8) ҚМГ компаниялар тобы ұйымының құрылымдық бөлімшелерінде жұмыс уақыты мен демалыс уақытының кестелері мен режимдері баланстарының сақталуын бақылайды;

9) өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ҚМГ мен ҚМГ компаниялар тобы ұйымының бұйрықтары мен нұсқауларының, мемлекеттік бақылау және қадағалау органдары ұйғарымдарының орындалуын ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

10) ҚМГ компаниялар тобы ұйымының басқару аппаратында және оның құрылымдық бөлімшелерінде дәрігерлік қараудан (көзделген жағдайларда) және ЕҚжЕҚ бойынша тиісті нұсқамалар беруден өткеннен кейін, қызметкерлердің дұрыс қабылдануын, аударылуын және жұмыстан босатылуын бақылайды;

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 43-беті

11) ҚМГ компаниялар тобы ұйымының ведомстволық бағынысты құрылымдық бөлімшелерінің ұжымдық шарттарды орындауын, ішкі еңбек тәртібі қағидаларының, еңбек және өндірістік тәртіптің сақталуын бақылайды;

12) ҚМГ компаниялар тобы ұйымының басқару аппаратының қызметтерінде және құрылымдық бөлімшелерінде жұмыс уақытылы демалыс режимінің сақталуын, әйелдер мен жасөспірімдер еңбегінің пайдаланылуын, зиянды және қауіпті еңбек жағдайы үшін жеңілдіктер мен өтемақылардың берілуін бақылайды;

13) кадрларды даярлау және қызметкерлердің, оның ішінде, ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметі қызметкерлерінің біліктілігін арттыру жөніндегі іс-шаралардың жиынтық жоспарын әзірлейді, ЕҚжЕҚ саласындағы қызметкерлерді даярлау және олардың біліктілігін арттыру жоспарларын орындауды ұйымдастырады;

14) даярлау жоспары мен оқудан және білім тексеруден өту кестесіне сәйкес, ҚМГ компаниялар тобы ұйымының қызметкерлерінің ЕҚжЕҚ саласындағы оқудан және білім тексеруден уақытылы өтуін қамтамасыз етеді;

15) ҚМГ компаниялар тобы ұйымының қызметкерлері мен басшылары аттестаттау кезінде ЕҚжЕҚ бойынша мәселелерді бағдарламаға қосады;

16) кіріспе нұсқамалар беруден өткізбей, жаңадан қабылданған қызметкерлерді жұмысқа жібермейді;

17) ЕҚжЕҚ бойынша міндеттерді қоспай, қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарын келіспейді және бекітуге жібермейді;

18) ҚМГ компаниялар тобы ұйымының қызметкерлерінің лауазымдары және (немесе) ұйымдық құрылымы өзгерген жағдайда, қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарына ЕҚжЕҚ бойынша өзгерістердің енгізілуін бақылайды және ұйымдастырады;

19) ҚМГ компаниялар тобы ұйымының қызметкерлерінің оқуын, білімін тексеруді жоспарлауды, өткізуді, талдауды ұйымдастырады;

20) ұйымда әлеуметтік қызметтер болмаған жағдайда, Заңнамалық талаптар шеңберінде көзделген мерзімдік дәрігерлік қараудың және дәрігерлік қарауға байланысты іс-шаралардың орындалуын ұйымдастырады;

21) ҚМГ компаниялар тобы ұйымының ЕҚжЕҚ жөніндегі ТЖК жұмысына қатысады, өзіне бағынысты қызметтер мен құрылымдық бөлімшелердегі ЕҚжЕҚ жай-күйін тексереді, анықталған кемшіліктерді жою бойынша қажетті шараларды қабылдайды.

5.2.2.4.15. Заң қызметінің басшысы ҚМГ компаниялар тобы ұйымының басқару аппараты мен құрылымдық бөлімшелері қызметтерінің қызметкерлерінің еңбек құқығы және құқықтық тәрбиесі бойынша, оның ішінде, ЕҚжЕҚ мәселелері бойынша жұмысты ұйымдастырады және жүргізеді;

1) қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз етуге байланысты мәселелерді құқықтық реттеуді жетілдіру бойынша қажетті жұмысты жүргізеді;

2) ҚМГ компаниялар тобы ұйымының басқару аппаратының қызметтері мен құрылымдық бөлімшелерінде еңбек туралы заңнамалық талаптардың (жұмыс уақыты мен демалыс уақытының режимі, әйелдер мен жасөспірімдердің еңбегін пайдалану, қызметкерлерді қабылдау, аудару және жұмыстан босату және т.б. мәселелер бойынша) сақталуын және дұрыс қолданылуын бақылайды;

3) ҚМГ компаниялар тобы ұйымының аппарат қызметтерінде және құрылымдық бөлімшелерінде еңбек қатынастарын реттейтін құқықтық сипаттағы құжаттарды (ішкі еңбек тәртібінің қағидаларын, ұжымдық және еңбек шарттарын, лауазымдық нұсқаулықтарды және басқаларын) әзірлеуге қатысады;

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 44-беті

4) ЕҚЖЕҚ бойынша ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттардың (ережелердің, нұсқаулықтардың, бұйрықтардың, өкімдердің және басқалардың) жобаларын дайындауға қатысады және олардың Заңнамалық талаптарға сәйкес келуін қамтамасыз етеді;

5) еңбек туралы заңнамалық талаптардың сақталуын қамтамасыз ету және құқықтық құралдарды пайдалану бойынша жұмысқа, еңбек тәртібін күшейту бойынша іс-шараларды әзірлеуге және жүзеге асыруға қатысады;

6) ЕҚЖЕҚ бойынша сақтандырудың барлық түрлері бойынша жұмысқа қатысады;

7) ҚМГ компаниялар тобы ұйымының қызметкерлеріне Заңнамалық талаптардың жаңа ережелері туралы оқтын-оқтын хабарлайды, лауазымдық тұлғалардың олардың қызметіне қатысты ЕҚЖЕҚ бойынша заңнамалық және нормативтік актілерді зерттеуін ұйымдастырады;

8) ҚМГ компаниялар тобы ұйымының басқару аппараты қызметтерінің басшыларына және құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлеріне Заңнамалық талаптарды дұрыс қолдануда құқықтық көмек көрсетеді;

9) ЕҚЖЕҚ бойынша құқықтық жұмысты әдістемелік басқаруды жүзеге асырады, ҚМГ компаниялар тобы ұйымының басқару аппаратының қызметтері мен құрылымдық бөлімшелерінде осы жұмыстың жай-күйін тексереді;

10) ҚМГ компаниялар тобы ұйымының басқару аппаратының қызметтері мен құрылымдық бөлімшелері қызметкерлерінің сұрауы бойынша ЕҚЖЕҚ саласындағы құқықтық мәселелерді түсіндіреді, оларға қолданыстағы еңбек туралы заңнамалық талаптар және оларды қолдану практикасы бойынша ақпараттық материалдарды жібереді;

11) ЕҚЖЕҚ-мен байланысты мәселелерді қарау кезінде сот органдарында ҚМГ компаниялар тобы ұйымының мүдделерін білдіреді;

12) лауазымдық нұсқаулықтар мен кәсіптер бойынша нұсқаулықтарды олардың ЕҚЖЕҚ бойынша Заңнамалық талаптарға сәйкес келу мәніне қарайды;

13) өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ҚМГ мен ҚМГ компаниялар тобы ұйымының бұйрықтары мен нұсқауларының, мемлекеттік бақылау және қадағалау органдары ұйғарымдарының орындалуын ұйымдастырады және қамтамасыз етеді.

5.2.3. Құрылымдық бөлімшеде ЕҚЖЕҚ қамтамасыз ету бойынша жұмысты ұйымдастыру (Міндеттер)

5.2.3.1. Құрылымдық бөлімшеде ЕҚЖЕҚ қамтамасыз ету бойынша жұмысқа жалпы басшылық етуді және оны дұрыс ұйымдастыру үшін жауапкершілік оның бірінші басшысына жүктеледі.

5.2.3.2. Құрылымдық бөлімшелердің әкімшілік-техникалық қызметкерлері өндірісте қауіпсіз және салауатты еңбек жағдайын жасау және қамтамасыз ету бойынша ұйымдастырушылық-техникалық және санитариялық-гигиеналық іс-шараларды жүзеге асыруға, қызметкерлердің ЕҚЖЕҚ бойынша белгіленген қағидаларды, нормалар мен нұсқаулықтарды сақтауын, сондай-ақ жоғары тұрған органдардың бұйрықтары мен нұсқауларын, мемлекеттік бақылау және қадағалау органдардың ұйғарымдарының орындалуын бақылауға міндетті.

5.2.3.3. Құрылымдық бөлімшелерде қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды ұйымдастыруды тікелей басқару бірінші басшының өндіріс жөніндегі орынбасарына, ал өндірістік бірліктерде, учаскелерде, бригадаларда – осы бөлімшелердің басшыларына жүктеледі.

5.2.3.4. **Бірінші басшы** (бас директор, өңірлік өндірістік құрылымдық бөлімшенің, филиалдың, базаның және өкілдіктің директоры) өндірісте қауіпсіз және салауатты еңбек жағдайын жасау және қамтамасыз ету бойынша жұмыстарға жалпы басшылық етуді жүзеге асырады, ол үшін жеке жауапкершілікте болады, оның ішінде:

1) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметінің жұмыс жоспарларын қарайды және бекітеді;

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 45-беті

2) қолданыстағы басшылық құжаттарының талаптарына сәйкес, Құрылымдық бөлімшеге жалпы басшылықты жүзеге асырады және жұмысшылардың кәсіби-техникалық даярлаудан өтуін, қызметкерлердің қауіпсіз жұмыс әдістерін оқуын қамтамасыз етеді;

3) кадрларды орналастыруға жалпы басшылық етуді жүзеге асырады, міндеттерді бөледі, бөлімдер мен қызметтер туралы ережелерді, қауіпсіз еңбек жағдайын жасау бойынша функциялар мен міндеттер көзделген басшылар мен инженерлік-техникалық қызметкерлерге арналған лауазымдық нұсқаулықтарды, сондай-ақ Жұмыстар мен жұмысшылар кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығының (БТБА) негізінде, өндірістің ерекшелігін ескере отырып, жұмысшыларға арналған кәсіптер жөніндегі нұсқаулықтарды бекітеді;

4) жоғары тұрған ұйымның тиісті қызметімен келісім бойынша, ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметін білікті мамандармен жинақтау, оларды ұтымды пайдалану және алмастыру бойынша шараларды қабылдайды;

5) қауіпсіздік стандарттарының, қағидалары мен нормаларының талаптарына сәйкес, өндірістің, өндірістік процестер мен жекелеген жұмыстардың ұйымдастырылуын, өндірістік жабдық пен көлік құралдарының пайдаланылуын, қоймалар мен Құрылымдық бөлімшенің басқа да қосалқы объектілерін ұстауды қамтамасыз етеді;

6) қауіпсіздік қағидалары мен нормаларының талаптарына сәйкес өндірістік ғимараттар мен құрылыстардың пайдаланылуын, санитариялық-тұрмыстық үй-жайлардың ұсталуы мен мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз етеді;

7) құрылыс нормалары мен қағидаларына сәйкес, жаңа және қайта жаңартылған өндірістік бірліктер мен объектілердің пайдалануға енгізілуін қамтамасыз етеді, егер қауіпсіз және салауатты еңбек жағдайы қамтамасыз етілмесе, олардың енгізілуін болдырмайды;

8) Құрылымдық бөлімше қызметкерлерінің ЕҚжЕҚ бойынша Заңнамалық талаптарды, өнеркәсіптік қауіпсіздік, қауіпсіздік стандарттарының, қағидалары мен нормаларының талаптарын сақтауын, сондай-ақ уәкілетті органдардың ұйғарымдарын орындауын қамтамасыз етеді;

9) еңбек қызметіне байланысты оқиғалар мен жазатайым жағдайлардың, кәсіптік аурулардың уақытылы және дұрыс тергелуін қамтамасыз етеді;

10) Заңнамалық талаптарға сәйкес, қызметкерлердің міндетті алдын алу (жұмысқа тұрғанда) және кезеңдік дәрігерлік қараудан және ауысым алдындағы медициналық куәландырудан өтуін бақылайды;

11) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметінің жұмысын тікелей мақсаты бойынша қамтамасыз етеді, ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметінің қызметкерлерін олардың функцияларына кірмейтін және олардың міндеттеріне байланысты емес жұмыстарды орындауға тартуға жол бермейді;

12) жұмыстың ұйымдастырылуын жетілдіру, ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметінің қызметкерлерін көлікпен және ұтқыр байланыс құралдарымен қамтамасыз ету бөлігінде ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметінің жұмысындағы негізгі бағыттарды белгілейді;

13) ЕҚжЕҚ саласындағы ең үздік көрсеткіштерге қол жеткізу және белсенді жұмыс үшін материалдық және моральдық ынталандырудың ең жаңа деген озық нысандары мен жүйелерін әзірлеуді және енгізуді қамтамасыз етеді;

14) Заңнамалық талаптарға сәйкес, жазатайым жағдайлар туралы актілерді қарап, бекітеді және оларды мақсаты бойынша жібереді;

15) инженерлік-техникалық қызметкерлердің кеңесінде өндірістік бірліктердегі, объектілердегі ЕҚжЕҚ жай-күйі мәселелерін қарайды (кем дегенде, тоқсанына бір рет), жекелеген өндірістік бірліктердің басшыларының олар ЕҚжЕҚ жай-күйін жақсарту, өндірістік жарақаттылықты азайту бойынша жүргізетін жұмыс туралы, ЕҚжЕҚ жақсарту бағдарламалары мен ұжымдық шарттың орындалу барысы туралы ақпаратын тыңдайды және тиісті шешімдер қабылдайды;

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 46-беті

16) инженерлік-техникалық қызметкерлер мен жұмысшылардың қауіпсіздік стандарттарын, қағидалары мен нормаларын, еңбек тәртібін сақтау үшін, ЕҚЖЕҚ бойынша көзделген іс-шараларды уақытылы орындау үшін жауапкершілігін арттыру бойынша шараларды қабылдайды;

17) еңбек жағдайын жақсарту және сауықтыру шарттарының жоспарларын әзірлеуді ұйымдастырады және белгіленген тәртіппен қаралғаннан кейін, оларды бекітеді, осы жоспарларды іске асыру үшін қажетті материалдық-техникалық ресурстарды көздейді, жоспарланған іс-шаралардың уақытылы және толық жүзеге асырылуын бақылауды ұйымдастырады;

18) үлгі құрылым мен сан нормативтеріне, өндіріс ерекшелігіне және ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметі туралы үлгі ережеге сәйкес, ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметінің құрылымын әзірлеуді ұйымдастырады және белгіленген тәртіппен санын бекітеді;

19) өрт қауіпсіздігі, төтенше жағдайлар мәселелерін шешу үшін, басқару аппаратының штат кестесінде тиісті қызметті немесе ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметінің штатында – арнайы қызметкердің лауазымын көздейді және олардың лауазымдық міндеттерін белгілейді;

20) ЕҚЖЕҚ кабинетін ұйымдастыру үшін тиісті үй-жайды бөледі, оны қажетті құралдармен, көрнекті құралдармен, жиһазбен және мүкәммалмен жабдықтау бойынша шараларды қабылдайды;

21) қолданыстағы Заңнамалық талаптарға сәйкес, жоғары тұрған ұйымға және тиісті уәкілетті мемлекеттік органға болған оқиғалар мен жазатайым жағдайлар туралы уақытылы және дереу хабарлайды;

22) өндірісте өндірістік және мінез-құлықтық тәуекелдерді бағалау бойынша, тәуекелдерді азайту бойынша профилактикалық іс-шараларды әзірлеу бойынша жұмыстардың ұйымдастырылуын қамтамасыз етеді;

23) статистика жөніндегі уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша және мерзімдерде жазатайым жағдайлар болғанда, зардап шеккендер туралы есептердің, түсіндірме жазбамен бірге уақытылы жасалуын бақылайды;

24) жұмыс орындарында ЕҚЖЕҚ бойынша белгіленген талаптарды сақтау және анықталған сәйкессіздіктерді жою бойынша дереу шұғыл шараларды қабылдау мақсатында, ЕҚЖЕҚ бойынша ішкі бақылаудың жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді;

25) құрамы мен жұмыс тәртібі ішкі құжатпен белгіленетін Комитетті құрайды және оның қызметін үйлестіреді;

26) өндірісте жазатайым жағдай болғанда, зардап шеккендер туралы және ЕҚЖЕҚ бойынша іс-шараларға арналған шығындар, кешенді іс-шараларды орындау туралы есептердің (белгіленген нысандар бойынша), ЕҚЖЕҚ саласындағы құрылымдық бөлімшелердің жұмысы туралы ақпараттың, анықтамалар мен есептердің жасалуын ұйымдастырады;

27) ҚМГ компаниялар тобы ұйымының қағидаларына сәйкес әзірленген ішкі еңбек тәртібінің қағидаларын бекітеді;

28) өз орынбасарларының және басқа да инженерлік-техникалық қызметкерлердің өндірістік бірліктерде, учаскелер мен объектілерде ЕҚЖЕҚ-ның жай-күйін оқтын-оқтын тексеруге қатысуын қамтамасыз етеді, ЕҚЖЕҚ жөніндегі ТЖК жұмысын қамтамасыз етеді.

5.2.3.5. Өндірістік мәселелер жөніндегі директор (бас директорлардың орынбасарлары, өңірлік өндірістік құрылымдық бөлімшелер, базалар мен өкілдіктер директорларының орынбасарлары, техникалық директорлар, бас инженерлер):

5.2.3.5.1. Өндіріс жөніндегі орынбасар салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайын жасау және қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды ұйымдастырады және тікелей басқарады, оның ішінде:

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 47-беті

1) ЕҚЖЕҚ бойынша жұмысты ұйымдастырудың прогрессивті жүйелері мен нысандарын енгізуді ұйымдастырады;

2) ЕҚЖЕҚ саласындағы жаңа, анағұрлым қауіпсіз технологиялық процестерді, ең үздік әлемдік практикаларды, ғылым мен техниканың жетістіктерін, озық тәжірибені өндіріске енгізуді ұйымдастырады, олардың енгізілуін қажетті бақылауды жүзеге асырады;

3) жаңа технологиялық процестердің жобаларын, объектілердің күрделі құрылысы мен оларды қайта жаңарту жобаларын қарауды ұйымдастырады;

4) өндірістік жабдық пен құрылыстарды жоспарлы-алдын алып жөндеу жоспарларын және кестелерін қарайды және бекітеді;

5) өндірістік бірліктер мен учаскелердің басшылары мен инженерлік-техникалық қызметкерлерінің қауіпсіздік стандарттарының, қағидалары мен нормаларының талаптарын сақтауын, жоғары тұрған ұйымдардың, бұйрықтары мен нұсқауларын, мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарының ұйымдарын, Комитеттің ұсынымдарын орындауын бақылауды ұйымдастырады және жүзеге асырады;

6) қызметкерлерді кәсіби-техникалық даярлауды, персоналдың қауіпсіз жұмыс әдістері мен тәсілдерін уақытылы және сапалы оқуын ұйымдастырады;

7) қызметкерлердің апаттарды жою жоспарлары бойынша оқуын, сондай-ақ жұмысшылардың қауіпсіз жұмыс әдістері мен тәсілдерін оқуын бақылайды;

8) ЕҚЖЕҚ мәселелері бойынша инженерлік-техникалық қызметкерлердің оқуы мен біліктілігін арттыруды ұйымдастырады, нұсқама беру бағдарламаларын, қызметкерлердің білімін тексеруге арналған сұрақтамаларды қарайды және бекітеді, ТЖЕК төрағасы ретінде оның жұмысын басқарады;

9) жұмыстарды кешенді механикаландыру және қол еңбегін, ауыр және көп еңбекті қажет ететін жұмыстарды қысқарту бойынша іс-шаралардың, сондай-ақ энергиямен жаракталу деңгейін арттыру жөніндегі іс-шаралардың әзірленуін ұйымдастырады;

10) ЕҚЖЕҚ саласындағы ең үздік көрсеткіштерге қол жеткізу және белсенді жұмыс үшін ынталандыру туралы ережелердің әзірленуін ұйымдастырады;

11) қолданыстағы нормативтерге сәйкес, өндірістік жабдық пен объектілерді еңбек жағдайын жақсартатын және оның қауіпсіздігін арттыратын қауіпсіз техникалық құралдарымен жабдықтау бойынша шараларды қабылдайды;

12) өндірістік бірліктердің инженерлік-техникалық қызметкерлерін және жұмыс орындарын ЕҚЖЕҚ мәселелері бойынша қағидалармен, нормалармен, стандарттармен, нұсқаулықтармен, плакаттармен, қауіпсіздік белгілерімен және басқа да құралдармен және нормативтік құжаттармен қамтамасыз ету бойынша шараларды қабылдайды;

13) Құрылымдық бөлімшенің ЕҚЖЕҚ жөніндегі ТЖК басқара отырып, өндірістік бірліктер мен объектілерде ЕҚЖЕҚ жай-күйін, кем дегенде, тоқсанына бір рет тексереді (ішінара), бұл ретте, өндірістегі тәуекелдерді азайту бойынша, ЕҚЖЕҚ жай-күйін жақсарту және сауықтыру бойынша іс-шаралардың, мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарының ұйғарымдарының орындалуын, жұмысшылардың оқуы мен нұсқама берудің ұйымдастырылуын тексереді, анықталған кемшіліктерді жою бойынша жедел шараларды қабылдайды;

14) инженерлік-техникалық қызметкерлердің кеңесінде, техникалық кеңесте немесе ТЖК отырысында өндірістік бірліктердегі, объектілердегі ЕҚЖЕҚ жай-күйі бойынша мәселелерді қарайды (кем дегенде, тоқсанына бір рет), жекелеген өндірістік бірліктер мен объектілер басшыларының олар ЕҚЖЕҚ жақсарту бойынша жүргізетін жұмыс туралы ақпаратын тыңдайды және тиісті шешімдерді қабылдайды;

15) ЕҚЖЕҚ мәселелерін қосуды ескере отырып, рационализаторлар мен өнертапқыштар үшін тақырыпты қарайды және бекітеді ғылыми-зерттеу және жобалық-конструкторлық ұйымдардың тақырыптық жоспарларына қосу үшін ұсыныстарды дайындайды;

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 48-беті

16) жұмыстарды қауіпсіз жүргізе жөніндегі өндірістік нұсқаулықтарды әзірлеу мен жасауды басқарады, оларды белгіленген тәртіппен бекітеді;

17) ЕҚЖЕҚ жай-күйін жақсарту жөніндегі іс-шараларды әзірлеуді басқарады, олардың белгіленген тәртіппен қаралуын ұйымдастырады және бекітуге енгізеді, олардың орындалуын бақылауды ұйымдастырады және жүзеге асырады;

18) қолданыстағы Заңнамалық талаптарға сәйкес, өндірістегі оқиғалар мен жазатайым жағдайларды, кәсіптік ауруларды уақытылы және дұрыс тергеу үшін барлық қажетті ақпараттың, материалдар мен құралдардың берілуін қамтамасыз етеді;

19) статистика жөніндегі уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша және мерзімдерде жазатайым жағдайлар кезінде зардап шеккендер туралы есептің, түсіндірме жазбамен бірге уақытылы жасалуын бақылайды;

20) стандарттарда, қағидаларда және басқа да нормативтік құжаттарда көзделген ЕҚЖЕҚ мәселелері бойынша техникалық құжаттаманың дұрыс жүргізілуін қамтамасыз етеді;

21) Заңнамалық талаптарда көзделген жағдайларда, оқиғалар мен жазатайым жағдайларды тергеуді және олардың алдын алу бойынша іс-шараларды әзірлеуді, өндірістегі қауіп-қатерлерді айқындауды және тәуекелдерді бағалауды ұйымдастырады және оларға қатысады, тергеу материалдарын тиісті мемлекеттік органдар мен жоғары тұрған ұйымдарға жіберуді ұйымдастырады, оқиғалар мен жазатайым жағдайлар бойынша, өндірістегі тәуекелдерді азайту бойынша көзделген іс-шаралардың орындалуын бақылауды ұйымдастырады және жүзеге асырады;

22) жұмыс істейтіндерге жарақаттану қаупін төндіретін жабдықтың, тетіктер мен құрылғылардың конструкциялық кемшіліктері бойынша тиісті материалдарды дайындайды, оларды жоғары тұрған ұйымдарға және басқа да Құрылымдық бөлімшелерге, дайындаушы зауыттарға және әзірлеушілерге жібереді, техникалық аудитті және оның нәтижелері бойынша іс-шаралардың орындалуын ұйымдастырады;

23) қауіп жоғары жұмыстардың тізбесін бекітеді, қауіп жоғары жұмыстарды қауіпсіз жүргізу үшін жауапты тұлғаларды белгілейді, қауіп жоғары жұмыстардың жоспарларын қарайды және бекітеді, ықтимал қауіпті жабдықты, қондырғылар мен материалдарды қауіпсіз пайдалану үшін жауапты тұлғаларды тағайындайды.

5.2.3.5.2. Жалпы мәселелер жөніндегі орынбасар ЕҚЖЕҚ жақсарту бойынша іс-шараларды өткізу үшін материалдармен, жабдықпен және аспаптармен басымдықпен жабдықтауды ұйымдастыру, оның ішінде:

1) автомобильдік және басқа да көліктің, арнайы техниканың, көтергіш-көлік құралдардың қауіпсіз пайдаланылуын, тиеу-түсіру жұмыстардың дұрыс және қауіпсіз ұйымдастырылуы мен орындалуын ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

2) қызметкерлерді жұмыс орнына және жұмыс орнынан тасымалдауды, оның ішінде, үстеме жұмыс кезінде тасымалдауды ұйымдастырады және қамтамасыз етеді, қызметкерлерді тасымалдауға арналған көлік құралдарының жай-күйін бақылауды жүзеге асырады, көлік ұйымының басшылығымен бірлесіп, анықталған кемшіліктерді жою бойынша шараларды қабылдайды;

3) қолданыстағы нормаларға, қағидаларға, нұсқаулықтарға сәйкес, қызметкерлерді сабынмен, жуу және зарарсыздандыру құралдарымен, сүтпен, арнайы тамақпен қамтамасыз етуді ұйымдастырады, өндірістік объектілерді алғашқы көмек құралдарымен жабдықтау үшін шараларды қабылдайды;

4) нормативтік құжаттарға сәйкес, ЖҚҚ қабылдауды, сақтау мен пайдалануды қамтамасыз етеді, сондай-ақ ЖҚҚ жөндеуді, жууды және химиялық тазартуды ұйымдастырады;

5) қосалқы мақсаттағы объектілердің (асханалардың, қазандық пункттерінің, демалыс базаларының, профилакторийлердің, денсаулық сақтау орындарының, медициналық-

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 49-беті

санитарлық бөлімдердің және басқалардың) дұрыс пайдаланылуын және лайықты жай-күйін қамтамасыз етеді;

6) бағыныстағы өндірістік бірліктердегі, бөлімдерде, қоймаларда, тиеу-түсіру алаңдары мен басқа да жұмыс учаскелерінде жұмыс істейтіндердің қауіпсіз және салауатты еңбек жағдайын қамтамасыз етеді;

7) қызметкерлерге емдеу-профилактикалық қызметтерінің көрсетілуін қамтамасыз етеді;

8) Заңнамалық талаптарға сәйкес қызметкерлерді алдын ала және мерзімдік дәрігерлік қарауды және ауысым алдындағы медициналық куәландыруды ұйымдастырады;

9) медициналық пункттердің жабдықталуын және үздіксіз қызметін қамтамасыз етеді;

10) ЕҚЖЕҚ жай-күйін жақсарту бойынша кешенді іс-шараларды әзірлеуге қатысады, жоспарланған іс-шаралардың белгіленген мерзімдерде орындалуын қамтамасыз етеді;

11) өз міндеттеріне кіретін мәселелерді қарау кезінде, Құрылымдық бөлімшенің ЕҚЖЕҚ жөніндегі ТЖК жұмысына қатысады, өндірістік бірліктерде, қоймалар мен басқа да жұмыс учаскелерінде ЕҚЖЕҚ жай-күйін, кем дегенде, тоқсанына бір рет тексереді (ішінара), анықталған кемшіліктерді жою бойынша шараларды қабылдайды;

12) Құрылымдық бөлімшеде емдеу-профилактикалық мекемелер кешенін (денсаулық сақтау пункттері, сауналар, тренажер залдары мен т.б.) ашу бойынша шараларды қабылдайды;

13) дезинфекция, дезинсекция мен дератизация жүргізуді ұйымдастырады;

14) санитариялық нормалардың талаптарына сәйкес, қатты және сұйық тұрмыстық қалдықтарды кәдеге жаратуды қамтамасыз етеді және бақылайды.

5.2.3.5.3. Күрделі құрылыс жөніндегі орынбасары жаңа объектілерді салуға және жұмыс істеп тұрған объектілерді қайта құруға және кеңейтуге арналған жобаларды ұйымдастырады және қамтамасыз етеді, оның ішінде:

1) жаңа объектілерді салуға және жұмыс істеп тұрған объектілерді қайта құруға және кеңейтуге арналған жобаларды олардың құрылыс және санитариялық нормалар мен қағидаларға сәйкес келуін қарауды ұйымдастырады және тиісті қорытындыларды дайындайды;

2) Құрылымдық бөлімшенің аумағында жүзеге асырылатын құрылыс-монтаждау жұмыстарының, техникалық құжаттаманың МЕМСТке, құрылыс нормалары мен қағидаларға, қауіпсіздік қағидалары мен нормаларына сәйкес келуін бақылауды және техникалық қадағалауды ұйымдастырады және жүзеге асырады және тиісті құжаттаманың жүргізілуін қамтамасыз етеді;

3) тиісті бөлімдермен, қызметтермен бірлесіп, ЕҚЖЕҚ бойынша жұмыстарды уақытылы және толық орындау бөлігінде салынатын және қайта жаңартылатын объектілердің іске қосу кешендерін бақылауды ұйымдастырады және жүзеге асырады;

4) өзі басқаратын бөлімше қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды және персоналының қауіпсіз жұмыс әдістерін оқуын ұйымдастырады. Бағыныстағы бөлімше қызметкерлерінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша білімін тексеру жөніндегі комиссияға қатысады;

5) мердігерлік құрылыс-монтаждау ұйымдарымен бірлесіп, жұмыстарды жүргізу қауіпсіздігін қамтамасыз етуді ескере отырып, Құрылымдық бөлімшенің аумағында жұмыс тәртібін белгілейді, жұмыс істеп тұрған Құрылымдық бөлімшенің (өндірістік бірліктің, учаскенің) аумағында құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізуге арналған тиісті құжаттарды қарайды және бекітуге енгізеді;

6) бас мердігермен бірлесіп, қолданыстағы құрылыс нормаларына толық сәйкестікте, еңбек жағдайын нашарлататын кемшіліктермен пайдалануға тапсыруға берілуіне жол бермей, құрылыспен немесе қайта жанартумен аяқталған объектілерді пайдалануға тапсыруға дайындайды, объектілерді пайдалануға қабылдау жөніндегі жұмыс комиссияның жұмысын ұйымдастырады;

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 50-беті

7) әбден тозған пайдаланылатын ғимараттар мен құрылыстардың техникалық қадағалануын жүзеге асырады және техникалық аудитін ұйымдастырады, қауіпсіздік қағидалары мен нормаларының талаптарына сәйкес келмейтін, күрделі жөндеуге, қайта жаңартуға немесе жабылуға жатпайтын объектілерді анықтайды және тиісті шараларды қабылдайды;

8) ЕҚЖЕҚ жай-күйін жақсарту бойынша кешенді іс-шараларды әзірлеуге қатысады, жоспарланған іс-шаралардың белгіленген мерзімдерде орындалуын қамтамасыз етеді, күрделі жөндеуге немесе қайта жаңартуға жататын объектілердің уақытылы жобалануын және титулдық тізімдерге қосылуын қамтамасыз етеді;

9) Заңнамалық талаптарда көзделген жағдайларда, өзі басқаратын бөлімшелердегі оқиғалар мен жазатайым жағдайларды тергеуге, өндірістегі қауіп-қатерлерді анықтауға және тәуекелдерді бағалауға қатысады, жазатайым жағдайлардың алдын алу бойынша, қауіп-қатерлер мен тәуекелдерді азайту бойынша іс-шаралардың орындалуын бақылауды ұйымдастырады және жүзеге асырады;

10) бағыныстағы өндірістік бірліктерде, бөлімдер мен басқа да жұмыс учаскелерінде қызметкерлердің қауіпсіз және салауатты еңбек жағдайын қамтамасыз етеді;

11) оның міндеттеріне кіретін мәселелерді қарау кезінде ЕҚЖЕҚ жөніндегі ТЖК жұмысына қатысады, кем дегенде, тоқсанына бір рет бағыныстағы өндірістік бірліктерде, бөлімдер мен басқа да жұмыс учаскелерінде ЕҚЖЕҚ жай-күйін тексереді және анықталған кемшіліктерді жою шараларын қабылдайды.

5.2.3.5.4. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қоғамдық қызметінің басшысы ҚМГ компаниялар тобы ұйымының бірінші басшының тікелей басшылығымен құрылымдық бөлімшеде қауіпсіз және салауатты еңбек жағдайларын жасау бойынша жұмысты ұйымдастырады, оның ішінде:

1) құрылымдық бөлімшенің жұмысын ұйымдастырады және құрылымдық бөлімшенің басқа қызметтерінің инженерлік-техникалық қызметкерлерін тарта отырып, ЕҚЖЕҚ жөніндегі ТЖК төрағасының орынбасары ретінде өндірістік бірліктер мен объектілердегі жұмыс жағдайын кезеңдік тексеруді жүзеге асырады;

2) жұмыстарды қауіпсіз жүргізу бойынша жаңа нұсқаулықтарды, стандарттарды, жаднамаларды әзірлеуге және қолданыстағыны қайта қарауға қатысады, жергілікті нұсқаулықтарды, нұсқама бағдарламаларын әзірлеуде және жұмысшыларды Жұмыстың қауіпсіз әдістеріне оқытуды ұйымдастыруда өндірістік бірліктер мен қызметтердің басшыларына әдістемелік көмек көрсетеді;

3) ЕҚЖЕҚ кабинет жұмысын ұйымдастырады, оны қажетті оқу және көрнекі құралдармен, техникалық оқыту құралдарымен, тренажерлармен және т. б. жарақтандыру бойынша шаралар қабылдайды;

4) ЕҚЖЕҚ жөніндегі нормативтік құжаттармен, қағидалармен, нұсқаулықтармен, плакаттармен және басқа да құралдармен қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдайды;

5) құрылымдық бөлімшелер арасында тәжірибе алмасуды ұйымдастырады және тәжірибе саласында озық тәжірибені таратады;

6) тиісті бөлімдермен, қызметтермен бірлесіп өндірістегі қауіптер мен тәуекелдерді басқаруды, еңбек жағдайларын жақсарту және сауықтыру жөніндегі іс-шараларды әзірлеуді ұйымдастырады, осы іс-шараларды жинақтайды және талдайды;

7) ЕҚЖЕҚ жай-күйін жақсарту жөніндегі кешенді іс-шараларды әзірлейді және тиісті қызметтермен келіседі, олардың орындалуын бақылайды;

8) ҚМГ компаниялар тобы ұйымының көмекші және өндірістік бөлімшелерінің жұмысын үйлестіреді, жергілікті мемлекеттік қадағалау органдарымен жұмыста өзара іс-қимыл жасайды;

9) ЕҚЖЕҚ саласындағы заңнамалық талаптардың, қауіпсіздік қағидалары мен нормаларының, ЕҚЖЕҚ мәселелері бойынша стандарттар мен басқа да нормативтік

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 51-беті

құжаттардың, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуын, ҚМГ мен ҚМГ компаниялар тобы ұйымы шешімдерінің, мемлекеттік бақылау және қадағалау органдары ұйғарымдарының орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

10) өндірістік жабдықтар мен объектілерді еңбек жағдайларын жақсартатын және оның қауіпсіздігін арттыратын қауіпсіздік құралдарымен жарактандыруды бақылайды;

11) қызметтің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша жергілікті мемлекеттік қадағалау органдарымен, ғылыми-зерттеу институттарымен және басқа да құрылымдық бөлімшелермен жедел және консультациялық байланысты жүзеге асырады;

12) ғылыми-зерттеу және жобалық-конструкторлық ұйымдардың ЕҚЖЕҚ саласындағы ұсынымдары мен әзірленімдерінің өндіріске енгізілуін бақылауды ұйымдастырады және жүзеге асырады;

13) тиісті бөлімдермен және қызметтермен бірлесіп өндірістік процестер мен жұмыстарды жүргізуді ұйымдастырудың дұрыстығы мен қауіпсіздігін, өндірістік жабдықтар мен құрылғылардың, ғимараттар мен құрылыстардың, санитариялық-тұрмыстық үй-жайлардың техникалық жай-күйі мен дұрыс пайдаланылуын, санитариялық-гигиеналық жағдайлардың жай-күйін, қорғаныш құралдарының болуын, жарамдылығын, дұрыс пайдаланылуын және қолданылуын бақылайды;

14) өндірістік учаскелердегі еңбек жағдайларына жедел талдау, қатерлерді бағалау жүргізеді және ЕҚЖЕҚ жөніндегі талаптарға анықталған сәйкессіздіктерді жою жөнінде шаралар қабылдайды;

15) басқа қызметтермен бірлесіп өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша аттестаттауды жүргізуді заңнамалық талаптарда белгіленген аттестаттау тәртібіне сәйкес ұйымдастырады;

16) стандарттарға, техникалық шарттарға және ЖҚҚ өндіру шарттарына сәйкес жұмыс істеушілерді арнайы тамақпен, сүтпен, сабынмен, жуу және залалсыздандыру құралдарымен, қамтамасыз етуді бақылайды, оларды қабылдауды, сақтауды, тазалауды, жууды және жөндеуді ұйымдастыруды бақылайды;

17) қызметкерлерді жұмыстың қауіпсіз әдістеріне уақытылы және сапалы оқытуды, нұсқамалар мен қызметкерлердің білімін тексеру хаттамаларын жүргізуді, нұсқамаларды тіркеу және білімді тексеру журналдарын, нұсқамаларды тіркеудің жеке карточкаларын жүргізудің дұрыстығын бақылайды;

18) стандарттарда, қағидаларда және басқа да нормативтік құжаттарда көзделген ЕҚЖЕҚ мәселелері бойынша техникалық құжаттаманың дұрыс жүргізілуін бақылайды;

19) ҚМГ саясаты көрсетілуге тиіс кіріспе нұсқама бағдарламасын әзірлейді, құрылымдық бөлімшеге жаңадан қабылданған қызметкерлерге кіріспе нұсқама өткізеді;

20) қызметкерлердің білімін тексеру бойынша ТЖЕК жұмысын ұйымдастырады, осы комиссияның жұмысына қатысады, қызметкерлердің білімін тексеру кестесін жасайды;

21) бөлімше басшыларына, бас мамандарға және басқа да лауазымды адамдарға жұмыста анықталған кемшіліктерді және орындауға міндетті болып табылатын қауіпсіздік қағидалары мен нормаларына сәйкессіздіктерді жою туралы нұсқаулар береді;

22) жұмыс істейтіндердің өмірі мен денсаулығына қауіп төнген жағдайларда жекелеген учаскелерде, машиналарда, тетіктер мен станоктарда жұмыс істеуге тыйым салады, қауіпсіздік қағидалары мен нормаларын бұзуға жол берген жекелеген адамдарды (тиісті бөлімшелердің басшылары арқылы) жұмыстан шеттетеді, бұл ретте персоналдың ЕҚЖЕҚ бойынша білімін жоспардан тыс тексеруге құқығы бар;

23) токсикологиялық, санитариялық-гигиеналық, радиациялық, медициналық-биологиялық бағалаудан өтпеген заттарды, шикізатты, материалдарды олардың адам организміне және денсаулығына әсері бөлігінде қолдануға тыйым салады;

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 52-беті

24) ҚМГ компаниялар тобы ұйымының техникалық қызметтерімен бірлесіп, белгіленген тәртіппен байқау-конкурстар өткізу, лекциялар оқу, көрмелер, витриналар мен стендтер ресімдеу, қағидалар, нұсқаулықтар мен плакаттар тарату, бейнероликтер көрсету арқылы апта бойы насихат жүргізеді;

25) бөлімшелердегі ЕҚЖЕҚ-ның жалпы жай-күйін, сондай-ақ қауіпсіздік қағидалары мен нормаларының, жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөніндегі нұсқаулықтардың сәйкессіздігін талдайды (тоқсанына кемінде бір рет), жүргізілетін іс-шаралар мен қабылданған шешімдердің тиімділігін талдайды;

26) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметі ЕҚЖЕҚ қызметін талдайды және қорытындылайды, кемшіліктердің себептерін анықтайды және оларды жою шараларын қабылдайды, қызметкерлердің еңбек тиімділігін арттыруға бағытталған іс-шараларды әзірлейді және жүзеге асырады;

27) жазатайым оқиғаларды және еңбек қызметіне байланысты қызметкерлер денсаулығының өзге де зақымдануларын тергеу және есепке алу тәртібін сақтайды;

28) стандартты емес жабдыққа, жаңа өндірістер салуға, жекелеген өндірістік бірліктерді, қызметтерді, санитариялық-тұрмыстық үй-жайларды қайта жанартуға, ғимараттарды, құрылыстар мен технологиялық жабдықтарды, сондай-ақ жұмыстарды қауіпсіз жүргізу бөлігінде технологиялық регламенттерді күрделі жөндеуге арналған жобалық-техникалық құжаттаманы қарауға қатысады;

29) әзірленген жобалардың мемлекеттік сараптама талаптарына сәйкес келу мәніне тексеруден өтуін бақылау;

30) өндірістік мақсаттағы жаңа және қайта жаңартылған объектілерді, санитариялық-тұрмыстық және қойма үй-жайларын, жабдықтарды, сондай-ақ технологиялық процестерді пайдалануға қабылдау жөніндегі комиссиялардың жұмысына, жаңа техника үлгілерін сынауға және енгізуге қатысады;

31) құрылымдық бөлімшелердің өндірістік қызметінің жоспарлары мен қорытындыларын орындауға қатысады;

32) ҚМГ компаниялар тобы ұйымы тиісті ақпаратты алған кездегі оқиғалар мен жазатайым оқиғалар туралы өндірістік бірліктер мен құрылымдық бөлімше қызметінің басшыларын хабардар етеді;

33) өндірістегі оқиғалар мен жазатайым жағдайларды және кәсіптік ауруларды тіркеуді және есепке алуды жүргізеді, олардың себептерін талдайды, тиісті бөлімшелердің қызметкерлерімен бірлесіп олардың алдын алу жөніндегі іс-шараларды әзірлейді, олардың орындалуын жүзеге асырады, жазатайым оқиғалар мен кәсіптік аурулар туралы көзделген есептер мен басқа да ақпаратты жасайды;

34) бұйрық жобаларын, шешімдерді, нұсқауларды, өкімдерді, әдістемелік және шолу құжаттарды дайындайды;

35) құрылымдық бөлімшенің басшылығына ЕҚЖЕҚ саласындағы жұмысты жақсартуға бағытталған, бөлімді білікті қызметкерлермен жасақтау, оларды ұтымды пайдалану, орнын ауыстыру және басқа да мәселелер туралы ұсыныстар енгізеді;

36) құрылымдық бөлімшенің басшылығына жекелеген қызметкерлерді ЕҚЖЕҚ саласындағы белсенді жұмысы үшін көтермелеу туралы, сондай-ақ қауіпсіздік қағидалары мен нормаларын бұзғаны үшін құрылымдық бөлімшелердің басшылары мен қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолдану туралы ұсыныстар енгізеді;

37) сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру ұйымына өндірістегі жазатайым оқиғадан зардап шеккендерге залалды өтеу бойынша төлемдерді есептеу үшін құжаттарды дайындайды;

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 53-беті

38) дезинфекция, дезинсекция мен дератизация жөніндегі іс-шаралардың жүргізілуін бақылайды.

5.2.3.6. Желілік басшылар (бас геологтар, бас механиктер, бас энергетиктер, учаскелер/цехтар бастықтары), Құрылымдық бөлімшелердің басшылары:

5.2.3.6.1. Геологиялық қызметтің басшысы ұңғымаларды игеру және зерттеу, ұңғымалардағы кәсіпшілік-геофизикалық жұмыстар және геофизикалық зерттеу кезінде қауіпсіз еңбек жағдайларын ұйымдастырады және қамтамасыз етеді, оның ішінде:

1) ұңғыманы игеру және зерттеу кезінде жұмыстардың дұрыс және қауіпсіз жүргізілуін, ұңғымаларда кәсіпшілік-геофизикалық жұмыстардың және геофизикалық зерттеулердің жүргізілуін бақылау;

2) әзірленетін геологиялық-техникалық құжаттамада ұңғымаларды салу, пайдалану, зерттеу және жөндеу кезінде авариялық жағдайлардың туындауын болдырмайтын қауіпсіздік шараларын көздейді, ұңғымаларды салуға арналған техникалық жобаларды жасау үшін дұрыс бастапқы деректерді беруді қамтамасыз етпейді;

3) геологиялық қызметке бағынысты өндірістік бірліктер мен бөлімдер қызметкерлерінің ЕҚЖЕҚ жөніндегі білімдерін тексеруге қатысады;

4) Құрылымдық бөлімшенің ЕҚЖЕҚ жөніндегі ТЖК жұмысына қатысады, объектілерге барған кезде ЕҚЖЕҚ жай-күйін тексеруді жүзеге асырады;

5) ұңғымаларды консервациялау жұмыстарын бақылайды, олардың қауіпсіз жай-күйін қамтамасыз етеді;

6) техногендік апаттарды болдырмау үшін кен орындарының қабаттарын технологиялық схемаға сәйкес игеруді қамтамасыз етеді, сәйкессіздіктер анықталған кезде құрылымдық бөлімшенің басшылығына дереу хабарлайды.

5.2.3.6.2. Жабдықтар мен тетіктерді жөндеу және пайдалану қызметінің басшысы қызметке бекітілген жабдықты дұрыс және қауіпсіз пайдалануды, техникалық қызмет көрсетуді және жоспарлы-алдын алып жөндеуді уақытылы жүргізуді қамтамасыз етеді, оның ішінде:

1) жабдықтардың, механизмдер мен құралдардың техникалық жай-күйінің техникалық пайдалану қағидаларының талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етеді, әбден тозған жабдықтар мен тетіктердің техникалық аудиті бойынша жұмысты ұйымдастырады;

2) қағидалармен көзделген сынақтарды, жүк көтергіш тетіктерді, жүк қармауыш және шынжырлы айлабұйымдарды, қысыммен жұмыс істейтін аппараттар мен ыдыстарды, электр-газбен дәнекерлеу аппаратурасын, ацетилен, оттегі, сорғы-компрессорлық қондырғыларды, абразивтік шеңберлер мен басқа да жабдықтарды сынауға арналған құрылғыларды және тетіктерді дұрыс және қауіпсіз пайдалануды, техникалық куәландыруды және тексеруді уақытылы жүргізуді қамтамасыз етеді;

3) қолданыстағы қағидаларға сәйкес газ шаруашылығын қауіпсіз пайдалану бойынша жұмысты ұйымдастырады;

4) жабдық пен құралдың жауапты бөлшектері мен тораптарының техникалық диагностикасын уақытылы жүргізуді қамтамасыз етеді, жабдықты жөндеуге арналған ақаулық тізімдемелерді, жабдықтар мен машиналарды жөндеуге тапсыру және жөндеуден алу актілерін белгіленген тәртіппен қарайды және бекітеді;

5) тиісті қағидаларда көзделген жабдықтар мен құрылғыларға арналған техникалық құжаттаманы дұрыс жүргізуді қамтамасыз етеді;

6) желдету жүйелері мен қондырғыларының тиімді жұмысын, оларды уақытылы профилактикалық тексеру мен жөндеуді қамтамасыз етеді;

7) қызметкерлерді күрделі тетіктер мен агрегаттарға қызмет көрсетуге жіберудің белгіленген тәртібін сақтайды;

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 54-беті

8) жабдықтар мен тетіктерді жөндеу және пайдалану жөніндегі қызмет қызметкерлерін оқытуды және білімін тексеруді ұйымдастырады және жүргізеді, жүк көтергіш тетіктерге, ыдыстарға, қысыммен жұмыс істейтін және басқа да жабдықтарға қызмет көрсететін қызметкерлерді уақытылы оқытуды, аттестаттауды және білімін тексеруді қамтамасыз етеді;

9) жабдықтар мен тетіктерді жөндеу және пайдалану қызметінің қызметкерлері орындайтын, қолданыстағы өндірістік бірліктерде және құрылымдық бөлімшелердің объектілерінде жабдықты пайдалану және жөндеу, монтаждау және баптау жұмыстарын жүргізу кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын сақтауды қамтамасыз етеді;

10) басшылықтың және қызметкерлердің бұйрықтарын, өкімдерін, нұсқауларын және еңбек жағдайларын жақсарту және сауықтыру жөніндегі іс-шараларды, мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарының нұсқамаларын орындауды қамтамасыз етеді;

11) жерүсті жабдығымен болған және жазатайым оқиғаларға әкеп соқпаған оқиғаларды уақтылы тергеп-тексеруді және есепке алуды қамтамасыз етеді, олардың себептерін тергеп-тексеруге қатысады;

12) оқиғалардың, жазатайым оқиғалардың және кәсіптік аурулардың алдын алу жөніндегі ұйымдастыру-техникалық іс-шараларды әзірлеуге, озық әдістерді енгізуге және жабдықтар мен тетіктерді пайдалануға байланысты жөндеу жұмыстарын ұйымдастыруды жетілдіруге қатысады;

13) оқиғаларды, ауырлығы әртүрлі дәрежедегі жазатайым оқиғаларды тергеуге, олардың алдын алу жөніндегі іс-шараларды әзірлеуге қатысады;

14) жазатайым оқиғаларға әкеп соққан немесе жұмысшылардың жарақат алу қаупін тудыратын жабдықтардың, тетіктер мен құрылғылардың конструкциялық кемшіліктері туралы материалдарды жинақтайды және оларды ұсыну үшін осы мәселелерді шешу жөнінде тиісті ұсыныстар дайындайды;

15) жабдықтар мен тетіктерді жөндеу және пайдалану қызметінің қызметкерлері үшін жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөніндегі жергілікті нұсқаулықтарды әзірлеуге қатысады, өндірістік бірліктер мен учаскелердің қызметкерлері үшін жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөніндегі нұсқаулықтарды әзірлеуге қатысады, олардың өз қызметтерін қамтамасыз етеді, өндірістік бірліктер мен учаскелердің қызметкерлеріне нұсқаулықтарды әзірлеуге әдістемелік көмек көрсетеді;

16) ЕҚЖЕҚ жөніндегі ТЖК құрамында жабдықтың жай-күйін, жөндеу және пайдалану кезінде қызметкерлердің қауіпсіздік қағидалары мен нормаларын сақтауын тексереді, өзіне жетекшілік ететін объектілерде болған ЕҚЖЕҚ-ның жай-күйін тексереді, анықталған сәйкессіздіктерге талдау жүргізеді, оларды жою жөніндегі іс-шараларды әзірлейді;

17) құрылғыларды, аспаптар мен құрылғыларға өтінімдерді ресімдеуді ұйымдастырады, олардың объектілерді қамтамасыз етуі бойынша шаралар қабылдайды;

18) қауіпті өндірістік объектіні пайдалануға берген кезде мемлекеттік инспектордың қатысуымен қабылдау сынақтарын, техникалық куәландыруларды жүргізеді;

19) қауіпті техникалық құрылғыны есепке қою, есептен шығару жөніндегі жұмысты ресімдейді және ұйымдастырады, уәкілетті органға өтініш береді;

20) қауіпті өндірістік объектілерде қолданылатын құрылыс материалдарын қоспағанда, қауіпті өндірістік объектілерде қолданылатын технологияларға, техникалық құрылғыларға, материалдарға сараптама жүргізуді ұйымдастырады және қамтамасыз етеді.

5.2.3.6.3. Бас энергетик қызметінің (бөлімінің) басшысы электр және жылу энергетикалық қондырғыларды сенімді және қауіпсіз пайдалануды, профилактикалық тексерулер мен сынақтарды, жоспарлы-алдын алып жөндеуді уақтылы және сапалы жүргізуді қамтамасыз етеді, оның ішінде:

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 55-беті

1) жабдықтар мен қондырғылардың техникалық жай-күйінің электр қондырғыларын орнату, техникалық пайдалану және қауіпсіздік қағидаларының талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз етеді;

2) ішкі тексеруді, гидравликалық сынақтарды, бу және су жылыту қазандықтарын куәландыру мен жөндеуді уақытылы жүргізуді қамтамасыз етеді, егер аталған міндет жерүсті технологиялық жабдықты жөндеу және пайдалану жөніндегі қызметтің басшысына жүктелмесе, қолданыстағы қағидаларға сәйкес газ шаруашылығын қауіпсіз пайдалануды ұйымдастыруға қатысады;

3) тиісті қағидаларда көзделген жабдықтар мен қондырғыларға арналған техникалық құжаттаманы дұрыс жүргізуді қамтамасыз етеді;

4) қағидалар мен нұсқаулықтардың талаптарына сәйкес қорғайтын жерге тұйықтау мен электр және технологиялық жабдықтар мен қондырғылардың оқшаулау кедергісін уақытылы тексеруді қамтамасыз етеді, статикалық электрді жою бойынша техникалық іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етеді;

5) қорғаныш құралдарының болуын және уақытылы сыналуын қамтамасыз етеді, қағидаларда белгіленген мерзімдерде қорғаныш құралдарының сақталуы мен пайдаланылуының дұрыстығын бақылайды;

6) белгіленген тәртіппен қызметкерлерді электр қондырғыларына, бу және су жылыту қазандықтарына және басқа да күрделі жабдықтарға қызмет көрсетуге рұқсат беруді қамтамасыз етеді;

7) электр қондырғыларына, бу қазандықтарына қызмет көрсететін қызметкерлерді оқытуды ұйымдастырады және олардың білімін тексеруді жүргізеді, қызметкерлердің оқуын бақылауды жүзеге асырады, қызметкерлердің білімін тексеру, электр-техникалық емес қызметкерлерге электр қауіпсіздігі бойынша І топты беру жөніндегі комиссияға қатысады;

8) құрылымдық бөлімшенің жұмыс істеп тұрған өндірістік бірліктерінде және объектілерінде жабдықты пайдалану және жөндеу, монтаждау және баптау жұмыстарын жүргізу кезінде қызметкерлердің қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етеді;

9) еңбек жағдайларын жақсартатын және электр қондырғыларының, бу және су жылыту қазандықтарының және басқа да жабдықтардың автоматтандырылуы мен қауіпсіз жұмыс істеуіне ықпал ететін құрылғыларды енгізуді қамтамасыз етеді;

10) құрылымдық бөлімше басшылығының бұйрықтарын, өкімдерін және нұсқауларын, еңбек жағдайларын жақсарту және сауықтыру жөніндегі іс-шараларды, мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарының нұсқамаларын орындауды қамтамасыз етеді;

11) электр және жылу энергетикалық қондырғылардың, аппаратуралар мен желілердің техникалық жай-күйін, пайдалану қауіпсіздігін, жөндеу мен сынаудың уақытылығы мен сапасын бақылайды, анықталған кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қабылдайды;

12) энергетикалық және жылу-энергетикалық жабдықтардың конструкциялық кемшіліктерін анықтау және жою жөнінде шаралар қолданады;;

13) әбден тозған энергетикалық және жылу энергетикалық жабдықтардың техникалық аудитін ұйымдастыру жөніндегі жұмысқа қатысады;

14) электр қондырғыларын, жұмыс орындары мен объектілерді техникалық пайдалану қағидаларында көзделген қауіпсіздік белгілерімен, плакаттармен, нұсқаулықтармен және басқа да көрнекі құралдармен қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдайды;

15) электр және жылу энергетикалық қондырғыларға қызмет көрсететін персонал үшін жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөніндегі жергілікті нұсқаулықтарды уақытылы әзірлеуге қатысады, өндірістік бірліктер мен учаскелердің жұмысшылары үшін осындай нұсқаулықтарды әзірлеуге қатысады, өндірістік бірліктер басшыларына осындай нұсқаулықтарды әзірлеуге әдістемелік көмек көрсетеді;

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 56-беті

16) қажет болған жағдайда электр қондырғыларын, қазандықтар мен басқа да энергетикалық жабдықтарды пайдалану кезінде болған оқиғалар мен жазатайым жағдайларды тексеруге, сондай-ақ олардың алдын алу жөніндегі іс-шараларды әзірлеуге қатысады;

17) құрылымдық бөлімшенің ЕҚЖЕҚ жөніндегі ТЖК жұмысына қатысады, өндірістік бірліктер мен объектілердегі ЕҚЖЕҚ жай-күйін тексереді, анықталған сәйкессіздіктерге талдау жүргізеді, оларды жою жөніндегі іс-шараларды әзірлейді;

18) жағдайды жақсарту жөніндегі кешенді іс-шараларды әзірлеуге қатысады және оларды белгіленген мерзімде орындауды қамтамасыз етеді.

5.2.3.6.4. Өндірісті жедел басқару қызметінің басшысы өз қарамағына бөлінген технологиялық көліктің, арнайы техниканың қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз етеді және бақылайды, оның ішінде:

1) қауіпсіздік қағидалары мен нормаларының талаптарына сәйкес өндірістік процестерді және жекелеген жұмыстарды дұрыс ұйымдастыруды және қауіпсіз жүргізуді қамтамасыз етуге қатысады;

2) құрылымдық бөлімшенің ЕҚЖЕҚ жөніндегі ТЖК жұмысына қатысады, өндірістік бірліктер мен объектілердегі ЕҚЖЕҚ жай-күйін тексереді, анықталған кемшіліктерді жою бойынша қажетті шаралар қабылдайды;

3) ЕҚЖЕҚ жақсарту бойынша кешенді іс-шараларды, өндірісті ұйымдастыру мен технологиясын жетілдіру жоспарларын, еңбектің жаңа озық әдістерін, анағұрлым жетілдірілген схемаларды, машиналарды, тетіктерді және басқа да техникалық құралдарды енгізуді әзірлеуге қатысады;

4) болған оқиғалар мен жазатайым оқиғалар туралы құрылымдық бөлімшенің өндірістік бірліктерінен, учаскелерінен және объектілерінен хабарламалар қабылдайды, болған оқиға мен жазатайым оқиға туралы құрылымдық бөлімшенің басшылығы мен ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметіне дереу хабарлайды;

5) жазатайым оқиғалардан зардап шеккендерді медициналық мекемелерге жедел жеткізу және (немесе) оқиға орнында алғашқы медициналық көмек көрсету үшін көлікті ұйымдастырады;

6) тергеу жөніндегі комиссияны оқиға орнына уақытылы жеткізуді ұйымдастырады;

7) қажет болған жағдайда басқа қызметтермен бірлесіп, оқиғалар мен жазатайым жағдайлар салдарын жою үшін жедел шараларды уақытылы, қабылдайды;

8) ҚМГ компаниялар тобы ұйымының өндірісті жедел басқару қызметін оқиға және жазатайым оқиға туралы хабардар етеді, ұқсас жағдайларды болдырмау жөнінде шаралар қабылдайды.

5.2.3.6.5. Өндірісті көліктік қамтамасыз ету қызметінің басшысы өзіне бағынысты өндірістік бірліктерде қауіпсіз және салауатты еңбек жағдайларын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарға тікелей басшылық жасайды, оның ішінде:

1) бағынысты өндірістік бірліктер қызметкерлерінің ЕҚЖЕҚ бойынша заңнамалық талаптарды, стандарттарды, қауіпсіздік стандарттарын, қағидалары мен нормаларын сақтауын, ҚМГ компаниялар тобы ұйымы басшылығының, ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметінің, Құрылымдық бөлімшенің бұйрықтарын және нұсқауларын, мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарының ұйғарымдарын орындауын бақылауды ұйымдастырады және жүзеге асырады;

2) ЖКО есепке алуды және талдауы ұйымдастырады, ҚМГ компаниялар тобы ұйымының басшылығына ЖКО туралы есептер мен ақпаратты және олар бойынша қабылданған шаралар туралы мәліметтерді береді;

3) өндірістік бірліктер арасында ЕҚЖЕҚ және жол қозғалысы мәселелері бойынша тәжірибе алмасуды ұйымдастырады, қаржы қызметімен бірлесіп, қозғалыс қауіпсіздігі бойынша жарыстар, байқау-конкурстар, айлықтарын өткізуді қамтамасыз етеді;

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 57-беті

4) көлік пен арнайы техниканы пайдалану қауіпсіздігі бойынша заңнамалық талаптарға сәйкес, жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жұмыстарға басшылық етуді жүзеге асырады, өндірістік бірліктердің қызметін ЖКО алдын алу бойынша іс-шараларды іске асыруға бағыттайды;

5) құрылымдық бөлімшенің қозғалыс қауіпсіздігі қызметінің жұмысына тікелей басшылық жасайды, жұмыс нәтижелерін талдайды, қызметті жетілдіру жөніндегі іс-шараларды әзірлейді;

6) қызметкерлердің (жүргізушілердің, жөндеу жұмысшылары мен басқа да персоналдың) еңбек пен демалыстың, тұрмыстың және медициналық қызмет көрсетудің қауіпсіз шарттарын сақтауын ұдайы бақылауды жүзеге асырады, олар бақылайтын өндірістік бірліктердің медициналық пункттерін барлық қажетті жабдықтармен, аспаптармен және талдауыштармен қамтамасыз ету бойынша шаралар қолданады;

7) қолданыстағы нормалар мен қағидаларға сәйкес жүргізуші құрамды ауысым алдындағы медициналық куәландырудан өткізуді ұйымдастыруды;

8) бағынысты өндірістік бірліктерде өндіріс технологиясының, жабдықтардың, көлік құралдарының, өндірістік және тұрмыстық ғимараттар мен үй-жайлардың қауіпсіздік стандарттарына, қағидалары мен нормаларына сәйкес келуін бақылайды және қамтамасыз етеді;

9) жылжымалы құрамның жолға шығуға техникалық дайындығын және желідегі көлік құралдарының жұмысын бақылауды ұйымдастырады;

10) өндірістік объектілерді еңбек қауіпсіздігін арттыратын және еңбек жағдайларын жақсартатын көлік құралдарының диагностикасының, оларға техникалық қызмет көрсетудің, жөндеудің және пайдаланудың техникалық құралдарымен қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдайды;

11) ЕҚЖЕҚ, жол қозғалысы қауіпсіздігі мәселелері бойынша құрылымдық бөлімшелер мен өндірістік бірліктер қызметкерлерінің оқуы мен біліктілігін арттыруды ұйымдастыруға қатысады;

12) ЕҚЖЕҚ жөніндегі мәселелерді қарау және шешу кезінде ЕҚЖЕҚ жөніндегі ТЖК жұмысына қатысады, өзіне бағынысты өндірістік бірліктердегі ЕҚЖЕҚ жай-күйін жеке өзі тексереді;

13) тексерулердің (аудиттердің) нәтижелерін талдайды және қауіпсіздік қағидалары мен нормаларына сәйкессіздіктерді жою жөніндегі іс-шараларды әзірлеуге қатысады, оларды орындауды ұйымдастырады;

14) өндірістік бірліктерге гидрометеорологиялық қызмет көрсетуді, гидрометеорологиялық қызметтермен жасалған келісімдерге сәйкес қажетті метеорологиялық ақпаратты алуды үнемі бақылайды;

15) ЕҚЖЕҚ жай-күйі, жол қозғалысының қауіпсіздігі мәселелері қаралатын, жекелеген өндірістік бірліктер басшыларының ЕҚЖЕҚ жай-күйі, өндірістік жарақаттану туралы, ЕҚЖЕҚ жақсарту жөніндегі іс-шаралардың орындалуы, жол қозғалысының қауіпсіздігі туралы ақпараты тыңдалатын өндірістік бірліктердің инженерлік-техникалық қызметкерлерінің кеңесін өткізеді (тоқсанына кемінде бір рет);

16) заңнамалық талаптарда көзделген жағдайларда оқиғалар мен жазатайым жағдайларды, ЖКО тергеуге, олардың алдын алу жөніндегі профилактикалық іс-шараларды әзірлеуге қатысады.

5.2.3.6.6. Өндірістік-техникалық қызметтің басшысы стандарттардың, қағидалардың және қауіпсіздік нормаларының талаптарын ескере отырып, перспективалық даму жоспарларын орындауды және өндірісті дайындауды ұйымдастырады және қамтамасыз етеді, оның ішінде:

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 58-беті

1) еңбек жағдайларын жеңілдетуге және сауықтыруға ықпал ететін жаңа техниканы, технологияны енгізу, өндірістік процестерді автоматтандыру және механикаландыру жоспарларын әзірлейді және орындалуын қамтамасыз етеді;

2) қауіпсіздік шараларын ескере отырып, өндірісті ұйымдастыру, технология, механикаландыру мен автоматтандыру бойынша және жұмыс істеп тұрған өндірістерді қайта жаңартуға арналған техникалық құжаттаманы әзірлеуді ұйымдастырады;

3) апаттарды жою жоспарларын уақытылы әзірлейді және қайта қарайды, оқу дабылдарын (оқу-жаттығу сабақтарын) өткізу кестесін жасайды;

4) технологияны және өндірістің ұйымдастырылуын жетілдіруге, механикаландыру, автоматтандыру және ЕҚЖЕҚ арттыруға бағытталған жаңа техникалық құралдар мен өнертапқыштық ұсыныстар енгізуді ұйымдастырады;

5) өндірісті ұйымдастыру, жұмыс жоспарлары мен кестелерінің жобаларының әзірленуін, олармен өндірістік бірліктер мен учаскелерді қамтамасыз етуді, жобаларға сәйкес жұмыстардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

6) жоспарланған іс-шараларды белгіленген мерзімде орындауды жақсарту жөніндегі кешенді іс-шараларды әзірлеуге қатысады;

7) ҚМГ компаниялар тобы ұйымының құрылымдық бөлімшелерінің ЕҚЖЕҚ жөніндегі ТЖК жұмысына қатысады;

8) жүйеге кірген кезде өндірістік бірліктерге, учаскелерге, объектілерге барған кезде оның жай-күйін мерзімді тексереді, сондай-ақ техникалық құжаттама мен қауіпсіздік қағидаларына сәйкес өндірістік процестер мен жұмыстардың жүргізілуін бақылайды;

9) қажет болған жағдайда, оқу мен жазу жағдайларын тексеруге, жұмыс орнындағы тәуекелдерді анықтауға және қауіп-қатерді бағалауға, сондай-ақ оларды тексеру нәтижелері бойынша, тәуекелдер мен қауіп-қатерлерді төмендету бойынша іс-шараларды әзірлеуге қатысады;

10) күзгі-қысқы, су тасқыны кезеңдерінде және басқа да аномальдық климаттық жағдайларда жұмыс жөніндегі іс-шараларды әзірлеуді қамтамасыз етеді;

11) стандарттардың, қағидалардың және қауіпсіздік нормаларының талаптарын ескере отырып, перспективалық даму және өндірісті дайындау жоспарларының орындалуын әзірлейді және ғимараттардың, құрылыстардың, объектілер мен техникалық құрылғылардың жай-күйін қауіпсіздік жөніндегі нормативтік актілердің сәйкестігіне бақылайды.

5.2.3.6.7. Материалдық-техникалық жабдықтау қызметінің басшысы еңбек жағдайларын жақсарту және сауықтыру жөніндегі іс-шараларды орындау үшін қажетті құрылымдық бөлімшелердің өндірістік бірліктерін стандарттар талаптарына сәйкес келетін материалдармен қамтамасыз етуді ұйымдастырады, оның ішінде:

1) белгіленген тәртіпке сәйкес (қолданыстағы стандарттарға, техникалық шарттарға және өндірістік мақсаттарға жауап беретін қажетті көлемдер) ЖҚҚ-ға өтінімдерді уақытылы және дұрыс жасауды ұйымдастырады және қызметкерлерді тиісті ЖҚҚ-мен толық қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдайды;

2) құрылымдық бөлімшелердің өндірістік бірліктерін қажетті көлемдегі және өндірістік мақсатқа сай келетін арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен және басқа да ЖҚҚ-мен, сабынмен, жуу және зарарсыздандыру құралдарымен қамтамасыз етпейді;

3) ЖҚҚ жөндеуді, жууды және химиялық тазартуды осындай қызметтерді көрсететін мамандандырылған ұйымдарға беру жағдайларын қоспағанда, ЖҚҚ жөндеу, жуу және химиялық тазалау үшін қажетті жабдықты жеткізуді қамтамасыз етеді;

4) ЖҚҚ дұрыс қабылдауды, сақтауды, беруді және есепке алуды қамтамасыз етеді;

5) жүктер мен материалдарды тиеу-түсіру жұмыстары, қоймалау, сақтау және тасымалдау кезінде қауіпсіздік қағидаларын сақтауды қамтамасыз етеді;

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 59-беті

6) қоймалардың жұмысшылары мен қызметшілерін және қызметтің басқа да қызметкерлерін өрт қауіпсіздігі және өрт қауіпсіздігі бойынша оқытуды және нұсқамалықты ұйымдастырады;

7) бағынысты объектілерді тексеру кезінде ЕҚЖЕҚ жөніндегі ТЖК жұмысына қатысады.

5.2.3.6.8. **Өндірістік қызмет көрсету базасының басшысы** жабдықты пайдалану, жөндеу, технологиялық процестерді қауіпсіздік қағидалары мен нормаларына сәйкес жүргізу бойынша жұмысты ұйымдастырады және қамтамасыз етеді, оның ішінде:

1) жабдықтарды жөндеу және пайдалану қызметінің басшысымен және құрылымдық бөлімшенің бас энергетигі қызметінің басшысымен бірлесіп жабдықтарды, қондырғыларды алдын ала тексеруді, жоспарлы-алдын алып жөндеуді уақытылы жүргізуді ұйымдастырады;

2) өндірістік жабдықтар базасы бойынша жүк көтергіш тетіктерді және басқа да жабдықтарды қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз етеді;

Жекелеген мәселелер (ішкі еңбек тәртібі, өрт қауіпсіздігі, өндірістік санитария қағидалары, жазатайым оқиғалар кезінде зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету қағидалары және басқалары) бойынша баяндалатын материалдың толықтығы мен сапасын қамтамасыз ету үшін кіріспе нұсқамалықты жүргізуге ҚМГ компаниясының тиісті қызметінің немесе құрылымдық бөлімшесінің қызметкерлері тартылуы тиіс.

Кіріспе нұсқамалықты жүргізу кезінде қоса берілген әдістемелік нұсқауларды басшылыққа алған жөн.

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 87-беті

5.4.2.2.2.3. Қызметкерлерге кіріспе нұсқамалық ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметі әзірлеген және ҚМГ компаниялары тобы ұйымының немесе құрылымдық бөлімшесінің басшылығы бекіткен бағдарлама бойынша жүргізіледі.

Кіріспе нұсқамалар беру нұсқаулығының бағдарламасы мен үлгі мәтіні өндірістің ерекшеліктері мен ерекшелігі ескеріліп, сондай-ақ стандарттардың, ережелер мен қауіпсіздік нормаларының талаптары ескеріліп, әдістемелік нұсқауларда келтірілген үлгі бағдарламасының негізінде әзірленеді.

5.4.2.2.2.4. Кіріспе нұсқамалық бағдарлама мазмұнына жауап беретін заманауи техникалық оқу құралдары мен қажетті көрнекі құралдар пайдаланылып және осы құрылымдық бөлімшенің нақты жағдайлары ескеріліп, ЕҚжЕҚ кабинетінде немесе арнайы жабдықталған үй-жайда жүргізіледі.

5.4.2.2.2.5. Кіріспе нұсқамалық біртекті кәсіптегі жұмысшылар тобы үшін, сондай-ақ әртүрлі мамандықтар мен лауазымдардағы жеке қызметкерлер үшін толық көлемде өткізіледі. Кіріспе нұсқамалық жүргізу уақыты (күндері, сағаттары) қолданыстағы жұмыс регламентіне сәйкес нақты белгіленеді.

5.4.2.2.2.6. Қауіпті және зиянды еңбек жағдайындағы жұмысқа, сондай-ақ күрделі жабдықтар мен тетіктерге (электр қондырғылары, көлік құралдары және т.б.) қызмет көрсетумен байланысты жұмысқа қабылданатын қызметкерлерге кіріспе нұсқамалық алдын ала медициналық тексеруден кейін (көзделген жағдайларда) және олардың денсаулық жағдайы бойынша орындалатын жұмысқа жарамдылығы туралы қорытынды болған кезде ғана жүргізіледі.

5.4.2.2.2.7. Кіріспе нұсқамалықты жүргізу осы Стандартқа нысан бойынша кіріспе нұсқамалықты тіркеу журналында (KMG-F-3674.1-13/ ST-3669.1-13) ресімделеді және нұсқамаларды тіркеу, оқыту және білімді тексерудің жеке карточкасында (KMG-F-3670.1-13/ST-3669.1-13) және қызметкердің қабылдау жазбасында тиісті белгі жасалады.

5.4.2.2.2.8. Әдістемелік ұсынымдар және қызметкерлерге арналған кіріспе нұсқамалықтың үлгі бағдарламасы осы стандартқа нысанда (KMG-F-3674.1-13/ ST-3669.1-13)) көрсетілген.

5.4.2.2.3. Жұмыс орнында нұсқамалар беру

5.4.2.3.1. Кіріспе нұсқамалықтан басқа, қызметкерлердің біліміне, біліктілігіне және осы кәсіп немесе лауазым бойынша жұмыс өтіліне қарамастан, олармен жұмыс орнында нұсқама жүргізілуі тиіс.

5.4.2.3.2. Жұмыс орнында:

1) жұмысқа қабылданған немесе бір бөлімшеден (өндірістік бірліктен) басқасына, бір жұмыстан басқасына немесе жұмыс сипаты өзге учаскеге ауыстырылған (ауыстыру мерзіміне қарамастан) барлық қызметкерлермен (өндірістік жағдайлар өзгерген кезде);

2) қызметкерге ол үшін жаңа жұмыс тапсырылған барлық басқа жағдайларда;

3) ҚМГ компаниялар тобы ұйымының осы құрылымдық бөлімшесіне жұмыс істеу үшін іссапарға жіберілген қызметкерлермен, уақытша қызметкерлермен;

4) өндірістік оқуға немесе практикаға келген оқушылармен және студенттермен нұсқамалық жүргізіледі.

Жұмыс орнында нұсқамалық қызмет түрі бойынша жұмысы өндірістік бірліктерде, объектілерде және жұмыс орындарында болумен байланысты қызметкерлермен ғана жүргізеді.

5.4.2.2.3.3. Жұмыс орнындағы нұсқамалықтың мақсаты – әр қызметкерді жұмыстың қауіпсіз әдістері мен тәсілдерінің негізгі ережелерімен таныстыру, сондай-ақ қызметкерлердің қауіпсіздік талаптарын толықтыру, жаңарту және бекіту.

Нұсқамалар беру кезінде қызметкерге төмендегілерді түсіндіру керек:

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 88-беті

1) оның негізгі міндеттері, жұмыс орнында, құрылымдық бөлімшенің, өндірістік бірліктің аумағында өзін-өзі ұстау қағидалары, оның кәсібі бойынша жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөніндегі нұсқаулықтардың мазмұны;

2) өндірістік процесс және қолданылатын жабдық, тетіктер мен машиналар туралы жалпы мәліметтер;

3) ол жұмыс істейтін жабдықтарға, тетіктер мен машиналарға (қауіпті аймақтар, қоршау, сақтандыру және герметикалау құрылғылары, автоматты бақылау және сигнал беру құрылғылары және басқа да қорғау құралдары) қызмет көрсету кезіндегі қауіпсіздік талаптары;

4) жұмыс орындарын дайындау, ұйымдастыру және ұстау тәртібі (жабдықтың, іске қосу құрылғыларының, аспаптардың, құрал-саймандар мен айлабұйымдардың, бұғаттаулардың, жерге тұйықтаудың және басқа да қорғау құралдарының ақаусыздығын тексеру);

5) қауіпсіз жұмыстың тәсілдері мен әдістері, қауіп-қатерлер мен тәуекелдері анықтау және оларды жою шаралары;

6) жеке қорғау құралдарын, оларды қолдану және пайдалану тәртібін, қағидаларын, өндірістік бірлікте және жұмыс орнында өрт қауіпсіздігі талаптары;

7) жазатайым жағдайда зардап шеккендерге алғашқы (дәрігерге дейінгі) көмек көрсету әдістері мен тәсілдері және басқалары.

5.4.2.2.3.4. Жұмыс орнында нұсқамалар жүргізу қызметкер тікелей бағынатын объектідегі жұмыстардың тікелей басшысына, өндірістік бірліктер қызметкерлеріне нұсқамалар жүргізу – өндірістік бірліктер басшыларына жүктеледі. Бұл ретте нұсқама берушілер қызметкерге жұмыс орнындағы, жабдықтағы барлық қауіпті аймақтарды көрсетуге, жұмыс орнын дұрыс және қауіпсіз ұйымдастыру тәсілдерімен, жұмыстарды орындаудың қауіпсіз әдістері мен тәсілдерімен таныстыруға, сондай-ақ оның назарын қызметкерлердің өздерін де, айналасындағыларды да жарақаттауға немесе улануға әкеп соғуы мүмкін жұмыстардың қауіпті тәсілдерін қолдануға немесе өзге де әрекеттерді жүзеге асыруға жол бермеуге міндетті.

5.4.2.2.3.5. Электр қондырғыларына және басқа да күрделі жабдықтар мен тетіктерге қызмет көрсетуге және жөндеуге жіберілген қызметкерлерге нұсқамалар беру объектідегі жұмыстардың тікелей басшысы тиісті қызметтердің қызметкерлерімен (жабдықтарды жөндеу және пайдалану қызметінің, бас энергетик қызметінің мамандары, технологтар және т.б.) бірлесіп жүргізеді.

5.4.2.2.3.6. Электр-техникалық жабдықтар мен электрлендірілген агрегаттарға қызмет көрсететін қызметкерлерге нұсқама беруді және оған еңбек қауіпсіздігі (электр қауіпсіздігі) бойынша біліктілік тобын беруді біліктілік тобы III-тен төмен емес электр-техникалық персонал жүргізуі тиіс.

5.4.2.2.3.7. Кешенді бригадалардың құрамына кіретін қызметкерлермен нұсқамалық олардың негізгі кәсібі бойынша, сондай-ақ аралас кәсіптер бойынша барлық мәселелер бойынша жүргізілуі тиіс.

5.4.2.2.3.8. Жұмыс орнындағы нұсқамалық біртекті кәсіптің қызметкерлері үшін немесе жекелеген жұмыс түрлері үшін әзірленген бағдарламалар, нұсқаулықтар бойынша немесе қауіпсіздік қағидалары мен нормаларының, стандарттарының негізінде жұмыстың, өндірістің нақты жағдайларын ескере отырып және нұсқамалықты берушінің кәсібіне қатысты жүргізіледі.

5.4.2.2.3.9. Бағдарламалар мен нұсқаулықтарды өндірістік бірліктің қызметкерлері (басшылары, мамандары) әзірлейді, ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметімен немесе жауапты тұлғамен және басқа да мүдделі құрылымдық бөлімшелермен, лауазымды тұлғалармен және қызметкерлердің өкілдерімен келісіледі және басшы бекітеді.

Бекітілген нұсқаулықтарды ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметі немесе жауапты тұлға ЕҚжЕҚ бойынша нұсқамалықтарды есепке алу журналында есепке алады.

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 89-беті

Жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөніндегі нұсқамалықтарды әзірлеу тәртібі және олардың мазмұнына қойылатын талаптар ҚМГ компаниялар тобы ұйымының немесе құрылымдық бөлімшесінің ЕҚЖЕҚ жөніндегі нұсқаулығын әзірлеу және бекіту қағидаларында жазылған.

Жоғары қауіптілікке байланысты кәсіптер немесе жұмыс түрлері жөніндегі нұсқаулықты қайта қарау 3 жылда кемінде бір рет жүргізіледі.

Нұсқаулықтар заңнамалық талаптар өзгерген кезде; жаңа техника мен технология енгізілген кезде; өндірістегі жазатайым оқиғаларды, апаттар мен зілзалаларды тергеу нәтижелері бойынша мерзімінен бұрын қайта қаралуға жатады.

Қайта қарау нәтижелері бойынша нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттілігі айқындалады.

5.4.2.2.3.10. Қызметкерлер өндірісте жұмыстарды орындау және өндірісте (өндірістік үй-жайларда, жұмыс орындарында) өзін-өзі ұстау қағидаларын белгілейтін жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөніндегі нұсқаулықтарды, машиналармен және тетіктермен жұмыс істеудің белгіленген талаптарын сақтауға, оларға берілетін ЖҚҚ-ны пайдалануға міндетті.

Бұл талаптарды сақтамау еңбек және өндірістік тәртіпті бұзу ретінде қарастырылады.

5.4.2.2.3.11. Қызметкерлерге тікелей жұмыс орнындағы алғашқы нұсқамалық бір жұмыстан басқасына немесе өзге жұмыс сипатындағы учаскеге ауыстыру кезінде (өндірістік жағдайлар өзгерген кезде) оларды дербес жұмысқа жіберу алдында жүргізілуі тиіс.

5.4.2.2.3.12. Жұмыстың сипатына байланысты қызметкерлерге алғашқы нұсқамалық бірнеше ауысым ішінде өткізіледі және оларды өндірістік процеспен таныстыру, жұмыстың қауіпсіз әдістері мен тәсілдерін көрсету және, әдетте, әр қызметкермен жеке-жеке жүргізіледі.

Электр-техникалық персоналға нұсқамалықты бас энергетик қызметінің (жабдықты жөндеу және пайдалану қызметінің) инженерлік-техникалық қызметкері жүргізеді.

5.4.2.2.3.13. Объектідегі жұмыстардың тікелей басшысы нұсқама аяқталғаннан кейін қызметкердің қауіпсіз жұмыс тәсілдері мен әдістерін меңгергеніне және оның жұмысы мен нақты жұмыс орнына қатысты нұсқаулықтар мен қауіпсіздік талаптарын іс жүзінде білетініне және түсінетініне көз жеткізуі тиіс.

Егер жұмыс барысында қызметкердің қағидалар мен нұсқаулықтардың талаптарын жеткіліксіз меңгергені немесе жұмыстың дұрыс емес, тыйым салынған тәсілдерін қолдану фактілері анықталса, онда объектідегі жұмыстардың тікелей басшысы оған жұмыстың дұрыс тәсілдерін іс жүзінде көрсете отырып, қосымша түсініктемелер беруге міндетті.

5.4.2.2.3.14. Алғашқы нұсқамалықты жүргізу осы Стандартқа нысан (KMG-F-3675.1-13/ST-3669.1-13) бойынша жұмыс орнындағы нұсқамалықты тіркеу журналында және нысан (KMG-F-3670.1-13/ST-3669.1-13) бойынша нұсқамалықтарды тіркеу, оқыту және білімді тексерудің жеке карточкасында ресімделеді.

5.4.2.2.3.15. Жекелеген жағдайларда жұмысы жабдыққа қызмет көрсетумен, сынаумен, баптаумен және жөндеумен, жұмыста аса қауіпті және зиянды заттарды қолданумен байланысты қызметкермен, бастапқы нұсқамалықтан басқа, дербес жұмысқа жіберер алдында тікелей жұмыс орнында практикалық оқыту (тағлымдама) жүргізілуі тиіс.

Жұмыс ерекшелігіне және қызметкердің кәсіптік даярлығына қарай, тағлымдаманың қажеттілігін және оның мерзімін құрылымдық бөлімшенің басшылығы кәсіподақ органдарымен немесе қызметкерлердің өкілдерімен келісім бойынша белгілейді. Тағлымдама талап етілетін қызметкерлер кәсіптерінің тізбесін құрылымдық бөлімшенің басшысы бекітеді.

5.4.2.2.3.16. Барлық қызметкерлермен (әкімшілік қызметкерлерді қоспағанда), олардың біліміне, біліктілігіне және осы кәсіп бойынша жұмыс өтіліне немесе лауазымына қарамастан, жарты жылда кемінде 1 рет жұмысты қауіпсіз жүргізу бойынша нұсқамалық қайту өткізілуі тиіс. Қауіп жоғары объектілерде қайта берілетін нұсқамалық тоқсанына бір рет жүргізіледі.

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 90-беті

5.4.2.2.3.17. Нұсқамалықты қайта жүргізу мақсаты – негізгі және басқа да анағұрлым жиі орындалатын жұмыстар мен операцияларды орындау кезінде қызметкерлердің қауіпсіздік талаптарын білуін жаңарту, тереңдету және бекіту.

5.4.2.2.3.18. Қайталама нұсқамалықты объектідегі, жұмыс орнындағы жұмыстардың тікелей басшысы алғашқы нұсқамалық бағдарламасы бойынша жүргізеді. Қайталама нұсқамалар кезінде өндірістік бірліктің және құрылымдық бөлімшенің жұмыс практикасын ескере отырып, бастапқы нұсқамалықтың барлық мәселелері қысқаша пысықталады (оң және теріс мысалдар). Бұдан басқа, қайталама нұсқамалар кезінде қызметкер алдыңғы нұсқамалық өткізілгеннен кейін келіп түскен бұйрықтармен, өкімдермен, хаттармен таныстырылады.

5.4.2.2.3.19. Қайталама нұсқамалық жеке қызметкермен, сондай-ақ біртекті мамандық қызметкерлерінің тобымен де әңгімелесу түрінде жүргізіледі. Электр қондырғыларына қызмет көрсетумен және жөндеумен, сондай-ақ жабдықтарды жөндеумен айналысатын қызметкерлерге нұсқамалық объектідегі жұмыстардың тікелей басшысы бас энергетик қызметінің және жабдықты жөндеу және пайдалану қызметінің қызметкерлерімен бірлесіп жүргізуі тиіс.

5.4.2.2.3.20. Нұсқамалық қандай да бір болмасын себептермен (демалыс, ауру, іссапар және басқалары) белгіленген күні жүргізілмеген қызметкерлерге нұсқамалар жұмысқа шыққан күні берілуі тиіс.

5.4.2.2.3.21. Нұсқамаларды қайта беру жұмыс орнындағы нұсқамалықты тіркеу журналында және нұсқамалықтарды тіркеудің, оқыту мен білімді тексерудің жеке карточкасында ресімделеді.

5.4.2.2.3.22. Өндірістік қажеттіліктен туындаған ерекше жағдайларда қызметкерлермен жұмысты қауіпсіз жүргізу бойынша жоспардан тыс нұсқама жүргізілуі тиіс.

5.4.2.2.3.23. Келесі жағдайларда:

1) жаңа немесе өзектендірілген стандарттарды, қағидаларды, нұсқаулықтарды, сондай-ақ оларға өзгерістерді қолданысқа енгізу кезінде;

2) технологиялық процесс өзгерген, жабдық, құрылғылар мен құрал-саймандар, бастапқы шикізат, материалдар және басқа да әсер ететін факторлар ауыстырылған немесе жаңғыртылған кезде;

3) қызметкерлер жарақат алуға, аварияға, жарылысқа немесе өртке, улануға әкеп соғуы мүмкін немесе әкеп соққан еңбек қауіпсіздігі талаптарын сақтамаған кезде;

4) құрылымдық бөлімше басшылығының бұйрығы немесе өкімі, жоғары тұрған органдардың және мемлекеттік қадағалау органдары өкілдерінің нұсқауы бойынша және басқа да осындай жағдайларда қызметкерлерге жоспардан тыс нұсқама жүргізіледі.

5.4.2.2.3.24. Жоспардан тыс нұсқамалық барлық қызметкерлермен (жеке немесе бір кәсіптегі қызметкерлер тобымен), ал қажет болған жағдайларда тек жекелеген қызметкерлермен (мысалы, қауіпсіздік қағидаларын және жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөніндегі нұсқаулықтарды бұзушылармен) жүргізіледі.

5.4.2.2.3.25. Қызметкерлерге жоспардан тыс нұсқамалықты, бастапқы және қайталама нұсқамалықтар сияқты, жұмыстардың тікелей басшылары жүргізеді.

5.4.2.2.3.26. Жоспардан тыс нұсқамалықтың көлемін, бағдарламасын, сұрақтар тізбесін әрбір нақты жағдайда құрылымдық бөлімшенің басшылығы нұсқамалықтың мән-жайлары мен себептерін ескере отырып белгілейді.

Жоспардан тыс нұсқаманың бағдарламасын (сұрақнамасын) жасау кезінде жоспардан тыс нұсқамалықтың себебі тікелей байланысты бастапқы нұсқамалық бағдарламасының бөлігін ғана пайдалану керек.

5.4.2.2.3.27. Егер жоспардан тыс нұсқамалық бір өндірістік бірліктің (учаскенің, бригаданың) қызметкерлерімен ғана жүргізілетін болса, онда нұсқамалық бағдарламасын осы өндірістік бірліктің басшылары жасайды және ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметімен келісіледі.

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 91-беті

Құрылымдық бөлімшенің барлық қызметкерлерімен жоспардан тыс нұсқамалық жүргізу кезінде (бұйрық, жоғары тұрған органдардың нұсқауы, қадағалау органдарының нұсқамасы және т.с.с. бойынша) нұсқамалық бағдарламасы ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметі құрастырылады және оны басшы бекітеді.

5.4.2.2.3.28. Жоспардан тыс нұсқамалық жүргізу жұмыс орнындағы нұсқамалықты тіркеу журналында және нұсқамалықты тіркеудің, оқыту мен білімді тексерудің жеке карточкасында нұсқамалықтың тақырыбы (бағдарламасы) тиісті бағанда көрсетіліп, бастапқы және қайталама нұсқамалықтар сияқты ресімделеді.

5.4.2.2.3.29. Қызметкерлерді ақпараттық хаттармен, жазатайым оқиғалар туралы хабарламалармен және ЕҚжЕҚ мәселелері бойынша бұйрықтармен таныстыру жоспардан тыс нұсқама ретінде ресімделеді және жұмыс орнындағы нұсқамалықты тіркеу журналында және нұсқамалықты тіркеу, оқыту және білімді тексеру жеке карточкасында тіркеледі.

Ескертпе: қызметкерлерді компаниялардың менеджмент жүйесінің ішкі құжаттарында жазылған нысандарға сәйкес хаттар мен бұйрықтарды пысықтау журналдарындағы ақпараттық хаттармен және хабарламалармен таныстыруға жол беріледі.

5.4.2.2.3.30. Мақсатты нұсқамалық мамандық бойынша тікелей міндеттермен байланысты емес біржолғы жұмыстарды орындау кезінде (тиеу, түсіру, аумақты жинау, ұйымнан, цехтан және учаскеден тыс біржолғы жұмыстар), авариялар, дүлей зілзалалар мен апаттар салдарын жою кезінде, наряд-рұқсат ресімделетін жұмыстарды орындау кезінде жүргізіледі.

5.4.2.2.3.31. Мақсатты нұсқамалықты жұмыстардың жауапты басшысы (объектідегі жұмыстардың тікелей басшысы, учаске басшысы және т.б.) жүргізеді және жұмыс орнындағы нұсқаманы тіркеу журналында, нұсқамалықтарды тіркеудің, оқыту мен білімді тексерудің жеке карточкасында немесе жұмыс жүргізуге рұқсат беретін басқа да құжаттамада (мысалы, нарядтар-рұқсаттамалар, нұсқамадан өту фактісін көрсететін өкім бойынша орындалатын жұмыстарды ағымдағы пайдалану тәртібімен тіркеу журналдары) ресімделеді.

5.4.2.3. Қызметкерлерді кәсіп бойынша оқыту және білімін тексеру тәртібі

5.4.2.3.1. Жұмысқа қабылданған барлық қызметкерлер жұмыс беруші ұйымдастыратын алдын ала оқытудан міндетті түрде өтеді, одан кейін ЕҚжЕҚ мәселелері бойынша білімін тексеруден міндетті түрде өтеді. Алдын ала оқудан, нұсқама алудан және ЕҚжЕҚ мәселелері бойынша білім тексеруден өтпеген қызметкерлер жұмысқа жіберілмейді.

Қызметкерлердің тізімін, олар бойынша оқыту жүргізілетін жұмыстар мен кәсіптердің тізбесін, сондай-ақ оқыту тәртібін, нысанын жұмыс беруші кәсіптің сипатынан, жұмыстардың түрінен, өндіріс ерекшелігінен және ЕҚжЕҚ шарттарынан туындай отырып, қызметкерлердің өкілдерімен келісім бойынша белгілейді, ал ол болмаған кезде ұйым актісімен белгіленеді.

5.4.2.3.2. Қызметкерлерді жұмысшы кәсіптері бойынша оқыту және білімін тексеру жылына кемінде бір рет жүргізіледі. Қызметкерлерді жұмысшы кәсіптері бойынша оқыту еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша білімін тексерумен (емтиханмен) аяқталады.

5.4.2.3.3. Білімді тексеру күні өндірістік бірліктердің басшылары ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметімен келісім бойынша жыл сайын бекітетін кестелермен белгіленеді (алдыңғы жылдың 20 желтоқсанынан кешіктірмей). Білімді тексерудің нақты күндері ТЖЕК отырыстарының күндерімен, кестеде көрсетілген білімді тексеру күнінен кешіктірілмей анықталады.

Ескертпе: қызметкерлердің білімін тексеру кестесінің нысандары компанияның менеджмент жүйесінің ішкі құжаттарында жазылуы мүмкін.

5.4.2.3.4. Өндірістік ұйымдарда кәсіптер бойынша оқытуды (сабақтарды, лекцияларды, семинарларды) жұмыс беруші тиісті салалардың жоғары білікті мамандарын, тәжірибелі инженерлік-техникалық қызметкерлерді және ұйымның өзінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметтерін тарта отырып жүргізеді.

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 92-беті

Қауіпті өндірістік объектілердің қызметкерлерін оқыту және емтихандар қабылдау уәкілетті орган аттестаттаған оқу ұйымында жүргізілуі мүмкін.

5.4.2.3.5. ЕҚЖЕҚ бойынша оқу бағдарламаларында ҚМГ компаниялар тобы ұйымының немесе құрылымдық бөлімшесінің ерекшелігі ескеріліп, теориялық және өндірістік оқыту көзделуі тиіс және оны басшы бекітуі тиіс.

5.4.2.3.6. Қызметкерлерді өндірістік (практикалық) оқыту осы мақсаттар үшін арнайы құрылған ҚМГ компаниялар тобының немесе құрылымдық бөлімшесінің оқу-өндірістік базасында (оқу шеберханаларында, өндірістік бірліктерде, учаскелерде, полигондарда, жұмыс орындарында) жұмыстардың тікелей басшысының басшылығымен немесе жеке, негізгі жұмыстан босатылмаған білікті жұмысшының басшылығымен жүзеге асырылады.

5.4.2.3.7. Заңнамалық талаптармен ЕҚЖЕҚ бойынша арнайы талаптар қойылатын жұмыстармен байланысты жекелеген өндірістерде қызметкерлер қосымша арнайы оқудан өтеді.

5.4.2.3.8. Кәсібі жоқ немесе біліктілігі төмен қызметкерлер оларды оқытқанға дейін өз бетінше жұмысқа жіберер алдында белгіленген тәртіппен білікті қызметкердің басшылығымен практикалық оқудан (тағылымдамадан) өтеді. Қызметкерді практикалық оқыту үшін бекіту өндірістік бірлік басшысының жазбаша өкімімен оқу ұзақтығы және оқытуды үнемі бақылауды жүргізуге міндетті жауапты тұлға көрсетіле отырып ресімделеді.

5.4.2.3.9. Осы жұмыс түрі, лауазымы, кәсібі бойынша үш және одан да көп жыл, ал қауіптілігі жоғары жұмыс кезінде бір жылдан астам үзілісі бар қызметкерлер өз бетінше жұмыс басталғанға дейін еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқудан өтеді.

5.4.2.3.10. ЕҚЖЕҚ бойынша білімін тексеруге жататын қызметкерлер оны өткізу басталғанға дейін отыз күннен кешіктірілмей ескертілуі тиіс.

5.4.2.3.11. Білімін тексеруден табысты өткен қызметкерге заңнамалық талаптарда белгіленген нысан бойынша ЕҚЖЕҚ бойынша қағидаларын, нормаларын және нұсқаулықтарын білу мәніне тексеруден өткені жөніндегі куәлік беріледі.

5.4.2.3.12. Қызметкер қанағаттанарлықсыз баға алған жағдайда, оның білімін қайта тексеру бір айдан кешіктірілмей тағайындалады. Қайта тексерілгенге дейін қызметкер өз бетінше жұмыс істеуге жіберілмейді.

5.4.2.3.13. ҚМГ компаниялар тобы ұйымының немесе құрылымдық бөлімшесінің басшылығы тағайындайтын өндірістік бірлік басшыларының бірінің төрағалығымен ТЖЕК қызметкерлердің білімін тексеруді жүзеге асырады. ТЖЕК құрамына ЕҚ, ӨҚ және қоғамдық қызметінің, кадр қызметінің қызметкерлері, басшылардың орынбасарлары, объектідегі жұмыстардың тікелей аға басшылары, қызметкерлердің өкілі кіреді.

Нақты жағдайларға (тексерілетінінің кәсібіне, өндірістің ерекшелігіне және т.б.) байланысты ТЖЕК құрамына жабдықты жөндеу және пайдалану қызметінің, бас энергетик қызметінің мамандары және басқа да мамандар қосылуы тиіс.

Бұрғылау бригадасы, игеру және ұңғымаларды күрделі жөндеу жөніндегі бригадалар қызметкерлерінің білімін тексеру кезінде ТЖЕК құрамына ашық газ және мұнай бұрқақтарының пайда болуының алдын алу және оларды жою жөніндегі әскерилендірілген жасақтың өкілі енгізіледі.

5.4.2.3.14. ТЖЕК сандық құрамы, әдетте, нақты жағдайларға байланысты белгіленеді. ТЖЕК толық емес құрамда жұмыс істей алады, бірақ саны кемінде үш адам болуы тиіс.

5.4.2.3.15. ТЖЕК-тің жұмысына тиісті комиссияда білімін тексеруден өткен, оқудан өткені және білімін тексеруден өткені туралы сертификаты бар қызметкерлер қатыса алады.

5.4.2.3.16. Қызметкерлердің білімін тексеру қағидалар мен нұсқаулықтар негізінде әзірленген сұрақнамалар (билеттер, тестілер) бойынша жеке тәртіппен жүргізіледі. Сұрақнамаларды (билеттерді, тестілерді) өндірістік бірліктердің басшылары мамандармен бірлесіп әзірлейді, ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметімен келісіледі және ҚМГ компаниялар тобы

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 93-беті

ұйымының немесе құрылымдық бөлімшесінің бірінші басшысының өндірістік мәселелер жөніндегі орынбасары бекітеді. Сұрақнамаларда (билеттерде, тесттерде) орындалатын жұмыстардың барлық түрлері бойынша ЕҚЖЕҚ талаптары көрсетілуі тиіс. Сұрақнамалар (билеттер, тестілер) мезгіл-мезгіл қайта қаралуы керек.

5.4.2.4. Басшы қызметкерлер мен ЕҚЖЕҚ қамтамасыз ету үшін жауапты тұлғаларды оқыту және білімдерін тексеру тәртібі

5.4.2.4.1. Өзінің функционалдық міндеттерін жүзеге асыру шеңберінде ҚМГ компаниялар тобының өндірістік объектілеріне келетін барлық басшы қызметкерлер мен ҚМГ орталық аппаратында немесе құрылымдық бөлімшесінде, ҚМГ орталық аппаратында ЕҚЖЕҚ қамтамасыз етуге жауапты тұлғалар кадрлардың кәсіби даярлығын, қайта даярлығын және біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын ұйымдардағы біліктілікті арттыру курстарында ЕҚЖЕҚ мәселелері бойынша оқытудан және білімін тексеруден үш жылда кем дегенде бір рет оқтын-оқтын өтуге тиіс.

5.4.2.4.2. ЕҚЖЕҚ мәселелері бойынша оқу, әдетте, еңбек жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшесімен келісілген бағдарламалар бойынша топтық әдіспен жүргізіледі.

5.4.2.4.3. Басшы және жауапты қызметкерлердің ЕҚЖЕҚ мәселелері бойынша білімін тексеруді оқу орталығының актісімен құрылатын, саны кем дегенде үш адамнан тұратын емтихан комиссиясы оқу орталықтарында (сабақ өтетін жерде) жүргізеді.

5.4.2.4.4. Жұмысқа қабылданған басшы қызметкерлер еңбек шартына қол қойылған күннен бастап бір айдан кешіктірмей, ЕҚЖЕҚ бойынша білімін тексеруден өтеді.

5.4.2.4.5. Басшы қызметкерлердің білімін тексеру жыл сайын жасалатын кестелер бойынша жүргізіледі.

ЕҚЖЕҚ және өнеркәсіптік қауіпсіздік бойынша білімді тексеру кестелерін ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметі жасайды және оны басшы бекітеді.

5.4.2.4.6. Басшы қызметкерлер мынадай жағдайларда ЕҚЖЕҚ бойынша білімін қайта тексеруден өтеді:

1) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі жаңа нормативтік құқықтық актілер қолданысқа енгізілген кезде, оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізілген кезде;

2) жұмыс берушінің шешімі бойынша жаңа жабдықты пайдалануға беру немесе жаңа технологиялық процестерді енгізу кезінде;

3) жауапты адамды басқа жұмыс орнына ауыстырған немесе оны ЕҚЖЕҚ бойынша қосымша білімді талап ететін басқа лауазымға тағайындаған кезде;

4) топтық, өліммен немесе ауыр (мүгедектікпен) аяқталған, сондай-ақ апат, жарылыс, өрт немесе улану туындаған кезде жазатайым оқиғаларды тергеу жөніндегі комиссияның шешімі бойынша жүргізіледі. Көрсетілген жағдайларға жол берілген ұйымдардың, өндірістік объектілердің қызметкерлеріне қатысты;

5) мемлекеттік қадағалау және бақылау органдарының талап етуі бойынша, ҚМГ орталық аппаратының қызметкерлері үшін – ҚМГ басшылығының және ҚМГ ЕҚОҚД шешімі бойынша;

6) жұмыста бір жылдан астам үзіліс болған кезде

5.4.2.4.7. Басшы қызметкерлердің білімін тексеру үшін емтихан комиссиясы тестілеу әдістерін немесе емтихан билеттерін пайдалануы мүмкін. Емтихан билеттері немесе тестілер өндіріс ерекшеліктері, мамандарға қойылатын біліктілік талаптары және оқу бағдарламасы ескеріліп жасалады.

Басшы қызметкерлердің білімін тексеру үшін емтихан комиссиясы Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілері негізінде тестілеу әдістерін пайдаланады. Тестілер өндіріс ерекшеліктері, мамандарға қойылатын біліктілік талаптары және оқу бағдарламалары ескеріліп жасалады.

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 94-беті

5.4.2.4.8. Басшы қызметкерлердің білімін тексеру нәтижелері құжатпен ресімделеді, ЕҚЖЕҚ бойынша белгіленген үлгідегі сертификат беріледі, ал өнеркәсіптік қауіпсіздік бойынша Қазақстан Республикасының аумағында және онда көрсетілген қолдану мерзімі кезеңіне жарамды куәлік беріледі.

5.4.2.4.9. Емтиханды қайта тапсырмаған адамдар заңнамалық талаптарда белгіленген тәртіппен жұмысқа жіберілмейді.

5.4.2.4.10. МЖ енгізу және қолдау шеңберінде ҚМГ компаниялар тобының қызметкерлері ЕҚ, ӨКҚ және ҚОҚ саласындағы оқудан қызметкерлерді дамыту және оқыту процесіне жетекшілік ететін ҚМК компаниялар тобының құрылымдық бөлімшелерімен келісім бойынша арнайы оқу бағдарламалары (модульдері) бойынша оқудан өте алады.

5.5. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ

5.5.1. Сараптама, қадағалау және қауіпсіз пайдалану

5.5.1.1. Жобалау алдындағы, жобалық құжаттаманың еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарына сәйкес келу мәніне сараптамасы

5.5.1.1.1. Өндірістік мақсаттағы объектілерді салу мен қайта жаңартуға арналған жобалау құжаттамасындағы ЕҚЖЕҚ талаптарының сақталуына сараптама ҚМГ компаниялары тобының өндірістік объектілерінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті, салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуді көздейтін заңнамалық талаптарды мүлтіксіз сақтауға бағытталған.

5.5.1.1.2. Жобалық құжаттамадағы ЕҚЖЕҚ бойынша талаптардың орындалуын бақылау көлемі мен тәртібі қолданыстағы нормативтік құжаттарға, ЕҚЖЕҚ, өнеркәсіптік қауіпсіздікті, санитарлық-гигиеналық жағдайларды реттейтін талаптарға, ҚМГ қабылдаған халықаралық нормалар мен стандарттарға сәйкес белгіленеді.

5.5.1.1.3. Қажет болған жағдайларда, арнайы (даулы) мәселелерді қарау үшін ғылыми-зерттеу, жобалау-конструкторлық және басқа да мамандандырылған ұйымдардың өкілдерін консультанттар ретінде тартуға болады.

5.5.1.1.4. ҚМГ компанияларының немесе құрылымдық бөлімшелерінің басшылары жобаларда ЕҚЖЕҚ талаптарының сақталуын қадағалау жөніндегі комиссиялардың сараптамалық қорытындыларын қарайды, оларды ескертулерсіз бекітеді немесе жобалаушылар ЕҚЖЕҚ, өнеркәсіптік қауіпсіздік қағидалары мен нормаларынан, санитариялық-гигиеналық шарттардан, ҚМГ қабылдаған халықаралық нормалар мен стандарттардан анықталған ауытқуларды жою жөніндегі ұсыныстарды орындағаннан кейін ғана өнеркәсіптік объектілердің жобаларын бекітеді.

5.5.1.1.5. Ғылыми-зерттеу, жобалау және конструкторлық ұйымдардың басшылары уәкілетті органдардың өнеркәсіптік объектілердің жобаларында, жаңадан құрылатын жабдықтарда, технологиялық процестерде ЕҚЖЕҚ талаптарының орындалуын көздейтін ұсыныстары мен ұсынымдарын, сондай-ақ ҚМГ немесе ҚМГ халықаралық ұйымдардың немесе осы келісімдердің мүшесі болып табылатын халықаралық стандарттар мен келісімдердің талаптарын қарауға, орындау үшін қабылдауға міндетті.

5.5.1.1.6. ҚМГ компаниялар тобының өндірістік және санитариялық-тұрмыстық объектілерін салуға, кеңейтуге, қайта жаңартуға арналған жобалық құжаттамадағы ЕҚЖЕҚ жөніндегі талаптардың мазмұнын қолданыстағы нормативтік құжаттарды басшылыққа ала отырып тексереді.

5.5.1.2. Объектілерді салуды және пайдалануға қабылдауды қадағалау

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 95-беті

5.5.1.2.1. Құрылысы аяқталған жаңа немесе қайта жаңартылатын объектілерді салу және пайдалануға қабылдау процесінде қадағалау, егер оларда салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайлары қамтамасыз етілмесе, бірде-бір кәсіпорын, цех, объект және учаске қабылданбайтыны және пайдалануға берілмейтіні көзделген қолданыстағы заңнамалық талаптарға сәйкес осы объектілердің жобалық құжаттамасы талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге бағытталған.

5.5.1.2.2. Объектілерді салу процесінде ЕҚЖЕҚ талаптарының орындалуын қадағалау заңнамалық талаптарға сәйкес жүзеге асырылады. Тікелей қадағалауды объектілер құрылысын қадағалау жөніндегі инженер (топ) жүзеге асырды.

5.5.2. Мердігерлік ұйымдарды басқару

5.5.2.1. Мердігерлік ұйымдардың жұмыстарды қауіпсіз орындауын ұйымдастыру және бақылау тәртібі

5.5.2.1.1. Мердігерлік (қосалқы мердігерлік) ұйымдармен өзара іс-қимыл ҚМГ компаниялар тобының ЕҚЖЕҚ саласындағы нәтижелілігіне әсер ететін негізгі факторлардың бірі болып табылады.

5.5.2.1.2. ҚМГ компаниялар тобы өндірістік жұмыстарды орындаудың барлық кезеңдерінде қауіпті және зиянды өндірістік факторларды анықтау, бағалау және төмендету мақсатында өндірістік объектілерде жұмыстарды орындайтын ЕҚЖЕҚ саласындағы мердігерлік (қосалқы мердігерлік) ұйымдарды тиімді басқару және бақылау үшін бірыңғай талаптарды белгілейді.

5.5.2.1.3. ҚМГ компаниялар тобының ұйымдары мен құрылымдық бөлімшелер мердігерлік (қосалқы мердігерлік) ұйымдарға жұмыстардың қауіпсіз орындалуын бірыңғай ұйымдастыру және бақылау қағидаттарын қолданғаны жөн, бұл ретте мердігерлік (қосалқы мердігерлік) ұйымдардың қызметкерлері ҚМГ-нің ЕҚЖЕҚ және жұмыстарды қауіпсіз жүргізуді ұйымдастыру жөніндегі корпоративтік талаптарын сақтауға міндетті.

5.5.2.1.4. ЕҚЖЕҚ саласындағы мердігерлік (қосалқы мердігерлік) ұйымдармен өзара іс-қимыл жөніндегі негізгі қағидаттар:

- 1) жұмыстарды қауіпсіз орындау тұжырымдамасын дамыту және ілгерілету және нольдік жарақаттылыққа ұмтылу;
- 2) мердігерлік және қосалқы мердігерлік ұйымдар қызметінің заңнамалық талаптарға және ҚМГ компаниялар тобының ЕҚЖЕҚ саласындағы талаптарына сәйкестігі;
- 3) ЕҚЖЕҚ саласындағы мердігерлік және қосалқы мердігерлік ұйымдар қызметінің тиімділігін таңдау, өзара әрекеттесу және талдау тәсілін жүйелеу;
- 4) ҚМГ компаниялар тобы активтерінің тұтастығын қамтамасыз ету үшін қауіпті және зиянды өндірістік факторларды тиімді басқару;
- 5) мердігерлік ұйымдар арасында қауіпті және зиянды өндірістік факторларды басқару жөніндегі тәсілдер мен әдістерді тарату;
- 6) ЕҚЖЕҚ саласындағы мердігерлік ұйымдарды ынталандыру тетіктерін енгізу.
- 7) мердігерлік ұйымдарды ЕҚЖЕҚ арттыруға ынталандыру тетіктерін енгізу;
- 8) ҚМГ компаниялары тобы ұйымдарының ЕҚЖЕҚ саласындағы нәтижелілігін арттыру.

5.5.2.1.5. Мердігерлік ұйымдардың ЕҚЖЕҚ талаптарын сақтау бойынша жауапкершілігі «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобындағы еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы мердігерлік ұйымдармен өзара іс-қимыл жөніндегі корпоративтік стандартпен (KMG-ST-3524.1-13) реттеледі.

5.5.2.1.6. ҚМГ компанияларының және құрылымдық бөлімшелерінің бірінші басшылары жұмыстарды қауіпсіз жүргізуді ұйымдастыру бойынша мердігерлік шарттар жасасу кезінде мердігерлік ұйымдардың міндеттемелерін белгілеу үшін жауапты болады.

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 96-беті

5.5.2.1.7. Мердігерлік (қосалқы мердігерлік) ұйымдардың ЕҚЖЕҚ бойынша бекітілген жоспарда айқындалған келісілген іс-әрекеттер үшін және жұмыстарды жүргізу қауіпсіздігі үшін сақтауын бақылау және мониторингін жүргізу олардың басқаруындағы немесе бақылауындағы өндірістік объектілердің желілік басшыларына жүктеледі.

5.2.1.8. Қосалқы мердігерлік жұмыстарды жүргізудің қауіпсіздігін бақылау олардың басқаруындағы немесе бақылауындағы өндірістік объектілердің желілік басшыларына және мердігерлік ұйым белгілеген уәкілетті тұлғаға жүктеледі.

5.5.2.2. Мердігерлік ұйымдардың жұмыстарды қауіпсіз орындауының сәйкестігі

5.5.2.2.1. Мердігерлік (қосалқы мердігерлік) ұйымдардың жұмыстарды қауіпсіз орындауын ұйымдастыру және бақылау бойынша барлық кезеңдер «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобында еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы мердігерлік ұйымдармен өзара іс-қимыл жөніндегі корпоративтік стандартқа (KMG-ST-3524.1-13) сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

5.5.2.2.2. ҚМГ компаниялары тобы ұйымының және құрылымдық бөлімшелер орындалатын жұмыстардың ерекшелігіне, қауіпті және зиянды өндірістік факторларға байланысты мердігерлік ұйымдарға ЕҚЖЕҚ бойынша қойылатын талаптарды қалыптастырып, жақсартып алады, бұл ретте ҚМГ корпоративтік талаптары төмендетілмеуі тиіс.

5.5.3. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жағдайын талдау

5.5.3.1. ҚМГ компаниялар тобы ұйымының немесе құрылымдық бөлімшесінің өндірістік бірлігінің басшысы айына кемінде бір рет өндірістік объектінің жедел кеңестерінде немесе жұмыс жиналыстарында ЕҚЖЕҚ мәселелерін қарауы тиіс.

5.5.3.2. Жедел кеңестерде немесе жұмыс жиналыстарында ішкі бақылау тексерулерінің нәтижелері, ҚҚБ/ҚҚБВ қаралады, талданады, тікелей жұмыс басшыларының объектілердегі ЕҚЖЕҚ жай-күйі туралы ақпараты, олардың жекелеген учаскелерде және жалпы өндірістік объект бойынша бағасы беріледі, қызметкерлердің назарына бірінші басшының, филиалдар/өндірістік басқармалар басшыларының ЕҚЖЕҚ мәселелері бойынша бұйрықтары мен өкімдерінің мазмұны, мән-жайлары мен себептері жеткізіледі, олардың алдын алу бойынша қажетті нұсқаулар мен тапсырмалар беріледі, қауіпсіздік ережелері мен нормаларының жекелеген сәйкессіздіктері, қаулылардың, нұсқамалардың және өзге де құқықтық актілердің орындалу мәртебесі талданады. Жедел кеңестер немесе жұмыс жиналыстарын өткізу хаттамамен ресімделеді.

5.5.3.3. ҚМГ компаниясының немесе құрылымдық бөлімшенің (өндірістік басқармалардың) басшылығы тоқсанына кемінде бір рет басшылар мен мамандардың жедел кеңесінде өндірістік объектілердегі ЕҚЖЕҚ жай-күйі бойынша мәселелерді қарауы тиіс.

5.5.3.4. Тоқсан сайынғы кеңестерде өткен кезеңдегі ЕҚЖЕҚ саласындағы жұмыс қорытындылары, ұйымдастырушылық-техникалық іс-шаралар жоспарының орындалу барысы, ішкі бақылауды тексеру нәтижелері, ТЖК актілері мен мемлекеттік бақылаушы органдардың нұсқамаларының орындалу мәртебесі қаралады, талданады, өндірістік жарақаттану мен кәсіптік аурулардың жай-күйі, апаттылық мәселелері, ЕҚЖЕҚ бойынша тәуекелдерді талдау және бағалау қорытындылары қаралады, жекелеген өндірістік объектілер басшыларының ақпараты тыңдалады, осы мәселелер бойынша басшылардың жұмысына баға беріледі, жақсарту шаралары белгіленеді. Тоқсан сайынғы кеңестерде мәселелерді талқылау және шешімдер қабылдау хаттамамен ресімделеді.

5.5.3.5. ҚМГ компаниялар тобы ұйымының немесе құрылымдық бөлімшесінің басшылығы жылына кемінде бір рет ЕҚЖЕҚ жөніндегі кеңес немесе форум өткізеді, онда мынадай мәселелер қаралады және талданады:

- 1) ішкі бақылауды және мемлекеттік бақылаушы органдарды тексеру нәтижелері;

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 97-беті

2) заңнамалық талаптарға және ЕҚЖЕҚ бойынша ішкі құжаттарға ЕҚЖЕҚ сәйкестігін бағалау;

3) ағымдағы кезеңдегі ЕҚЖЕҚ бойынша тәуекелдерді бағалау нәтижелерін талдау, олардың алдыңғы кезеңдермен салыстырғанда арту/төмендеу үрдістері және салдардың туындау ықтималдығы мен ауырлық дәрежесі бойынша, сондай-ақ бағалауға қатысушылардың саны мен кәсіби құрамы бойынша ақпарат:

- қызметкерлер өкілдерінің ақпараты;
- сыртқы мүдделі тараптардан ұйымға келіп түскен хабарламалар, шағымдарды қоса алғанда, мысалы, мердігерлік ұйымдар қызметкерлерінің ЕҚЖЕҚ қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі өтініштері;
- ЕҚЖЕҚ саласындағы басқару нәтижелілігі;
- ықтимал жазатайым оқиғалардың туындауына әкеп соғуы мүмкін оқиғаларды тергеу (тіркелгендер, оның ішінде тергелгендер саны, қандай түзетулер мен алдын алу іс-әрекеттері әзірленді, қабылданды);
- ішкі бақылауды тексеру нәтижелері бойынша түзету және алдын алу іс-қимылдарын орындау, сондай-ақ мемлекеттік бақылаушы органдардың қаулыларын, нұсқамаларын және жеке қолданылатын өзге де құқықтық актілерін орындау мәртебесі;
- ЕҚЖЕҚ басқарудың қолданылуын талдау бойынша алдыңғы кеңестердің шешімдерін орындау нәтижелері;
- ЕҚЖЕҚ саласындағы басқарумен байланысты Заңнамалық және өзге де талаптарға енгізілген өзгерістерді қоса алғанда, жағдайлардың өзгеруі;
- ЕҚЖЕҚ жақсарту бойынша ұсыныстар, ұсынымдар, қойылымдық сұрақтар.

Жыл сайынғы кеңесте немесе форумда мәселелерді талқылау және шешімдер қабылдау хаттамамен ресімделеді.

5.5.3.6. ҚМГ компаниялар тобы ұйымының немесе Құрылымдық бөлімшесінің басшылығы оның тұрақты жарамдылығын, барабарлығын және нәтижелілігін қамтамасыз ету үшін жоспарланған уақыт аралықтары арқылы ЕҚЖЕҚ мәселелерін басқаруды талдау керек. Талдау процесі ЕҚЖЕҚ басқарудағы өзгерістерді жақсарту және олардың қажеттілігі үшін мүмкіндіктерді бағалауды қамтиды.

5.5.4. Төтенше жағдайларға дайындық және оларға ден қою

5.5.4.1. Төтенше жағдайларға дайындық

5.5.4.1.1. ҚМГ компаниялар тобының ықтимал ТЖ-ға дайындығы және қызметкерлердің денсаулығы мен қауіпсіздігі үшін салдарды болдырмау немесе мүмкіндігінше барынша азайту және ҚМГ компаниялар тобы мен мүдделі тараптардың мүлкіне залалды азайту мақсатында, оларға ден қою «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-та және оның еншілес және тәуелді ұйымдарында қызметтің үздіксіздігін басқару процесін ұйымдастыру қағидаларына (KMG-PR-3203.1-37) сәйкес қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесі шеңберінде жүзеге асырылады.

5.5.4.1.2. ҚМГ компаниялар тобының төтенше жағдайларға ден қоюға дайындығы келесі іс-қимылдармен қамтамасыз етіледі:

1) сәйкестендіру нәтижелерінің негізінде ықтимал апаттарды сәйкестендіру және тіркеу, қауіпті өндірістік объектілердегі ТЖ өнеркәсіптік қауіпсіздік декларациясының және инженерлік-техникалық іс-шаралардың бөлімдерін, өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша аттестаттау нәтижелерін ресімдеу;

2) апаттарды немесе мұнайдың төгілуін жою жоспарларын, қауіпсіздік паспорттарын әзірлеу және бекіту, оларға ҚМГ компаниялар тобы қызметкерлерінің денсаулығы мен мүлкіне теріс әсерді азайтуға бағытталған шараларды енгізу;

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 98-беті

3) қызметкерлердің оқыту мен даярлықтан өту, ТЖ алдын алу, оқшаулау және олардың салдарын жою бойынша оқу-жаттығу сабақтарын немесе оқу дабылдарын өткізу жоспарлары мен кестелерінің болуы және орындалуы (өткізілген оқу-жаттығу сабақтары немесе оқу дабылдары бойынша ақпарат құжатталады және МЖ талдау кезінде пайдаланылады);

4) мүдделі тараптардың қызметкерлеріне штаттан тыс жағдайлар жағдайындағы іс-қимылдар туралы консультация беру (ақпараттандыру);

5) апаттарда болған қызметкерлердің іс-қимылдарын, олардың себептерін және іске асырылған түзету және алдын алу іс-қимылдарын талдау.

5.5.4.1.3. ТЖ алдын алуды және оларға жедел ден қоюды қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар, лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі және қажетті ресурстар ҚМГ компаниялар тобының мынадай құжаттарында:

- 1) өнеркәсіптік қауіпсіздік декларациялары;
- 2) қауіпті өндірістік объект қауіпсіздігінің негіздемелері негізінде жүзеге асырылады;
- 3) апаттарды немесе мұнайдың төгілуін жою жоспарлары және т. б.;
- 4) Технологиялық регламенттерде, технологиялық жабдықты пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарда, ЕҚЖЕҚ жөніндегі нұсқаулықтарда және т. б. белгіленген.

5.5.4.2. Эпидемиялар мен пандемияға дайындық

5.5.4.2.1. ҚМГ компаниялары тобының эпидемиологиялық жағдай ықтималдығына және әртүрлі инфекциялық аурулардың таралуына дайындығы және олардың қызметкерлер арасында таралуын болдырмау немесе ҚМГ компаниялары тобы қызметкерлерінің және мүдделі тараптардың денсаулығы үшін салдарларды барынша азайту мақсатында оларға ден қою уәкілетті органдар мен ҚМГ ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

5.5.4.1.2. ҚМГ компаниялары тобының инфекциялық ауруларға (оба, тырысқақ, іш сүзегі, құтыру, туляремия, дифтерия, сіреспе, қызамық, геморрагиялық қызба, күйдіргі, коронавирустық инфекция және басқа да инфекциялар) ден қоюға дайындығы мынадай профилактикалық іс-шаралармен қамтамасыз етіледі:

1) жедел ден қою жоспарлары (алгоритмдері) және инфекциялық науқастар анықталған жағдайда хабардар ету схемалары алдын ала әзірленеді және үнемі түзетіледі, сондай-ақ сырқаттанушылықты тежеу жөніндегі іс-шаралар жүргізіледі және эпидемиологиялық жағдайдың тұрақты мониторингі негізінде профилактикалық және эпидемияға қарсы іс-шараларды жүргізу үшін басқарушылық шешімдер қабылданады

(қажет болған жағдайда, пандемияның ықтимал дамуын немесе пандемияның кейінгі толқындарының пайда болу ықтималдығын және олардың қарқындылығын ескере отырып, сырқаттанушылық деңгейі мен ықтимал залалдың болжамын ескере отырып, инфекциялық аурулардың дамуын тежеуге бағытталған қызметті ұйымдастыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына толықтырулар енгізіледі);

2) инфекциялық ауру қаупі төнген немесе фактісі анықталған кезде бақылау және үйлестіру жөніндегі жедел штабтың қызметі (қажет болған кезде оның тәулік бойы үздіксіз жұмысы ұйымдастырылады) іске қосылады, сондай-ақ тиісті жоспарлар (Алгоритмдер), оның ішінде барлық тыныс-тіршілікті қамтамасыз ететін қызметтер мен объектілердің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі жоспарлар (Алгоритмдер) қолданысқа енгізіледі;

3) инфекциялық аурулардың әсерін болдырмауға және төмендетуге жедел ақпарат алмасу жөніндегі уәкілетті органдармен нақты өзара іс-қимыл қамтамасыз етіледі;

4) бір мезгілде қызметтің бұзылуын барынша азайта отырып, адамдардың денсаулығына әсерін азайту және объектілердің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету мақсатында инфекциялық аурулардың әсерін дайындау, болдырмау және азайту және олардың дамуы кезінде ден қою жөніндегі басым бағыттар (іс-шаралар) айқындалады, оның ішінде:

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 99-беті

– әлеуметтік қашықтықтан өзара іс-қимылды қолдана отырып, қызметкерлердің орын ауыстыруын және байланысын шектеу;

– қызметкерлердің көпшілігін, оның ішінде міндетті түрде қауіп тобындағы адамдарды (созылмалы аурулары бар 55 жастан асқан, жүкті әйелдер, көп балалы ата-аналар, асырауында қарт адамдар немесе мүгедектер бар қызметкерлерді қашықтықтан (дистанциялық) жұмыс нысанына ауыстыру);

– желдету және шаңды басу жүйелерінің жұмыс істеуіне аса назар аудару;

5) эпидемия (пандемия) кезінде қажетті медициналық көмек көрсету жөніндегі мамандандырылған ұйымдардың мүмкіндіктеріне баға беріледі және оларға жан-жақты жәрдем көрсетіледі, сондай-ақ қажеттіліктерді қамтамасыз етудегі материалдық-техникалық жай-күйі нақтыланады және қажет болған кезде дәрі-дәрмектер, медициналық жабдықтар, жуу және дезинфекциялау құралдары, жұмсақ және қатты мүкәмнал, жеке қорғау құралдары және басқа да шығыс материалдары қосымша сатып алынады;

6) қызметкерлер ауру кезіндегі өзін-өзі ұстау қағидаларын, оның ішінде қолды жиі жууды (өңдеуді) ынталандыру және респираторлық гигиенаны сақтау, жөтелу және түшкіру кезінде айналасындағы адамдарды инфекциядан қорғау жөніндегі барлық құралдарды және білімді насихаттау тәсілдерін пайдалана отырып, жеке профилактика қағидаларына және инфекцияның таралуының алдын алу шараларына хабардар етіледі және оқытылады;

7) тұрақты жедел байланыс ұсталады және инфекциялық аурулармен сырқаттану жағдайлары туралы (немесе болжамды жағдай туралы) эпидемиологиялық қызметтерге дереу хабарланады, сондай-ақ қалыптасқан эпидемиологиялық жағдай туралы ақпарат алмасу және бірлескен іс-қимылдарды үйлестіру туралы уағдаластыққа қол жеткізіледі;

8) инфекциялық ауруға күдікті қызметкер анықталған кезде мамандандырылған медициналық ұйым, ҚМГ компаниялар тобының ұйымы және ҚМГ қауіпсіздікті басқару орталығы дереу хабардар етіледі;

9) эпидемияға қарсы шаралар қабылданады және инфекциялық аурудың ықтимал бірлі-жарым және топтық жағдайларын анықтау мақсатында санитариялық-эпидемиологиялық және вирусологиялық қадағалау мен бақылау күшейтіледі, бұл ретте жігі респираторлық вирустық инфекциясы (ЖРВИ) бар әрбір науқас әлеуетті жұқтырушы ретінде қаралады;

10) күдікті немесе анықталған инфекциялық науқастар немесе эпидемияға қарсы қызмет немесе жедел медициналық көмек бригадасы келгенге дейін науқаспен байланыста болғандар олардың мәртебесін растау және/немесе оларды мамандандырылған медициналық мекемеге эвакуациялау үшін оқшауланады

(науқастар анықталған немесе олар уақытша болған үй-жайда ағымдағы дезинфекция жүргізіледі, науқастарды эвакуациялағаннан кейін, қорытынды дезинфекция жүргізіледі);

11) қажет болған жағдайда, инфекциялық аурулардың таралуын болдырмау үшін шектеу іс-шаралары мен карантин енгізіледі және шаруашылық және өзге де қызметтің ерекше режимін көздейтін, оның ішінде мынадай іс-шаралар жүргізіледі:

– жағдайды жедел бағалау, эпидемияға қарсы режимді күшейту бойынша қосымша қажетті іс-шараларды қабылдау және тиімді орындауды қамтамасыз ету;

– алынған ақпарат пен пандемиямен күреске тартылған мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдардың тәжірибесін ескере отырып, жоспарланған іс-шараларды өзектендіру;

– жеке қорғаныс құралдарын пайдалану және қолды тері антисептиктерімен өңдеу, объектілерде және көлікте дезинфекциялық режим, адамдар жұмыс істейтін үй-жайларды үнемі желдету және ылғалды жинау;

– ауысымға (вахтаға) түсетін қызметкерлердің медициналық тексеруден өтуі;

– тексеру және оларға медициналық бақылау орнату үшін байланыста болған адамдардың тізімін жасау;

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 100-беті

– жұқпалы аурулардың таралуының ықтимал көздері бар немесе зертханалық тексерудің теріс нәтижелері алынғанға дейін инфекциялық науқастармен байланыста болған адамдарды жұмыстан шеттетуге;

– жұқпалы аурулармен ауыратын науқастармен байланыста болған адамдарды инкубациялық кезең мерзіміне эпидемиялық көрсеткіштер бойынша міндетті емдеуге жатқызу және провизорлық емдеуге жатқызу;

– қажет болған жағдайда, эпидемия ошағы немесе қызметкерлердің жаппай ауруының қаупі жойылғанға дейін объектілердің қызметін (жұмысын, пайдаланылуын) тоқтата тұру немесе шектеу;

– вахталық қызметкерлердің тұратын және демалатын орындарында қажет болған жағдайда карантин енгізе отырып, санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шаралар жүргізуді қамтамасыз ету;

– шектеу іс-шараларын қамтамасыз ету үшін кіруді/шығуды толық бақылау қамтамасыз етіледі, дезинфекциялық тосқауылдармен жарақтандырылған және адам денесін қашықтықтан термометриялау тепловизорларымен немесе аспаптарымен жабдықталған бір немесе бірнеше өткізу пункттері (кордондар) құрылады, бұл ретте өткізуге тыйым салынады және температурасы жоғары және/немесе инфекциялық ауру белгілері бар адамдар жұмыстан шеттетіледі;

– карантин жарияланған объектіде (аумақта) немесе шектеу іс-шаралары аймағында орналасқан инфекциялық аурудың тұтануын жоюға қатысатын қызметкерлерге тұруға, тамақтануға және медициналық қызмет көрсетуге қажетті жағдайлар жасалады;

– ЖҚҚ (маскалар, респираторлар, қолғаптар, бахилалар, окшаулағыш костюмдер, көзілдіріктер, қалқандар), дезинфекциялау және жуу құралдарының қажетті қоры сақталады;

– үй карантиніне орналастырылған адамдар өздерінің симптомдарын қадағалайды, бұл ретте қашықтықтан сауалнамадан үнемі өтеді немесе медициналық қызметкерлер мерзімді түрде қарап отырады;

– асханалар мен тамақтану пункттерінің жұмысын ұйымдастыру алдын алу және дезинфекциялау іс-шараларын жүргізу бойынша қоғамдық тамақтандыруды ұйымдастыру үшін белгіленген талаптарға сәйкес жүзеге асырылады;

– жедел диагностика құралдарын (экспресс-тест) және инфекцияны диагностикалауға арналған жиынтықтарды (оның ішінде полимеразды тізбекті реакциялар, ПТР) енгізу бойынша ұсыныстар әзірлеу);

– жұқпалы аурулар пандемиясы бойынша қолайсыз деп жарияланған елдерден вахталық әдіспен жұмыс істейтін шетелдік жұмыс күшін тартуға тыйым салу шараларын енгізу;

– бұқаралық ақпарат құралдарында сырқаттанушылық туралы ақпаратты уақытылы жаңартуды және жағдайды жариялауды қамтамасыз етеді;

– ҚМГ-ден немесе ҚМГ компаниялар тобын немесе уәкілетті органдарды ұйымдастырудан көмек қажеттілігін анықтау және сұрау (қажет болған жағдайда).

5.6. ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ БОЙЫНША НӘТИЖЕЛІЛІКТІ БАҚЫЛАУ, МОНИТОРИНГІН ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

5.6.1. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жағдайын бақылауды ұйымдастыру

5.6.1.1. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жай-күйін бақылау өндірістік жарақаттанудың алдын алу жөніндегі негізгі профилактикалық іс-шара болып табылады, ол ЕҚЖЕҚ факторларының заңнамалық талаптардан, қауіпсіздік қағидалары мен нормаларынан, ЕҚЖЕҚ жөніндегі стандарттардан ауытқуын жедел анықтау, оларды жою жөніндегі жедел шешімдер және басқарудың барлық деңгейлерінде анықталған сәйкессіздіктердің себептерін

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 101-беті

жоюға бағытталған шешімдер қабылдау және бұл туралы мерзімді ақпарат арқылы жүзеге асырылады.

5.6.1.2. Бақылаудың негізгі түрлері:

1) ҚМГ компаниялар тобы ұйымының және құрылымдық бөлімшелерінің басшы және инженерлік-техникалық қызметкерлері, сондай-ақ ҚМГ Орталық аппаратының комиссиялары мен мемлекеттік қадағалау органдары жүзеге асыратын ЕҚЖЕҚ жай-күйін көп деңгейлі бақылау;

2) өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша аттестаттау, өндірістік және мінез-құлық тәуекелдерін бағалау, объектілердің, учаскелердің, өндірістік бірліктердің санитариялық-техникалық жай-күйін бақылау, пайдалану мерзімі өткен және моральдық ескірген негізгі қорлардың техникалық аудиті.

5.6.1.3. Жедел бақылау белгілі бір схема бойынша жүргізіледі және ҚМГ компаниялар тобының ұйымдастыру құрылымына қарай, бақылаудың үштен бес деңгейіне дейін көздейді. Бизнес-бағыт пен құрылымға байланысты, бақылау деңгейінің мәртебесі мен кезеңділігін ҚМГ компаниялар тобы ұйымының басшылығы айқындауы мүмкін.

5.6.1.4. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы өндірістік бақылау ҚМГ компаниялар тобы ұйымы басшылығының шешімі бойынша ЕҚЖЕҚ бойынша ішкі бақылаумен біріктірілуі мүмкін және бірлесіп жүргізіледі.

5.6.1.5. Өндірістік бақылаудың тиімді құралдарының бірі – ҚМГ Алтын қағидаларына, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ қауіпсіздік бойынша мінез-құлықтық бақылау қағидаларына (KMG-PR-2312.1-13) сәйкес, корпоративтік мәдениет деңгейін және жеке бейілділікті көрсету тәсілдері мен ЕҚЖЕҚ басқару процестеріне барлық деңгейдегі басшылар мен қызметкерлерді тартуға бағытталған қауіпсіздік бойынша мінез-құлықтық бақылау болып табылады.

5.6.1.2. Бақылаудың бірінші деңгейі

5.6.1.2.1. Объектідегі жұмыстардың тікелей басшысы күн сайын, жұмыстың (ауысымның, вахтаның) басында, қызметкерлердің өкілімен бірлесіп (ол болмаған кезде – өз бетінше) және одан әрі жұмыс процесінде жұмыс орындарындағы ЕҚЖЕҚ-ның жай-күйін тексереді (мониторингті жүзеге асырады) және анықталған тәуекелдерді (қауіпті және зиянды өндірістік факторларды), ықтимал қауіпті оқиғалар мен сәйкессіздіктерді жою бойынша жедел шаралар қабылдайды. Тексеру кезінде ол әдістемелік ұсыныстарды басшылыққа алуы керек.

5.6.1.2.2. Өндірістік объектілердің (ұңғымалардың, коммуникациялардың және т.с.с.) аумақтық шашыраңқылығы жағдайында тікелей басшы бақылаудың бірінші деңгейін апта ішінде жұмыстар жүргізлетін немесе жақын арада жүргізілетін барлық объектілерді, жұмыс орындарын тексеруге болатындай етіп ұйымдастырады.

5.6.1.2.3. Өндірістік бірліктердің басшылары жұмыс объектісіне (бұрғылау, ұңғыма, станция, бейін және т.б.) шығу алдында немесе объектіде жұмыс басталар алдында қызметкерлердің өкілімен бірлесіп жұмыс орындарының жай-күйін тексереді және анықталған тәуекелдерді, оқиғаларға алғышарттар мен сәйкессіздіктерді жою бойынша жедел шаралар қабылдайды.

5.6.1.2.4. Тексеру кезінде анықталған тәуекелдер/қауіпті және зиянды өндірістік факторлар, әлеуетті-қауіпті оқиғалар мен сәйкессіздіктер дереу жойылуы тиіс, бригада, ауысым, вахта күшімен жойылмайтын немесе жойылуы жұмыстардың тікелей басшысының құзыретіне кірмейтін қалған тәуекелдер/қауіпті және зиянды өндірістік факторлар, әлеуетті-қауіпті оқиғалар мен сәйкессіздіктер, кейіннен тиісті шаралар қабылдау үшін, еңбек осы Стандартқа нысан (KMG-F-3672.1-13/ST-3669.1-13) бойынша жағдайларының жай-күйін тексеру журналына жазылады.

Жұмыстардың тікелей басшысы осы тәуекелдер/қауіпті және зиянды өндірістік факторлар, әлеуетті-қауіпті оқиғалар және қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 102-беті

тоқтата тұруға дейінгі қажетті шараларды қабылдау үшін өндірістік бірліктің басшылығына сәйкессіздіктер туралы баяндайды.

5.6.1.2.5. Жұмыстың тікелей басшысымен қатар жедел бақылаудың бірінші деңгейін дұрыс ұйымдастыру және жүзеге асыру үшін өндірістік бірліктің күшімен жоюға болмайтын анықталған тәуекелдерді (қауіпті және зиянды өндірістік факторларды), әлеуетті-қауіпті оқиғалар мен сәйкессіздіктерді жоюды қамтамасыз ететін өндірістік бірліктің басшысы да жауапты болады.

5.6.1.3. Бақылаудың екінші деңгейі

5.6.1.3.1. Құрылымдық бөлімшенің өндірістік бірлігінің басшысы кем дегенде, айына бір рет қызметкерлердің өкілімен (ол болмаған жағдайда – өз бетінше) бірлесіп, объектілердегі жұмыс орындарындағы ЕҚЖЕҚ-ның жай-күйін (мониторинг), сондай-ақ объектідегі ЕҚЖЕҚ-ның сақталуына бақылау жүргізу жөніндегі жұмыстардың тікелей басшыларының жұмысын тексереді және анықталған тәуекелдерді (қауіпті және зиянды өндірістік факторларды), ықтимал қауіпті оқиғалар мен сәйкессіздіктерді жою бойынша жедел шаралар қабылдайды. Тексеру кезінде олар әдістемелік ұсынымдарды басшылыққа алуы керек.

5.6.1.3.2. Барлық объектілерді тексерудің жүйелілігін және бақылаудың екінші деңгейін (кезеңін) жүргізудің толықтығын қамтамасыз ету үшін құрылымдық бөлімшенің өндірістік бірлігінің басшысы өзінің орынбасарларын, объектідегі жұмыстардың тікелей басшыларын және өндірістік бірліктің басқа да инженерлік-техникалық қызметкерлерін барлық объектілер мен жұмыс орындарын тексеру айына кем дегенде бір рет жүргізілетіндей етіп тексеруге тартады.

5.6.1.3.3. Тексеру кезінде анықталған тәуекелдер/қауіпті және зиянды өндірістік факторлар, ықтимал қауіпті оқиғалар мен сәйкессіздіктер жойылуы тиіс. Тексеру барысында жойылмайтындар кейіннен ақпарат жинау, түзету іс-әрекеттерін талдау және әзірлеу үшін еңбек жағдайының жай-күйін тексеру журналдарына жазылады.

Бақылаудың бірінші және екінші деңгейі (дәрежесі) барысында анықталған бақылауларды цехтың күшімен жою мүмкін болмаса және оларды жою Құрылымдық бөлімшенің өндірістік бірлігі басшысының құзыретіне кірмесе, онда ол осы тәуекелдер/қауіпті және зиянды өндірістік факторлар, ықтимал қауіпті оқиғалар мен сәйкессіздіктер туралы Құрылымдық бөлімшенің басшылығын ресми нысанда хабардар етеді және қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қажетті шаралар қабылдайды.

Егер анықталған тәуекелдер/қауіпті және зиянды өндірістік факторлар, әлеуетті-қауіпті оқиғалар және сәйкессіздіктер апатқа немесе қызметкерлердің жарақаттануына әкелуі мүмкін болса, онда құрылымдық бөлімшенің өндірістік бірлігінің басшысы (басқа тексеруші тұлға) олар жойылғанға дейін жұмысты тоқтата тұрады.

5.6.1.3.4. Бақылаудың екінші деңгейін дұрыс ұйымдастыру, жүргізу және анықталған тәуекелдерді (қауіпті және зиянды өндірістік факторларды), ықтимал қауіпті оқиғалар мен сәйкессіздіктерді уақытылы жою үшін жауапкершілік Құрылымдық бөлімшенің өндірістік бірлігінің басшысына жүктеледі.

5.6.1.4. Бақылаудың үшінші деңгейі

5.6.1.4.1. Құрылымдық бөлімшенің (өндірістік басқарма) ТЖК (немесе Комитет шеңберінде), кем дегенде, тоқсанына бір рет өндірістік бірліктердегі, учаскелер мен объектілердегі ЕҚЖЕҚ жай-күйін тексеруді жүзеге асырады, сондай-ақ Құрылымдық бөлімшенің өндірістік бірлігі басшыларының және объектідегі жұмыстардың тікелей басшыларының жұмысын бақылаудың бірінші және екінші деңгейлерін жүргізу бойынша тексереді.

5.6.1.4.2. Құрылымдық бөлімшенің басшы және инженерлік-техникалық қызметкерлері өздерінің негізгі функциялары бойынша өндірістік бірліктер мен объектілерге барған кезде

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 103-беті

объектілердегі ЕҚЖЕҚ-ның жай-күйін тексеруге, анықталған тәуекелдерді (қауіпті және зиянды өндірістік факторларды), ықтимал қауіпті оқиғалар мен сәйкессіздіктерді жою жөнінде қажетті шаралар қабылдауға және бөлімше басшыларына олардың жұмысында практикалық көмек көрсетуге міндетті.

5.6.1.4.3. Егер анықталған тәуекелдер / қауіпті және зиянды өндірістік факторлар, ықтимал қауіпті оқиғалар мен сәйкессіздіктер апатқа немесе қызметкерлердің жарақаттануына әкеп соғуы мүмкін болса, онда осы бұзушылықтар мен кемшіліктер жойылғанға дейін жұмыстар дереу уақытша тоқтатылуы тиіс.

5.6.1.4.4. Тексеру кезінде анықталған тәуекелдер/қауіпті және зиянды өндірістік факторлар, ықтимал қауіпті оқиғалар мен сәйкессіздіктер жойылуы тиіс.

Тексеру нәтижелері ТКЖ кеңейтілген отырысында талқыланады және актімен ресімделеді, онда анықталған тәуекелдер/қауіпті және зиянды өндірістік факторлар, әлеуетті-қауіпті оқиғалар мен сәйкессіздіктер фактілері көрсетіледі, ЕҚЖЕҚ жай-күйіне, МЖ нәтижелілігіне және жұмыс істеуіне баға беріледі.

Акт негізінде осы Стандартқа нысан (KMG-F-3673.1-13/ ST-3669.1-13) бойынша түзету/алдын алу іс-қимылдарының жоспары әзірленуі тиіс.

Егер анықталған сәйкессіздіктердің себептерін Құрылымдық бөлімшенің күшімен жою мүмкін болмаса, осы тексерулердің жазбаша түрдегі нәтижелері ҚМГ компаниялар тобының ұйымына олардың тиісті шешімдер қабылдауы үшін жіберіледі.

5.6.1.4.5. Бақылаудың үшінші деңгейін дұрыс ұйымдастыру және жүзеге асыру және анықталған сәйкессіздіктер мен кемшіліктерді уақытылы жою, белгіленген іс-шараларды орындау үшін жауапкершілік Құрылымдық бөлімшенің басшыларына жүктеледі.

5.6.1.4.6. Құрылымында құрылымдық бөлімшелері (МГӨБ сияқты) жоқ және өндірістік бірліктер (цехтар) тікелей ҚМГ компаниялар тобының ұйымдарына бағынатын ҚМГ компаниялар тобының ұйымдарында (мысалы, мұнай өңдеу зауыттары) жедел бақылаудың үшінші деңгейі жүргізілмейді. Бұл жағдайда жедел бақылаудың үшінші деңгейінің функциялары ТЖК-ға немесе ҚМГ компаниялар тобы ұйымының Комитетіне жүктеледі.

5.6.1.5. Бақылаудың төртінші деңгейі

5.6.1.5.1. Өз құрылымында өндірістік филиалдары (өндірістік басқармалар) бар ҚМГ компаниялар тобы ұйымының басқару аппаратының ТЖК (немесе Комитеттің шеңберінде) объектілердегі жұмыстың ұйымдастырылуын және ЕҚЖЕҚ бойынша жай-күйді, барлық өндірістік филиалдардың (басқармалардың) және олардың жеке құрылымдық бөлімшелерінің басшылары мен инженерлік-техникалық қызметкерлерінің жұмысын ішінара тексеруді (аудитін), кем дегенде, жартыжылдықта бір рет жүзеге асырады.

5.6.1.5.2. Тексеру кезінде анықталған тәуекелдер/қауіпті және зиянды өндірістік факторлар, ықтимал қауіпті жағдайлар мен сәйкессіздіктер мұқият талданып, олардың пайда болуының түбегейлі (жүйелік) себептері айқындалуы тиіс. Бұл үшін ТЖК тексеруі (аудиті) басқарма аппараттарының бөлімшелерін тексеру (аудит) кезінде құзыретіне осы байқауларды шешу кірмейтін Құрылымдық бөлімшелерде анықталған тәуекелдердің/қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың, ықтимал қауіпті жағдайлар мен сәйкессіздіктердің пайда болу себепін барынша анықтау мүмкін болу үшін басқарма аппараттарының бөлімшелері тексеру (аудит) бағдарламасына кіретіндей етіп, ұйымдастырылуы тиіс.

5.6.1.5.3. Егер анықталған тәуекелдер/қауіпті және зиянды өндірістік факторлар, ықтимал қауіпті жағдайлар мен сәйкессіздіктер жазатайым жағдайға немесе апатқа әкеп соға алса, ТЖК оларды жойылғанға дейін жұмыстардың жүргізілуін уақытша тоқтатуға міндетті.

5.6.1.5.4. Егер бір бөлімшеде тәуекелдер/қауіпті және зиянды өндірістік факторлар, ықтимал қауіпті жағдайлар мен сәйкессіздіктер анықталса, осы жағдай, олардың жүйелігін айқындау үшін, басқа да бөлімшелерде тексерілуі тиіс.

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 104-беті

5.6.1.5.5. Тексеру қорытындылары ҚМГ компаниялар тобы ұйымының басқару аппаратындағы кеңейтілген отырыста талқыланады және анықталған тәуекелдер/қауіпті және зиянды өндірістік факторлар, ықтимал қауіпті жағдайлар мен сәйкессіздіктер фактілері, ЕҚжЕҚ жай-күйіне баға берілетін, МЖ нәтижелілігі мен қолданылуы көрсетілетін актілермен ресімделеді.

5.6.1.5.6. Бақылаудың төртінші деңгейін ұйымдастыру және жүзеге асыру үшін жауапкершілік ҚМГ компаниялар тобы ұйымы басшысының бірінші орынбасарына жүктеледі.

5.6.1.5.7. ТЖК мүшелері тексеру кезінде объективтілік пен алалықсыздықты қамтамасыз ету үшін тексеруді (аудиттерді) жүргізу әдістері мен қағидаттарына оқуы тиіс.

5.6.1.6. Бақылаудың бесінші деңгейі

5.6.1.6.1. Комиссия (немесе ҚМГ Комитетінің шеңберінде) ҚМГ Басшылығы немесе ҚМГ ЕҚОҚД бекіткен жоспар-кесте бойынша, жылына бір рет, бекітілген сұрақтар тізбесіне және әдістемелік нұсқауларға сәйкес, келісім бойынша, ҚМГ компаниялар тобының ұйымдарында және Құрылымдық бөлімшелерде ЕҚжЕҚ жұмысын ұйымдастыруды және жай-күйін тексереді (аудит). Қажет болған жағдайларда, ҚМГ Басшылығының тапсырмасы бойынша ЕҚжЕҚ жай-күйін жоспардан тыс тексеру (аудиттер) ұйымдастырылуы мүмкін.

5.6.1.6.2. Әрбір кезекті тексеруді (аудитті) жүргізу үшін, ҚМГ Комитетінің мүшелері мен ҚМГ ЕҚОҚД қызметкерлерінің санынан комиссия (топ) ұйымдастырылады. Қажет болғанда, комиссияның құрамына ҚМГ Орталық аппаратының мүдделі құрылымдық бөлімшелерінің мамандары, сондай-ақ ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметінің қызметкерлері қосылуы мүмкін.

5.6.1.6.3. Тексерудің (аудиттің) және ҚМГ комиссиясының жұмысын талдау қорытындылары бойынша тексерілген ҚМГ компаниялар тобы ұйымының ЕҚжЕҚ бойынша жұмыстың жай-күйін жақсарту бойынша ұсынымдармен бірге талдамалық анықтама жасалады. ҚМГ-нің талдамалық анықтамасының негізінде, ҚМГ компаниялар тобы ұйымында мерзімдер мен ұсынымдарды орындау (сәйкессіздіктерді жою) үшін жауапты тұлғалар көрсетілген түзету іс-әрекеттерінің жоспары (іс-шаралар жоспары) жасалады. Ұсынымдарды орындау, сәйкессіздіктерді жою үшін, ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметі тексеру (аудит) материалдарын ҚМГ компаниялар тобы ұйымының тиісті құрылымдық бөлімшесіне немесе Құрылымдық бөлімшеге береді және анықтамада көрсетілген мерзімде ҚМГ басшылығына немесе ҚМГ ЕҚОҚД-ға ҚМГ комиссиясының тексеру қорытындылары бойынша жасалған жұмыс туралы ақпаратты ресми түрде береді.

5.6.1.6.4. Тексеру нәтижесінде апаттар мен жазатайым жағдайлар үшін себепті тудыратын ірі ұйымдастырушылық-техникалық кемшіліктер анықталса, ҚМГ компаниялар тобы ұйымының немесе Құрылымдық бөлімшенің жұмысын ұйымдастыру және ЕҚжЕҚ жай-күйі ҚМГ Басшылығында немесе ҚМГ ЕҚОҚД өтетін кеңесте, ҚМГ компаниялар тобы ұйымының Байқау кеңесінде қаралуы тиіс.

5.6.1.6.5. ҚМГ Орталық аппаратының қызметкерлері өзінің негізгі функциялары бойынша ҚМГ компаниялар тобының объектілеріне барғанда, объектінің жұмысының ұйымдастырылуын, ЕҚжЕҚ жай-күйін тексеруге, анықталған сәйкессіздіктерді жою бойынша қажетті шараларды қабылдауға және ЕҚжЕҚ бойынша мәселелерді шешуде практикалық көмек көрсетуге міндетті.

ҚМГ Орталық аппаратының қызметкері тексерілетін ҚМГ компаниялар тобы ұйымының немесе Құрылымдық бөлімшенің күшімен жою мүмкін болмайтын анықталған тәуекелдер/қауіпті және зияндық өндірістік факторлар, ықтимал қауіпті оқиғалар мен сәйкессіздіктер туралы ақпаратты тиісті түзету іс-әрекеттерін қабылдау үшін ҚМГ ЕҚОҚД-ға жазбаша нысанда хабарлайды.

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 105-беті

5.6.2. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін комиссиялардың жұмысын ұйымдастыру

5.6.2.1. Бірінші басшының немесе бірінші басшының ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасарының төрағалығымен ҚМГ компаниялар тобының барлық ұйымдарында және Құрылымдық бөлімшелерінде ЕҚжЕҚ жай-күйін бақылауды жүзеге асыру және басқа да ЕҚжЕҚ мәселелерін қарау үшін, ЕҚжЕҚ жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін комиссиялар (ТЖК) құрылады.

5.6.2.2. ТЖК құрамында топтар (кіші комиссиялар) құрылатын құрылымдық бөлімшелердің тізбесін бірінші басшының өндірістік мәселелер жөніндегі орынбасары ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметінің басшысымен бірлесіп белгілейді.

ТЖК мен оның топтарының (кіші комиссиясының) құрамына бірінші басшы және/немесе оның орынбасарлары, бас мамандар, басқару аппараты қызметтерінің басшылары, олардың орынбасарлары мен осы қызметтердің жетекші мамандары, ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметінің қызметкерлері, қызметкерлерінің өкілі (қажет болған жағдайда) қосылады.

5.6.2.3. Объективтілік пен алаалықсыздықты қамтамасыз ету мақсатында, тексеру (аудит) бағдарламасы ТЖК мүшелері өз жұмысын тексермейтіндей етіп жасалуы тиіс. Тексеріс сайын ТЖК құрамы дәлелді себепсіз өзгермеуі тиіс.

5.6.2.4. ЕҚжЕҚ жөніндегі ТЖК ҚМГ компаниялар тобы ұйымының немесе Құрылымдық бөлімшенің басшысы бекітетін жылдық жоспарлар (бағдарламалар) бойынша жұмысын жүргізеді.

Жоспарда (бағдарламада) оларға сәйкес келу мәніне тексеру жоспарланатын тексеру мерзімдері, құрылымдық бөлімшелер, критерийлері (заңнамалық талаптар, ішкі талаптар, стандарттар) көрсетіледі.

5.6.3. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін комиссияға арналған әдістемелік ұсынымдар

5.6.3.1. Осы әдістемелік ұсынымдарда объектілердегі жұмыстардың тікелей басшылардың, құрылымдық бөлімшенің өндірістік бірлігі басшыларының, ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының және Құрылымдық бөлімшелердің басшы және инженерлік-техникалық қызметкерлерінің, сондай-ақ ҚМГ Орталық аппараты қызметкерлерінің объектілердегі, учаскелердегі және өндірістік бірліктердегі ЕҚжЕҚ жай-күйін тексеру (аудиттерінің) тәртібі жазылған.

5.6.3.2. Негізгі мақсат:

1) процестердің, өндірістік жабдықтың, қорғау құралдарының және өндірістік ортаның ЕҚжЕҚ бойынша заңдардың, стандарттардың, қағидалар мен нормалардың талаптарына сәйкес келу дәрежесін бағалау;

2) ЕҚжЕҚ нәтижелілігін және жұмыс істеуін айқындау.

10.3.3. ЕҚжЕҚ жай-күйі келесі тәртіппен тексеріледі:

1) тексерілетін объектілер мен оларды сипаттайтын өлшемдерді таңдау;

2) тексеру рәсімін орындау;

3) алынған нәтижелерді Заңнамалық талаптармен салыстырып тексеру;

4) себептерді, анықталған тәуекелдерді (қауіпті және зиянды өндірістік факторларды), ықтимал қауіпті оқиғаларды және қызметкерлердің еңбек жағдайына, қауіпсіздік стандарттарының, қағидалары мен нормаларының талаптарына сәйкессіздіктерді, нұсқаулықтардың сақталмауын, ЕҚжЕҚ бойынша жұмысты ұйымдастырудағы кемшіліктерді айқындау;

5) оларды жою бойынша қажетті түзету іс-әрекеттерін әзірлеу және негіздеу.

5.6.3.4. ЕҚжЕҚ жай-күйін бақылаудың негізгі әдісі – ҚМГ компаниялар тобы ұйымдары мен Құрылымдық бөлімшелердің басшысы мен инженерлік-техникалық қызметкерлерінің

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 106-беті

тікелей объектілерде, өндірістік бірліктерде және құрылымдық бөлімшелерде жүзеге асырылатын профилактикалық жұмысы. Жедел кеңестер мен жұмыс жиналыстарында ЕҚЖЕҚ жай-күйін қарау, ЕҚЖЕҚ қамтамасыз етуге байланысты мәселелерді шешу, ЕҚЖЕҚ бойынша жұмыстың белгілі бір кезеңінің қорытындыларын шығару.

5.6.3.5. Тексеру тексерілетін объектілер, учаскелер, өндірістік бірліктер, өндірістер мен ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының құрылымдық бөлімшелері немесе Құрылымдық бөлімшелер басшыларының қатысуымен, қажетті жағдайларда - ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының жөніндегі қызметкерлердің өкілдері мен тиісті мамандар – механиктердің, энергетиктердің, технологтардың қатысуымен жүргізілуі тиіс.

5.6.3.6. Ұжымдарда тексеру жүргізу кезінде қызметкерлердің белсенділігі мен бастамашылығының өсуіне түрткі болатын, салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайын жасау бойынша жұмысқа құрылымдық бөлімшенің (учаскенің, өндірістік бірліктің) және ҚМГ компаниялар тобы ұйымы мен Құрылымдық бөлімшенің барлық ұжымы – басшысынан бастап, қатардағы орындаушысына дейін қатысатын жағдай мен шарттар жасалуы тиіс.

5.6.3.7. Үшінші және төртінші деңгейлердегі (сатылардағы) тексеруге жоғары тұрған ұйымдардың өкілдері де қатысуы мүмкін.

5.6.3.8. Тексеру жұмыс орындары мен жабдықты қараудан, қажет болғанда, жабдықты, тетіктер мен құрылғыларды сынаудан, қызметкерлер арасында сауалнама жүргізуден және ЕҚЖЕҚ бойынша жұмысты ұйымдастырумен және қолда бар құжаттамамен танысудан тұрады.

Тексерушілер қызметкерлердің қауіпсіз мінез-құлқын, жекелеген қызметкерлердің қауіпсіздік нормалары мен қағидаларының талаптарын, нұсқаулықтарды білуін тексереді.

5.6.3.9. Объектілерді, жұмыс орындарын тексеру барысында тексерілетін бөлімшенің басшы және инженерлік-техникалық қызметкерлері анықталған, қызметкерлердің өміріне және денсаулығына қауіп төндіретін тәуекелдерді (қауіпті және зиянды өндірістік факторларды), ықтимал қауіпті оқиғалар мен сәйкессіздіктерді жою бойынша жедел шараларды қабылдайды, ал қажет болғанда, олардың жұмысын уақытша тоқтатады. Тексерушілер тексерілетін бөлімшелердің қызметкерлеріне туындаған мәселелерді шешуде практикалық көмек көрсетеді.

5.6.3.10. Бақылау деңгейіне қарай, тексеру қорытындылары журналдарда немесе актілерде көрсетіледі, актінің бір данасы анықталған тәуекелдерді (қауіпті және зиянды өндірістік факторларды), ықтимал қауіпті оқиғалар мен сәйкессіздіктерді жою, тиісті түзету іс-әрекеттерді әзірлеу және орындау үшін өндірістік бірліктің немесе құрылымдық бөлімшенің басшысына беріледі.

5.6.3.11. Тексеру актілерінде немесе анықтамаларында өндірістік бірліктердегі, құрылымдық бөлімшелердегі ЕҚЖЕҚ жай-күйі, ЕҚЖЕҚ жай-күйі бойынша тұжырымдар және оны бағалау, ЕҚЖЕҚ басқару нәтижелілігі, қолданылуы көрсетіледі. Тексерушілердің байқаулары (тәуекелдер/қауіпті және зиянды өндірістік факторлар, ықтимал қауіпті оқиғалар мен сәйкессіздіктер) көрсетіледі.

ТЖК актілері бойынша түзету іс-әрекеттерінің жоспарлары әзірленеді, онда анықталған байқау себептері, себептерді жою жөніндегі іс-шаралар, іс-шараларды орындау үшін жауапты тұлғалар, іс-шараларды орындау мерзімдері көрсетіледі.

5.6.3.12. ЕҚЖЕҚ жөніндегі ТЖК жоспарда жоспарланғанның барлығының Заңнамалық талаптарға сәйкес келуін тексереді, бірақ олармен ғана шектелмей:

1) уәкілетті органдардың бұйрықтары мен өкімдерінің, ұйғарымдарының, ұсыныстарының, ұсынымдарының орындалуын, сондай-ақ ЕҚЖЕҚ жай-күйін тексеру журналдарына енгізілген ұсыныстардың орындалуы мен ескертулердің жойылуын;

2) ЕҚЖЕҚ бойынша жоспарлардың (іс-шаралардың) болуын және оларды орындаудың жай-күйін;

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 107-беті

3) объектідегі жұмыстардың тікелей басшыларының, құрылымдық бөлімшенің өндірістік бірлігі басшыларының бірінші және екінші деңгейлердегі жедел бақылауды жүргізу және жиналыстарда, жедел кеңестерде ЕҚЖЕҚ жай-күйін (тұрақты, толық болуын, қажетті шаралардың қабылдануы мен т.б.) қарау тиімділігін;

4) ЕҚЖЕҚ жақсарту бойынша, тәуекелдерді (қауіпті және зиянды өндірістік факторларды), ықтимал қауіпті оқиғалар мен сәйкессіздіктерді жою бойынша жоспарланған іс-шаралардың, сондай-ақ өндірістегі оқиғалар мен жазатайым жағдайларды тергеу актілерінде көзделген іс-шаралардың уақытылы және толық орындалуын;

5) өндірістік объектілерді еңбек жағдайы бойынша аттестаттау қорытындылары бойынша іс-шаралардың орындалуын;

6) қызметкерлердің бұйрықтармен, нұсқаулықтармен, ақпараттық хаттармен танысу тәртібін, нысаны мен оның ресімделуін;

7) қызметкерлерді күрделі жабдық пен тетіктерге қызмет көрсетуге жіберу алдында оларды оқыту және тағлымдамадан өткізу тәртібін, оларда жұмыс істеу құқығына құжаттың болуын;

8) өндірістік бірліктердің қызметкерлердің білімін тексеру жөніндегі комиссияларды ұйымдастыру және олардың құрамын, комиссиялардың жұмыс тәртібін (кестелердің болуын, олардың сақталуын және басқаларын), бағдарламалардың (сұрақтамалардың) болуын, олардың мазмұнын, қызметкерлердің білімін тексеру қорытындыларының ресімделуін;

9) қызметкерлердің, жұмыс орындары мен объектілердің қажетті нұсқаулықтармен, жаднамалармен, қауіпсіздік белгілерімен қамтамасыз етілуін және олардың жай-күйін;

10) ЕҚЖЕҚ мәселелері бойынша құжаттаманың (журналдардың, паспорттардың, хаттамалардың және т.б.) бекітілген тізбе бойынша болуын және дұрыс жүргізілуін;

11) жабдықтың, тетіктердің, бақылау-өлшеу аспаптарының, құрылғылар мен құралдардың, ауа вентиляциясы мен тазарту құрылғыларының, жылыту және жарықтандыру, жабдықты жүйелерінің және құрылыстарды жерге тұйықтаудың, сондай-ақ автоматтандыру механикаландыру құралдарының, көлік құралдарының техникалық жай-күйін, жарамдылығын және дұрыс пайдаланылуын, олардың қауіпсіздік қағидаларының, стандарттардың талаптарына және орындалатын жұмыстың жағдайына сәйкес келуін;

12) негізгі қорлар – ғимараттарды, құрылыстарды, жабдықты жоспарлы-алдын алып жөндеу іс-шараларының, қысыммен жұмыс істейтін ыдыстарды, жүк көтергіш тетіктер мен басқа да жабдықты техникалық куәландырудың ұйымдастырылуы мен жүргізілуін;

13) қоршау, сақтандыру және герметикалық құрылғылардың, автоматты бақылау мен дабылнаманың, қашықтықтан басқару құрылғыларының және басқа да қорғау құралдарының болуын және дұрыстығын;

14) жұмыстардың дұрыс және қауіпсіз ұйымдастырылуын, технологиялық процестердің дұрыс жүргізілуін, қызметкерлердің қауіпсіз жұмыс әдістері мен тәсілдерін, технологиялық режимдерді, нұсқаулықтарды, нарядтарды сақтауын;

15) қауіптілігі жоғары жағдайдағы жұмыстардың дайындалуы мен жүргізілуін, осы жұмыстарды жүргізуге арналған құжаттаманың (нарядтардың, рұқсаттардың және т.б.) дұрыс ресімделуін, қызметкерлерді осындай жұмыстарға жіберу алдында оларға нұсқамалық жүргізу тәртібін;

16) қызметкерлердің жұмыстарды қауіпсіз жүргізу қағидалары мен нұсқаулықтарын, өндірістік және еңбек тәртібін сақтауын;

17) қызметкерлердің ЖҚҚ-мен қамтамасыз етілуін және жұмыс орындарының ЖҚҚ-мен жабдықталуын, олардың дұрыс пайдаланылуын, осы құралдардың жай-күйін;

18) өндірістік бірліктердің, объектілердің санитариялық-тұрмыстық үй-жайлармен және құрылғылармен қамтамасыз етілуін, олардың жай-күйін;

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 108-беті

19) объектідегі жұмыстардың тікелей басшылары мен құрылымдық бөлімшенің өндірістік бірлігі басшыларының объектілердегі ЕҚЖЕҚ жай-күйін есепке алу мен бағалау бойынша жұмыстар кешенін уақытылы және сапалы жүргізуі (ЕҚЖЕҚ бағалау көрсеткіштерінің дұрыстығын);

20) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметінің ұйымдастырылуын және жұмысын, қызметтің тиісті мамандармен жинақталуын, олардың білімін, біліктілігін, жұмыс тәжірибесін, қызмет қызметкерлеріне арналған лауазымдық нұсқаулықтардың болуын, олардың жұмысының мазмұнын, сондай-ақ қызметтің жұмыс жоспарларының болуын және олардың орындалуын, қызметтің үй-жайлармен, көлікпен, қажетті байланыс құралдарымен, ұйымтехникамен, анықтамалық және нормативтік-техникалық әдебиетпен қамтамасыз етілуін;

21) басшылар мен инженерлік-техникалық қызметкерлердің ЕҚЖЕҚ бойынша жұмысын, оларда лауазымдық нұсқаулықтардың болуын, оларда қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз ету бойынша міндеттердің көрсетілуін және олардың орындалуын, құрылымдық бөлімшелерде жедел бақылау мен ЕҚЖЕҚ жай-күйін талдауды жүргізу тиімділігін (тұрақтылығын, мазмұнын, қажетті шаралардың қабылдануын), бас мамандардың осы жұмысқа қатысуын, ЕҚЖЕҚ жай-күйін тексеру журналдарына енгізілген ұсыныстардың орындалуы мен ескертулердің жойылуын, анықталған сәйкессіздіктердің талдануын;

22) жедел талдауды жүргізу мен ЕҚЖЕҚ жай-күйі туралы ақпараттың уақытылы және сапалы болуын;

23) ҚМГ компаниялар тобы ұйымының және Құрылымдық бөлімше басшылығының ЕҚЖЕҚ мәселелері бойынша кеңестерді өткізу (сапасын, тиімділігін), ЕҚЖЕҚ мәселелерін, оның ішінде, әртүрлі кеңестерде, техникалық кеңестерде, жұмыс жиналыстарында, конференцияларда, форумдарда ЕҚЖЕҚ жай-күйін тексеру қорытындыларын қарау нәтижелерін, оларды өткізу кезеңділігін, қабылданатын шешімдердің сапасы мен олардың орындалуын;

24) ЕҚЖЕҚ жақсарту мен сауықтыру жөніндегі іс-шаралардың әзірленуін және жүзеге асырылуын, іс-шаралардың мазмұнын, жоспарланған іс-шаралардың, ұжымдық және жеке шарттардың, келісімдердің уақытылы және толық орындалуын;

25) оқиғалар мен жазатайым жағдайлардың уақытылы тергелуін, олардың дұрыс саралануын және тергеу материалдарының дұрыс ресімделуін, оқиғалар мен жазатайым жағдайлар туралы жедел ақпараттың белгіленген тәртібінің сақталуын, оқиғалар мен жазатайым жағдайлар актілерінде көзделген іс-шаралардың орындалуын, олардың тиімділігін;

26) қызметкерлердің қауіпсіз жұмыс әдістерін оқуының ұйымдастырылуын және оқудың белгіленген тәртібінің сақталуын, қызметкерлерге нұсқамалар берудің тұрақты және сапалы жүргізілуін, бағдарламалардың, сұрақтамалардың болуын, олардың ресімделуін, қызметкерлердің білімін тексеру кестелерінің сақталуын, құжаттаманың (журналдардың, хаттамалардың, куәліктердің және т.б.) дұрыс және сапалы ресімделуін;

27) жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөніндегі нұсқаулықтарды әзірлеу және қайта қарау тәртібін, бөлімшелер бойынша нұсқаулық тізбелерінің болуын, нұсқаулықтардың осы тізбелерге сәйкес іс жүзінде болуын, нұсқаулықтардың уақытылы қайта қаралуын, олардың дұрыс және сапалы ресімделуін;

28) ЕҚЖЕҚ кабинетінің болуын, оның қолданыстағы нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес келуін, оның қажетті құралдармен жабдықталуын, жұмысының ұйымдастырылуын және мазмұнын;

29) құрылымдық бөлімшеде ЕҚЖЕҚ мәселелерін насихаттаудың ұйымдастырылуын, бейнероликтерді көрсетудің, газеттер мен брошюралардың, бюллетеньдер мен ақпараттық парақшаларының шығарылуын, лекциялардың оқылуын, баяндамалардың жасалуын, ЕҚЖЕҚ мәселелері бойынша әңгімелесудің, консультациялардың жүргізілуін;

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 109-беті

30) ЕҚЖЕҚ мәселелері бойынша құжаттаманың (журналдардың, паспорттардың, жоспарлардың, нарядтардың, актілердің және басқалардың) болуын және дұрыс жүргізілуін;

31) жабдықтың, тетіктердің, бақылау-өлшеу аспаптарының, құрылғылар мен құралдардың, вентиляциялық жүйелер мен құрылғылардың, жылыту және жарықтандыру, жабдықты жүйелерінің және құрылыстарды жерге тұйықтау құрылғылары мен құрылыстардың, сондай-ақ автоматтандыру механикаландыру құралдарының, көлік құралдарының, арнайы техниканың техникалық жай-күйін және дұрыс пайдаланылуын, олардың қауіпсіздік қағидаларының және стандарттардың талаптарына сәйкес келуін;

32) қызметкерлердің, жұмыс орындары мен объектілердің қажетті құралдармен, плакаттармен, қауіпсіздік белгілерімен және басқа да көрнекі насихаттау құралдарымен қамтамасыз етілуін;

33) белгіленген нормаларға сәйкес, ҚМГ компаниялар тобы ұйымының құрылымдық бөлімшесінің өндірістік бірліктері мен объектілерінің немесе Құрылымдық бөлімшенің санитариялық-тұрмыстық үй-жайлармен және құрылғылармен қамтамасыз етілуін және олардың жай-күйін;

34) қызметкерлердің ЖҚҚ-мен қамтамасыз етілуін және жұмыс орындарының ЖҚҚ-мен жабдықталуын, олардың дұрыс пайдаланылуын, осы құралдардың жай-күйін, беру нормаларының болуын, оларға арналған өтінімдердің дұрыс жасалуын, өтінімдердің іске асырылуын, ЖҚҚ қабылдаудың, сақтаудың, жөндеудің, химиялық тазарту мен жуудың ұйымдастырылуын;

35) ғимараттар мен құрылыстардың (олардың арқалықтарының, едендерінің, қабырғалары мен басқа да конструкциялық элементтерінің), құрылымдық бөлімшелер, өндірістік бірліктер аумағының, учаскелердің, объектілердің, өтпелердің және өтетін жолдардың, жұмыс орындарының жай-күйін, олардың нормалардың талаптарына сәйкес келуін, ғимараттар мен құрылыстардың жоспарлануын, өндірістік бірліктердегі жабдықтың орналастырылуын;

36) қызметкерлердің жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөніндегі қағидалар мен нұсқаулықтарды, өндірістік және еңбек тәртібін сақтауын;

37) ЕҚЖЕҚ бойынша жұмыс үшін қызметкерлерді материалдық және моральдық ынталандыру жүйелерін қолдану практикасын, ЕҚЖЕҚ жай-күйін есепке алу және талдау жүйесінің енгізілуін тексереді.

5.6.4. Объектідегі жұмыстардың тікелей басшысына арналған ұсынымдар

5.6.4.1. Объектідегі тікелей басшының негізгі міндеттерінің бірі – жұмысшылар үшін ЕҚЖЕҚ қамтамасыз ету, оған ЕҚЖЕҚ жай-күйін тұрақты тексеру және сәйкессіздіктер мен бұзушылықтарды жою бойынша жедел шараларды қабылдау арқылы қол жеткізіледі.

5.6.4.2. Бақылаудың бірінші деңгейіндегі тексеру жұмысты, объектінің жалпы жай-күйін, оларда қауіпті жағдайлар мен тәуекелдердің болуын бақылау мақсатында, жұмыс орындарын тексеріп шығу арқылы күн сайын жұмыс басында және оның барысында жүргізіледі.

Тікелей басшы, ең алдымен, алдыңғы ауысымның жұмысшыларынан (ауысымдық жұмыс жағдайында) немесе тиісті журналдардағы жазбалар бойынша қауіпсіздік қағидалары мен нормаларынан әртүрлі ауытқулардың бар-жоғын анықтайды, алдыңғы күндердегі ЕҚЖЕҚ жай-күйін тексеру журналында тіркелген ескертулер мен кемшіліктердің жойылғанын тексереді.

5.6.4.3. Жұмыс орындарын тексеріп шығу және жабдықты қарау кезінде тікелей басшы:

1) жұмыс орындарының жай-күйін және дұрыс ұйымдастырылуын (жұмыс аймағы мен жұмыс орындарының қауіпсіз жай-күйін, өтпелер мен өтетін жолдардың жай-күйін), бөлшектердің, құралдардың, материалдардың дұрыс қоймаланып, сақталуын;

2) жабдықтың, тетіктердің, бақылау-өлшеу аспаптарының, құрылғылар мен құралдардың техникалық жай-күйін және дұрыстығын, олардың қауіпсіздік қағидаларының талаптарына және орындалатын жұмыс жағдайларына сәйкестігін;

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 110-беті

3) жабдықтың, ілмекті және реттеу арматурасы мен коммуникациялардың герметикалығын;

4) сыйымдылықтардың, баллондардың, рессиверлердің, газгольдерлер мен басқа аппараттардың және қысыммен жұмыс істейтін ыдыстардың жай-күйін;

5) қоршау, сақтандыру және герметикалық құрылғылардың, автоматты бақылау және дабылнама құрылғыларының, қашықтықтан басқару және басқа да қорғау құралдарының болуын және дұрыстығын;

6) вентиляциялық қондырғылардың және жергілікті сорушы жүйелерінің дұрыстығын және үздіксіз жұмысын;

7) жарықтандыру жүйелерінің дұрыстығын және жұмыс орындарын жарықтандырудың жай-күйін;

8) арнайы киімнің, арнайы аяқ киімнің және ЖҚҚ-ның (каскалардың, газтұтқыштардың, қорғау көзілдіріктерінің, сақтандырғыш белбеулерінің және басқаларының) болуын және жұмысшылардың оларды дұрыс пайдалануын;

9) жұмыс орындарының санитариялық жай-күйін, санитариялық-тұрмыстық үй-жайлардың ұсталуын, жұмыс орындарының жуғышпармен жуу және зарарсыздандыру құралдарымен, душ бөлмелеріндегі жуу керек-жарақтарын, дәрі қобдишасының болуын және жинақталуын;

10) нұсқаулықтардың, плакаттардың, ескерту жазбаларының, қауіпсіздік белгілерінің, іске қосу құрылғыларының белгілері мен таңбаларының, басқару символдарының болуын және жай-күйін;

11) қызметкерлердің қауіпсіз жұмыс әдістері мен тәсілдерін, технологиялық режимдерді, нұсқаулықтарды, нарядтарды, өндірістік және еңбек тәртібін сақтауын;

12) тағлымдамадан өтетін қызметкерлердің қауіпсіз тәсілдер мен әдістерді меңгеруін;

13) өрт сөндірудің бастапқы құралдарының болуын және дұрыстығын;

14) жерге тұйықтау құрылғыларының және статикалық кернеуден қорғау құрылғыларының болуын және дұрыстығын тексереді.

5.6.4.4. Тікелей басшы жұмыс барысында ЕҚЖЕҚ жай-күйін және қызметкерлердің қауіпсіздік қағидалары мен нормаларын сақтауын бақылауды оқтын-оқтын жүзеге асырады.

5.6.4.5. Бақылаудың бірінші деңгейіндегі тексеру қорытындылары мен ЕҚЖЕҚ жай-күйін тексеру журналдарының жазбалары қызметкерлердің апта сайын өткізілетін жедел кеңестер мен жиналыстарда ЕҚЖЕҚ жай-күйін жедел талдау үшін туынды деректер болады және ЕҚЖЕҚ жай-күйін бағалау үшін негіз болып табылады.

5.6.5. Өндірістік бірліктің басшылары мен инженерлік-техникалық қызметкерлеріне арналған ұсынымдар

5.6.5.1. Құрылымдық бөлімшенің өндірістік бірлігінің басшысы, оның орынбасарлары мен өндірістік бірліктің басқа да инженерлік-техникалық қызметкерлері объектілерде, бригадаларда, учаскелерде:

1) объектідегі жұмыстардың тікелей басшыларының ЕҚЖЕҚ жай-күйін бақылауды және талдауды жүргізу бойынша жұмысын (тексеру тұрақтылығы мен сапасы, олардың тиімділігі);

2) ЕҚЖЕҚ мәселелері бойынша құжаттаманың (ЕҚЖЕҚ жай-күйін тексеру, нұсқама беруді тіркеу журналдарының, жабдықта арналған паспорттардың және басқалардың) болуын және дұрыс жүргізілуін;

3) құрылымдық бөлімшенің өндірістік бірлігі басшысының өкімдерінің, ҚМГ компаниялар тобы ұйымының немесе Құрылымдық бөлімше басшылығының бұйрықтары мен нұсқаулықтарының орындалуын;

4) ЕҚЖЕҚ жақсарту бойынша іс-шаралардың, қызметкер өкілдерінің ЕҚЖЕҚ бойынша ұсыныстарының уақытылы және толық орындалуын;

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 111-беті

5) объектідегі жұмыстардың тікелей басшыларының қызметкерлерге нұсқамалықтың уақытылы және сапалы жүргізілуін, нұсқамалықтардың дұрыс және сапалы ресімделуін, қызметкерлерде білім және жұмысқа жіберуді тексеру туралы куәліктердің болуын, олардың толық ресімделуін, білім тексерудің уақытылы жүргізілуін, медициналық қарап-тексеруден өтуін, аудару туралы жазбаларды;

6) жұмыс орындарының дұрыс және қауіпсіз ұйымдастырылуын (жұмыс аймағы мен жұмыс орындарының қауіпсіз жай-күйін, өтпелер мен өтетін жолдардың жай-күйін);

7) бөлшектердің, құралдардың, материалдардың дұрыс қоймаланып, сақталуын;

8) жабдықтың, бақылау-өлшеу аспаптарының тетіктерінің, құрылғылар мен құралдардың техникалық жай-күйін және дұрыстығын, олардың қауіпсіздік қағидалары мен орындалатын жұмыстың талаптарына сәйкес келуін;

9) жабдықтың, ілмекті және реттеу арматурасы мен коммуникациялардың герметикалығын, ауа вентиляциясы мен тазартуға арналған қондырғылардың жұмысын, олардың жай-күйін;

10) жерге тұйықтау құрылғыларының болуын және дұрыстығын және олардың статикалық электрден қорғалуын;

11) сыйымдылықтардың, баллондардың, рессиверлердің, газгольдерлер мен басқа аппараттардың және қысыммен жұмыс істейтін ыдыстардың жай-күйін;

12) қоршау, сақтандыру және герметикалық, құрылғылардың, автоматты бақылау және дабылнама құрылғыларының, қашықтықтан басқару және басқа да қорғау құралдарының болуын және дұрыстығын;

13) жұмыс орындарының жай-күйі мен жарықтандыру жүйелерінің дұрыстығын;

14) жұмысшылардың арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен және басқа да ЖҚК-мен (каскалмен, газтұтқыштармен, респираторлармен, қорғау көзілдіріктерімен, маскалармен және қалқаншалармен, сақтандырғыш белбеулермен және басқаларымен) жабдықталуын, олардың жай-күйін, дұрыс пайдаланылуын;

15) жұмыс орындарының санитариялық жай-күйін, санитариялық-тұрмыстық үй-жайлардың ұсталуын, жұмыс орындарының жуғыштармен жуу және зарарсыздандыру құралдарымен, душ бөлмелеріндегі жуу керек-жарақтарын, дәрі қобдишасының болуын және жинақталуын;

16) нұсқаулықтардың, плакаттардың, ескерту жазбаларының, қауіпсіздік белгілерінің, іске қосу құрылғыларының белгілері мен таңбаларының, басқару символдарының болуын және жай-күйін;

17) жұмыстардың дұрыс және қауіпсіз ұйымдастырылуын, технологиялық процестердің дұрыс жүргізілуін, қызметкерлердің қауіпсіз жұмыс әдістері мен тәсілдерін, технологиялық режимдерді, нұсқаулықтарды сақтауын;

18) жоғары қауіптілік жағдайында жұмыстардың дайындалуын және жүргізілуін, осы жұмыстарға арналған құжаттаманың (нарядтардың, рұқсаттардың, жобалардың, жоспарлардың және т.б.) болуын және дұрыс ресімделуін;

19) жұмыстар басшыларының (объектідегі тікелей басшылардың, бригадалардың, шеберлердің, механиктердің және басқалардың) ережелер мен лауазымдық нұсқаулықтарда көзделген қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз ету бойынша өз міндеттерін орындауын тексереді.

5.6.5.2. Бақылаудың екінші деңгейіндегі тексеру қорытындылары бөлімшелерде ЕҚЖЕҚ жай-күйінің деңгейін бағалау үшін шығыс материал болып табылады және өндірістік бірліктің басшысы өткізетін жедел кеңестерде немесе қызметкерлердің жиналыстарында қаралады.

5.6.6. Кәсіподақтар мен қызметкерлердің өкілдері

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 112-беті

5.6.6.1. ЕҚЖЕҚ басқаруды ұйымдастырудың көптеген мәселелерін шешу қызметкердің қатысуын талап етеді, сондықтан да барлық қызметкерлер немесе олардың бір бөлігі үшін оны қызметкерлердің қандай да бір болмасын өкілетті өкілі жасайды. Ұжымдық келіссөздер жүргізгенде, ұжымдық шарт жасалғанда немесе өзгергенде, орындауды бақылау кезінде, сондай-ақ ұйымды басқаруға қатысу құқығын іске асырғанда, еңбек дауларын шешкенде, ұйым қызметкерлерінің мүдделерін кәсіподақ немесе қызметкерлер сайлайтын өзге де өкілдер білдіреді.

5.6.6.2. Заңнамалық талаптарға сәйкес, қызметкерлердің ЕҚЖЕҚ саласындағы құқықтары мен заңдық мүдделерінің сақталуын қоғамдық бақылауды кәсіподақтар және (немесе) қызметкерлердің уәкілетті өкілдері жүзеге асырады.

5.6.6.3. Ұйымда кәсіподақ болмағанда, сондай-ақ қызметкерлердің жартысынан аз санын біріктіретін кәсіподақ болған жағдайда, қызметкерлер көрсетілген кәсіподақ ұйымына немесе қызметкерлер уәкілеттік берген өкілге жалпы жиналыста өз мүдделерін білдіруді тапсыра алады. Қызметкерлердің өкілдерін (уәкілетті тұлғаларды) сайлау тәртібі мен функциялары ұжымдық шартта белгіленуі тиіс.

5.6.6.4. Қызметкерлердің өкілдері (уәкілетті тұлғалары) оларды сайлаған еңбек ұжымының жалпы жиналысында оқтын-оқтын есеп береді және егер олар жүктелген функцияларды орындамаса немесе ЕҚЖЕҚ-да қызметкерлердің құқықтарын қорғау бойынша қажетті қаталдықты білдірмесе, оларды сайлаған органның шешімі бойынша олардың өкілеттіктері қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін шақыртып алынуы мүмкін.

5.6.6.5. Қызметкерлердің өкілдері (уәкілетті тұлғалары) ҚМГ компаниялар тобы Комитеттерінің құрамына кіруі мүмкін.

5.6.6.6. Қызметкерлер өкілдерінің (уәкілетті тұлғаларының) ЕҚЖЕҚ қамтамасыз ету шеңберіндегі негізгі міндеттер:

- 1) салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайын жасауға жәрдемдесу;
- 2) өндірістік бөлімшелердегі ЕҚЖЕҚ жай-күйін және қызметкерлердің ЕҚЖЕҚ саласындағы заңдық құқықтары мен мүдделерінің сақталуын қоғамдық бақылауды жүзеге асыру;
- 3) ЕҚЖЕҚ туралы Заңнамалық талаптардың қолданылуына, ҚМГ компаниялар тобының ұжымдық шарттарда немесе келісімдерде белгіленген ЕҚЖЕҚ жөніндегі міндеттемелерді орындауына байланысты еңбек дауларын қарау кезінде мемлекеттік және қоғамдық ұйымдарда қызметкерлердің мүдделерін білдіру;
- 4) қызметкерлерге ЕҚЖЕҚ мәселелері бойынша консультация беру, ЕҚЖЕҚ-да олардың құқықтарын қорғау бойынша оларға көмек көрсету болып табылады.

5.7. ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУДЫ ЖАҚСARTY ШАРАЛАРЫ

5.7.1. Оқиғалар мен жазатайым жағдайларды тергеу

5.7.1.1. Жазатайым жағдайларды тергеу және есепке алу

11.1.1.1. Еңбек қызметімен байланысты жазатайым жағдай – қызметкер ҚМГ компаниялар тобы ұйымында еңбек (қызметтік) міндеттерін немесе тапсырмаларын орындаған кезде оған әсер ететін және нәтижесінде қызметкердің еңбекке қабілеттіліктен уақытша немесе тұрақты айырылуына, кәсіптік ауруға шалдығуына не қайтыс болуына әкеп соққан қызметкердің жарақаттануы, денсаулығының күрт нашарлауы немесе улануы орын алған өндірістік фактор болып табылады.

5.7.1.1.2. Өндірісте жұмысшылармен, қызметшілермен және басқа да тұлғалармен болған жазатайым жағдайларды саралаудың негізгі қағидаттары, тергеу және ресімдеу тәртібі Заңнамалық талаптарда белгіленген.

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 113-беті

5.7.1.1.3. Өндірісте болған барлық жазатайым жағдайлар, Заңнамалық талаптарға сәйкес, міндетті түрде тергелуі, олардың мән-жайлары егжей-тегжейлі анықталуы, себептері анықтауы, объективті қорытындылар жасалуы, осындай жағдайларды болдырмау бойынша нақты іс-шаралар әзірленуі тиіс.

5.7.1.1.4. Өндірісте болған жазатайым жағдайларды уақытылы және білікті тергеу өндірістік жаракаттылықпен күресудің пәрменді нысандарының бірі болып табылады. Осындай жазатайым жағдайларды тергеу олардың пайда болуының негізгі себептерін объективті анықтауға және одан әрі олардың алдын алу бойынша тиімді шараларды қабылдауға мүмкіндік береді.

5.7.1.1.4. Жазатайым жағдайларды тергеу материалдары ҚМГ компанияларының тобында өндірістік жаракаттылықтың деңгейін азайту бойынша өз қызметін жоспарлау кезінде одан әрі қолданылуы тиіс.

5.7.1.1.5. Өндірістегі жазатайым жағдайларды білікті және тиімді тергеу үшін:

- 1) уақытылы және жедел тергеу;
- 2) тергеуді жүргізетін тұлғалардың құзыреттілігі мен құқықтылығы;
- 3) толық, дәйекті және объективті тергеу қағидаттары сақталуы тиіс.

5.7.1.1.6. Заңнамалық талаптармен қызметкердің өзінің тікелей басшысына өндірісте болған әрбір жазатайым жағдай, кәсіптік аурулар (улану) белгілері туралы, сондай-ақ адамдардың өміріне және денсаулығына қауіп төндіретін жағдай туралы дереу хабарлау міндеті белгіленген.

5.7.1.1.7. Өндірістік объектідегі жұмыстардың тікелей басшысы зардап шеккенге алғашқы медициналық көмек көрсетуді және, қажет болған жағдайда, білікті медициналық көмек көрсету үшін, оны денсаулық сақтау ұйымына (денсаулық сақтау пунктіне, медициналық-санитариялық бөлімге, емханаға) жеткізуді ұйымдастыруға міндетті, одан кейін болған жазатайым жағдай туралы өндірістік бірліктің басшысына дереу хабарлауға міндетті; бұл басқа адамдардың өміріне және денсаулығына қауіп төндірмесе, ал өндірістік процестің үздіксіздігін бұзу апатқа әкеп соқпаса, тергеу басталғанға дейін жазатайым жағдай орнындағы жай-күйді оқиға болған сәттегі күйінде сақтап қалуға, сондай-ақ жазатайым жағдай болған орынды суретке түсіруге міндетті; өндірістегі жазатайым жағдай туралы зардап шеккеннің жақын туыстарына дереу хабарлауға міндетті.

Егер жазатайым жағдайынан кейінгі мән-жайлар басқа қызметкерлердің денсаулығына және өміріне қауіп төндірсе немесе апат, өндірістік процестің бұзылу ықтималдығын тудырса, объектідегі жұмыстардың тікелей басшысы бірінші кезекте қауіпті жағдайды жоюға міндетті.

5.7.1.1.8. ҚМГ компаниялар тобы ұйымының немесе Құрылымдық бөлімшенің басшысы, Заңнамалық талаптарда көзделген нысан бойынша, өндірісте болған әрбір жазатайым жағдай туралы уәкілетті органға дереу хабарлайды.

5.7.1.1.9. ҚМГ компанияларының тобы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ пен оның еншілес және тәуелді ұйымдарының еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, төтенше жағдайлардың алдын алу бойынша деректерді басқарудың корпоративтік ақпараттық жүйесінің жұмыс істеу қағидаларына (KMG-PR-2191.2-13) сәйкес, болған оқиғалар мен жазатайым жағдайларды талдауды, есепке алуды жүргізеді.

5.7.1.1.10. ҚМГ пен оның еншілес және тәуелді ұйымдарының еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғаудың негізгі көрсеткіштері бойынша есептілікті беру жөніндегі қағидаларға (KMG-PR-2407.1-13) сәйкес, ҚМГ ЕҚЖЕҚ саласындағы қызметті талдайды және оның тиімділігін бағалайды.

5.7.1.2. Жазатайым жағдайларды ішкі тергеу және қызметкерлерді тарту

5.7.1.2.1. Оқиғалар мен жазатайым жағдайларды тергеу белгіленген Заңнамалық талаптарға сәйкес жүргізіледі. Сонымен бірге, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-та оқиғалар туралы

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 114-беті

хабарлау және оларды тергеу тәртібі туралы қағидаларда (KMG-PR-2235.1-13), Заңнамалық талаптарға қарама-қайшы келмейтін бөлікте, оқиғаларды ішкі тергеудің жүргізілуін ұйымдастыру көзделген.

5.7.1.2.2. Арнайы тергелуі тиіс жазатайым жағдайлар бойынша ішкі тергеу комиссиясының жұмысын ұйымдастыру ҚМГ компанияларының тобы ресми тағайындалған арнайы тергеу жөніндегі комиссия төрағасының келісімін алғаннан кейін жүзеге асырады.

5.7.1.2.3. Оқиғаны немесе жазатайым жағдайды ішкі тергеу мақсаты оның оқиғаның немесе жазатайым жағдайға және оның іске асырылуына әкеп соққан ерекше себептерін ескере отырып, ҚМГ компаниялар тобы ұйымының ЕҚЖЕҚ басқарудағы кемшіліктерді айқындау және түзету арқылы болашақта осындай жағдайлардың қайталануын болдырмау болып табылады.

5.7.1.2.4. Ішкі тергеу қандай ішкі құжаттар қайта қаралуы немесе өзгеруі тиіс екенін, қауіпсіздікті басқарудың қандай әдістерін жақсарту қажет екенін, қандай қауіп-қатерлерді жою немесе азайту керек екенін көрсетуі тиіс. Жоспарларды әзірлеу және тиісті іс-шараларды іске асыру ішкі тергеу мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған.

5.7.1.2.5. ҚМГ компаниялар тобы ұйымының комиссиясы барлық ықтимал қауіпті оқиғалар бойынша ішкі тергеуді жүргізуі тиіс. Ішкі тергеу жөніндегі комиссияның саны мен құрамы әрбір нақты жағдайға байланысты. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметі оқиғаның күні мен орнын, оның сипаттамалары мен себептерін, себептерді жою шаралары мен оларды орындау туралы белгілерді тіркей отырып, ықтимал қауіпті оқиғалардың есебін жүргізуі тиіс.

5.7.1.2.6. Ішкі тергеу есептерінің қорытындылары ҚМГ компаниялар тобы ұйымының ішкі құжаты болып табылады, оны тарату ҚМГ компаниялар тобының ішкі құжаттарымен белгіленеді. Ықтимал қауіпті оқиғаларды ішкі тергеу жөніндегі есептер ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметте электрондық форматта сақталуы тиіс.

5.7.1.2.7. Жазатайым жағдайларды ішкі тергеуді жүргізу және қызметкерлерді тәуекелдерді (қауіпті және зиянды өндірістік факторларды) басқару процестеріне тарту қажеттілігінің себептері:

- 1) болашақта осындай жағдайларды болдырмау үшін;
- 2) осындай жағдайлармен байланысты тәуекелдерді (қауіпті және зиянды өндірістік факторларды) жою;
- 3) осындай жағдайға әкеп соққан негізгі қауіпті факторларды қарау;
- 4) оқиғалар мен жазатайым жағдайлардың санаттары бойынша (мысалы, жиі туындайтын – сырғанау, сүріну, құлау) бойынша талдау үшін;
- 5) қосымша оқуды жүргізу үшін;
- 6) оны қайта қарау үшін тәуекелдерді басқару жүйесіндегі іркілістерге әкеп соққан түбегейлі (жүйелік) себептерді анықтау үшін;
- 7) жақсарту үшін ұсынымдар;
- 8) залалдарды болдырмау;
- 9) бақылау немесе қадағалау органдарының ұйғарымдары;
- 10) заңнамалық талаптар;
- 11) IOGP кіретін басқа компаниялармен салыстырмалы талдау (бенчмаркинг) жүргізу;
- 12) Уәкілетті органдарға хабарлау.

5.7.2. Ықтимал қауіпті оқиғаларды басқару

5.7.2.1. Ықтимал қауіпті оқиғалар туралы хабарландыру жүйелері

5.7.2.1.1. Ықтимал қауіпті оқиға (қауіпті факторлар, қауіпті жағдайлар), анағұрлым ақпараттық оқиға ретінде, ықтимал қауіпті оқиғаларды тану үшін, сондай-ақ оларды дұрыс түзету және тергеу үшін қолданылады, бұл оқиғалар мен жазатайым жағдайлардың санын азайтуға әкеледі.

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 115-беті

5.7.2.1.2. Ықтимал қауіпті оқиғалар туралы хабарландыру жүйелері қызметкерлердің оқу бағдарламасының бір бөлігі болып табылады.

5.7.2.1.3. Әрбір құрылымдық бөлімшеде және өндірістік бірлікте (цех, бригада) ықтимал қауіпті оқиға туралы хабарландыру процесі әзірленуі және енгізілуі тиіс.

5.7.2.1.4. Әрбір құрылымдық бөлімшеде және өндірістік бірлікте (цех, бригада) қызметкерлердің қауіпті факторлар мен қауіпті жағдайлар туралы хабарландыру бойынша жауапкершілігі белгіленуі тиіс.

5.7.2.1.5. Осы процеске сәйкес, жауапты қызметкер ақпаратты тікелей басшысына береді, өз кезегінде, ол оқиға туралы бірінші басшыға хабарлауы тиіс, себебі сыни жағдай басталғанда, барабар ден қою шараларын қабылдау керек және керек болғанда, өндірістік процесті тоқтату керек.

5.7.2.1.6. Ықтимал қауіпті оқиғаны тану жүйесі (Гейнрих оқиғалар пирамидасы) енгізілуі тиіс.

5.7.2.1.7. Барлық деңгейдегі басшылар, оның ішінде бірінші басшы қызметкерлермен тығыз өзара байланыста болуы тиіс, қызметкерлердің (кері байланыс) немесе қызметкерлер өкілдерінің пікірін есепке алу үшін, ЕҚЖЕҚ бойынша мәселелер (саясаттар, басшылыққа алынатын құжаттар, оларды орындау, тиімділік) топтарда, сондай-ақ жеке қатынаста үнемі талқылау мәні болуы тиіс.

5.7.2.1.8. ЕҚЖЕҚ бойынша отырыстар мен мәжілістер, оқу ақпарат алмасу үшін құралдар болып табылады, кез келген жұмыс кеңесі ЕҚЖЕҚ мәселелерінен басталуы тиіс.

5.7.2.1.9. Ықтимал қауіпті оқиғалар туралы ақпаратты алу үшін, қауіпті жағдайлар мен жұмыс орындарын тексеріп шығу тіркелетін ішінара тексерістер ақпарат көзі болуы мүмкін.

5.7.2.1.10. Коммуникациялардың көптеген түрлері ықтимал қауіпті оқиғалар туралы ақпаратты беру тетіктері болуы мүмкін: қауіп-қатер туралы хабарламалар, мысалы, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобына арналған «Қорғау» картасын қолдану регламентіне (KMG-RG-3537.1-57) сәйкес, Қорғау картасы, ЕҚЖЕҚ бойынша ақпараттық стендтер, қызметкерлер қауіпті жағдайлар туралы хабарлайтын ЕҚЖЕҚ бойынша жиналыстар мен кеңестер, ЕҚЖЕҚ бойынша ақпараттық жүйелер мен есептілік, интернет.

5.7.2.2. Ықтимал қауіпті оқиғаларды есепке алу және талдау

5.7.2.2.1. ҚМГ компаниялары тобының ұйымдарында ықтимал оқиғалар мен жазатайым жағдайларды болдырмау мақсатында, ықтимал қауіпті оқиғалардың есебі мен талдауы жүргізіледі. Ықтимал қауіпті оқиғалар – жабдықтың істемей қалу және жарақатқа әкеп соқпаған, денсаулыққа зиян келтірмеген оқиғалар, тәуекелдер, қауіпті жағдайлар, оның ішінде, ҚМҚБ болуы мүмкін.

5.7.2.2.2. ҚМГ компаниялар тобының барлық қызметкерлері, мердігерлік ұйымдардың қызметкерлері мен кез келген келушілер, оның ішінде, ҚМГ басшылығы мен уәкілетті органдар үшін ықтимал қауіпті оқиғаларды тіркеуге қол жеткізу ұйымдастырылуы тиіс.

5.7.2.2.3. Дерееу ден қоюды талап ететін жағдайларды анықтау үшін, ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметінің қызметкерлері тіркеу журналдарын күн сайын қарауы тиіс.

5.7.2.2.4. Қайталану, қауіптілік дәрежесі, салдарының ауырлығы мәніне талдау, кем дегенде, аптасына бір рет жүргізілуі тиіс. Жиі қайталанатын, бірнеше рет (3 және одан да көп рет) анықталатын ықтимал қауіпті оқиғалар – жойылмайтын бұзушылықтар немесе оларды жойғаннан кейін, қайтадан пайда болатын оқиғалар бойынша осы Стандартқа нысан (KMG-F-3673.1-13/ ST-3669.1-13) бойынша түзету/алдын алу іс-әрекеттерінің жоспарын әзірлеу керек.

5.7.2.2.5. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметі жыл сайын барлық қауіпті оқиғаларды болашақта болдырмау үшін, оларды жинақтайды және талдайды.

5.7.3. Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды жақсарту бойынша жұмысты ынталандыру

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 116-беті

5.7.3.1. Қызметкерлерді қызықтыру және тарту

5.7.3.1.1. Ұйымдар мен қызметкерлердің салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз етуге және ЕҚЖЕҚ қағидалары мен нормаларын сақтауға экономикалық тұрғыдан мүдделі болуы Заңнамалық талаптардың бірі болып табылады.

5.7.3.1.2. ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының өндірістік жарақаттылықты азайту бойынша қызметінің негізгі бағыттарының бірі – ұжымдарда ұйымдастырушылық және тәрбиелік жұмысты одан әрі жетілдіру, басшылардың өндірістегі ЕҚЖЕҚ үшін жауапкершілігін арттыру, қызметкерлердің ЕҚЖЕҚ жақсартуға деген мүдделілігін күшейту, қауіпсіздіктің оң мәдениетін нығайту, қызметкерлердің мотивациясын арттыру, коммуникация және тәжірибе алмасу, барлық деңгейдегі басшылардың және қызметкерлердің ұстанушылық дәрежесін арттыру және ЕҚЖЕҚ бойынша басқару процестеріне тартылуы үшін лидерлік дағдыларын енгізу.

5.7.3.1.3. Осы ұсынымдар ҚМГ компанияларының тобына қолданылады және қызметкерлерді еңбек жағдайын үнемі жақсартуға және өндірістік жарақаттылықтың алдын алуға материалдық мүдделілігін күшейту мақсатында енгізіледі.

5.7.3.1.4. ҚМГ ұйымдарының корпоративтік жүйесінде қолданылатын ЕҚЖЕҚ бойынша жоғары көрсеткіштерге қол жеткізу үшін моральдық және материалдық ынталандырудың көптеген түрлері мен нысандарын ЕҚЖЕҚ жақсарту бойынша жұмыстағы табыстар үшін ұжымдарды ынталандыру үшін қолдануға болады. Жекелеген қызметкерлерді, сондай-ақ бүкіл ұжымды осылай ынталандыру қауіпсіз және салауатты еңбек жағдайын жасау және қамтамасыз ету кезінде маңызды тетік бола алады.

5.7.3.1.5. Моральдық ынталандыру пәрменділігі, көп жағдайда, оны материалдық ынталандырумен бірге дұрыс қолданумен айқындалады.

5.7.3.1.6. ЕҚЖЕҚ жақсарту бойынша жұмысты ынталандыру шараларын кең жариялап, жүзеге асырған жөн (жұмыс жиналыстарында, кеңестер мен форумдарда, көп таралымды, қабырға баспасөзде және басқаларында жариялау).

5.7.3.2. Моральдық және материалдық ынталандыру нысандары мен шарттары

5.7.3.2.1. Моральдық ынталандыруға: алғыс білдіру, ең үздік кәсіп иесі атағын беру және басқалары жатады.

5.7.3.2.2. Материалдық ынталандыруға: қызметкерлерге сыйақы беру, құнды сыйлықтармен марапаттау, демалыс үйлеріне, санаторийлерге тегін жолдамалар беру және т.б. жатады.

5.7.3.2.3. Ынталандырудың әртүрлі нысандарын қолдану қызметкерлер мен жекелеген ұжымдардың еңбек қызметінің нәтижелерін біртұтас бағалауды және материалдық ынталандырудың моральдық мәні бар екенінен негізделетін осы ынталандыру нысандарының өзара байланысын ұсынады, бұл ретте, моральдық ынталандыру материалдық ынталандырумен байланысты болуы тиіс.

5.7.3.2.4. Ынталандыру шарттары барлық ұжымның шығармашылық бастамашылығын дамытуды ынталандыруы тиіс, оны өндірістік жарақаттылық пен кәсіптік аурулардың алдын алу, күнделікті, жүйелі профилактикалық жұмыстың негізінде ЕҚЖЕҚ одан әрі жақсарту бойынша негізгі міндеттерді шешуге бағыттауы тиіс.

5.7.3.2.5. ЕҚЖЕҚ бойынша жоғары және үдемелі көрсеткіштерге қол жеткізу үшін бригадалардың, учаскелердің, өндірістік бірліктердің, құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлеріне (учаскелердің басшыларына, олардың орынбасарларына, механиктерге, энергетика жөніндегі мамандарға, технологтарға, объектідегі жұмыстардың тікелей басшыларына және басқаларына), сондай-ақ ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының басшылары мен қызметкерлеріне сыйақы берілуі тиіс.

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 117-беті

5.7.3.2.6. Бригадалардың, учаскелердің, өндірістік бірліктердің, ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының және Құрылымдық бөлімшелердің ұжымдарына сыйақы беру үшін ЕҚЖЕҚ бойынша келесі негізгі көрсеткіштер белгіленеді:

- 1) жазатайым жағдайлардың болмауы (бригадалар үшін);
- 2) өткен жылдың тиісті кезеңімен (немесе алдыңғы кезеңмен) салыстырғанда, өндірістік жарақаттылықтың деңгейін төмендету. Сыйақы беру үшін, есепті кезеңдегі жарақаттылық көрсеткіштері алдыңғы кезеңнің көрсеткіштерінен жоғары болуы тиіс (өндірістік бірліктер, учаскелер үшін);
- 3) ұйғарымдардың, қауіпсіздік қағидалары мен нормаларының сәйкессіздіктерін анықтау және уақытылы жою;
- 4) апаттардың, жарылыстардың, жанудың, өрттің болмауы;
- 5) қызметкерлерге нұсқамалар беру, олардың білімін тексеру мерзімдерін және апаттарды жою жоспарына сәйкес апатқа қарсы жаттығулар кестесін сақтау;
- 6) кешенді жоспарда, ұжымдық шартта, жазатайым жағдайларды тергеу актілерінде, сондай-ақ тексеру комиссиялары мен мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарының ұсынымдарында және/немесе ұйғарымдарында көзделген еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды жақсарту жөніндегі іс-шараларды уақытылы және сапалы орындау.

5.7.3.2.7. Қызметкерлерге, жекелеген бригадаларға, учаскелерге, өндірістік бірліктерге сыйақы беру ҚМГ компаниялар тобы ұйымы мен Құрылымдық бөлімше басшысының шешімімен жүргізіледі. Сыйақы беру үшін көрсеткіштерді объективті қарап, сыйлықақыларды ЕҚЖЕҚ жақсартуда қол жеткізілген табыстар үшін төлеген жөн.

5.7.3.2.8. Қаралып отырған кезеңде оқиғалар (апаттар, жарылыстар) және жазатайым жағдайлар болған өндірістік бірлікке, учаскеге, бригадаға сыйлықақы беруге арналған материалдар қаралмайды.

5.7.3.2.9. Олар үшін белгіленген ЕҚЖЕҚ бойынша көрсеткіштер орындалған жағдайда, басқа өндірістік бірліктерге, учаскелер мен бригадаларға, ҚМГ компаниялар тобы ұйымы мен Құрылымдық бөлімшенің жалпы көрсеткіштеріне қарамастан, сыйақы беріледі.

5.7.3.2.10. Сыйақы беруге арналған материалдарды:

- 1) объектідегі жұмыстардың тікелей басшысы дайындап, құрылымдық бөлімшенің өндірістік бірлігінің басшысына береді;
- 2) құрылымдық бөлімшелердің өндірістік бірлігінің басшысы дайындап, ҚМГ компаниялар тобы ұйымының құрылымдық бөлімшесінің басшысына береді. Берілетін материалдарды ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметінің қызметкерлері алдын ала қарайды.

5.7.3.2.11. Қызметкерлерді және жекелеген ұжымдарды ЕҚЖЕҚ жақсарту, өндірістік жарақаттылық пен кәсіптік аурулардың алдын алу бойынша белсенді жұмыс үшін материалдық ынталандыру шарттары, көрсеткіштері және тәртібі ҚМГ компаниялар тобының әрбір ұйымында және оның Құрылымдық бөлімшесінде қызметкерлерге техникалық-экономикалық көрсеткіштерді орындағаны үшін сыйлықақы беру туралы жалпы ережелермен, сондай-ақ қызметкерлердің өкілдерімен келісім бойынша, ҚМГ компаниялар тобы ұйымының және оның Құрылымдық бөлімшесінің басшысы әзірлейтін және бекітетін ішкі ережелерде көзделуі тиіс.

5.7.3.2.12. Моральдық және материалдық ынталандыру мақсатында, ҚМГ компаниялар тобының ұйымы өзінің құрылымдық бөлімшелері арасында ЕҚЖЕҚ бойынша байқау-конкурстарды оларды өткізу туралы ішкі ережелерге сәйкес өткізуге міндетті.

5.7.4. Комитеттер

5.7.4.1. ЕҚЖЕҚ басқару бойынша озық және ең үздік практикаларды ескере отырып, барлық деңгейлердегі басшылар мен қызметкерлердің ЕҚЖЕҚ бойынша басқару процестерін ұстанушылығы мен тартылу дәрежесін арттыру үшін, ҚМГ компанияларының тобында ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жөніндегі комитеттер жүйесі құрылды.

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 118-беті

5.7.4.2. ҚМГ компаниялар тобының комитеттері ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы қызметтің шеңберінде ЕҚжЕҚ бағыты бойынша бағдарламаларды, жоспарлар мен бастамашылықтарды қамтамасыз ету, іске асыру және орындау процесінің консультативтік-кеңес органдары болып табылады, олардың негізгі функциялары мынадай:

5.7.4.2.1. ҚМГ Директорлар кеңесінің деңгейінде (ЕҚЕҚОҚОДК):

1) ҚМГ Директорлар кеңесі үшін ҚМГ саясатының негізгі бағыттарын және МЖ жетілдіруге бағытталған ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы негізгі бастамашылықтарды белгілеу, сондай-ақ ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы ішкі реттеуші құжаттарды (стандарттарды) әзірлеу және бекіту мәселелері бойынша ұсынымдар әзірлеу;

2) ЕҚЕҚОҚОДК міндеттеріне сәйкес, ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы ҚМГ бағдарламалық құжаттарының тиімділігін бақылауды жүзеге асыру;

3) ЕҚЕҚОҚОДК міндеттерінің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында ҚМГ-нің лауазымдық тұлғалары мен құрылымдық бөлімшелерінің жұмысын үйлестіру;

4) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы іс-шаралардың мониторингі және оларды бағалау;

5) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ мәдениетін қалыптастыру және арттыру;

6) өндірістегі өлім жағдайлары мен ірі технологиялық апаттарды тергеу нәтижелерін талдау, сондай-ақ қажетті шараларды қабылдау бойынша ұсынымдарды әзірлеу;

7) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ және, тұтастай алғанда, МЖ жақсарту және үнемі жетілдіру.

ҚМГ Директорлар кеңесі Комитетінің (ЕҚЕҚОҚОДК) құрамы ҚМГ Жарғысында белгіленген тәртіппен сайланады.

11.4.2.2. ҚМГ Орталық аппаратының деңгейінде (ҚМГ Комитет):

1) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы шешімдерді қабылдау кезінде қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы ҚМГ саясатын іске асыруда жәрдемдесу;

2) ҚМГ ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы тиімді корпоративтік басқару жүйесін ұйымдастыру және қажетті ресурстармен (қаржылық, материалдық және адами) қолдау бойынша ұсынымдар мен ұсыныстарды дайындау;

3) ҚМГ ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы көрсеткіштердің мониторингі, қойылған мақсаттар мен міндеттерді талдау және оларға қол жеткізуді бағалау;

4) ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының Комитеттерімен өзара іс-қимылды үйлестіру және оның тиімділігі.

ҚМГ Комитетінің құрамы ҚМГ Басқармасының бұйрығымен тағайындалады.

5.7.4.2.3.

ҚМГ компаниялар тобы ұйымының деңгейінде (ҚМГ компаниялар тобы ұйымының Комитеті):

1) оқиғалар мен жазатайым жағдайлар статистикасының өзгеру үрдістерін анықтау және есепті жасау үшін оларды талдау, сондай-ақ түзету іс-қимылдары бойынша ұсынымдар беру;

2) ЕҚжЕҚ саласындағы ішкі реттеуші құжаттардың (стандарттардың) енгізілуін бақылау;

3) мемлекеттік бақылау органдарының тексеру актілері мен ұйғарымдарын және аудиторлық тексеру есептерін қарау;

4) саясаттарды, нұсқаулықтарды әзірлеуде көмек көрсету;

5) ЕҚжЕҚ бойынша оқу тиімділігінің мониторингі;

6) ЕҚжЕҚ мәселелері бойынша қызметкерлерді ақпараттандыру мониторингі және оны жетілдіру;

7) ЕҚжЕҚ басқару тиімділігін талдау және бағалау.

ҚМГ компаниялар тобы ұйымының немесе Құрылымдық бөлімшенің деңгейінде, ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ бағыты бойынша әртүрлі комитеттер (ЕҚжЕҚ жөніндегі өндірістік кеңес, ЕҚжЕҚ жоғары көрсеткіштері жөніндегі комитет және басқалары) жұмысының тиімділігі және оны

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 119-беті

оңтайландыру мақсатында, Заңнамалық талаптарға қарама-қайшы келмейтін шарттарда оларды біріктіру ұсынылады.

5.7.4.3. ҚМГ Орталық аппараты мен ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының арасындағы тиімді және пәрменді үйлестіру Комитеттердің жүйесі (қосалқы тармақ) мен ҚМГ компаниялар тобының қазіргі бар ұйымдық құрылымы арқылы (желілік ұйымдық құрылым, иерархия) ұйымдастырылады, ол өндіріске байланысты іс-шараларды орындауға, сондай-ақ ҚМГ саясатын (іске асыру тармағы) орындауға арналған.

6. НӘТИЖЕЛЕЛІК КРИТЕРИЙЛЕРІ

Төмендегілер нәтижелелік критерийлері болып табылады:

6.1. ҚМГ компанияларының тобында Заңнамалық талаптар мен осы Стандарттың талаптарын сақтау.

6.2. ҚМГ компанияларының тобында жазатайым жағдайлар мен жарақаттылықтың алдын алуға және оларды болдырмауға бағытталған тәуекелдерді (қауіпті және зиянды өндірістік факторларды) тиімді бағалау.

6.3. ЕҚЖЕҚ саласындағы тиімділік негізгі көрсеткіштерін жақсарту.

7. ҚҰЖАТТАРҒА СІЛТЕМЕЛЕР

7.1. Осы Стандартта ҚМГ-нің келесі ішкі құжаттарына сілтемелер қолданылады:

1.	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 20 ақпандағы шешімі № 2/2020 хаттама	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы саясаты
2.	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 30 қазандағы шешімі № 54 хаттама	«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ қызметкерлерінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы «Алтын қағидалар» кодексі
3.	1-нұсқа	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобындағы денсаулық сақтау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы менеджмент жүйесі жөніндегі басшылық
4.	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 12 желтоқсандағы шешімі № 19/2018 хаттама	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің еңбек қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму жөніндегі комитеті туралы ереже
5.	KMG-PR-847.1-13	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитеті туралы ереже
6.	KMG-PR-3203.1-37	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ пен оның еншілес және тәуелді ұйымдарында қызметтің үздіксіздігін басқару процесін ұйымдастыру қағидалары
7.	KMG-PR-1.14-9	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-та ИБЖ құжаттарын басқару

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 120-беті

		қағидалары
8.	KMG-ST-3485.1-13	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында денсаулық сақтау және еңбек гигиенасы жөніндегі корпоративтік стандарт
9.	KMG-ST-3407.1-13	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен, жеке қорғау құралдарымен қамтамасыз ету жөніндегі корпоративтік стандарт
10.	KMG-ST-3524.1-13	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобындағы еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы мердігерлік ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі корпоративтік стандарт
11.	KMG-ST-3467.1-13	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы құзыреттерді қамтамасыз ету жөніндегі корпоративтік стандарт
12.	KMG-PR-434.8-6	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ қызметкерлерінің оқуы мен дамуы туралы қағидалар
13.	KMG-PR-2191.2-13	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы төрағасының «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобының денсаулық сақтау, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы ең үздік инновациялық идеялар мен практикалар» атты жыл сайынғы конкурсын өткізу тәртібі мен шарттары туралы қағидалар
14.	KMG-PR-2198.1-13	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ пен оның еншілес және тәуелді ұйымдарының еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі деректерді басқарудың корпоративтік ақпараттық жүйесінің жұмыс істеу қағидалары
15.	KMG-PR-2235.1-13	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-та хабарландыру және оқиғаларды тергеу тәртібі туралы қағидалар
16.	1-нұсқа	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ жерүсті көлік құралдарын қауіпсіз пайдалану регламенті
17.	KMG-PR-2456.1-13	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобына кіретін ұйымдардың өрттің алдын алуға және оны сөндіруге дайындығын тексеруді және бағалауды жүзеге асыру қағидалары
18.	KMG-PR-2312.1-13	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ қауіпсіздік бойынша мінез-құлықты байқау қағидалары
19.	1-нұсқа	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында жедел медициналық көмекті ұйымдастыру жөніндегі регламент
20.	KMG-RG-3313.1-13	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ сыни жағдайларды басқару жөніндегі регламент
21.	KMG-PR-2407.1-13	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ пен оның еншілес және тәуелді ұйымдарының еңбек қауіпсіздігінің және еңбекті қорғаудың негізгі көрсеткіштері жөніндегі есептілікті беру жөніндегі қағидалар
22.	KMG-PR-2629.1-13	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ қауіп жоғары жұмыстарды жүргізу кезінде еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 121-беті

		коршаған ортаны қорғау саласындағы қауіп-қатерлер мен тәуекелдерді анықтау қағидалары
23.	KMG-PR-2065.1-13	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ энергия көздерін оқшаулау қағидалары
24.	KMG-RG-3537.1-57	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобы үшін «Қорғау» картасын қолдану регламенті
25.	RG-6.13-8	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында іс қағаздарын жүргізу жөніндегі регламент
26.	KMG-RI-195.2-13	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ қызметкерлері үшін еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша кіріспе нұсқамалар беру» туралы жұмыс нұсқаулығы

7.2. Осы Стандартта келесі нормативтік құжаттар мен стандарттарға сілтемелер қолданылады:

1) ISO 45001:2018 «Еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі менеджментінің жүйелері - Қолдану бойынша талаптар мен ұсынымдар»;

2) ГОСТ 12.0.230-2007 «Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Еңбекті қорғауды басқару жүйелері. Жалпы талаптар. ILO-OSH2001»;

3) СТ РК 12.0.002-2016 «Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Ұйымдарда еңбекті қорғауды басқару жүйесі. Тәуекелдерді бағалау және басқару жөніндегі басшылық»;

4) СТ РК 12.0.003-2010 «Ұйымда еңбекті қорғауды басқару жүйесі. Әзірлеу, қолдану, бағалау және жетілдіру бойынша жалпы талаптар»;

5) СТ РК 12.0.005-2016 «Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Ұйымдарда еңбекті қорғауды басқару жүйесі. Тексеруді (аудитті) ұйымдастыру».

6) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;

7) «Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

8) «Ұйымдағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметі туралы үлгі ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы №1020 бұйрығы;

9) «Міндетті медициналық тексеріп-қарау жүргізілетін зияндық өндірістік факторлардың, кәсіптердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 ақпандағы №175 бұйрығы;

10) «Жұмыс берушінің қаражаты есебінен қызметкерлерге сүт, емдік-профилактикалық тағам, арнайы киім, арнайы аяқ киім және басқа да жеке қорғану құралдарын беру, ұжымдық қорғану құралдарымен, санитариялық-тұрмыстық үй-жайлармен және құрылғылармен қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы №1054 бұйрығы;

11) «Жұмыс берушінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу, бекіту және қайта қарау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 927 бұйрығы;

12) «Қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытудан, нұсқау беруден және білімін тексеруден өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 1019 бұйрығы;

13) «Өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша міндетті мерзімдік аттестаттау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1057 бұйрығы;

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі» туралы корпоративтік стандарт	
Құжаттың түрі: ИБЖ корпоративтік стандарты	№: KMG-ST-3669.1-13	122 беттің 122-беті

14) «Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын және Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының, жұмысшы кәсіптерінің тарифтік-біліктілік сипаттамаларының біліктілік анықтамалығын және ұйымдар басшылары, мамандары және басқа да қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын әзірлеу, қайта қарау, бекіту және қолдану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 21 желтоқсандағы № 982 бұйрығы;

15) «Өндірістік бақылауды жүзеге асыруға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 6 маусымдағы № 239 бұйрығы;

16) «Еңбек жөніндегі нормативтерді бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2013 жылғы 3 желтоқсандағы № 604-ө-м бұйрығы;

17) Р 2.2.755-99. Өндірістік орта факторлары зияндылығының және қауіптілігінің, еңбек процесі ауырлығының және қауырттылығының көрсеткіштері бойынша еңбек жағдайларын бағалаудың және сыныптаудың гигиеналық критерийлері. (ҚР АДЗ 2000 жылғы 30 қарашадағы тіркеу нөмірі № 1.04.001.2000);

18) Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2002 жылғы 15 қарашадағы № 266-б бұйрығымен бекітілген Жұмыстар мен кәсіптердің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы (БТБА).

8. ЖАЗБА НЫСАНДАРЫ

1.	KMG-F-3689.1-13/ST-3669.1-13	ЕҚЖЕҚ саласындағы жұмыстар мен өкілеттіктердің негізгі бағыттары
2.	KMG-F-3671.1-13/ST-3669.1-13	ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметінің үлгілік іс номенклатурасы (ұсынылады)
3.	KMG-F-3670.1-13/ST-3669.1-13	Нұсқамалықтарды тіркеудің жеке карточкасының нысаны
4.	KMG-F-3674.1-13/ST-3669.1-13	Кіріспе нұсқаулықты тіркеу журналының нысаны
5.	KMG-F-3675.1-13/ST-3669.1-13	Жұмыс орнындағы нұсқамалықты тіркеу журналының нысаны
6.	KMG-F-3676.1-13/ST-3669.1-13	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі іс-шаралардың тізбесі (ұсынылады)
7.	KMG-F-3673.1-13/ST-3669.1-13	Түзету/алдын алу іс-әрекеттер жоспарының нысаны
8.	KMG-F-3672.1-13/ST-3669.1-13	Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғаудың жай-күйін тексеру журналының нысаны
9.	KMG-F-3792.1-13/ST-3669.1-13	Кіріспе нұсқамалықты жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	ЕҚЖЕҚ саласындағы жұмыстың негізгі бағыттары, жауапкершілік және өкілеттіктер	
ИБЖ нысаны	KMG-F-3689.1-13/ ST-3669.1-13	5 беттің 1-беті

ЕҚЖЕҚ саласындағы жұмыстың негізгі бағыттары, жауапкершілік және өкілеттіктер

№	Ұйым деңгейлері (лауазымдық топтар)	ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы жұмыстың негізгі бағыттары/жауапкершілік және өкілеттіктер	Кезеңділік
I	ҚМГ орталық аппараты		
1.	ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшелері	1. ЕҚЖЕҚ талаптарын сақтауы - лидерлік пен ұстанушылық көрсету.	Ұдайы
		2. ҚМГ даму стратегиясы мен саясатты қарау және мақұлдау.	Қажеттілігіне қарай
		3. Комитет шеңберінде ЕҚЖЕҚ саласындағы жұмыс қорытындыларын қарауға қатысу және прогресті бағалау.	Комитеттің бекітілген кестесіне сәйкес
		4. МЖ қолдау үшін қажетті ресурстармен қамтамасыз ету. 5. Объектілерге бару және ЕҚЖЕҚ саласындағы проблемалық мәселелерді шешу, қызметкерлерден кері байланыс алу.	Қажеттілігіне қарай
2.	ҚМГ басшылығы, Бизнес-бағыт басшылары, Қызмет бағытының басшылары, Құрылымдық бөлімшелердің басшылары	1. ЕҚЖЕҚ талаптарын сақтауы - лидерлік пен ұстанушылық көрсету. 2. ҚМГ-де жұмыс орнында ЕҚЖЕҚ қамтамасыз ету/ҚМГ компаниялар тобының жетекшілік ететін ұйымда ЕҚЖЕҚ талаптарының сақталуын бақылау. 3. ЕҚЖЕҚ саласындағы бастамашылықтар мен бағдарламаларды іске асыру үшін қажетті ресурстармен қамтамасыз ету. 4. ЕҚЖЕҚ-ның ҚМГ корпоративтік басқару жүйесіне интеграциялануы.	Ұдайы
		5. ҚМГ даму стратегиясы мен Саясатты қарау және келісу. 6. ЕҚЖЕҚ саласындағы міндеттер мен басымдықтарды белгілеу және одан арғы іс-әрекеттерді жоспарлау процесі арқылы оларға қол жеткізу.	Жыл сайын
		7.Өндірістік көрсеткіштер жүйесіне интеграцияланған ЕҚЖЕҚ мәселелерінің басымдығы, Комитет жұмысының шеңберіндегі жұмыс қорытындылары және прогресті бағалау. 8. Деңгейлік бағалауды жүргізу/жүргізуге қатысу (құрылым мен жауапкершілік деңгейіне сәйкес).	Тоқсан сайын
		9.Лидерлік пен ұстанушылықты көрсетуге мүмкіндік беретін іс-шараларға қатысу (ЕҚЖЕҚ күндері, ЕҚЖЕҚ бойынша кеңестер мен форумдар, мерекелер және басқалары) 10. ҚМГ компанияларының тобында ЕҚЖЕҚ саласындағы жұмыс қорытындыларымен танысу. 11. Белгіленген іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз ету үшін тікелей бағыныстағы қызметкерлерімен ЕҚЖЕҚ саласындағы жұмыстың қорытындыларын қарау.	Тұрақты (мысалы, бір тоқсанда/айда/аптада)
		12. Бағыныстағы қызметкерлерімен ЕҚЖЕҚ саласындағы бастамашылықтар мен бағдарламалар бойынша нақты үміттерді тұжырымдау және жұмыс қорытындыларын басқару. 13. Жазатайым жағдайлар туралы ақпаратты дереу алу және барлық елеулі оқиғалар туралы ақпаратты 24 сағат ішінде алу 14. Жазатайым жағдайларды тергеуге қатысу, жетекшілік ететін қызметпен/объектілермен байланысты ЕҚЖЕҚ саласындағы түбегейлі (жүйелік) себептерді талдау.	Қажеттілігіне қарай

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	ЕҚЖЕҚ саласындағы жұмыстың негізгі бағыттары, жауапкершілік және өкілеттіктер	
ИБЖ нысаны	KMG-F-3689.1-13/ ST-3669.1-13	5 беттің 2-беті

		15. Объектілерге бару және ЕҚЖЕҚ саласындағы проблемалық мәселелерді шешу, қызметкерлерден кері байланыс алу	Токсан сайын
3.	Қызметкерлер (Құрылымдық бөлімше басшысының орынбасары/бөлім бастығы, жетекші маман/сарапшы, аға маман/маман)	1. ЕҚЖЕҚ бойынша басшылық құжаттардың талаптарын сақтау және орындау. 2. Жұмыстарды қауіпсіз орындауға мүмкіндік беретін психологиялық және физикалық күйде жұмыстарды орындауға дайын болу. 3. Тікелей басшыларға ықтимал тәуекелдер/қауіпті және зиянды өндірістік факторлар туралы дереу хабарлау, оның ішінде, объектілерге барғанда. 4. Объектілерге барғанда қағидалар мен нормаларға сәйкес ЖҚҚ пайдалану және жай-күйінің сақталуын қамтамасыз ету.	Ұдайы
		5. Жұмыс орнын күн сайын тексеру арқылы жұмыс орнында қауіпсіздік пен тәртіпті қамтамасыз ету. 6. ЕҚЖЕҚ бойынша коммуникацияларға қатысу.	Тұрақты (мысалы, тоқсан/ай/апта)
		7. ЕҚЖЕҚ бойынша жиналыстарға қатысу. 8. Кәсіби/мамандығы бойынша оқудан өту. 9. Объектілерге барғанда, қызметкерлердің немесе айналадағы адамдардың өміріне және денсаулығына негізді түрде қауіп төндіретін жағдай туындағанда араласу. 10. Оқиғаларды тергеуге қатысу. 11. МЖ жақсарту бойынша ұсыныстарды беру.	Қажеттілігіне қарай
II	ҚМГ компаниялар тобының ұйымы		
1.	Бірінші басшы (бас директорлар, өңірлік құрылымдық бөлімшелердің немесе филиалдардың, базалар мен өкілдіктердің директорлары), Өндірістік мәселелер жөніндегі директорлар (бас директорлардың орынбасарлары, өңірлік құрылымдық бөлімшелер немесе филиалдар, базалар мен өкілдіктер директорларының орынбасарлары, техникалық директорлар, бас инженерлер)	1. ЕҚЖЕҚ талаптарын сақтауы - лидерлік пен ұстанушылық көрсету. 2. ҚМГ компаниялар тобының ұйымында/жұмыс орнында ЕҚЖЕҚ қамтамасыз ету. 3. ЕҚЖЕҚ саласындағы бастамашылықтар мен бағдарламаларды іске асыру үшін қажетті ресурстармен қамтамасыз ету. 4. ҚМГ компаниялар тобы ұйымының жүйесінде ЕҚЖЕҚ интеграциясы.	Ұдайы
		5. ЕҚЖЕҚ бойынша бағдарламалар мен бастамашылықтардың қабылдануын және орындалуын бақылау. 6. ЕҚЖЕҚ саласындағы міндеттер мен басымдықтарды белгілеу және одан арғы іс-әрекеттерді жоспарлау процесі арқылы оларға қол жеткізу.	Жыл сайын
		7. Өндірістік көрсеткіштер жүйесіне интеграцияланған ЕҚЖЕҚ мәселелерінің басымдығы, Комитет жұмысының шеңберіндегі жұмыс қорытындылары және прогресті бағалау. 8. Деңгейлі бағалауды жүргізу/жүргізуге қатысу (ұйымдық құрылымға және жауапкершілік деңгейіне сәйкес)	Токсан сайын
		9. Лидерлік пен ұстанушылықты көрсетуге мүмкіндік беретін іс-шараларға қатысу (ЕҚЖЕҚ күндері, ЕҚЖЕҚ бойынша кеңестер мен форумдар, мерекелер және басқалары). 10. Тікелей бағыныстағы қызметкерлерімен ЕҚЖЕҚ саласындағы жұмыс қорытындыларын қарау және ұйымда жоспарланған іс-шаралардың орындалуын бақылау. 11. ЕҚЖЕҚ бойынша ай сайынғы кеңестерді төраға ретінде өткізу және/немесе оларға қатысу.	Тұрақты (мысалы, тоқсан/ай/апта)

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТУМЫҚ КОМПАНИЯСЫ	ЕҚЖЕҚ саласындағы жұмыстың негізгі бағыттары, жауапкершілік және өкілеттіктер	
ИБЖ нысаны	KMG-F-3689.1-13/ ST-3669.1-13	5 беттің 3-беті

		12. Тікелей бағыныстағы қызметкерлерінің ЕҚЖЕҚ саласындағы нақты үміттерін тұжырымдау және жұмыс қорытындыларын басқару. 13. ЕҚЖЕҚ саласындағы ақпаратты таратуға арналған кеңестерді өткізу. 14. Жарақат алуға әкеп соққан жазатайым жағдайлар туралы, барлық оқиғалар туралы ақпаратты дереу хабарлау. 15. Ұйымның тиісті деңгейлердегі барлық оқиғаларды қарау; 16. Оқиғаларды тергеуге қатысу және болашақта оларды жою үшін түбегейлі (жүйелік) себептерді анықтау. 17. Ұйымда ЕҚЖЕҚ бойынша бағалау қорытындыларын қарау және анықталған сәйкессіздіктерді жою бойынша іс-әрекеттер жоспарының әзірленуін қамтамасыз ету.	Қажеттілігіне қарай
2.	Желілік басшылары (бас геологтар, бас механиктер, бас энергетиктер, учаскелердің/цехтардың бастықтары), құрылымдық бөлімшелердің басшылары	1. ЕҚЖЕҚ талаптарын сақтауы - лидерлік пен ұстанушылық көрсету. 2. ҚМГ компаниялар тобының ұйымында/жұмыс орнында ЕҚЖЕҚ қамтамасыз ету. 3. ЕҚЖЕҚ саласындағы бастамашылықтар мен бағдарламаларды іске асыру. 4. ҚМГ компаниялар тобы ұйымының жүйесінде ЕҚЖЕҚ интеграциясы.	Ұдайы
		5. Өз бөлімшесінде ЕҚЖЕҚ бойынша бағдарламалар мен бастамашылықтардың қабылдануын және орындалуын бақылау. 6. ЕҚЖЕҚ саласындағы міндеттер мен басымдықтарды белгілеу және одан арғы іс-әрекеттерді жоспарлау процесі арқылы оларға қол жеткізу. 7. Өндірістік көрсеткіштер жүйесіне интеграцияланған ЕҚЖЕҚ мәселелерінің басымдығы, Комитет жұмысының шеңберіндегі жұмыс қорытындылары және прогресті бағалау. 8. Ішкі құжаттарға сәйкес учаске/цех қызметкерлерінің оқу жүйесін қарау. 9. Жұмыс орындарын тексеру жүйелерін бақылау және аудиттері. 10. Учаскенің/цехтың ЕҚЖЕҚ бойынша іс-шараларды бағалау қорытындыларын қарау және анықталған сәйкессіздіктерді жою бойынша іс-әрекеттер жоспарларының әзірленуін қамтамасыз ету. 11. Мердігерлік ұйымдарда ЕҚЖЕҚ бойынша іс-шараларды орындау.	Жыл сайын
		12. Әзірленген кестеге сәйкес жеңгейлі бағалауды жүргізу/бағалауға қатысу (ұйымның құрылымына және жауапкершілік деңгейіне сәйкес). 13. Тікелей бағыныстағы қызметкерлерді деңгейлі бағалау аудиттері және олардың сапасына қатысты кері байланыс.	Тоқсан сайын
		14. Лидерлік пен ұстанушылықты көрсетуге мүмкіндік беретін іс-шараларға қатысу (ЕҚЖЕҚ күндері, ЕҚЖЕҚ бойынша кеңестер мен форумдар, мерекелер және басқалары). 15. ЕҚЖЕҚ бойынша ай сайынғы кеңестерді төраға ретінде өткізу және/немесе оларға қатысу. 16. Барлық қызметкерлермен ЕҚЖЕҚ бойынша коммуникациялар жүргізуге қатысты талаптар қою; 17. Учаскелердің/цехтардың тұрақты кеңестерінің шеңберінде ЕҚЖЕҚ мәселелерін талқылау. 18. Учаскеде, цехта ЕҚЖЕҚ саласындағы жұмыстардың қорытындыларын қарау және қажетті шараларды қабылдау. 19. Тікелей бағыныстағы қызметкерлерге ЕҚЖЕҚ саласындағы жұмыстың қорытындылары бойынша ақпарат беру. 20. ЕҚЖЕҚ бойынша бағдарламалар мен бастамашылықтардың орындалуын, ЕҚЖЕҚ саласындағы жұмыс және тікелей бағыныстағы қызметкерлерімен белгіленген іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз ету үшін мониторинг жүргізу қорытындылары бойынша бағдарламалар мен бастамашылықтардың орындалуын бақылау.	Тұрақты (мысалы, тоқсан/ай/апта)

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	ЕҚЖЕҚ саласындағы жұмыстың негізгі бағыттары, жауапкершілік және өкілеттіктер	
ИБЖ нысаны	KMG-F-3689.1-13/ ST-3669.1-13	5 беттің 4-беті

		21. Тікелей бағыныстағы қызметкерлерінің ЕҚЖЕҚ саласындағы нақты үміттерін тұжырымдау және жұмыс қорытындыларын басқару. 22. Жарақат алуға әкеп соққан барлық елеулі оқиғалар туралы ұйымның бірінші басшысына дереу хабарлау. 23. Барлық оқиғаларды тергеу және белгіленген іс-шараларды орындау қорытындыларын қарау. 24. Жеке қатынасу барысында ұйымда тиісті басшылармен және қызметкерлермен барлық оқиғаларға шолу жасау. 25. Барлық оқиғалардың түбегейлі (жүйелік) себептерін анықтау және олардың қайталануын болдырмау үшін тиісті шаралардың қабылдануын қамтамасыз ету үшін оларды тергеу қорытындыларын қарау. 26. Қайталанатын үрдістер мен схемалар тұрғысынан оқиғаларды талдау.	Қажеттілігіне қарай
3.	Топтың немесе бригаданың басшысы (тәлімгер немесе шебер)	1.ЕҚЖЕҚ талаптарын сақтауы - ЕҚЖЕҚ саласындағы лидерлік пен ұстанушылық көрсету. 2.Ұйымда/жұмыс орнында ЕҚЖЕҚ қамтамасыз ету; 3.Ұйымның басқару жүйесіндегі ЕҚЖЕҚ интеграциясы.	Ұдайы
		4.Бөлімшеде ЕҚЖЕҚ бойынша бағдарламаның қабылдануын және орындалуын бақылау. 5. Өндірістік көрсеткіштер жүйесіне интеграцияланған ЕҚЖЕҚ мәселелерінің басымдығы. 6. Қорытындылар мен прогресті бағалауға қатысты ұсынымдар. 7. Участкенің/цехтың ЕҚЖЕҚ бойынша бастамашылықтар мен бағдарламаларды бағалау қорытындыларын қарау және анықталған сәйкессіздіктерді жою бойынша іс-әрекеттер жоспарларын әзірлеуді қамтамасыз ету. 8. Тиісті учаскелерді, цехтар мен жабдықты тұрақты инспекциялау жүйесін енгізу.	Жыл сайын
		9. Тікелей бағыныстағы қызметкерлерінің ЕҚЖЕҚ саласындағы бағдарламалар мен бастамашылықтар бойынша үміттерді тұжырымдауы және жұмыс қорытындыларын басқаруы. 10. ЕҚЖЕҚ бойынша басшылық құжаттарды орындау және талаптарын сақтауды бақылау. 11. Участкеде/цехта әзірленген кестеге сәйкес деңгейлі бағалауды жүргізу/оған қатысу (ұйымдық құрылымға және жауапкершілік деңгейіне байланысты). 12. ЕҚЖЕҚ бойынша тұрақты кеңестерді төраға ретінде өткізу және/немесе оларға қатысу. 13. ЕҚЖЕҚ бойынша тұрақты коммуникацияларды барлық қызметкерлермен жүргізу бойынша талаптарды қою немесе белгілеу (мысалы, жұмыс орнының қауіпсіздігі). 14. Әзірленген жұмыстардың жоспарына сәйкес учаскеде/цехта ЕҚЖЕҚ саласындағы лидерлік пен ұстанушылықты көрсету. 15. Оқиғаларды, ЕҚЖЕҚ бойынша жиналыстарда қызметкерлер айтатын проблемаларды тергеу қорытындылары бойынша қабылданған шаралардың орындалуына апта сайынғы мониторинг жүргізу және уақытылы орындау үшін жауаптыларды тағайындау. 16. Тікелей бағыныстағы қызметкерлерімен ЕҚЖЕҚ бойынша бастамашылықтар мен бағдарламаларды орындауды және учаске/цех жұмысының қорытындыларын жеке негізде қарау. 17. Участкенің/цехтың тұрақты жоспарлы кеңестерінің шеңберінде ЕҚЖЕҚ саласындағы жұмыстың қорытындылары мен ақпаратты қарау. 18. Мердігерлік ұйымдарда ЕҚЖЕҚ бойынша бастамашылықтар мен бағдарламаларды орындау.	Тұрақты (мысалы, әрбір тоқсан/ай/апта)

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ	ЕҚЖЕҚ саласындағы жұмыстың негізгі бағыттары, жауапкершілік және өкілеттіктер	
ИБЖ нысаны	KMG-F-3689.1-13/ ST-3669.1-13	5 беттің 5-беті

		19. Желілік басшыға барлық оқиғалар туралы дереу хабарлау. 20. Жеке қатынасу барысында ұйымда тиісті басшылармен және қызметкерлермен барлық оқиғаларға шолу жасау. 21. Барлық оқиғаларды есепке алуға және тергеуге және тергеу қорытындылары бойынша ұсынымдардың орындалуына мониторинг жүргізуге қойылатын талаптар. 22. Барлық оқиғалардың түбегейлі (жүйелік) себептерін анықтау және олардың қайталануын болдырмау үшін тиісті шаралардың қабылдануын қамтамасыз ету үшін оларды тергеу қорытындыларын қарау. 23. Участедегі / цехтағы қайталанатын үрдістер тұрғысынан оқиғаларды талдау. 24. Қызметкерлермен олар көтерген кез келген проблемалар мен мәселелерге қатысты кері байланыс. 25. Барлық жаңа/ауыстырылған қызметкерлер үшін учаске/цех шеңберінде бейімделу.	Қажеттілігіне қарай
4.	Қызметкерлер (Құрылымдық бөлімше басшысының орынбасары/бөлім бастығы, жетекші маман/сарапшы, аға маман/маман):	1. ЕҚЖЕҚ бойынша басшылық құжаттардың талаптарын сақтау және орындау. 2. Жұмыстарды қауіпсіз орындауға мүмкіндік беретін психологиялық және физикалық күйде жұмыстарды орындауға дайын болу. 3. Ықтимал қауіптер/қауіпті және зиянды өндірістік факторлар туралы тікелей басшыларға дереу хабарлау. 4. Участенің/цехтың ережелері мен нормаларына және орындалатын жұмыстардың сипатына сәйкес ЖҚҚ-ның жай-күйін пайдалану және сақталуын қамтамасыз ету.	Ұдайы
		5. Жұмыс орнын күнделікті тексеру арқылы жұмыс орнындағы қауіпсіздік пен тәртіпті қамтамасыз ету. 6. ЕҚЖЕҚ бойынша жиналыстарға бару және қатысу. 7. ЕҚЖЕҚ бойынша коммуникацияларға қатысу.	Тұрақты (мысалы, әрбір тоқсан/ай/апта)
		8. Кәсібі/мамандығы бойынша оқудан өту. 9. Қызметкерлердің өздері немесе айналасындағы адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдай туындаған кезде араласу. 10. Оқиғаларды тергеуге қатысу. 11. МЖ жақсарту бойынша ұсыныстарды беру.	Қажеттілігіне қарай

 ҚазМұнайГаз NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ ИБЖ нысаны	Нұсқамалықтарды тіркеудің жеке карточкасының нысаны	
	KMG-F-3670.1-13/ ST-3669.1-13	1 беттің 1-беті

Нұсқамалықтарды тіркеудің жеке карточкасының нысаны

Құрылымдық бөлімше _____
атауы

Нұсқамалықтарды тіркеудің жеке карточкасы

- Аты-жөні _____
- Кәсібі, мамандығы _____
- Цех, учаске _____
- Туған жылы _____
- Табельдік нөмір _____
- Разряд _____
- Еңбекті қорғау бойынша кіріспе нұсқама алды _____
күні, қолы
- Кіріспе нұсқама жүргізген: _____
лауазымы, аты-жөні, қолы күні
- Тағлымдама _____
